

Павлодар мемлекеттік педагогикалық университетінің
ғылыми, ақпараттық-талдамалы журналы
Научный информационно-аналитический журнал
Павлодарского государственного
педагогического университета



2004 жылдан шығады
Основан в 2004 году

**ҚАЗАҚСТАН
ПЕДАГОГИКАЛЫҚ
ХАБАРШЫСЫ**

**ПЕДАГОГИЧЕСКИЙ
ВЕСТНИК
КАЗАХСТАНА**

3'2019

ПЕДАГОГИЧЕСКИЙ ВЕСТНИК КАЗАХСТАНА
СВИДЕТЕЛЬСТВО
о постановке на учет средства массовой информации
№9076-Ж
выдано Министерством культуры, информации и спорта
Республики Казахстан
25.05 2008 года

РЕДАКЦИОННАЯ КОЛЛЕГИЯ

Главный редактор

А. Нухулы, доктор химических наук, профессор

Зам. главного редактора

А.К. Свидерский, доктор химических наук, профессор

Ответственный секретарь

А.Н. Ахмульдинова, старший преподаватель (ПГПУ)

Члены редакционной коллегии

А.К. Кусаинов, доктор пед. наук, профессор, лауреат Государственной премии РК, президент Академии педагогических наук Казахстана

Д. Камзабекулы, доктор филологических наук, профессор (ЕНУ им. Л.Н. Гумилева)

Р.К. Толеубаева, доктор педагогических наук, профессор (КазНПУ им. Абая)

Г.К. Ахметова, доктор пед. наук, профессор, председатель правления АО «НЦПС Өрлеу»

К.К. Жампеисова, доктор пед. наук, профессор (КазНПУ им. Абая)

В.В. Егоров, доктор пед. наук, профессор (КарГТУ)

С.К. Бердыбаева, доктор пед. наук, профессор (КазНУ им. аль-Фараби)

Н.С. Сафаев, доктор пед. наук, профессор (ТГУ им. Низами, г. Ташкент)

А.А. Петрусевич, доктор пед. наук, профессор (ОмГПУ, г. Омск)

Н.В. Чекалёва, доктор пед. наук, профессор (ОмГПУ, г. Омск)

А.Ф. Филатова, доктор пед. наук, профессор (ОмГПУ, г. Омск)

А.К. Нургалиева, доктор пед. наук (ПГПУ)

Г.Е. Отепова, доктор ист. наук (ПГПУ)

Д.Ж. Сакенов, кандидат пед. наук, профессор (ПГПУ)

С.Н. Сутжанов, доктор филол. наук (ПГПУ)

Технический секретарь

Г.С. Салменова

Тематическая направленность журнала «Педагогический вестник Казахстана»:
педагогические, гуманитарные, социальные науки, образование.

Периодичность: 4 номера в год.

Язык публикуемых статей: казахский, русский, английский.

© ПГПУ

*Жоғары мектептің өзекті мәселелері
Актуальные проблемы высшей школы*

А.Б. Бакраденова, Қ.Д. Жакупова Мектепке дейінгілерге мемлекеттік тілді үйретуде қолданылатын тиімді және тиімсіз технологиялар	5
Б.А. Найманов, Ә.Қ. Сейтенова Оқушылардың шығармашылығын дамытуда функциялардың атқаратын рөлі.....	14
О.К. Андрищенко, Г.С. Суюнова Формирование грамотности чтения при работе с текстом	25
А.Р. Тастанбекова, Л.А. Ельтинова Сыни тұрғысынан ойлау технологиясын физика сабағында қолданудың тиімділігі	34
А.Б. Теміржан, З.Ш. Шавалиева Жастарды отбасылық өмірге даярлауда отбасында кездесетін әлеуметтік мәселелер.....	48
Б.Ж. Сарыбаева, А.Е. Азбебаева Мүбәрак Жаманбалинов шығармаларының балабақшада меңгертілуі..	58
Е.В. Бронский, В.И. Лебедева, М.В. Семенова, Ж.С. Антихович Успешность студентов-спортсменов в условиях обучения в вузе.....	67

*Ғылым мен білім берудегі қазіргі заманғы зерттеулер
Современные исследования в науке и образовании*

Е. Жанайхан, Ж.Б. Төлеубаев Күй шежіресі – саз өнерінің поэзиядан шырыққан симфония кейпіндегі түрі.....	74
Е. Жанайхан, Б.С. Жандарбекова XIX–XX ғасырдағы Ертіс Павлодар өңірінің музыкасының дамуы	85
Ы.Б. Шақаман, Г.Қ. Ахметова А. Құнанбайұлы өлеңдеріндегі бағдарлы метафораның мазмұндық түрлері.....	93
О.М. Тұрлыбек, Р.Н. Асылбаев «Қатты дене физикасы» элективті онлайн курсы құрастыру мысалы негізінде жоғары оқу орнындағы физика бойынша қашықтықтан оқыту технологиясының ерекшеліктерін зерттеу	103

Г.К. Қудушева Формирование толерантности у детей дошкольного возраста	112
Г.М. Тохметова, З.А. Муктурова Влияние интегрированного обучения на развитие творческих способностей учащихся на уроках истории	118
Ж. Хырхынбай, М. Зейнел Математиканы білім беру мазмұнын жаңарту аясында оқытудың маңыздылығы	131
С.Р. Утемисова Қазақ халқының дәстүрлі аспабы – домбыра	139

*Өлкетану
Краеведение*

Е. Жанайхан, Н.Қ. Шаймардан Қазақ фольклордағы кара өлеңді зерттеудің маңыздылығы	148
Т. Азамат, С.А. Мукаева Ақан сері өлеңдерін зерттеудің маңыздылығы	158
Г.Ш. Дюсембенова Мектеп жасына дейінгі балалардың сөздік қорын мнемотехника арқылы дамыту және ауызекі сөйлеу дағдыларын қалыптастыру	166
Ж.Б. Алькенова Мектеп жасына дейінгі балалардың сөздік қорын мнемотехника арқылы дамыту және инновациялық технологияларды қолдану арқылы жаңартылған білім беру үдерісіне бейімдеу	175
Д.Ж. Сакенов, Е.А. Шнайдер Бриллианты Гиппократы	184
Д.Ж. Сакенов, Е.А. Шнайдер Б.М. Жапарова, А.В. Люфт Қазақ тілі сабақтарында оқушыларды ұжымдық іс-әрекетке тәрбиелеу	194
Правила для авторов	201

МРНТИ 14.23.09

А.Б. Бакраденова¹, Қ.Д. Жакупова¹

¹*Педагогика факультеті*

*Павлодар мемлекеттік педагогикалық университеті,
Павлодар қ, Павлодар облысы, Қазақстан Республикасы
e-mail: Altyn.Bakradenova@mail.ru, Zhakupova_k@list.ru*

МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІЛЕРГЕ МЕМЕЛЕКЕТТІК ТІЛДІ ҮЙРЕТУДЕ ҚОЛДАНЫЛАТЫН ТИІМДІ ЖӘНЕ ТИІМСІЗ ТЕХНОЛОГИЯЛАР

Аңдатпа

Мұғалім мен мектеп оқушыларының алдында тұрған басты мақсат бұл – көпмәдениетті тұлғаны дамыту, әлеуметтік және кәсіптік өзін-өзі айқындауға қабілетті, өз халқының тарихы мен дәстүрін білетін және бірнеше тілді меңгерген, барлық жағдайларда үш тілде коммуникативтік операцияларды жүзеге асыруға қабілетті. Екінші тілді меңгеру, біріншіден, адамды тұрғылықты халықпен жақындастырады, екіншіден, оның салт-дәстүрлеріне құрмет пен құрмет, үшіншіден, көпмәдениетті қоғамда тұлғаның қалыптасуын жүзеге асырады. Балаларда лингвистикалық сананың қалыптасуы балалар бақшасынан басталады, онда әр ұйымдастырылған оқу іс-әрекеті балаларға үш тілде негізгі сөздік беріледі. Қолданыстағы жаңа білім беру бағдарламасында тілді оқытуға көп сағат бөлінген, білім алушының жасына және қызығушылығына сәйкес дидактикалық материалдарды беруді қиындататын тақырып өзгерді. Мақала авторлары балалардың қазақ тілін үйренуін жетілдіру үшін практикалық әдістер мен тәсілдерді зерттеу қажет деп есептейді, білім алушылардың мемлекеттік тілді меңгеруіне қызығушылығын туғызатын жаңа технология түрлерімен мұғалімдер қолданатын. Мақалада мектепке дейінгі жастағы балаларға тілдік құралдар беруде қолданылатын технологиялар қарастырылады, сондай-ақ материалдарды білімсіз үйрену үшін қолданылатын технологияның бөлігі...

Тірек сөздер: тіл дамыту, оқыту әдісі, тілді үйрену, сөздік, сөздік қор, модуль бойынша оқыту, мнемотехнология, ауызша сөйлеу, байланысты сөйлеу.

КІРІСПЕ

Баланың жан-жақты дамуының бір қыры оның тіл үйренуге деген қабілетінен байқалады. Ол қабілет ең алдымен баланың үлкендермен қатынас тілін дұрыс түсуіне байланысты. ҚР-ның «Білім туралы» Заңында «Білім беру жүйесінің басты міндеті-ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтары, ғылым мен прак-

тика жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға және кәсіби шыңдауға бағытталған білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау, оқытудың жаңа технологияларын енгізу, білім беруді ақпараттандыру, халықаралық ғаламдық коммуникациялық желілерге шығу» деп, білім беру жүйесіне одан әрі дамыту міндеттері көзделеді [1-23]. Баланың алдымен өз ана тілінде тілі шығуы, дамуы, не болмаса екінші тіл ретінде қазақ тілін үйренуі ата-ана мен айналасындағылардың, қазақ тілі мұғалімінің, тәрбешісінің маңызды міндеттерінің бірінен саналады. Тіл дамыту жұмыстарындағы, қазақ тілін үйретудегі басты мақсаттар ортақ. Екеуінде де баланың қазақ тілінде байланыстырып сөйлей білуін қалыптастыру көзделеді. 1990 жылдардан бері жеке пән ретінде мектепке дейінгі сатыда «Қазақ тілі» енгізіліп, бүгінгі таңда жаңа технологиялармен жаңғыртыла оқытылуда [24]. Негізінен дәстүрлі сыныптық-сабақ жүйесінде инновацияның кейбір элементтерін және сабақты құрастыру технологияларын қолданумен қатар, балабақша мұғалімі ойын, проблемалық оқыту, оқу зерттеуін ұйымдастыру, ақпараттық-коммуникациялық, модульдік оқыту технологияларын пайдалануда [12,16] .

НЕГІЗГІ БӨЛІМ

Тілді оқытуда ойын технологиясының орны ерекше. Ойын баланы сергіте отырып, оның екінші тілде таным-түсінігін арттырады. Ойындар компьютер, интерактивті тақта арқылы өткізіледі. «Дайындық ойындар», «Шығармашылық ойындар» деп тақырыпқа орай алдын-ала дайындап алып, ойындарды қазақ тілі дыбыстарына, сөздік қорға, баланың сөйлеу қабілетін дамытуға; тұлғаларды ажыратуға: сан есімге, сын есімге, етістіктерге, әрі фонетикалық, грамматикалық тақырыптарға байланысты қолданылатыны байқалады. Топ жоспары мен тілді тұтастықта (сөз, тіркес, сөйлем) оқыту ұстанымы бойынша мұғалімге ең ұтымды әдіс – модульдік технология.

Модульдік оқыту жүйесі үш бөлімнен тұрады:

1. Кіріспе бөлім (модульге, тақырыпқа енгізу);
2. Сөйлесу (оқушылардың танымдық қызметін өзара сөйлесу негізінде ұйымдастыру);
3. Қорытынды бөлім (бақылау).

Кіріспе бөлімге 1–2 сағат бөлінеді, қорытынды бөлімге де 1–2 сағат, ал қалған уақыттың барлығы сөйлеу бөліміне бөлінеді. Модульдік жүйемен оқытудың тиімділігі: 1) Оқу материалының дұрыс және жүйелі бөлінуі; 2) Білім алу тәсілдерін үздіксіз, жүйелі үйрету; 3) Оқу материалының игерілу сапасының тереңдігін бірнеше рет бақылау.

Бірізді, жүйелі жүретін сабақтарда баланың логикалық және салыстыра-ұқсастыра талдау дағдыларын жаттықтырылады. Сабақ барысындағы танымдық әрекеттер арқылы бала бұрын айта алмайтын сөз формалары мен айналасындағы заттардың атын, түрін-түсін, мәнін қазақ тілінде танып, атай бастайды. Жеке тұрғандағы атауларды сөз тіркесінде, тілдік қатысымда (диалогтік мәтіндерді рөлге бөліп оқытуда, сөздік ойындарда, күнделікті сөйлесімдерде) қолданатын болады. Осылайша баланың қазақ тілінде байланыстырып сөйлеу қабілеттері қалыптасады. Ақпараттық-коммуникациялық технология мүмкіндіктерімен баланың фонематикалық қабылдаулары, сөз, мәтін ішінен өздері білуге, дұрыс айтуға тиісті дыбыстарды, сөздерді дұрыс болжап, айтылуын жаттықтыру жұмыстары әіске асырылады. Балалар бақшасында қазақ тілін ана тілі және екінші мемлекеттік тіл ретінде игеріп, тілдік қатынасқа түсудің маңызды түрі – ауызша сөйлеу тіліне үйрету мерзімі – 2 жыл. Ұйымдастырылатын оқу-іс әрекетінің ұзақтығы – 25–30 минут. Ал «Коммуникация» саласының басқалай түрлері орыс тілінде өтетіндіктен, басқа ұлт балаларына үлкендермен тілдік қатынасқа түсу, яғни айтылған ойды тез түсіну, тез жауап қату аз болмақ. Егер балабақшада сабақтан тыс уақытта мультимедиялық мүмкіндіктер қосымша тудырылып, жүйелі түрде музыкалық немесе дикторлық дайындау, анимация, графикалық қойылым, бейне клиптар, слайд-шоу және т.б. қолданылатын болса, баланың сензитивті даму кезеңінде тіл қолданысқа айналар еді. Бұл мақсатқа жету үшін мұғалім тақырыпқа байланысты мәтіндер мен суреттерді, сызбаларды және компьютерлік анимация элементтерін алдын-ала дайындап алып, компьютерге сөздік қорды толықтыруға қажетті жаттығулар мен қозғалмалы суреттерді, грамматикалық тестерді іске қоса алады [8,10]. Көптеген балабақшалар мен мектептің бастауыштық және орта білімдік сатыларында, тіпті баланың бүкіл өмірінде тіл негізінен көркем әдебиет арқылы, мәтінді жаттатумен үйретілуде. Республика тұрғындарының мемлекеттік тілі ретінде қазақ тілі балабақшада тәрбиелеу мен оқыту бағдарламасына енгізіліп отырғандығы заман талабы болғанмен, оның әртүрлі тілдік ортаның жағдайында оқытылуы және әртүрлі тілдік аймақтардың қалыптасып отыруы оқыту мазмұны мен құрылысына сол аймақтың ерекшелігіне сай болуын көздейді. Республиканың солтүстік және орталық аймақтарында орыс тілі басым қолданылғандықтан, қазақ тілі 3–4 жасар балаларға әртүрлі практикалық әдіс-тәсілдермен ойын жағдайында үйретілсе, 5 жастан бастап арнайы сабақ үлгілерімен әрі ойын, әрі логикалық жаттығулары бар оқыту жүйесінде үйретіледі. Осы пайымдауларды қорыта келе, балабақшада қазақ тілін оқытып, қазақша тіл дамыту жұмыстарын ұйымдастыруда тәрбиеші-мұғалім төмендегідей қағидаларды есте ұстағаны жөн деп есептейміз:

1. Балабақшадан бастап қазақ тілін оқытудың басты міндеті- балалардың жастайынан өздері күнделікті жүрген ортасында мемлекеттік тіл болып бекіген

жергілікті тұрғындардың тілін түсінетін, тіпті сол тілді қарапайым формада қолдана білуге үйрету деп түсіну [3];

2. Екінші тілге үйретуде психологиялық-педагогикалық тиімді жағдайлар жасау. Оның бірден-бір жолы – балалардың бойында басқа тілді үйренудің ешқандай қиындығы жоқ деген түсінік қалыптастыру, ол үшін жаңа технологияларды орынды қолдану [4];

3. Лингвистикалық материалдар жүйелі түрде балалардың өзара және айналасындағылармен қазақ тілінде тілдік қатынасқа түсу бағытында берілуін қамтамасыз ету;

4. Бала тілді бөлшектеп үйренбеуі керек, тіл әр уақытта үйретілсе де, бір тұтастықта, баю, жетілу тұрғысында қабылдату [14]. Мұндай тұтас қабылдау «тілді сезіну» деп аталады. Балалар қазақ тілін меңгеріп келе жатқандығын өздері сезіп отырулары керек. Олардың өзге тілді өте жоғары дәрежеде қабылдауына педагогпен немесе өзара тілдік қарым-қатынасқа түсіретін жағдаяттар (ситуациялар), сол сияқты ерекше ұйымдастырылған тілдік әрекеттер қатты әсерін тигізетінін әрдайым естен шығармаған жөн.

5. Балабақшада қазақ тілі сабақтары аптасына екі реттен, 20–25 минут ұзақтықта болуын, балаға меңгерілетін білім-дағдылар бала психологиясына салмақ түсірмейтіндей, ойын-тапсырмалар баланың жас ерекшелігіне сай болуын ескеру. Мысалы, мнемотехнология әдісімен шығармадағы сөздердің, тіркестердің мәнін бейнелейтін тірек суреттер мен тірек-сызбаларды сөз тіркесін, сөйлемшелер құрастыру үшін қолданып отыру қажет [6, 7]. Осы келтірілген педагогикалық, психологиялық, дидактикалық, лингвистикалық заңдылықтар мен талаптар қазақ тілін екінші мемлекеттік тілде сөйлеуге үйрету үдерісінде әр баланы қазақ тілінде қарым-қатынасқа түсіре алады.

Оқыту әдісі дегеніміз – сабақ үдерісінде қолданылатын тәсілдер жүйесі. Технология түріне қарата не жеке балаға, немесе жаппай топқа бағытталады. Мұғалім олардың өздік жұмысына дұрыс бағыт береді және ол үдерісті бақылаушы, технологиялық ақпаратты басқарушы болады да, оқушы белсенділігі өздігінен туындап жатады. Баланың бірігіп топпен жұмыс жасауға қалыптасады, сөздік қорын дамытуға, қазақша сөйлеуге деген ынтасы артады, өздігінен ізденіске бастайтын жұмыс дәптерлеріндегі логикалық тапсырмаларды орындап, өз жетістіктерін дұрыс бағалай білуі қалыптасады [10, 11]. Мысалы, «Отбасы» тақырыбына (коммуникативтік) әңгімелесу әдісімен жүргізілген сабақта суреттер қарастыру, «Отбасы» рөлдік ойынын ойнату, телефонмен сөйлету, т.б. сабақ тәсілдері болып табылады. Қазақ тілін оқытуда әңгімелесу әдісі мен көрнекілік әдісі бір-бірімен тығыз байланыста қолданылады. Тәрбиеші-мұғалім көзге көрінетін барлық қажетті заттарды, құбылыстарды балалармен бірге бақылай отырып, «Мынау не?», «Мынау

кім?» деген сұрақтар қойып бекітіп отырады, «Мынау» сілтеу есімдігін көрсетіліп тұрған нысанмен тіркестіріп айтқызу (Мынау-орындық), кейінірек балаға қазақша таныс нысан аттарын сапалық, сандық белгілерін сөзбен бейнелеп, санатып айтқызу (қызыл көйлек, бес орындық) бала тілінде есімді зат есімдерді көбейте түседі. «Көрнекілік» әңгімелесу сабағында тәсіл ретінде, ал жеке әдіс ретінде жаңа сөздерді қайталау, бекіту сабақтарында қолданылады. Әңгімелесу жеке әдіс ретінде түрлі тақырыптар төңірегінде алдын ала әзірленген 3–4 сұраққа жауап түрінде қолданылады. Тіл заңдарының бірі – сөздердің ұйқасты келіп, біркелкі ырғақпен айтылған кезде балаға сезіммен қабылдануы. Бес жастағыларға алақан соқтыру арқылы сөздерді буынға бөлуге үйрету меңгертілгеннен кейін, «-ша, -ша тәтті қы-зыл-ша!», «-ді,-ді, дәмді кәді!», «-рік,-рік, пісті өрік!» сияқты сөйлемдер айтуға жеткізеді. Балабақшаға ең оңтайлы әдіс – мнемотехнология [6, 7, 28]. «Бар-жоқ», «ұзын – қысқа», «жылы – суық», «отыр – жатыр», «үлкен – кішкентай» сияқты сөздерді олардың мағыналарын көрсететін таңба белгілер арқылы балалар тез қабылдайтынын байқап жүрміз. «Үлкен» сөзін үлкен шеңбермен, ал жанына үлкен қуыршақтың суретін беру, ізінен «кішкентай» сөзінің ұғымын кішірек шеңбер арқылы белгілеп, жанына кішкентай бөбек қуыршақтың суретін орналастыру балаға «Үлкен қуыршақ», «Кішкентай бөпе» сөйлемдер айтуға жеткізеді сөйлемдер айтуға жеткізеді. Бұл орайда мнемотаңба мнемосуретпен үйлесіп сөйлем құруға тиімді болып тұр. Егер «Ағашта торғай отыр» деген сөйлем құрғызатын болсақ, бала «Ағаш, торғай, отыр» деген сөздерді ғана айта алады. Бұл орайда мнемотехнология дәрменсіз болып шығады. Мнемосызбалардағы кейіпкерлердің сызбалық бейнелері: табиғат құбылыстары, кейбір іс-әрекеттер, яғни, керек деп саналатын жайттар бейнеленеді. Мнемосызба-суретке қарасаңыз, бәрі қарапайым, түсінікті. Жаңа тақпақпен таныстырғанда, әсіресе шығармада кездесетін жаңа сөздер талқылауда пайдалы, бірақ әрдайым қолдану балалардың тақпақты тез жаттауына, түсініп қабылдануына кедергі жасайды. Практик мамандар алдын-ала дайындаған жұмыс дәптерлеріндегі шартты белгілердің қайталанып тұратындығынан бала есінде бірнеше сөздерді қатарынан жаттауға болатынын ескертеді. Атап айтқанда, 5–6 жастағы ересек тобында келесі белгілерді (тәтті, жылы, секіреді, таза, үлкен, кішкентай, жатыр сөздерінің шартты белгілері), ал даярлық тобында күрделі етістіктердің түрлері (сатып алды, жақсы көремін, ұйықтайды) үйренуге жеңіл болғанын байқадық [7, 12]. Кейбір еске салушы нұсқаның тілдік мазмұны: халық ауыз әдебиет үлгілері (жұмбақ, өлең, жанылтпаш, буын ұйқас сөздер), өлең-әңгіме аралық тірек суреттер, шартты белгілер арқылы толықтырылған. Мысалы, сабақ аралата қолданылатын «Тілші», «Суреттерді сәйкестендір», «Аудармашы» ойыны, «Аудар да, орында» делінген белгілер, жұмбақтар шешкізу: «Керуette төрт бөрік-төртеуі де көк бөрік»т.б., «Не бар, не жоқ?», «Қ (Ө,Ұ,Ы,І) дыбы-

сына кім көп сөз айтады?» сияқты дидактикалық, «Қонақта», «Дүкенде», «Телефон» мазмұнды-рөлдік ойындары сабақта басталып, үйде бекітуге тиімді. Сергіту сәтінде қолданылатын төмендегідей өлеңдер модельдеу (үлгілеу) технологиясымен жаттатылған. Модельдердің элементтері дегеніміз – шығарма кейіпкерлерінің бейнелері не нысандардың бедерленген сұлбалық суреттері мен геометриялық фигуралары:

Көлбең, көлбең, көлеңке (қол шапалақтау)
Көлбең, көлбең етеді.
Шаңырақ қандай болады? (биік) көрсету.
Орман да қар,
Қар жамылған аюлар
Жер де қар,
Қатты ұйқыға тым құмар.
Тыныш, тыныш! (ескерту, қимылмен көрсету)

Сурет сұлбаларын көрсетіп, жұмбақтар жасыру:

Кесе, шәйнек, тиала
Оларсыз шай құя ма?
Олардың бәрін не дейді?

Жұмбақтарды аударту:

Екі көрші, Два соседа,
Бірі пысылдақ, Один спит,
Бірі сақылдақ. Ол не? Другой говорит. Что это? –

Тақырыпқа сәйкес алынған шығарма үлгілеріне тәрбиеші мұғалімдер түрліше амал-тәсілдер ойлап тапқан. Осындай әдіс те, тәсіл де бола алатын тиімді технологияларды: коммуникативтік оқыту технологиясы мен мәтіндікне көрнекі үлгілеу (модельдеу) технологияларының элементтерін қолдануын мұғалімнің жаңаша ізденісінен туған шеберлігі деп тануымыз керек.

ҚОРЫТЫНДЫ

Жинақтапайтқанда, теорияда бар әдіс-тәсілдер мен жаңа технологиялардың іс-тәжірибеде қолданылу-ын бақылағанымызда, мұғалімдер жаңа технологиялардың тиімді элементтерін ғана алатындығы байқалды. Сонымен қатар төмендегідей интерактивті әдістердің тиімділігі анықталды:

1. Баланың ақыл-ойын қозғау әдістері. «Тапқышбек баланың жауаптары», «Сиқыршы адам тапсырмалары» [14,15].

2. «Сөз жарысы» тәсілі. Өтілген тақырыптар бойынша балалар неғұрлым көп сөз табуға тырысады. Мұндай әдіс балалардың сөздік қорын молайтуға оң ықпал етеді.

3. Тез ойланып жауап қатуға итермелейтін дидактикалық ойындардың бірнеше түрлері: «Сиқырлы жәшік», «Ғажайып қапшық», «Кім қаққыш?» «Дымбілмес» ойындары арқылы балалардың ойлау, есте сақтау қабілеттерін дамытуды көздейтін сызба, штрих-таңбаларды қолдану [8,16].

4. «Жылжымалы диск» ойыны арқылы балалардың ойлау қабілеттері іс-қимылмен байланысқанда сөз, сөз тіркесін, сөйлемдерді тез қабылдап көпке дейін есте сақтайды. Тапсырмалар арқылы балаларды қызықтырып, олардың өз ойларын дәлелдеуге үйретілуі [15].

Мектепке дейінгі балалар сөздің көрнекі моделін – суреттік сызбаларды жұп, топ болып қолданады. Сондықтан мнемотехнология, ақпараттық – коммуникация, ойын технологиялары, коммуникативтік оқыту технологиясы қазақ тілін оқытуда етене еніп, тиімді қолданылып келе жатқан технологиялар. Ал СТО, проблемалы оқыту, жобалау т.б. жаңашыл бағыттағы технологиялар балаға коммуникативтік құзыреттері қалыптаспайынша, қолданылуы тиімсіз амал-тәсілдер жүйесі деп танылып отыр. Қазіргі уақытта педагогика ғылымының бір ерекшелігі – баланың тұлғалық дамуына бағытталған жаңа оқыту технологияларын шығаруға ұмтылуы. «Педагогика технологиялар – бұл білімнің; басымды мақсаттары-мен біріктірілген пәндер мен әдістемелердің; оқу-тәрбие процесін ұйымдастырудың өзара ортақ тұжырымдамамен байланысқан міндеттерінің, мазмұнының, формалары мен әдістерінің күрделі және ашық жүйелері, мұнда әр позиция басқаларына әсер етіп, ақыр аяғында оқушының дамуына жағымды жағдайлар жиынтығын құрайды» [14] деген анықтама негізінде әрбір білім сатысындағы, әрбір пәнге қатысты бала жетістігін қамтамасыз ету – сол пәнді оқытушы мұғалімнің қолында, оның тәжірибеде жеткен шеберлігінде екенін білуіміз керек.

ПАЙДАЛАНҒАН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ

1 Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы. Алматы, 1999. 27-07. 2007 ж., №37-19-III. Астана. Ақорда.

2 Амиров Р. Особенности синтаксиса казахской разговорной речи. – Алма-Ата: Ғылым, 1972.

3 Амонашвили Ш.А. Здравствуйте, дети. – Москва: Просвещение, 1981.

- 4 Байниева К.Т., Хайржанова А.Х., Умурзакова А.Ж. Системно-целостный подход к полиязычному образованию в Казахстане // Международный журнал прикладных и фундаментальных исследований. – 2013. – №10-2. – С. 198-201.
- 5 Баймұратова Б., Еденбаева З.Д. Изучаем казахский язык. Күншуақ. 5–6 жастағы бала үшін: Әдістемелік нұсқау. – Алматы: Кітап, 2005.
- 6 Бакраденова А., Баймұратова Б. Орыс тілінде жұмыс істейтін балабақшада қазақ тілін оқыту методикасы. – Алматы: Рауан, 1992.
- 7 Бакраденова А. Мектеп жасына дейінгі балалардың ауызша сөйлеу тілін дамыту – 2012 жыл.
- 8 Браже Т.Г. Интеграция предметов в современной школе // Литература в школе. – 1996.
- 9 Жұмабекова Ф.Н., Жұматаева А.Д. Мектепке дейінгі педагогика. – Астана: Л.Н. Гумилев ат-ғы кітапхана, 2007.
- 10 Звегенцев В.А. Язык и его лингвистическая теория. – Москва, 1973.
- 11 Запорожец А.В. Психология восприятия ребенком-дошкольником литературного произведения / Труды Всероссийской научной конференций по дошкольному воспитанию. – Москва, 1949.
- 12 Ильяшева К.С., Шалаханова А.Е. Изучаем казахский язык: методическое пособие. – Алматы: Кітап, 2003.
- 13 Послание Президента Республики Казахстан – Лидера нации Н.А. Назарбаева народу Казахстана «Стратегия «Казахстан–2050». – Астана, 2013.
- 14 Полат Е.С., Бухаркина М.Ю., Моисеева М.В., Петров А.Е. Новые педагогические технологии в системе образования. – Москва: Академия, 2000.
- 15 Светловская Н. Об интеграции как методическом явлении её возможностях в начальном обучении // Начальная школа. – 1990. – №5.
- 16 Қазақ тілі: учебноу пособие для интенсивного обучения казахскому языку // Құрастырғандар: Муралина В., Нуркеева С., т.б. – Алматы. Ана тілі, 1994.
- 17 Қазақ балабақшаларында тәрбиелеу, оқыту мазмұнын жаңарту тұжырымдамасы. ҚР БҒ министрлігі. А., 1991.
- 18 Курочкина И.А. Детям о книжной графике. – СПб., 1997.
- 19 Максаков А.И. Речь воспитателя / Развитие речи детей дошкольного возраста / под. ред. Ф.А. Сохина. – Москва, 1984.
- 20 Максаков А.И. Умственное развитие детей на занятиях по воспитанию звуковой культуры речи // Умственное воспитание детей дошкольного возраста / под. ред. Н.Н. Подьякова, Ф.А. Сохина. – Москва, 1984.
- 21 Мирастың кітабы (Тілашар кітап): оқу-әдістемелік құрал. – Алматы, 1999.
- 22 Негневицкая Е.И. Язык и дети / Е.И. Негневицкая, А.М. Шахнорович. – Москва, 1981.

23 Мектеп жасына дейінгі балалардың тілін дамыту методикасы // Федоренко, Г.А. Фомичева, В.К. Лотарев. – Алматы, 1981.

24 Орыс тілінде жұмыс істейтін балабақшада қазақ тілін оқыту бағдарламалары. – 1989–1999.

25 Суретті қазақ тілі // Құрастырғандар: Б. Баймұратова, Ғ. Дүкенбаева. – Алматы, 1989.

А.Б. Бакраденова¹, Қ.Д. Жакупова¹

Эффективные и неэффективные технологии обучения дошкольников государственному языку

¹ Педагогический факультет,
Павлодарский государственный педагогический университет,
г. Павлодар, Павлодарская область, Республика Казахстан

A.B. Bakradenova¹, K.D. Zhakupova¹

Effective and inefficient technologies of teaching preschool children the state language

¹ Faculty of Education,
Pavlodar State Pedagogical University,
Pavlodar, Pavlodar Region, Republic of Kazakhstan

Аннотация

Главная цель, стоящая перед учителями и учениками школы, это – развитие поликультурной личности, способной на социальное и профессиональное самоопределение, знающей историю и традиции своего народа, и владеющей несколькими языками, способной осуществлять коммуникативные операции на трех языках во всех ситуациях. Овладение вторым языком, во первых, сближает человека с коренным народом, во-вторых прививает дань и уважение к его традициям и обычаям, в третьих, осуществляет становление личностью в поликультурном социуме. Формирование у детей лингвистического сознания начинается с детского сада, где на каждой организованной учебной деятельности приподносятся детям основной словарь на трех языках. В действующей новой образовательной программе отведено немало часов к обучению языка, изменена тематика, которая затрудняет подачи дидактических материалов в соответствии с возрастом и заинтересованностью обучающегося. Авторы статьи считают, для усовершенствования изучения детьми казахского языка необходимо исследование практических методов и приемов, применяемые учителями и новых видов технологии, создающие интерес у обучающегося к овладению государственного языка. В статье рассматриваются приемлимые технологии в подаче языковых средств детям дошкольного возраста, а также часть технологии, которые применяются для бессознательного заучивания материалов...

Ключевые слова: развитие речи, метод обучения, изучение языка, словарь, словарный запас, обучение по модулям, мнемотехнология, устная речь, связная речь.

Summary

The main goal of the school's teachers and students is the development of a multicultural personality capable of social and professional self-determination, knowing the history and traditions of its people and knowing several languages and capable of carrying out communicative operations in three languages in all situations. Mastering a second language firstly brings one closer to an indigenous people, secondly instills tribute and respect for his traditions and customs, and thirdly, he develops a personality in a multicultural society. The formation of children's linguistic consciousness begins in kindergarten, where, the main vocabulary in three languages is given to children at each of the organized learning activities. In the current educational program, a lot of hours are devoted to learning the language, the subject has been changed, which makes it difficult to provide teaching materials in accordance with the learner's age and interest. The authors of the article believe that in order to improve the learning of children of the Kazakh language, it is necessary to study practical methods and techniques used by teachers and new types of technology that create students' interest in mastering the state language. The article discusses the acceptable technologies in the presentation of language tools for children of preschool age, as well as some of the technologies that are used for unconscious memorization of materials.

Keywords: speech development, teaching method, language learning, vocabulary, vocabulary, learning by modules, mnemotechnology, oral speech, coherent speech.

МРНТИ 27.01.45

Б.А. Найманов¹, Ә.Қ. Сейтенова¹

*¹Жаратылыстану факультеті,
Павлодар мемлекеттік педагогикалық университеті,
Павлодар қ., Павлодар облысы, Қазақстан Республикасы
e-mail: arginka.93@mail.ru*

**ОҚУШЫЛАРДЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫН ДАМУДА
ФУНКЦИЯЛАРДЫҢ АТҚАРАТЫН РӨЛІ**

Аңдатпа

Мақалада «Функция» тақырыбын мектепте білім берудің жаңартылған мазмұны бойынша оқыту мәселесі қарастырылады. Бұл жерде оқушылардың шығармашылығын дамытуда функциялардың атқаратын рөлі анықталған. Сонымен қатар, осы жұмыста қолданылған әдістер нақты мысалдармен бекітілген.

Тірек сөздер: функция, функциялық тәуелділік, жаңартылған мазмұны, педагогикалық технология, әдіс.

КІРІСПЕ

Математикаға деген оң көзқарас нәтижелі түрде жүзеге асырылу оқу барысында қалыптасады. Оқушы математиканы оқыту қажеттілігін өзінің парызы мен міндеті екенін жақсы білуі қажет. Оқушының оқуға дайындығын қалыптастыратын барлық нәрсе осы математиканы оқыту барысында анықталады. Математика сабағында өздігінен жұмыс істеудің тәрбиелік мәні өте зор. Тек өздігінен жұмыс жасағанда ғана оқушы өз мүмкіндіктерін біле алады.

Математика пәнін оқыту әдістемесін қолдану барысында мұғалім оған қажетті әрбір жаңа педагогикалық технологияларды міндетті түрде пайдалану қажет. Бұл үшін төмендегі түсініктемелерді ескерген жөн:

- Оқушылардың жас ерекшелігі мен білім деңгейін ескеру;
- Әдістеме мен технологиялардың сабақтастығы;
- Оқушының өз бетінше іс-әрекет жасау тәсілдерін меңгеруіне мұғалім тарапынан көмек беруді біртіндеп азайту.

Математикада кездесетін әр түрлі функциялар оқушылардың логикалық ойлау қабілеттерін дамытып, ғылыми – зерттеу жұмысына бейімділігін арттырады. Ол үшін оқушылардың функциялар туралы мол түсінігі болуы керек.

НЕГІЗГІ БӨЛІМ

Екі шама- баға мен құнды қарастырайық. Бұл шамалар – өзара тәуелді шамалар. Бағаның өсуі құнның өсуіне әкеледі. Тура осылай басқа шамалар туралы да айтуға болады. Мысалы қозғалыс уақыты мен жылдамдығы. Жылдамдық артқан сайын жол жүруге кеткен уақыт кемиді.

C құнының m бағасынан тәуелділігін $C = k \times m$ (мұндағы k тауарлардың мөлшері) формуласы арқылы өрнектеуге болады. Бағаның әрбір мәніне құнның бір ғана мәні сәйкес келеді. Мысалы, $k = 3$ мәнінде,

$$m = 5 \text{ тг/дана болғанда } C = 15;$$

$$m = 10 \text{ тг/дана болғанда } C = 30;$$

$$m = 20 \text{ тг/дана болғанда } C = 60.$$

t қозғалыс уақытының жылдамдығына тәуелділігі $v = \frac{s}{t}$ (мұндағы v – жүрілген жол) формуласы арқылы өрнектеледі. Жылдамдықтың әрбір мәніне уақыттың бір ғана мәні сәйкес келеді. Мысалы, $s = 120$ мәнінде,

$$v = 40 \text{ км/сағ болғанда } t = 3 \text{ сағ};$$

$$v = 60 \text{ км/сағ болғанда } t = 2 \text{ сағ};$$

$v = 12$ км/сағ болғанда $t = 10$ сағ.

Қарастырылған мысалдарда бір айнымалы шаманың әрбір мәніне екінші айнымалы шаманың бір ғана мәні сәйкес. Мұндай тәуелділікті функционалдык тәуелділік немесе функция деп атайды.

Қарастырылған мысалдарға айнымалы шамалар жұбының бірі тәуелді айнымалы болады. Және әдетте, y әріпімен белгілейді. Айнымалы шамалар жұбының екіншісі тәуелсіз айнымалы болады, оны аргумент деп атайды және әдетте, x әріпімен белгілейді.

Жоғарыда қарастырылған мысалдарда x мен қозғалыс уақыты – тәуелді айнымалылар; y мен қозғалыс жылдамдығы – тәуелсіз айнымалылар.

Анықтама. x айнымалысының әрбір мәніне y айнымалысының бір ғана мәні сәйкес болғанда y айнымалысының x айнымалысына тәуелділігі функция деп аталады.

Тәуелсіз айнымалылар қабылдайтын барлық мәндер функцияның анықталу аймағын құрайды.

C құнының m бағаға тәуелділігі қарастырылған мысалда m тәуелсіз айнымалысы 5, 10, 20 мәндерін қабылдады. Осы мәндердің барлығы C функциясының анықталу аймағын құрайды.

C тәуелді айнымалысы 15, 30, 60 мәндерін қабылдады. Бұл мәндер функцияның мәндер жиынын құрайды.

t қозғалыс уақытының v жылдамдығына тәуелділігі қарастырылған мысалды v тәуелсіз айнымалысы 40, 60, 12 мәндерін қабылдады. Осы мәндердің барлығы t функциясының анықталу аймағын құрайды.

t тәуелді айнымалысы 3, 2, 10 мәндерін қабылдады. Бұл мәндер функцияның мәндер жиынын құрайды.

Егер функцияны қарастыру кезінде тәуелсіз айнымалының нақты мәндері көрсетілмесе, онда функцияның анықталу аймағы ретінде тәуелсіз айнымалының барлық мүмкін болатын мәндері алынады.

Мысалы, $y = 30x$ функциясы үшін айнымалының мүмкін болатын мәндер жиыны кез келген сан, сондықтан анықталу аймағы $(-\infty; +\infty)$ сан аралығы болады; $y = \frac{120}{x}$ функциясы үшін айнымалының мүмкін болатын мәндер жиыны нөл са-

нынан басқа барлық сандар (өйткені нөлге бөлуге болмайды), сондықтан анықталу аймағы $(-\infty; 0) \cup (0; +\infty)$ сан аралығы.

Анықтама. D жиынындағы аргументтің үлкен (кіші) мәніне функцияның үлкен (кіші) мәні сәйкес болғанда ғана функция осы жиында өспелі функция деп аталады.

Анықтама. D жиынындағы аргументтің үлкен (кіші) мәніне функцияның кіші (үлкен) мәні сәйкес болғанда ғана функция осы жиында кемімелі функция деп аталады.

Мысалы, бағаның құнға тәуелділік функциясы өспелі, өйткені баға өскен сайын құн да өседі, ал жылдамдықтың уақытқа тәуелділік функциясы кемімелді, өйткені қозғалыс жылдамдығы артқан сайын жүрілген жолға уақыт кемиді.

Функция өспелі де, кемімелі де болуы мүмкін. Мысалы, егер оқушы бірінші күні кітаптың 15 бетін оқып, екінші күні, үшінші және төртінші күндері ол кітапты оқымай, бесінші күні 20 бет, ал қалған 30 бетті алтыншы күні оқыған болса, онда k күнде кітаптың оқыған беттер санын беретін функция өспелі болмайды. Өйткені бір күнде 15 бет, екі күнде 15 бет, үш күнде 15 бет, төрт күнде 15 және т.с.с., яғни күннің саны өскен сайын кітаптың оқыған беттер саны өспейді. [1]

Функция әртүрлі тәсілдермен берілуі мүмкін.

Функцияны беру – берілген аргументтің мәндеріне сәйкес функцияның мәндерін табуды көрсету.

Функцияны формула арқылы беруге болады.

Функцияны формула арқылы беру функцияны аналитикалық тәсілмен беру деп аталады.

Мысалы, қандай да бір жылдамдықпен 2 сағ-та жүрілген жолдың формуласын қарастырайық.

Егер жылдамдықты өзгертсе, онда белгілі бір уақытта (мысалы, 2 сағ-та) жүрілген жол ұзындығы өзгереді. Демек, бұл мысалда жылдамдық тәуелсіз айнымалы, оны x арқылы өрнектейді, ал жүрілген жол ұзындығы тәуелді айнымалы, оны y арқылы өрнектейік.

Қозғалыс уақыты өзгеріссіз қалып отыр, ол 2 сағ-қа тең. Сонда жүрілген жол ұзындығының қозғалыс жылдамдығына тәуелділігін $y = 2x$ формуласымен жазуға болады.

Формула бойынша x (жылдамдық) аргументінің әрбір мәніне y (жүрілген жол) функциясының бір ғана мәні сәйкес екенін көреміз.

Сондықтан $y = 2x$ формуласы функцияны береді. Осы формула бойынша x аргументтің берілген мәні арқылы y функциясының сәйкес мәнін табуға болады.

Мысалы, x аргументі 40 км/сағ; 45 км/сағ; 50 км/сағ; 60 км/сағ, мәндерін қабылдаса, онда $y = 2x$ функциясының сәйкес мәндері бойынша 80 км; 90 км; 100 км; 120 км болады. Оларды табу үшін $y = 2x$ формуласындағы x -тің орнына сәйкесінше 40; 45; 50; 60 сандарын қойдық.

Керісінше $y = 2x$ формуласы бойынша y функциясының берілген мәндері бойынша x аргументінің сәйкес мәндерін табуға болады.

Егер y функциясы 86 км; 94 км мәндерін қабылдаса, онда x аргументінің сәйкес мәндері 43 км/сағ; 47 км/сағ; 49 км/сағ болады. Бұл мәндерді табу үшін 86; 94; 98 сандарын $y = 2x$ формуласына қойдық.

Кез келген формула функцияны бермейді.

Мысалы, $|y| = x$ формуласы y функциясын бермейді, себебі аргументтің бір мәніне функцияның екі мәні сәйкес келеді. Мысалы, $x = 2$ болса, онда y мәндері 2 және -2 сандары болады.

Формуланың көмегімен функцияның өспелі немесе кемімелі екенін анықтай аламыз. Мысалы, $y = 3x - 5$ функциясының өспелі екенін дәлелдейік. Анықтама бойынша аргументтің үлкен мәніне функцияның үлкен мәні сәйкес келсе, онда функция өспелі. $x_1 > x_2$ болсын. y_1 және y_2 табайық. Сонда $y_1 = 3x_1 - 5$ және $y_2 = 3x_2 - 5$ шығады. $y_1 - y_2$ айырымын қаратырайық. Ол үшін $y_1 - y_2$ өрнегінде y_1 -дің орнына $3x_1 - 5$, y_2 -нің орнына $3x_2 - 5$ өрнегін қоямыз. Сонда $y_1 - y_2 = 3x_1 - 5 - (3x_2 - 5)$.

Жақшаларды ашып, ұқсас қосылғыштарды біріктіріп, ортақ көбейткішті жақшаның сыртына шығарамыз: $3x_1 - 5 - (3x_2 - 5) = 3x_1 - 5 - 3x_2 + 5 = 3x_1 - 3x_2 = 3(x_1 - x_2)$. $x_1 > x_2$ болғандықтан $x_1 - x_2$, өрнегінің мәні оң болады. Сондықтан $y_1 - y_2 > 0$, демек $y_1 > y_2$, яғни $y = 3x - 5$ функциясы өспелі.

Формула бойынша функция графигі абцисса осін қандай нүктеде қиятынын табуға болады, мысалы, $y = 3x - 5$ функциясы графигінің абцисса осімен қиылысу нүктесінің координаталарын табайық. Абцисса осіне тиісті нүктенің ординатасы нөлге тең болғандықтан, $y = 3x - 5$ формуласындағы y айнымалысының орнына 0 санын қоямыз. Сонда $3x - 5 = 0$ теңдеуі шығады, осыдан x айнымалысының мәнін табамыз. $3x = 5$ немесе $x = 1\frac{2}{3}$. Демек $y = 3x - 5$ функциясының графигі абцисса осін координаталары $\left(1\frac{2}{3}; 0\right)$ нүктесінде қиып өтеді.

Формуланың көмегімен аргументтің қандай мәнінде функция мәндері оң немесе теріс болатынын табуға болады.

Мысалы, $y = 3x - 5$ функциясының теріс болатын x аргументінің мәндерін табайық. Ол үшін $3x - 5 < 0$ теңсіздігін шешеміз. Сонда $x < 1\frac{2}{3}$. Демек, $\left(-\infty; 1\frac{2}{3}\right)$ сан аралығын тиісті барлық x -тер үшін $y = 3x - 5$ функциясының мәндері теріс болады. [2]

Оқуға ептілігін, өзбетінше ақпаратты жинау дағдыларын арттыру, жағдайды талдау және жаңа ситуацияға бейімделу, мәселелерді қою және шешім қабылдау, өз және топтың жұмысының сапасына жауапты болу, өз уақытыңды тиімді ұйымдастыру, сабақтарда көпмәдениеттілікті және басқалардың пікірін сыйлау білу құндылықтарын дарыта білу сабақта жүзеге асырылуы керек.

Өзіндік жұмыс. Бұл тапсырма әрбір x -тің мәніне 2^x -не жалғыз ғана мәні сәйкес келетіні туралы ұғым қалыптасады, бұл функцияның анықтамасын есте сақтау үшін көмектеседі.

Оқушы жақсы нәтижелерге жету үшін оқушы келесі құндылықтарды дамытады: мақсатқа жету табандылығы, еңбеккорлық, академиялық шынайлық).

2^x өрнегінің мәнін табыңыз. Кестені толтырыңыз:

x	-3	-2	-1	0	1	2	3
2^x							

Жауабы:


x	-3	-2	-1	0	1	2	3
2^x	1/8	1/4	1/2	1	2	4	8

Өзін-өзі бағалау: 7 дұрыс жауап – 100%; 6 – 86%; 5 – 71%; 4 – 57%; 3 – 43%; 2 – 29%; 1 – 14%; 0 – 0%.

Функцияның кестелік және графикалық берілу тәсілдерін қарастырайық. Бірақ алдымен функцияның графигінің анықтамасымен танысыңыздар.

Функцияның графигі деп координаталық жазықтықтың абсциссалары аргументтің мәндеріне тең, ал ординаталары сәйкес функцияның мәндеріне тең нүктелердің жиынын айтады. [3,12-14]

Тапсырма (ауызша орындалады): Қандай суреттерде функциялардың графиктері көрсетілгенін анықтаңыз?



Топтық жұмыс.

Осы кезеңде оқушыларда келесі құндылықтар дамиды: мәселелерді қою және шешім қабылдау, өз және топтың жұмысының сапасына жауапты болу, өз уақытыңды тиімді ұйымдастыру, сабақтарда көпмәдениеттілікті және басқалардың пікірін сыйлау білу.

Сынып деңгейлерге қатысты топтарға бөлінеді. Әрбір топ өзінің жеке тапсырмасын орындайды, дайын жауаптар арқылы тексереді және проценттік қатынас арқылы өздерін бағалайды. Топтың әрбір мүшесі өзінің нәтижесін бағалау парағына жазады. Жұмысты орындағаннан кейін деңгейлері әртүрлі 3 оқушыдан тұратын шағын топтар құрылады және өзара бағалау жүргізіледі.

А деңгейінің тапсырмасы

Өлшеулер нәтижесінде құрылған кестеде (қосымша №2) p ауа қысымының (сынап бағанасы миллиметрі есебімен) h биіктігінен (километр есебімен) тәуелділігі көрсетілген.

Сұрақтарға жауап беріңіз:

- 1) 1 км биіктікте ауаның қысымы неге тең? 4 км-де?
- 2) Қандай биіктікте ауаның қысымы 596,7 мм с.б.? 404,8 мм с.б.?
- 3) Қандай биіктікте ауаның қысымы ең кіші көрсеткішті көрсетеді?

Жауаптары:

- 1) 614 с.б.мм.; 462,2 с.б. мм.;
- 2) 2 км; 5 км;
- 3) 5 км;

5 дұрыс жауап – 100%; 4 – 80%; 3 – 60%; 2 – 40%; 1 – 20%; 0 – 0%.

В деңгейінің тапсырмасы

Суретте (қосымша №3) бір тәулік бойы ауа температурасының өзгеруі көрсетілген.

- 1) Графиктен сағат 2-де, 8-де, 13-те ауаның температурасын табыңыз.
- 2) Тәуліктің қандай уақытында ауаның температурасы 0°C болды?

Жауаптары:

- 1) -4°C , 0°C , 5°C ;
- 2) сағат 8-де және 24-те.

5 дұрыс жауап – 100%; 4 – 80%; 3 – 60%; 2 – 40%; 1 – 20%; 0 – 0%.

С деңгейінің тапсырмасы

Ауа температурасының өзгеруінің графигі бойынша сұрақтарға жауап беріңіз (алдыңғы тапсырманы қараңыз, қосымша №4):

1) Тәуліктің қандай уақытында ауаның температурасы ең жоғары болды? Ең төмен болды?




- 2) Тәуліктің қандай уақытында ауаның температурасы 0°C -дан төмен түсті?
- 3) Неше сағат температура 0°C -дан жоғары болды?

Жауаптары:

- 1) Сағат 13-те; 4-те;
- 2) 24-тен сағат 8-ге дейін;
- 3) 16 сағат.


5 дұрыс жауап – 100%; 4 – 80%; 3 – 60%; 2 – 40%; 1 – 20%; 0 – 0%.

Сәйкестікті орнатыңыз:

	Функцияның графигі		Анықталу аймағы $D(y)$		Мәндерінің жиыны $E(y)$
I		а)	$(-\infty; \infty)$	1	$[2; \infty)$
		б)	$[-2; \infty)$	2	$(-\infty; \infty)$
II		в)	$[2; \infty)$	3	$[1; \infty)$
		г)	$[1; \infty)$	4	$(-\infty; 3]$
III		д)	$(-\infty; 3]$	5	$[-2; \infty)$

Жұптық жұмыс

1. Қисықтардың қайсысы функция графигі бола алады?



2. $f(x) = 3x - 5$ функциясы үшін: $f(2)$, $f(-4)$ мәндерін табыңыз.


3. Берілген функциялардың анықталу аймақтарын табыңыз:

a) $y = 15 - 3x$; b) $y = \frac{x}{x-5}$.

4. Егер $f(x) = 2x + 4$ функцияның мәні 5,4-ке тең болса, онда функцияның берілген мәні бойынша аргументтің сәйкес мәнін табыңыз.

Жеке тапсырма

№1. Қисықтардың қайсысы функция графигі бола алады? Жауаптарыңызды негіздеңіздер.



Жауабы: _____

№2. $f(x) = \frac{2}{9-x}$ функциясы берілген.

1) $f(-1)$; $f(3)$; $f(7)$ мәндерін табыңыз;

2) $f(x) = -2$; $f(x) = 4$ болса, x -ті табыңыз;

3) берілген функцияның анықталу аймағын тауып, сан аралығында жазып көрсетіңіз.

№3. Функцияны формуламен жазыңыз:

a) Функцияның мәні аргументке қарама-қарсы;

b) Функцияның мәні аргументтен 2 есе көп;

c) Функцияның мәні аргументтің 2 еселенген; мәнінен 3 есе кем;

d) Функция мәні аргумент мәніне тең;

e) Функция мәні аргументтің екі еселенген мәнінен 1-ге артық.

№4. Берілген функциялардың графигін салып, оның анықталу облысы мен мәндер облысын анықтаңыз:

a) $y = 0,5x + 2$;

b) $y = \frac{7}{x-1}$;

c) $y = \frac{1}{2}x + 2$, мұндағы $x < 3$;

d) $y = \frac{1}{x^2 - 4}$. [4, 24–26]

ҚОРЫТЫНДЫ

«Функция» тақырыбын оқыту барысында оқушылардың шығармшылық қабілеттерін дамыту, пәнге деген қызығушылығын арттыру үшін мұғалімнің талмай ізденуін және жаңа педагогикалық технологияны енгізуін талап етеді.

Жаңартылған білім беру бағдарламасы бойынша біздің көкейге түйгеніміз: алдымызға бір мақсат қоя отырып, сол мақсатқа жету жолында шәкірттердің жүрегіне жол тауы, әрекеттендіре білу шеберлігіне жетсек, егемен елдің ұл-қыздары білімді де және білікті болып шықпақ. Соның арқасында бәсекеге қабілетті, іргесі мықты ел боламыз. Бұл жаңартылған білім беру бағдарламасы оқушы үшін де, мұғалім үшін де тиімді бағдарлама. Осы кезеңде оқушы оқу үдерісіне белсенді қатысқанда ғана материалды терең меңгереді. Басқаша айтсақ оқушыға бағдарланған оқыту ортасында мұғалім оқушылардың сыныпқа алғашқы келген кездегі бастапқы сезімдерін, білімін және өзіндік ойын негізге ала отырып, өз пайымдарын қабілетті екенін түсіндіреді. Мұғалімдер оқушылардың не білетінін және нені жасай алатынын, олардың қызығушылықтарын, әр оқушының нені жақсы көретінін және не істегесі келетінін түсінуге тырысады.

Қорыта айтқанда, жаңартылған білім беру бағдарламасына сәйкес алынған әдіс-тәсілдерді сабақта тиімді қолданысқа енгізу, оқушының танымдық белсенділігін арттыру, өз бетінше білім алу арқылы олардың шығармашылық қабілеттерін қалыптастыруға болады. Оқудың қызықты және жеңіл өтетіндігін, ұжымда бірлесіп жұмыс жасауға үйрететіндігін олар сезінеді, яғни оқушы өз ой-пікірлерін ашық және еркін айтады, бір – бірін тыңдауға үйренеді, сыныпта ынтымақтастық атмосфера қалыптасады. Сондықтан математика сабақтары осындай оқыту формасымен оқытылса, онда олар әр уақытта тиімді өтетінін айтуға болады.

ПАЙДАЛАНҒАН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ

1 Әбілқасымова А.Е. Алгебра: 6 сынып / А.Е. Әбілқасымова, Т.П. Кучер, З.Ә. Жұмағұлова, В.Е. Корчевский. – Алматы: Мектеп, 2010. – 371 б.

2 Алгебра: 7 сынып / А.Е. Әбілқасымова, Т.П. Кучер, З.Ә. Жұмағұлова, В.Е. Корчевский. – Алматы: Мектеп, 2017. – 272 б.

3 Математика: респуб. ғылыми-әдістемелік журнал. – 2010. – №5. – 12–14 б.

4 Математика: респуб. ғылыми-әдістемелік журнал. – 2008. – №6. – 24–26 б.

5 Математика: респуб. ғылыми-әдістемелік журнал. – 2009. – №1. – 2 б.

6 Математика және физика: ғылыми-әдістемелік журнал. – 2004. – №2. – 2–6 б.

Б.А. Найманов, А.К. Сейтенова¹

Роль функции в развитии творчества учащихся

¹ Факультет естествознания,
Павлодарский государственный педагогический университет,
г. Павлодар, Павлодарская область, Республика Казахстан.

B.A. Naymanov, A.K. Seytenova¹

The role of function in the development of students' creativity

¹ Faculty of Natural Science,
Pavlodar State Pedagogical University
Pavlodar, Pavlodar region, Republic of Kazakhstan

Аннотация

В статье рассматривается проблема изучения темы «Функция» по обновленному содержанию школьного образования. Здесь также определена роль функции в развитии творчества учащихся. Кроме этого, использованные в данной работе методы закреплены конкретными примерами.

Ключевые слова: функция, функциональная зависимость, обновленное содержание, педагогическая технология, метод.

Summary

The article deals with the problem of the updated content of school education, it also defines the role of the function in the development of student's creativity, the methods used in this study are fixed by specific studies of the 'Function' of the topic by examples.

Key words: function, functional, dependence, updated content, pedagogical technology, method.

МРНТИ 16.31.51

О.К. Андриященко¹, Г.С. Суюнова¹

¹Гуманитарный факультет,
Павлодарский государственный педагогический университет,
г. Павлодар, Павлодарская область, Республика Казахстан
e-mail: olga_pav_pgpi@mail.ru, suynova_gulya@mail.ru

ФОРМИРОВАНИЕ ГРАМОТНОСТИ ЧТЕНИЯ ПРИ РАБОТЕ С ТЕКСТОМ

Аннотация

В данной статье автор анализирует работу с текстом как учебную деятельность, направленную на формирование грамотности чтения. Характеристика текста, по мнению автора, должна включать несколько этапов: понимание, интерпретация, оценивание. Кроме этого, формирование лингвокультурологической компетентности должно основываться на правильном отборе текстового материала. Так, с этой целью используются культуроведческие тексты, связанные с духовно-нравственной и региональной тематикой. Каждый из этапов анализа текста представляет собой систему заданий, направленных на воспитание языкового чутья и осуществления коммуникативной деятельности. Главное, чему учит работа с текстом – понимать и оценивать его, создавать собственные произведения, интерпретировать различные смыслы текста, заложенные его автором. Несомненно, правильно организованная работа с текстом позволит учащимся успешно реализовывать все виды речевой деятельности.

Ключевые слова: текст, анализ, интерпретация, понимание, оценка.

ВВЕДЕНИЕ

Обращение к художественному тексту сводит воедино процесс формирования языковой, лингвистической, коммуникативной и культурологической компетентности учащихся, делая из выпускника школы грамотного носителя русского языка. Подготовка учащихся согласно современному образовательному процессу направлена на формирование коммуникативных, лингвокультурологических компетенций. Выпускник школы и вуза должен обладать навыками функциональной грамотности, которая определяется способностью работать с текстом, понимать и интерпретировать его. Данные умения проверяются у абитуриентов при поступле-

нии в вузы: одним из обязательных предметов ЕНТ является «Грамотность чтения».

Поэтому при отборе текстов для уроков русского языка актуальным становится не только выявление структурных особенностей текста, но и его уникальное содержание: нужно помнить о культурологическом аспекте в обучении языку, предполагающем приобщение учащихся к культуре в широком смысле этого слова. Тексты о культуре, воспитывающие эстетическое чувство, культуру общения с произведениями искусства, создают на уроках особую атмосферу, культурологический фон, способствуют формированию культурологической компетенции. Обычно с соблюдением принципа тематического единства используются культуроведческие тексты четырёх типов: связанные с биографией выдающихся людей (писателей, поэтов, художников, исторических деятелей, литературоведов), тексты духовно-нравственной тематики (рассуждения о дружбе, любви, добре и зле, патриотизме и пр.), краеведческие и художественные тексты.

Особое внимание при этом уделяется краеведческому компоненту: работа с текстом писателя-земляка прививает у подрастающего поколения любовь к малой родине и родной земле. Именно этот аспект становится ключевым при отборе текстов павлодарских писателей для анализа на уроках русского языка в процессе формирования культурологической компетенции.

Внедрение в педагогический процесс краеведческого компонента подготовлено процессом осмысления взаимосвязи языка и культуры известными лингвистами и методистами М.Т. Барановым [1], Н.М. Шанским, [2], Е.А. Быстровой [3], Т.К. Донской [4], Л.А. Ходяковой [5], Н.А. Ипполитовой [6], М.Р. Львовым [7], А.Д. Дейкиной [8] и др.

В последнее десятилетие текстоориентированная методика обрастает новой терминологией: текстовая деятельность учащихся (Т.М. Дридзе [9]); первичная и вторичная текстовая деятельность (Н.С. Болотнова); текстовая компетентность, которую определяют как «способность к эффективной первичной и вторичной коммуникативной деятельности (порождению и пониманию текстов), основанной на системе знаний о тексте, его организации и функционировании, о коммуникативно-прагматических нормах и правилах речевого общения, а также владения практическими навыками порождения различных текстов и умений их интерпретировать» [10, с. 248].

Итак, текст в современном процессе обучения русскому языку – полифункциональное явление (Т.М. Пахнова [11], Л.А. Тростенцова [12], А.П. Еремеева [13], Л.В. Юлдашева [14], Н. Мурзина [15]); качество и объем выполняемых им функций в процессе обучения русскому языку напрямую зависит от действующей образовательной парадигмы, целеполагания учителя при работе с текстом, его ориента-

ции на развитие личностных характеристик учащегося и комплекса компетенций (коммуникативной, языковедческой и культуроведческой), формируемых при обучении русскому языку.

ОСНОВНАЯ ЧАСТЬ

Понимание текста, его интерпретация и умение выразить собственное отношение к нему – основные этапы процесса лингвокультурологической характеристики текста, они предполагают одноименные ключевые умения, на формирование которых должны быть направлены задания при обучении технологической стороне лингвокультурологической характеристики текста [9]. На этом основании выделены три типа заданий: 1) задания, направленные на формирование умений понимать текст; 2) задания, направленные на формирование умений интерпретировать текст; 3) задания, направленные на формирование умений оценивать текст.

В отличие от заданий найти незнакомые слова и узнать их значение (как в семантизирующе-фактуальных заданиях), когнитивно-концептуальные задания выглядят, например, так:

Выпишите из текстов неологизмы, созданные автором. Что помогает нам понять значение этих слов? Какова роль этих слов в поэтическом тексте?

Как название связано с содержанием, отбором языковых средств?

Предтекстовые задания направлены на формирование распремечивающего понимания текста и умения выявлять в тексте подтекстовую информацию. Естественно, что базой для этого являются достаточно сформированные семантизирующий и когнитивный типы понимания. Распремечивающе-подтекстовые задания используются только в комплексе с семантизирующе-фактуальными и когнитивно-концептуальными [10, с. 8]. При использовании заданий данного вида художественный текст воспринимается как эстетический объект, наполненный многогранным и неоднозначным смыслом, а его автор – как интересный и мудрый собеседник, как разносторонняя личность. Главная особенность распремечивающе-подтекстовых заданий заключается в их направленности на понимание смысловой неоднозначности художественного текста вообще, его элементов в частности (например, заголовка), выявление разных сторон мировоззрения автора, на выявление глубинных смыслов текста, укорененных в культуре.

Для называния данного типа заданий используются два понятия: культурологический и культуроведческий. Это связано с тем, что в современной методике обучения русскому языку при работе с лексикой описана система культуроведческих заданий [11; 107]: опора на этимологию при толковании значения слова; работа со словами, имеющими национально-культурные коннотации.

К культурологическим заданиям относятся такие виды заданий, которые позволяют включить данное художественное произведение в контекст культуры (национальной и общечеловеческой) и воспринять его как произведение культуры. Задания такого типа отличаются метапредметностью. Культурологические приемы работы с текстом – это концептный анализ текста, культурологическое комментирование текста, ассоциативный анализ текста, культурологический анализ изобразительно-выразительных средств текста и т.п. Приведем примеры заданий, направленных на формирование умений понимать, интерпретировать и оценивать текст.

1) Задания, направленные на формирование умений понимать текст:

Определите тему, основную мысль текста. В чем проявляется взаимодействие названия и содержания текста?

Найдите в тексте ключевые слова. Как они помогают понять смысл текста?

На какие смысловые части можно разделить данный текст? Составьте план текста.

Подобные задания формируют языковые компетенции, развивают логику и мышление. Учащиеся учатся видеть необычное слово или словосочетание; истолковать правильно необычное слово или словосочетание; ориентироваться в информационном пространстве текста; отвечать на предметные вопросы по тексту; понимать тему текста на предметном уровне. Для распределенного типа понимания текста свойственны задания, направленные на работу с заголовком текста на обобщенно-смысловом уровне, в том числе формулирование собственных заголовков; на умение формулировать вопросы и ответы о личности автора.

2) Задания, направленные на формирование умений интерпретировать текст:

Выпишите глаголы, определите их время и вид. Почему в тексте так много глаголов? Как использование глаголов настоящего и прошедшего времени, совершенного и несовершенного вида соотносится с содержанием текста?

Как вы думаете, почему в тексте много имен прилагательных и причастий?

Какова роль наречий в тексте: как с их помощью создается образ?

Докажите, что это текст. Какой функционально-смысловый тип речи в нём реализуется? Какими средствами достигается образный характер этого текста?

Разделите текст на смысловые части и озаглавьте каждую из них. Какими языковыми средствами создается перспектива повествования?

В какой мере в приведённом фрагменте проявляются черты публицистического и художественного стиля? Какова смысловая и художественно-образная направленность этого текста?

Выявите тему и проблемы рассуждения в нём; сформулируйте суть авторской позиции.

Проанализируйте самостоятельно текст, учитывая следующие аспекты: Какова

тема текста? Что находится в центре внимания автора? Что он стремится передать? С чьей позиции строится текст? Как развёртывание ключевого образа определяет структуру текста? (Выявите части, убедившись, что каждая из них имеет свою микротему).

В чём проявляется связность всего текста? (определите средства связности).

Каков же замысел автора? В чём выражается коммуникативная направленность текста?

Подготовьтесь рассказать о текстообразующей роли глаголов в текстах-повествованиях и описаниях. Используйте самостоятельно отобранные примеры или материал текстов из хрестоматии «Павлодар литературный».

Указанные задания помогают выявлять глубинные смыслы текста с учетом лингвистических и экстралингвистических факторов, видеть, каким образом морфологические и синтаксические средства «работают» на идею произведения, с какой целью автор текста использовал те или иные языковые, стилистические, художественные приемы. Итак, характер отбора и организации языковых средств в художественном тексте может быть обусловлен несколькими факторами: концептуальной направленностью текста, характером его художественной идеи; жанровой принадлежностью текста; стилевой тональностью, идейной и литературно-художественной позицией автора (отношением к определённым школам и направлениям; соотношением с ними); интертекстуальными отношениями; авторской индивидуальностью.

Все эти факторы необходимо учитывать в процессе интерпретации, однако нельзя забывать о взаимодействии в тексте всех его элементов и о том, что только целостное восприятие и представление обеспечивает понимание художественного произведения, эстетически обусловленного смысла.

Несомненно, основополагающей категорией художественного текста является концептуальность – направленность на выражение художественно значимого глубинного смысла [12, с.75]. К постижению этого концептуального смысла и стремится интерпретация текста на основании осмысления системы эстетически значимых средств, которую он собой представляет.

3) Задания, направленные на формирование умений оценивать текст:

Нравится ли вам этот отрывок из произведения?

Какое впечатление он оставляет?

Можете ли вы своими словами передать впечатление от описанной ситуации?

Каково общее настроение произведения? Чем оно создается?

Какие языковые средства выражения отношения, оценки используются в тексте?

Найдите в тексте опорные оценочные слова, являющиеся одним из средств описания происходящего. К каким частям речи они относятся?

С помощью каких языковых средств (лексических, фонетических, грамматических) автор создает настроение, выражает отношение, оценку?

Выразите письменно свое отношение к позиции автора. Обоснуйте свое согласие (или несогласие) с автором (возможны ссылки на разные источники, цитаты).

Задания, направленные на обучение оценке текста, ориентированы на формирование умения выразить свое отношение к тексту на основе его интерпретации и глубокого понимания. Все виды оценивающих заданий имеют своей опорой лингвистические и речеведческие знания, полученные в ходе изучения языка и речи, а также базу фоновых знаний, необходимую для адекватного восприятия текста. Разрозненные оценивающие задания в каждом классе систематизируются алгоритмами, которые содержат обязательные составляющие: квалифицирующую (определить, квалифицировать языковую особенность текста); функциональную (функция этой особенности в тексте); характеризующую (выражение своего отношения к этой особенности). Художественное произведение всегда производит сильное эмоциональное впечатление, поэтому при подготовке к сочинению важно это впечатление зафиксировать в сознании учащихся, научить их выражать свои чувства. С этой целью используются задания, обучающие эмоциональной характеристике текста.

Подобные задания помогают школьникам видеть ядро текста, а не только внешний образ, лежащий на поверхности. Умение читать текст не сводится к формальному пересказу прочитанного, а способствует развитию широкого кругозора, умения мыслить и сопереживать, «говорить» с автором произведения, доказывать, интерпретировать и творить.

ВЫВОДЫ

В соответствии с новым форматом ЕНТ появилась необходимость научить учащихся работать с текстом на разных этапах его осмысления. Более того, формирование функциональной грамотности как основного вектора современного образования предопределило обучению русскому языку как средству и способу коммуникативной деятельности. Эта деятельность во всех аспектах реализации – слушание, говорение, письмо – последовательно осуществляется не только при создании текстов разных жанров, но и при их характеристике.

Характеристика текста – это процесс учебной текстовой деятельности, результатом которой является связный текст учащегося. Характеристика текста предполагает прохождение обязательных этапов: восприятие текста, комплексный анализ, обобщение смыслов, выявленных в ходе анализа, интерпретация текста, выражение собственного отношения к тексту.

Этап комплексного анализа текста является ключевым для его характеристики, так как именно благодаря ему создается объективная основа для дальнейшей интерпретации текста. Мы называем комплексным такой вид анализа текста, в котором в каждом случае по-своему комбинируются разновидности анализа текста (структурно-содержательный, речеведческий, лингвостилистический, культурологический, концептный и др.). Этап обобщения смыслов, интерпретации текста становится кульминационным в этой учебной деятельности, так как, охватив весь путь, пройденный в постижении смыслов художественного произведения, учащийся должен синтезировать, собрать воедино и сформулировать (интерпретировать) глубинные смыслы текста.

На этапе оценочной деятельности учащийся соотносит выявленные смыслы текста, позицию автора с собственной, что при системной работе способствует эффективному формированию системы ценностей, а значит, личностному развитию учащихся.

Таким образом, характеристика текста – это системное описание восприятия текста читателем, анализ произведения, интерпретация и обобщение, направленные на целостное восприятие произведения как коммуникативной единицы. Поскольку в самом термине текст заключена идея связности, а связность представляет собой средство воплощения цельности, то цельность определяется коммуникативной направленностью. Формирование читательской грамотности и ставит своей целью осуществление уместной и эффективной коммуникативной деятельности, одним из видов которой является создание текстов различных жанров и свойств.

СПИСОК ИСПОЛЬЗОВАННЫХ ИСТОЧНИКОВ

- 1 Баранов, М.Т. (1976). Эстетическое воспитание учащихся на уроках русского языка в 4–8 классах // Русский язык в школе. – №3. – С. 10-17.
- 2 Шанский, Н.М. (1993). Школьный курс русского языка (Актуальные проблемы и возможные решения) // Русский язык в школе. – №2. – С. 3-8.
- 3 Быстрова, Е.А. (2000). Каким будет «Русский язык» в национальной школе // Стандарты и мониторинг в образовании. – №3. – С. 35-40
- 4 Донская, Т.К. (2003). Лингвокультурологический принцип обучения русскому языку // Культуроведческий подход: его реализация в школьном и вузовском курсах русского языка: Материалы Всероссийской научно-практической конференции. – М.: МПГУ. – С. 24-28.

- 5 Ходякова, Л.А. (2012). Лингвокультуроведческий анализ текста на уроке-проекте // Русский язык в школе. – № 4. – С. 3-10.
- 6 Ипполитова, Н.А. (1998). Текст в системе обучения русскому языку в школе: Учеб. пособие для студентов пед. вузов. – М.: Флинта, Наука. – 176 с.
- 7 Львов, М.Р. (2001). Роль родного языка в становлении духовного мира личности (Опыт моделирования) // Русский язык в школе. – № 4. – С. 3-8.
- 8 Дейкина, А.Д. (1995). Использование текстов на уроках русского языка. – Черноголовка. – 179 с.
- 9 Дридзе, Т.М. (1994). Текст и произведение (о статье М.Я. Дымарского «Метафора текста») // Русский текст. – № 2. – С. 7-17.
- 10 Болотнова, Н.С. (2009). Коммуникативная стилистика текста: Словарь-тезаурус. – М.: Флинта: Наука. – 381 с.
- 11 Пахнова, Т.М. (2003). Развивающая речевая среда как средство приобщения к культуре // Русский язык в школе. – № 4. – С. 8-23
- 12 Алексеева, О.В. (2010). Текстовое образовательное пространство современного урока русского языка // Наука и школа. – № 1. – С. 80-85.
- 13 Еремеева, А.П. (2005). Расширение культуроведческой компетенции учащихся в процессе обучения речевой деятельности / Коллективная монография. – М.: «Прометей» МПГУ. – С. 28-46.
- 14 Юлдашева, Л.В. (1990). Методологические и методические аспекты проблемы языка как культурно-исторической среды // Русский язык в школе. – №4. – С. 54-58.
- 15 Мурзин, Л.Н. (1994). Язык, текст и культура // Человек – Текст – Культура: Коллективная монография. – Екатеринбург. – С. 160-169.
- 16 Коротаева, Е.В. (1997). Обучение, погруженное в общение // Русский язык в школе. – № 2. – С. 3-7.
- 17 Мишати́на, Н.Л. (2011). Технология освоения концептов русской культуры: Учебно-методическое пособие. – СПб.: ООО «Книжный дом». – 80 с.
- 18 Ходякова, Л.А. (2012). Лингвокультуроведческий анализ текста на уроке-проекте // Русский язык в школе. – № 4. – С. 3-10.
- 19 Болотнова, Н.С. (2009). Коммуникативная стилистика текста: словарь-тезаурус: учебное пособие для студентов высших учебных заведений, обучающихся по направлению 050300 Филологическое образование. – М.: Флинта: Наука. – 381 с.
- 20 Кухаренко, В.А. (1988). Интерпретация текста. М.: Просвещение. – 192 с.

О.К. Андриющенко¹, Г.С. Сүйінова¹

Мәтінмен жұмыс жасау барысындағы оқу сауаттылығын қалыптастыру

¹Гуманитарлық факультеті,
Павлодар мемлекеттік педагогикалық университеті,
Павлодар қ., Павлодар облысы, Қазақстан Республикасы.

O.K. Andryuchshenko¹, G.S. Suyunova¹

Formation of reading literacy in the course of text work

¹Humanitarian faculty,
Pavlodar State Pedagogical University,
Pavlodar, Pavlodar region, Republic of Kazakhstan.

Аңдатпа

Аталған мақалада авторлар оқу сауаттылығын қалыптастыруына бағытталған мәтінмен жұмыс жасауды оқу әрекеті ретінде талдайды. Авторлар пікірінше мәтін сипаттамасы бірнеше кезеңнен тұрады: түсіну, интерпретациялау, бағалау. Сонымен қатар лингвомәдени құзыретінің қалыптасуы мәтіндік материалды дұрыс іріктеуіне негізделуі керек. Осы мақсатта рухани-адамгершілік және аймақтық тақырыптарымен байланысты мәдениетаным мәтіндер қолданылады. Мәтін талдауының әр кезеңі тілдік сезімін тәрбиелеу және коммуникативтік қызметін жүзеге асыруға бағытталған тапсырмалар жүйесі арқылы ұсынылады. Мәтінмен жұмыс жасау мақсаты – түсіну және бағалай білу, өз шығармаларын құру, мәтіннің әртүрлі авторлық мағыналарын интерпретациялау. Мәтінмен ұйымдастырылған дұрыс жұмыс жасау дағдысы оқушылардың барлық сөйлеу қызметінің түрлерін, табысты іске асыруға мүмкіндік береді. Мақаладағы көрсетілген оқу-әдістемелік тәсілдерді оқу процессінде белсенді қолдануға болады,

Тірек сөздер: мәтін, анализ, интерпретациялау, түсіну, бағалау.

Summary

In this article the authors analyze text work as a learning activity aimed at the formation of reading literacy. The text characteristics should, according to the authors, include several stages: understanding, interpretation, evaluation. In addition, the formation of linguistic and cultural competence should be based on the proper selection of text material. Thus, for this purpose culturological texts are used related to spiritual, moral and regional subjects. Each of the stages of text analysis is a system of tasks aimed at training a feeling for language and execution of communicative activities. The main thing that text work teaches students is to understand and evaluate it, create own works, interpret various meanings of text stipulated by its author. A properly organized text work will undoubtedly allow students to successfully accomplish all kinds of speech activities.

Keywords: text, analysis, interpretation, understanding, evaluation.

МРНТИ 29.01.45

А.Р. Тастанбекова¹, Л.А. Ельтинова¹

¹ *Жаратылыстану факультеті
Павлодар мемлекеттік педагогикалық университеті,
Павлодар қ., Павлодар облысы, Қазақстан Республикасы
e-mail: ailana.tastanbekova.93@mail.ru, Lau1983yel@mail.ru*

СЫНИ ТҰРҒЫСЫНАН ОЙЛАУ ТЕХНОЛОГИЯСЫН ФИЗИКА САБАҒЫНДА ҚОЛДАНУДЫҢ ТИІМДІЛІГІ

Аңдатпа

Студент – қандай да бір жеке тұлға. Ой-санасы дамыған, ел болашағының тізгінін ұстауы үшін өз алдына бір мамандық иесі боламын деп үлкен мақсат қойған индивид, яғни өз ұстанымын анықтаған, алдына қойған айқын мақсаты бар адам. Бәрімізді бүгінгі таңда алаңдататын мәселе – жас ұрпақтың сапалы білімді игеруі. Елбасымыз Н.Ә. Назарбаев «Білімді, сауатты адамдар – бұл ХХІ ғасырда адамзат дамуының негізгі қозғаушы күші» деуінің өзі үлкен көрегендіктің белгісі.

Ұлтымыздың тірегіне айналар ұрпаққа деген көзқарас Елбасымыздың білім саласына ерекше назар аударуымен айқындалып отыр. Өзекті мәселе – жас ұрпақтың Елбасы бастаған көш-керуенге кідіріссіз ілесуі. Ілесе алмаса – бізге сын. Халқымыздың тағдыры, еліміздің ертеңі жас ұрпақтың қолында. Бүгінгі таңдағы оқыту үрдісі жаңа әдіс-тәсілдерді, жаңаша идеяларды қолдануды талап етеді. Әр мұғалім өз іс-тәжірибесінде көптеген қиындықтармен, кедергілермен кездеседі. Ол заман көшіне ілесу үшін өз білімін жетілдіріп отыруы қажет. Бүгінгі технология және жаһандану заманында көптілді меңгеру жас ұрпақтың білім кеңістігінде еркін самғауына жол ашатын, әлемдік ғылым құпияларына үңіліп, өз қабілетін танытуына мүмкіндік беретін қажеттілік. Сыни тұрғыдан ойлау – Қазақстандағы білім беруді дамыту үшін маңызды болып табылатын қазіргі ең басты педагогикалық түсінік. Бұл модуль оқушылардың да, мұғалімдердің де сыни тұрғыдан ойлауды дамытуды саналы және оймен қабылдауын көздейді.

Тірек сөздер: Белсенді оқыту әдістері, сын тұрғысынан оқыту әдістері, құзыреттілік, үштілділік, қалыптастырушы бағалау, жаһандану, заманауи.

КІРІСПЕ

«Маған айтсаң, ұмытып қаламын, көрсетсең есімде қалар. Ал, өзім істесем, үйреніп аламын» дегендей шығыс даналығы, мектеп өміріне еніп отырған жаңа технологиялардың ерекшелігі-өсіп келе жатқан жеке тұлғаны жан-жақты дамыту.

Бұрынғы оқушы тек қана тыңдаушы, орындаушы болып келсе, ал қазіргі заманның оқушысы өздігінен білім іздейтін жеке тұлға екендігіне үлкен мән береміз.

«Сыни тұрғысынан ойлау» деген сөз тіркесінде қолданатын «Сын тұрғысынан» деген термин ойдың мәселені немесе проблеманы шешу үдерісіне шоғырланғанын білдіреді. Бұл тұрғыдан алғанда сын сөзі «мақұлдау» немесе «теріске шығару» дегенді білдірмейді. Сын тұрғысынан ойлау, ой жүгірту, тұжырым жасау немесе проблеманы шешу үдерісі жүрген барлық жағдайларда, яғни неге сенуге болады, не істеу керек және бұны ойластырған әрі рефлексивтік тәсілмен қалай істеуге болатындығын анықтау қажет болған жағдайлардың барлығында орын алады. (І нұсқаулық 17-бет).

Сыни тұрғыдан ойлау – Қазақстандағы білім беруді дамыту үшін маңызды болып табылатын қазіргі ең басты педагогикалық түсінік. Бұл модуль оқушылардың да, мұғалімдердің де сыни тұрғыдан ойлауды дамытуды саналы және оймен қабылдауын көздейді. (Нұсқаулық 48-бет) .

Сыни тұрғыдан ойлау бағдарламаның екі мағынада қарастырылады: оқушылардың сыни тұрғыдан ойлауын дамыту және мұғалімдердің сыни тұрғыдан ойлауын дамыту. Сонымен қатар бақылаудың, тәжірибенің, ойлау мен талқылаудың нәтижесінде алынған ақпаратты ойлауға, бағалауға, талдауға және синтездеуге бағытталған пәндік шешім. Сыни тұрғыдан ойлау үдерісі- релеванттық ақпараттар жинауды; дәлелдерді сын тұрғысынан талдау мен бағалауда; кепілдендірілген шешімдер мен жинақталған қортындылар; ауқымды тәжірибе негізінде болжамдар мен ұсыныстарды қайта қарауды қамтиды. [Нұсқаулық 13 бет]. Мерсер сыныпта талқылаудағы дәлелдің үш түрін анықтады. Олар:

– пікірталастық әңгіме, оқушылар бәсекеге қабілетті, басқа адамдардың көзқарасын қабылдауды қаламайды;

– кумулятивтік әңгіме, мұнда оқушылар бір-бірінің үлесін сынамайды және сындарлыққа негізделеді;

– зерттеушілік әңгіме, ұсыныстар жайында күмән туып, қарсы дау айтылып, негізделген дәлел мен сыни тұрғыдан ойлау арқылы жалғасады (Мұғалімге арналған нұсқаулықтан 51 бетте көрсетілген (Мерсер, 2000))

НЕГІЗГІ БӨЛІМ

Шығармашылық – сол индивидтің жаңадан ойлап табу болмысын немесе бір игі істі жалғастыруға қызығушылығы болсын, тым болмаса әрекетке ұмтылуы деп алайық. Студенттің ғылыми жұмыспен айналысуы, мәдени шараларға белсене араласуы, қоғамдық бірлестіктердің мүшесі болуы, қазіргі күні белең алған ең

ізгі шара. Студенттердің өзін-өзі басқаруының бір мүшесі болуы, міне, осының барлығы студенттің тек жеке басы үшін ғана емес, алғашында өзінің оқу орны үшін, кейін елі үшін атқарар ісінің бастамасы болып есептелінеді. Яғни, шығармашылық шырқау шегінің нәтижесіне жетуге осы кезден қамдана бастайды. Яғни бойындағы қабілетін дарытады. Оның барлығына ықпал ететін тылсым күш иесі бұл оқытушылар болмақ. Егер ғылыми іспен айналысатын болса, ғылыми жетекшісі, шығарма жазатын болса, тіл байлығы мықты, сөзге шебер ұстаз керек, өнер саласында жүрер болса, биші, жезтаңдай әнші дегендей әр саланың бабына сай бапкері студенттердің шығармашылықпен айналысуына ықпал жасайды. Нәтижесінде студент оқу бітіргеннен кейін келелі мол келешектің тізгінін ұстайтын, бостандыққа толы болашақты бастайтын, айбаты арыстандай, қайраты жолбарыстай, аузы дуалы, білегі қуатты, білімі мол, қай салада болса да аянбай тер төгуге бар жас маман иесі болып шығады. Бұл сөзсіз шындық.

Төрт-бес жыл еңбектеніп, жарқын болашағының іргетасын қалап, бойына жігерлілік пен қайсарлықты, рухшылдық пен жаңашылдықты жиып өскен студент енді елі үшін жұмыс жасауға сақадай сай. Күші асып, жігері тасып, өзінің емес, ұлтының мүддесі үшін жан қиюға әзір.

Менің ойыма, осы жағдай, яғни студенттің шығармашылық жұмысын дамыту арқылы Жаңа қазақстандық патриоттыққа тәрбиелеудің бірден-бір жолы осылай жүзеге асу керек секілді. Болмаса тек «ілім-білім» деп өзге елдердің ғылымынан сусындап, өз ғалымдарымыз толық зерттей алмай жатқан салаларының кесірінен ол студенттердің қызығушылығы құны бөлек өзге елге ауып кетуі мүмкін. Бұл – үлкен қорлық. «Өзге елде – сұлтан болғанша, өз еліңде – ұлтан бол». Осы бір сөздің астарын зерделей білген жанның санасының еш сергелденге түспей, яғни өз елінің құндылығын, құдіреттілігін, таңертең шапағатын арайлатар ақ таңының, күндіз шуағын шашып тұрар күнінің, кеш бата бозараңдап, түн ортасында адам баласына сәуледей жарық сыйлаған айының, әрбір құбылыстарының сондай ыстық, қымбат екенін сезінері хақ.

«Ел боламын десең – бесігіңді түзе» дейді қазақтың данасы М. Әуезов. Бесіктен белі шығып, ананың ақ сүтімен әлдиіне, ыстық алақанына құмарланып, оны бір жыл бойы сол отбасының жанында, яғни кіші отбасында бойына ұлтжандылықтың, Отан сүйгіштіктің, патриоттық тәлім тәрбиенің құндылықтарын сіңірген жас буын иесінің, үлкен өмірге аяқ басып, ата-анасынан жырақ, яғни басқа қалаға білім нәрімен сусындауға келіп, студент атанған, қаймағы бұзылмаған уыздай сүттің болашақ сол сүт болып қалуына немесе сол сүттен ашыған салып, ащы айран етіп алу да осы студент кездің үлесінде екен. Егер осы кезде сол студент жан-жақты іспен айналысуға талпынар болса, онда оның болашағы айқын, басар биігінің бастауы жарқын болмақ.

Әрбір жастың жүрегінде осы секілді істер болатын болса, онда олардың бойында Отанға, ұлтқа, елге деген сүйіспеншілік те сөзсіз болады. Қандай жағдайда болмасын, ел, мемлекет үшін патриоттықтың қажет екендігі өзінен-өзі белгілі. Себебі, көне грек мемлекетінде қалыптасқан бұл ұғым өз елін сүю, өз халқына берілген, елі, жұрты үшін қандай да болсын қиындыққа төзуді аңғартады. Сондықтан да бұл ұғымның интернационалдық бағыты да бар. Әр елде азаматтар бұл ұғымға өзінше баға береді. Әр елде әр жас шамасындағы азаматтардың ой-санасы әртүрлі деңгейде дамитыны тағы бар, сонда бұл ұғымның сан қырлы бағыты бар дегенді білдіреді. Түрлі елдің азаматтарының патриоттығы әр деңгейде болғанымен, барлық жерде патриоттар Отанының бүгінгі дұрыс өмірі және жарқын болашағы жайында күрескерлер болып қала береді.

Болашақ Қазақстанның іргетасын берік қалауда оның әрбір құмын, кірпішін, тасын Отанға деген сүйіспеншілікпен, елге деген ерлікпен, өр рухпен ұстап сезінетін болсақ, теңдік алуға талпынған тіленші ұлтшылдық жолында аянбай тер төккен тарих тарландарының еңбегінің зая кетпегендігі. Өткеннің осындай іскерлігі – бүгіннің үстемдігі.

Шығармашылық дегеніміз – адамның өмір шындығында өзін-өзі тануға ұмтылуы, ізденуі. Өмірде дұрыс жол табуы үшін адам дұрыс ой түйіп, өздігінен сапалы, дәлелді шешімдер қабылдай білуге үйренеді. Адам бойындағы қабілеттерін дамытып, олардың өшуіне жол бермеу адамның рухани күшін нығайтып, өзін-өзі тануына көмектеседі.

Бұл жалпы адам бойындағы құбылыс. Ал студенттердің шығармашылығын дамыту болашақтың үлкен сапарына аяқ бастырар сәтте оған тура жол сілтеу үлкен маңызды іс. Әрбір студент өз жүрегінде күш жігері мықты сезім орнатуы тиіс. Ол ешқашан жасып қалмауы керек. Студент өз бойынан шығармашылық қабілеттерін, даралық бейімділіктерін, өзгеге таныта білуі керек. Студенттердің қабілеттерін дамыту мәселесі өзінің тамырын адамзат тарихының тереңінен алады. Ежелгі грек философы Сократ өз ізбасарларының дамуына үнемі қамқорлық жасап отырған. Шығыстың әйгілі ойшылы әл-Фараби адамның ақыл-ойын қабілетін дамыту арқылы оны бақыт жолына жеткізу мәселесіне бірнеше күрделі еңбектерін тікелей арнаған. Халықтың ұстазы ұлы Абай өзінің қара сөзінде (43-ші қара сөзі) де адам бойындағы қабілеттерін әрі қарай дамыту, шыңдау қажеттілігін алға тартады. Сонда ғана олар пайдаға асатынын жазады.

Қазіргі таңда жаңа Қазақстанда қалыптан тыс ойлай алатын, шұғыл шешімдер қабылдай білетін, белсенді шығармашылық адам қажет. Ол үшін әрбір оқытушы сабақтарда тек білімділік мақсаттарды шешіп қоймай, студенттердің жекелік қасиеттерін, қабілеттерін дамытудың жолдарын қарастырғаны жөн. Өз ұлтын, өз Отанын сүйетін адам ең бірінші өзін, өзінің жанұясын сүюі керек. Соны

қорғай білу керек. Сонда ғана біз бойында патриоттық сезімі басым студенттерді кездестіре аламыз.

Студент кез келген уақытта ізденіп, тың мәселелерді зерттеп, тыңнан тыңшыға айналуы керек. Тың оқиғалармен барша жұртшылықты хабардар етіп отырған студент қана жан-жақты жүргендігін көрсете алады. Содан барып ол өзінің шығармашылық жолын бастайды. Ал шығармашылық ұғымы – жаңа нәрсе ойлап, жетістікке қол жеткізу деген сөз.

Барлығына да ең әуелі үлкен сенім мен тәуекел керек. Сенімділік пен бойындағы күш-қайрат болмаса, онда біз бағындырмайтын биік белес жоқ. Бұған біздің жігеріміз де, жүрегіміз де жетеді. Себебі, біз шыдамның шегіне жеткенде, намыс оты еті түгел сүйегінен өткенде, кеудесінде жанартауы жарылып, көздің алды қанталап, өзіне қарай анталап тұрған жаудың алысқанының аузына ұрып, жұлысқанының жұлынын жұлып, бір-ақ тоқтаған елміз. Міне, біз осындаймыз. Студент қабілеті мен дарынын, шығармашылын дамыту арқылы бойындағы қаһары қатты патриот сезім туралы жүрегінде иненің көзіндей сәуле ашу – бүгіннің ең басты талабы.

Елбасы өз сөзін жастарға арнағанда: «...Бүгін барлық ауыртпашылықтар артта қалып, мемлекетіміз өркениетті елдің өркенді жолына қадам басты, дамудың даңғыл жолына түсті деп айта аламыз...

...Мен Сіздерге – жаңа буын қазақстандықтарға сенім артамын. Сіздер Жаңа бағыттың қозғаушы күшіне айналуға тиіссіздер. ...Мемлекет басшысы ретінде мен әрдайым сіздердің оқуларыңыз бен өсіп-өнулеріңіз үшін барлық жағдайды жасауға тырыстым. Әлемдік деңгейдегі университет, зияткерлік мектептер аштым, «Болашақ» бағдарламасын құрдым.

Қазір мемлекеттік жастар саясатының жаңа тұжырымдамасы әзірленуде.

Мемлекет сіздердің алдарыңыздан жаңа мүмкіндіктер ашылуы үшін барлығын жасауда. Олар – сіздердің ата-аналарыңыз тіпті ойлап та көрмеген мүмкіндіктер.

Естеріңізде болсын: сіздердің табыстарыңыз – ата-аналарыңыздың табысы, туғандарыңыз мен туыстарыңыздың табысы, отбасыларыңыздың табысы, барлық отандастарыңыздың табысы, біздің Отанымыздың табысы...».

Елбасы Н.Ә. Назарбаев қазақстандықтарға арнаған Жолдауында білім беруге, денсаулық сақтауға және әлеуметтік салаға ерекше қамқорлықтар көрсетілгендігін атап өтті.

Жас толқынның қоғам өміріне белсене араласуы қазақ елінің өркендеп өсуіне зор ықпалын тигізері анық. Жастарымыз мән-мағынасы зор түрлі шараларға белсене араласып, өз ойын жетік білдіріп, еліміздің саясатына тікелей ат салысса, қадамымыз оңды болмақ. Үміттің ақталғаны деген осы болмақ.

Жаңа ғасыр табалдырығын аттап тұрып ел президенті Н. Назарбаев Қазақстан халқына Жолдауында «...Біздің жас мемлекетіміз өсіп – жетіліп, кемелденеді біздің балаларымыз бен немерелеріміз онымен бірге ер жетеді. Олардың өз ішінде жауапты да жігерлі, білім өресі биік, денсаулығы мықты өкілдері бар.

Олар бабаларының игі дәстүрін сақтай отырып, қазіргі заманғы нарықтық экономика жағдайында жұмыс істеуге даяр болады. Олар бейбіт, абат, жылдам өркендеу үстіндегі бүкіл әлемге әйгілі әрі сыйлы өз елінің патриоттары болады», – деген болатын. Олай болса бүгінгі мұғалімнің алдында шығармашылыққа бейім жеке тұлғаны қалыптастыру міндеті тұр.

«Баланың шығармашылық қабілетін ашу, оны алға қарай дамыту үшін ең бастысы жағдай жасау қажет».

Оқушының дарындылығының даму, қабілетінің ашылуы көбінесе мұғалімнің кәсіби біліктілігіне, және оның тұлғалық қасиетіне байланысты екені айдан анық. Ұстаздың алдында қолын созған, өмірге ерекше талпынған жас ұрпақ тұр. Білім берудегі шынайы мақсат – адамға белгілі бір білімді зерттеу ғана емес, сондай – ақ оның рухани, адамгершілік тұрғыдағы мәнін дамыту. Бүгінгі таңда балалардың өмірден орын табуы үшін өз бойындағы табиғи дарыны мен қабілетінің ашыла түсінуіне де көмектесудің қажеттілігі арта түсуде.

Көбінесе «дарынды оқушы – бұл жақсы оқитын оқушы» деген пікір қалыптасқан. Белгілі ағылшын психологы П. Торранстың зерттеулері бұл пікірдің мұғалімдер арасында жиі кездесетінін анықтады. Оларға оқуда қиыншылық туғызбайтын, тәртіпті, ұйымшыл, білімді, тұрақты, ұғымтал, өз ойын нақты және түсінікті жеткізе алатын оқушылар көбірек ұнайды. Ал қисынсыз сұрақ қоятын, өз жұмысымен ғана айналысатын, тәуелсіз, көбіне түсінбеушілік туғызатын, қияли, әр нәрсеге көз қарасы бөлек оқушылар ұнамайды. П. Торранстың зерттеулері нақ осы қасиеттер оқушының шығармашылық дарындылығын көрсететін және оның нашар оқитын оқушылардың арасында да аз емес екендігін айқындаған. Сондықтан мұғалімдер осы зерттеулердің нәтижесін ұстағаны жөн.

Дарынды оқушымен жұмыстың негізгі мақсаты – олардың шығармашылық жұмыста өзінің қабілетін іске асыруға дайындығын қалыптастыру. Ал мақсатқа жету оқу бағдарламасын тереңдетіп оқыту және оқушының танымдық белсенділігін дамыту арқылы жүзеге асады.

Оқушының шығармашылығын арттыру үшін жеке тапсырма қосымша сабақтар өткізу, сабақта қызығушылығын арттыру, кесте толтыру, бақылау жұмыстарын әр тақырып бойынша өткізу, тест дайындығын үйрету. Өзін-өзі тану баланы жолдастары арасында өзін сыйлата білуге, өзін-өзі жетілдіріп басқадан үлгі алуға, қоршаған орта жағдайында өзін-өзі бағып алуына, өз бетінше бір шешім айта алу-

ына, әр іске жауапкершілікпен қарауға тәрбиелейді. Бірақ бұл жолда мұғалімге үлкен шығармашылықпен ізденіс керек.

Онсыз ұстаздың бала жүрегіне жол табылуы мүмкін емес. Биология пәні сабақтарының ерекшелігі – оқушылардың үнемі қарым – қатынаста болатындығы. Балалар өзі туралы, өзінің ішкі ойлары, көзқарасы, кез – келген іс – әрекетіне қарсы ойын немесе пікірін білдіре алады. Сабақтың өзіне тән ерекшелігі – сабақтың стандартты емес түрлері ұсынылады: талдау сабақтары, сайыс сабақтары, экскурсия сабақтары, ойын сабақтары, топ серуен сабақтары т. б. Биология пәнінің сабақтан тыс жұмыстары сабақта меңгерген білімдерін іс-жүзінде қолдана білуді және қоғамға қызмет етуді қарастырады.

Халқымыз табиғат аялауға, қорғауға ерекше көңіл бөлген. Тіпті адам бойындағы адамгершілік қасиеттерді де өзінің туып – өскен табиғатымен сабақтасырып жазады.

Мысалы, халық арасында жаны жаздай, көңілі көлдей, пейілі кең даладай деген сөз тіркестерін жиі кездестіруге болады.

«Шығармашылық жұмыс» – физика пәнінің ең маңызды бөлігі дегеніміз дұрыс болар, балалар үнемі шығармашылық жұмыста болады., мысалы, табиғатпен ұштастыра отырып сурет салу, кеппе шөптер жасау, өлең жазу, тілек құрап айту, кітапшалар жасау сияқты жұмыстарымен балалардың шығармашылық шабыты оянады, өз ісіне сын көзбен қарап, басқаның еңбегін бағалауды қалыптастырады.

«Алдыңғы қатарлы мұғалімдер оқуды бітіргеннен кейін өз беттерінше дамымайды немесе мұғалім болып туыла салмайды. Керісінше олар әрқашан даму үстінде болады. Өз мамандықтарын алғаннан кейін мұғалімдер әріптестерімен әңгімелесіп, бірігіп жұмыс жасау арқылы жалғаспалы, тұрақты білім мен өз өнерлері жөнінде терең ойлану арқылы өздерінің кім екендігімен не үшін қызмет жасайтындықтарын анықтауды қажет етеді», деген екен.

Оқытудың жаңа ақпараттық – коммуникациялық технологияларын меңгеру – қазіргі заман талабы. ХХІ ғасыр ақпараттық технология ғасыры. Қазіргі қоғамдағы білім жүйесін дамытуда ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың маңызы зор. Білім беруді ақпараттандыру және пәндерді ғылыми-технологиялық негізде оқыту мақсаттары алға қойылуда. Ақпараттандыру технологиясының дамуы кезеңінде осы заманға сай білімді, әрі білікті мамандарын даярлау оқытушының басты міндеті болып табылады. Қоғамдағы ақпараттандыру процестерінің қарқынды дамуы жан-жақты технологияны жеке тұлға қалыптастыруды талап етеді.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңның 11-бабының 9-тармағында оқытудың жаңа технологияларын, оның ішінде кәсіптік білім беру бағдарламаларының қоғам мен еңбек нарығының өзгеріп отыратын қасиеттеріне

тез бейімделуіне ықпал ететін кредиттік, қашықтан оқыту, ақпараттық – коммуникациялық технологияларды енгізу және тиімді пайдалану міндеті қойылған.

Физика сабағында ақпараттық технологияларды пайдалану арқылы оқушылардың ақпараттық құзіреттілігін қалыптастыру атты баяндамада қазіргі заман талабына сай ақпараттық технологияларды, электрондық оқулықтарды және Интернет ресурстарды пайдалану оқушының білім беру үрдісінде шығармашылық қабілетін дамытуға мүмкіндік беретіні туралы баяндалады.

Оқушылардың ақпараттық құзырлығы мен ақпараттық мәдениетін қалыптастыру қазіргі таңда үздіксіз педагогикалық білім беру жүйесіндегі ең көкейтесті мәселелердің біріне айналып отыр.

Физика сабақтарында ақпараттық – коммуникациялық технологияларды пайдаланудың тиімділігі:

- Оқушының өз бетімен жұмысы;
- Аз уақытты көп білім алып, уақытты үнемдеу;
- Білім – білік дағдыларын тест тапсырмалары арқылы тексеру;
- Шығармашылық есептер шығару кезінде физикалық құбылыстарды түсіндіру арқылы жүзеге асыру;

- Қажетті ақпаратты жедел түрде алу мүмкіндігі;
- Қарапайым көзбен көріп, қолмен ұстау сезіну немесе құлақ пен есту мүмкіндіктері болмайтын табиғаттың таңғажайып процестерімен әр түрлі тәжірибе нәтижелерін көріп, сезіну мүмкіндігі;

- Оқушының ой-өрісін дүниетанымын кеңейтуге де ықпалы зор.

Оқытушы сабағында ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалану арқылы оның тиімділігін жүйелі түрде көрсете біледі. Ақпараттық-коммуникациялық технологияны пайдалану оқытудың тиімді әдістерінің бірі деп ойлаймын.

Физикалық процестер мен құбылыстарды модельдеу оқу процесін дамыту мен жетілдірудің болашағы болып табылады, әсіресе оқушылардың шығармашылық белсенділігін арттыруда, зерттеу жұмыстарын дамытудағы ролі ерекше. Физикалық эксперименттерді модельдеу – оқытушыға сабақты физикалық ұғымдардың мағнасын тереңірек ашуға, оқушыларды физиканың қазіргі эксперименттік базасымен таныстыруға, физикалық құбылыстармен зерттеу әдістерін толық түсіндіруге мүмкіндік береді. Оқытушы үшін электрондық оқулық – бұл күнбе – күн дамытылып отыратын ашық түрдегі әдістемелік жүйе, оны әрбір оқытушы өз педагогикалық тәжірибесіндегі материалдармен толықтыра отырып, әрі қарай жетілдіре алады. Электрондық оқулық арқылы үй тапсырмасын, жаға сабақты түсіндіруге және тест тапсырмаларын орындауға болады.

«Физика» оқу пәні ретінде өз білім саласында қоршаған әлемнің сансыз

құбылыстарында орын алатын табиғаттың жалпы заңдылықтарын қарастырады. Физика ғылымы адамзат мәдениетінің маңызды құраушысы бола отырып ғылыми, техникалық және гуманитарлық әлеуетке ие.

«Физика» оқу пәнінің мақсаты-оқушылардың ақыл-ойын, танымдық және шығармашылық қабілетін дамыту, физиканың қазіргі қоғам өміріндегі және жалпы адамзат мәдениетін дамытудағы рөлін ашу, табиғатқа ғылыми көзқарасты бекіту, физикадан берілетін білімді түрлі мәселені шешуде шығармашылықпен қолдануға алғы шарт болатын әлеуметтік мәні бар біліктер мен дағдыларды оқушы бойында қалыптастыру болып табылады.

Физика ғылым ретінде адамзат мәдениетінде маңызды орын алады. Өз мазмұнына физиканың деректерін, түсініктерін, заңдарын, теорияларын, модельдерін, тәжірибелері мен әдістерін т.б. енгізе отыра, физикалық теориялар аясында адамзат іс-әрекетінің түрлі саласында қолданылатын біршама түсініктер қалыптасады. Физиканың жалпы мәдени мәнін ашу және осы негізде ғылыми көзқарас және ойды қалыптастыру қазіргі жағдайда оқу пәнінің басымдық мақсатын құрайды.

Қазіргі заманда ғылым мен техниканың жедел түрде дамуы әр оқушының білім дәрежесінің жоғары болуын талап етеді. Сондықтан оқушылардың шығармашылық пен белсенді түрде жұмыс жасауы, өз бетінше терең ойлауы арқылы білім алуы өмір қажетіне айналып отыр.

Елбасымыздың білім сапасына қойып отырған талабы- оқушылардың ғылым мен техниканы кез-келген саласын меңгере отырып, бәсекелестікке қабілетті, құзырлы болуы. Білім жүйесінің соңғы жетістіктерінің бірі кез-келген сабақты интерактивті тақтамен өткізу болса, сол тақтаны емін-еркін пайдалануды тек мұғалім ғана емес, оқушының да білгені абзал.

12 жылдық білім беру жүйесінде 10–12 сыныптар 3 бағыт бойынша жаратылыстану – математикалық, қоғамдық-гуманитарлық, технологиялық бейінді жүзеге асыруы керек.

Демек, қазіргі оқулықтарымыздың бағдарламалары, оқулық мазмұны, әдістемелік жүйе қайта қарастыруды, жетілдіруді қажет етеді.

Мектеп қабырғасынан ел болашағы – жастарымыз заманға сай білімнің бастауын алады. Оқушылардың ойлауы мен тілінің дамуына жағдай жасау, дарынды балаларды назарда ұстау сияқты озық идеяларды жүзеге асыру үшін, оқыту әдістемелерінің жаңаша тұрғыдан құрылуы міндетті болмақ.

Әр оқушының болмысы арқылы дамытушылық, шығармашылық ойлау, өз бетінше шешім қабылдау қабілетінің қалыптасуы тиіс.

Жақын болашақта орта білімді 12 жылдық жүйеге толығымен көшіру үрдісі басталмақ.

Осыған орай оқыту технологиялары жаңартылып, педагогика мамандарының шығармашылық бастамасына қолдау жасалуда. Жеке тұлға қалыптастыруда жаңаша оқытудың әдіс-тәсілдерін іздестіру пәндік білім аймағында игерілетін білімдерімен анықталады. мұғалім қазіргі заман технологияларын игеру мәселесіне көбірек көңіл бөлуі қажет.

Орта білім берудің негізгі мақсат – міндеттерінің бірі-білім алушылардың тұлғалық қалыптасуына, олардың рухани әлеуетін дамытуға, өзіндік әлеуетін анықтауға, өзін-өзі дара көрсете алуына жағдай жасау болып табылады.

Физика ғылым ретінде адамзат мәдениетінде маңызды орын алады. Өзінің мазмұнында деректерді, түсініктерді, заңдарды, теорияларды, модельдерді, іргелі тәжірибелерді, физика әдістерін және т.б. қамти отырып, адам қызметінің түрлі саласында кеңінен қолданыс табатын түсініктер, ойлау жүйесі мен практикалық қызметі үшін тиімді тәсілдер қорын жинақтайды. Физиканың жалпы мәдени мәнділігін және оның негізінде ғылыми дүниетаным мен көзқарасты қалыптастыру қазіргі кездегі оқу пәнінің басты мақсаттарына жатады.

Оқушылардың физика пәнінен білімділігін қалыптастырудың негізгі түрі – есеп шығарту және белгілі проблемалық жағдаятты шешуді кең қолдануға үйрету. Сол себептен құзыреттілікті қалыптастыру кілті-арнайы дайындалған құзыретті бағытталған тапсырмалар.

Құзырет (компетенция – латын сөзі «өз ісін жетік білу, танымы мол, тәжірибелі» деген мағына білдіреді) алға қойылған мақсаттарға жету үшін ішкі және сыртқы ресурстарды тиімді іске асыруға дайындық. Құзыреттілік – оқушылардың нақты, әлеуметтік, қажетті іс-әрекеттерінің жан жақты тәсілдерінің жиынтығын меңгеруінен көрінетін тікелей білім нәтижесі.

Қазіргі таңда құзыреттілік құрамына кіретін түсініктерге бірнеше көзқарастар бар, соның бірі Хуторский ұсынған құзыреттілік жиынтығы.

Осы жиынтық ішінен физика пәніне сай құзыреттіліктер деп іріктеп алғандарым төменде көрсетілген:

- Оқу-танымдылық құзыреттілігі;
- Ақпараттық құзыреттілік;
- Коммуникативтік құзыреттілік.

Оқу-танымдылық құзыреттілігі – оқушының өз бетінше таным әрекетінің жиынтық құзыреттілігі, құрамына логикалық, әдістемелік, жалпы білім алу әрекеттерінің элементтері кіреді.

Сабақ басында қойылған гипотезаны тапсырмалар орындау арқылы тексерді. Мысалы:

- барлық заттар бөлшектерден тұрады;
- сұйықтар мен газдарда кері итеруші күштер бар;

– қатты дене тұрақты балқу температурасына ие.

Бұл жағдайда оқушылар берілген тапсырмалар арқылы физикалық тәжірибе, бақылау, сараптау және жасалған жұмысы туралы көпшілік алдында хабарлама жасау білігі қалыптасады.

Ақпараттық құзыреттілік – қоршаған ортадағы қазіргі ақпарат құралдарын жетік меңгеру іскерлігі. Физика оқу пәні ретінде оқушылардың ақпараттық құзыреттілігін қалыптасуына үлкен септік тигізеді.

Қажетті ақпаратты табу, сараптау, өңдеу және қажеттісін алу.

Мысалы: Мобильді телефонның адам денсаулығына зиян екенін біз жиі естиміз.

Физика заңдарының негізіне сүйене отырып, зиян немесе зиянды емес туралы баяндама жаз.

Бұл тапсырмаларды орындай келе, оқушылар қосымша ақпарат көздерінен (Интернет желісі, ғылыми мақалардан, анықтама) өз бетінше қажетті мәліметті іріктеп алады.

Коммуникативті құзыреттілік – бұл тілдерді жетік білу, айналадағы және қашықтағы оқиға немесе адамдармен қарым-қатынас құру, топпен ұжымда жұмыс жасап, әртүрлі әлеуметтік рөлдерге ену дағдылары.

Оқушының өзін ұсына білуі, сұрақтар қоя білуі, пікірталас жүргізуі, сұрақтарға жауап қайтара білуі – осы құзыреттіліктен күтілетін нәтиже.

Ақпараттық құзыреттілік. Мысалы: келесі сөйлемде бірнеше сөз айрықша белгіленген: «Астрономдар болжауынша, келесі жүз жылда **Нептун** планетасынан **Күн** дискісі арқылы **Сатурн** планетасы өтетінін бақылауға болады». Осы үш айрықша белгіленген сөздер ішінен қайсы сөз арқылы кітапханадан және интернет желісінен іздеуге қолайлы?

Орта мектептің физика сабақтарында жетекші құзыреттіліктерді қалыптастыру ерекше орын алады. Құзыреттілікке бағытталған тапсырмаларды қолдану физика пәнінен білімді сапалы меңгерумен қатар тәжірибеде қолдана алу қабілеттілігін дамыту проблемасын шешеді.

Сөзімді қортындылай келе төмендегідей ұсыныстарға тоқталамын: • кәсіптік білім беретін оқу орындарын қазіргі заманға сай жаңа ақпараттық құрал – жабдықтармен жабдықтау, интерактивті тақталар мен мультимедиялық кабинеттермен және арнаулы пәндер бойынша электрондық оқулықтармен қамтамасыз ету; • кәсіптік білім саласында оқытудың жаңа ақпараттық технологияларын пайдалану бойынша білім жетілдіру курстарын жиі ұйымдастыру.

«Қазіргі заманда болашақ мамандарды ақпараттық технологиямен байланысты әлемдік стандартқа сай мүдделі жаңа білім беру өте қажет» деп, Елбасы

атап көрсеткендей жас ұрпаққа білім беру жолында ақпараттық технологияны оқу үрдісінде оңтайландыру мен тиімділігін арттырудың маңызы зор.

Құзыреттілікке бағытталған тапсырмаларды құруға қойылған талаптар анықталып, физика пәні мұғалімдерінің тәжірибесі зерттелгеннен кейін құзыреттерге негізделген тапсырмаларды құру әдістемесі жасалды.

Құзыреттілікке бағыттап оқыту арқылы жан-жақты дамыған оқушы тұлғасы қалыптасатыны сөзсіз.

ҚОРЫТЫНДЫ

Мұғалім бірінші өзі сыни тұрғыдан ойлай алса, оқушыларында, студенттердің сыни тұрғыдан ойлаттыруға мүмкін береді және ойын мен тілдік қорын дамыта алады. Болашақтың бәсекесіне қабілетті ХХІ ғасыр шәкіртін тәрбиелеу білім беру саласының еш назарынан тыс қалған емес. Соған сай ұстаз – ізденімпаз ғалым, нәзік психолог, тынымсыз еңбеккер, ортаның ұйтқысы, жан-жақты шебер, терең қазыналы білімпаз, гуманист, белсенді патриот болғанда ғана қоғамның мықты да білікті, жоғарғы мәдениетті, жан-жақты дамыған, шығармашылығы жоғары жеке тұлғаны қалыптастырып, тәрбиелейтінімізге нық сенімдімін. Басты мақсат - сол шәкірттерімді жетелей жүріп өзінді жетілдіру. Мұндай жұмыстар оқушылардың ақыл-ойын, танымдық және шығармашылық қабілеттерін дамытуға септігін тигізеді және студентті ойлануға, алған білімін еске түсіруге, мұғалім үшін студент білімін бағалау үшін қажет деп санаймын. Жалпы сыни ойлайтын студенттер белсенді болады, олар сұрақтар қойып, дәлелдерді талдайды, мағынаны ашу үшін саналы түрде стратегияларды қолданады, олар ауызша да, жазбаша да ойларын еркін айтады, мұндай адамдар тың идеялармен келешекке нық кадам басады. Сыни тұрғыдан ойлау мән мәтінді есепке ала отырып, бақылау мен тыңдау арқылы дәлелдер жинақтау, шешім қабылдау үшін талапқа сай өлшемдерді қолдану сияқты дағдыларды қарастырады. Бұл дағдылар: • бақылау, • талдау, • қорытынды, • интерпретация. Студенттермен жоғарыда келтірілген жұмыс жүргізгенде оқушы бойында сыни ойлау дағдылары қалыптасты.

Қорыта келгенде, студенттердің сыни тұрғыдан ойлауын дамытуға тиісті өлшемдерді қолдана білген тиімді. Сабақтарда оқушылардың бақылау, талдау, қорытынды жасау дағдыларын дамытуға көп көңіл бөлу. Бұл жағдайда студент ойын Блум өлшемі бойынша, яғни қарапайымнан күрделіге бағыттау маңызды болып саналады.

ПАЙДАЛАНҒАН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ

- 1 Мерсеитова С., (2011) Оқушылардың сыни тұрғыдан ойлауын дамыту нысандары мен әдістері.
- 2 Закирова Н.А., Аширов Р.Р., (2018). Физика 8 сынып оқулығы. – Астана: Арман-ПВ. – 304 б.
- 3 www.translate.google.com.
- 4 Қошқарбаев Н., (2010)., Қазіргі оқытудың педагогикалық технологиялары.
- 5 Karabatyrov A., Baieshov A., Duiseyev Y., Shokobalinov N., Tashev N. Physics. (2017). Textbook. Grade 8: Almaty: Астана – кітап. – 160 p.
- 6 Surmen M. (2016). Physics & Astronomy 8. Almaty: Астана – кітап. – 279 p.
- 7 <https://www.help4teaching.com/free-printable-worksheets.htm>
- 8 Давидов В.В. О понятии развивающего обучения. – Томск, 1995. – 144 б.
- 9 Жартынова Ж.А., Ким В.Н., Қойлық Н.О., Орақова А.Ш., Қасенова С.А., (2009), Интерактивті оқыту әдісін қолданып, сабақты жоспарлау және басқару.
- 10 Блум Б.С., Давид М. с соавторами, (1956) Иерархия педагогических целей: Пособие 1: Когнитивная сфера, Нью-Йорк:
- 11 Құдайбергенова К.С. Құзырлылықтың педагогикалық категория ретінде дамуының теориялық-әдіснамалық негіздері: монография. – Алматы, 2012.
- 12 Bryan Milner, «Core Physics» Cambridgeоқулығы page 48–49.
- 13 Мұғалімдерге арналған нұсқаулық. 3 деңгей. Астана, 2013.
- 14 Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 7-желтоқсанындағы №1118 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының білім беруді дамытудың 2011–20250 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы.
- 15 Байтилеуова Г. Ақпараттық технологиялардың тиімділігі // Қазақстан мектебі. – 2008. – №6.
- 16 Менчинская Н.А. Проблемы учения и умственное развитие школьника. – М., 1989. – 218 б.
- 17 Құдайбергенова К.С. Құзырлылықтың педагогикалық категория ретінде дамуының теориялық-әдіснамалық негіздері: монография. – Алматы, 2012.
- 18 Шолпанбай С. Білім беру жүйесінде жаңа технологияларды пайдалану заман талабы // Мектептегі шет тілі. – 2010. – №3.
- 19 «Қазақстан – 2050» стратегиясы – қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауы 2013 жыл, №1.
- 20 Елькин И.И. Необычные учебные материалы по физике: Книга 1. – М.: Школа-Пресс, 2001. – 80 с.

А.Р. Тастанбекова¹, Л.А. Ельтинова¹

Эффективность технологии критического мышления на уроке физики

¹ Факультет естествознания
Павлодарский государственный педагогический университет,
г. Павлодар, Павлодарская область, Республика Казахстан.

A.R. Tastanbekova¹, L.A. Eltynova¹

The effectiveness of critical thinking technology in a physics class

¹ Faculty of Natural Sciences
Pavlodar State Pedagogical University
Pavlodar, Pavlodar region, Republic of Kazakhstan

Аннотация

Студент – это физическое лицо. Человек, который ставит себя в положение, чтобы иметь профессию, чтобы сохранить будущее страны, то есть свое собственное. У него ясная цель. Он обеспокоенный человек. Президент Нурсултан Назарбаев, «Знающие, компетентные люди – движущая сила человеческого развития в 21-м веке», является признаком большого восхищения. Зеркало нашей нации является отражением поколений к поколению благодаря особому вниманию Президента к образованию. Актуальной проблемой является немедленная преемственность подрастающего поколения к кочевому каравану во главе с президентом. Если он не может этого сделать – нас критикуют. Судьба нашего народа, будущее страны – в руках молодого поколения. Сегодняшний процесс обучения требует новых подходов и новых идей. У каждого учителя много трудностей и препятствий в его практике. Нужно совершенствовать свои знания, чтобы следовать современности.

Критическое мышление является наиболее важной педагогической концепцией, которая важна для развития образования в Казахстане. Этот модуль призван помочь учащимся и учителям развить критическое мышление.

Ключевые слова: критическое мышления, активные методы обучения, компетентность, трилингвизм, формирующая оценка, глобализация, современность.

Summary

A student is an individual. A person who puts himself in a position to have a profession to preserve the future of the country, that is, his own. He has a clear goal. He is a worried person. President Nursultan Nazarbayev, “Knowledgeable, competent people are the driving force of human development in the 21st century,” is a sign of great admiration. The mirror of our nation is a reflection of generations towards generation thanks to the special attention of the President to education. The urgent problem is the immediate succession of the younger generation to the nomadic caravan led by the president. If he cannot do this, we are criticized. The fate of our people, the future of the country is in the hands of the young generation. Today's learning process requires new approaches and new ideas. Each teacher has many difficulties and obstacles in his practice. You need to improve your knowledge to follow the present.

Critical thinking is the most important pedagogical concept, which is important for the development of education in Kazakhstan. This module is designed to help students and teachers develop critical thinking.

Key words: critical thinking, active teaching methods, competence, trilingualism, formative assessment, globalization, modernity.

МРНТИ 04.01.07

А.Б. Теміржан¹, З.Ш. Шавалиева¹

*¹ Педагогикалық факультет
Павлодар мемлекеттік педагогикалық университеті,
Павлодар қ., Павлодар облысы, Қазақстан Республикасы
e-mail: shavaliyeva@mail.ru*

ЖАСТАРДЫ ОТБАСЫЛЫҚ ӨМІРГЕ ДАЯРЛАУДА ОТБАСЫНДА КЕЗДЕСЕТІН ӘЛЕУМЕТТІК МӘСЕЛЕЛЕР

Аңдатпа

Ұсынылып отырған мақалада жастарға отбасында кездесетін әлеуметтік мәселелер жайында мағлұмат бере отырып, оның алдын алу жолдарымен танысуға бағытталған және де жастарды отбасылық өмірге даярлауды әлеуметтік жағынан зерттеуге арналған.

Тірек сөздер: отбасы, тәрбие, ата-ана, бала, сүйіспеншілік, құндылықтар, жастар, әлеуметтік, мәселе, жұмыс.

КІРІСПЕ

Жастарды отбасылық өмірге даярлау мәселесі жан-жақты зерттелініп келген тақырып болғанымен, осы күнге дейін әлеуметтенудің өзекті мәселелерінің бірі болып саналады.

Әрбір адамның жетіліп дамуында отбасы маңызды рөл ойнайды. Сондықтан қоғамның қай кезеңінде болмасын отбасы тәрбиесін ұйымдастыру мәселелері ең өзекті мәселе ретінде көптеген ойшылдар мен ғалымдарды ойландырып келген. Бүгінге дейін Шығыстың Ұлы ойшылдары әл-Фараби, Ж. Баласағұни, М. Қашғари, М. Хайдари және т. б. классик педагогтар Я.А. Коменский, К.Д. Ушинский, Ж.Ж. Руссо, И.Г. Песталоцци, А. Дистервег және т. б., қазақ ағартушылары Ш. Уалиханов, Ы. Алтынсарин, А. Құнанбаев, кеңес педагогтары А.С. Макаренко, В.А. Сухомлинский, Н.Д. Крупская және т. б., қазақ зиялылары А. Байтұрсынов, Ы. Алтынсарин, М. Әуезов, М. Жұмабаев, Ж. Аймауытов, С. Көбеев және т. б. отбасы тәрбиесі мәселелерін жан-жақты қарастырып, зерттеген. Бүгінгі таңда отбасы тәрбиесі проблемаларының ғылыми негіздері Ресей ғалымдары Ю. Азаров, А. Пинт, И. Гребенников, Л. Белова және т. б. тарапынан зерттелді. Ал Қазақстанда Ж. Қоянбаев, Р. Қоянбаев, Ж. Әбиев, Р. Төлеубекова, Г. Байдельдинова, Б. Айтмам-

бетова, С. Қоңырбаева және т. б. ғалымдар тарапынан кеңінен зерттеліп келеді. Отбасындағы тәрбие көптеген ғылым саласында (социология, педагогика, психология, экономика, демография, құқықтану және т. б.) кеңінен зерттеліп, бүгінгі қоғам талаптарына сай отбасы тәрбиесін ұйымдастыру мәселелері көпшіліктің қызығушылығын арттырып отыр.

Адам отбасышыл болып ең алдымен өз үйінде қалыптасады. Отбасы құрғысы келген кездегі оның даярлығы әр дәрежеде болуы мүмкін. Бірақ ең алдымен талапты өзіне қою керектігін біліп және өзінді жетілдіре түсудің шексіздігін түсініп, ортақ бақыт үшін, үйленгенге дейін де, кейін де ақыл-ойыңды жетілдіре беру бағытында жұмыс жасау қажет.

Қазақстан Республикасының Конституциясында балаларына қамқорлық жасау және оларды тәрбиелеу – ата-ананың табиғи құқығы әрі парызы екендігі көрсетіліп, сонымен қатар, отбасының міндеттері нақты белгіленген.

Жастарды отбасылық өмірге даярлаудың мәселесі бойынша жүргізілген зерттеу жұмыстарын талдау негізінде әлі де бұл мәселе негізі ғылыми зерттеулерде нәтижесінің анықталмағандығын көрсетеді. Демек, бүгінгі таңда еліміздің жастарды отбасылық өмірге жүйелі түрде даярлаудың қажеттігі мен бұл мәселенің тәрбие теориясы мен тәжірибесінде нақты тиімділігін айқындау арасындағы қарама-қайшылық алып тұрғандығымен ерекшеленеді. Осы қайшылықтардың шешімін табу мақсатында зерттеу тақырыбын «Жастарды отбасылық өмірге даярлауда әлеуметтендірудің рөлі» деп алуға себеп болды.

НЕГІЗГІ БӨЛІМ

Бүгінгі отбасы өзінің дамуында әлеуметтік мәртебесінің төмендеуімен, ұрпақты өсірудегі мүмкіндігінің шектелуімен, ажырасу фактілерінің артуымен, отбасылық өмірдің қысқалығымен, яғни жастардың тез ажырасып кету санының артып отыруымен сипатталатын қиын кезеңді басынан кешіруде. Еліміздің экономикасында болып жатқан өзгерістер мен қоғамдық құбылыстар отбасы өміріне өзіндік ықпал етпей қоймайды. Бұл тек қана біздің елде ғана емес барлық мемлекеттердегі проблема ретінде көпшілікті алаңдатып отыр. Осы тұста ғалым Н.М. Римашевский мына төмендегідей факторларды бүгінгі отбасыларының әлеуметтік-демографиялық себептері ретінде көрсетеді:

– халықтың өсімінің төмендеуі, табиғи емес жолдармен жастардың (халық санын өсіруге үлес қосатын жастағы) өмірден кетуі салдары, яғни СУИЦИД, өлтіріп кету, жол қаупі, ішімдік пен нашакорлық себептерінен бала туылуының азаюы;

– жұмыссыздықтың артуы;

– жалақының төмендігі, әлеуметтік төлемдердің жетімсіздігі мен инфляцияға байланысты тұтыну бағаларының артуы арасындағы қарама-қайшылықтың болуы;

– адамдардың қоғамдағы әлеуметтік-экономикалық топтарға бөліну салдары;

– халықтың көп бөлігінің тұрғын үй мәселесін шешуде дәрменсіздігі;

– адамдардың дене және психологиялық денсаулығының бірден төмендеп кетуі, әсіресе, балалардың, жұқпалы аурулардың көбейе түсуі мен мүгедектер санының артуы, денсаулық сақтау жүйесіндегі тәртіпсіздіктің артуы;

– еңбек потенциалы сапасының төмендеуі;

– қоғамның, әсіресе жастар арасында қылмыстың артуы;

– мемлекеттік бюджеттің үнемі тапшылығы мен ауыр жағдайдағы отбасыларына әлеуметтік қорғаудың мүмкін еместігі, – деп көрсетеді [1. б.143].

Қазіргі отбасыларының анағұрлым өзекті мәселелері ретінде мыналарды атап көрсетуге болады:

1. Тұрғын үй мәселесі

Жас отау иелерінің тұрғын үй мәселесімен қамтамасыз етілу жағдайлары қай кезде болсын ең өзекті мәселе болып келген, бүгінгі нарық заманында да өзекті болып отыр. Сондықтан жастардың үйленуге асықпауы, үйленгендердің балалы болуды жоспарламауы немесе шектеуі, бәрі де отбасылық тұрғын үй мәселесінің шешілмеуінен болып отыр. Жастар арасындағы пәтер жалдап тұру және отбасы қызметтерін жүзеге асыру олардың отбасы міндеттерін шешуде едәуір қиындықтар туғызуда. Уақыт өте келе жастардың сұранысы мен отбасында тәрбиеленіп отырған бала тәрбиесінің шығындары бұл мәселені барған сайын қиындата түсері анық. Сондықтан тұрғын үй мәселесінің жағдайы қаншалықты қиын болған сайын отбасындағы кикілжің мен түсінбеушіліктің деңгейі де соншалықты күрделі болмақ. Осы бағытта жастар саясаты мен демографиялық мәселені шешуде Қазақстандық ғалым М. Тәтімов өз ұсыныстарын да берген болатын. Онда жастарға арналған бағдарламалар негізінде тұрғын үй алуға жұмсалатын несиелердің құнын отбасында дүниеге келген сәбидің санымен біртіндеп шегеріп отыру арқылы жастардың отбасылық өмірін біршама жеңілдету мәселесін алға тартқан болатын. Осылайша демографиялық жағдайды да біршама түзеуге үлес қосуды қарастырған болатын. Әйтсе де, мұндай ұсыныстар бүгінге дейін мемлекетіміз тарапынан қолдау таппай отыр [3. б.59].

2. Қаржылық-экономикалық мәселе

Қаржылық-экономикалық қиындықты, ең алдымен әлеуметтік аз қамтылған отбасылары мен көп балалы отбасылары сезінеді. Жыл сайын көптеген жас отбасылары аз қамтылған отбасыларының санын толықтыра түсуде. Өйткені жас

жұбайлардың алатын жалақысының дені пәтер жалдауға жұмсалса, бір бөлігі отбасындағы бала күтімі мен тәрбиесіне, денсаулығына, олардың тұрмыстық қажетін өтеуге және рухани мәдениетін арттыруға, т.б. қажеттіліктерге жұмсалады. Әйтсе де мұндай шығындарды ай сайын өтеп отыруға әрбір жас отбасының экономикалық жағдайы келе бермейді. Оның үстіне аналарға берілетін жәрдемақы мен басқа да әлеуметтік көмектер отбасы мәселесін шешуге жеткіліксіз.

3. Жұмыспен қамту мәселесі. Әйелдердің жұмыссыздығы және шектен тыс жұмысқа жегілуі

Әйелдердің толығымен қоғамдық жұмыстарға араласуы олардың сұраныстарынан және елдегі экономикалық дамуының салдарынан туындады. Әйтсе де, әйелдердің тым көп қоғамдық жұмыстарға жегілуі және отбасының тұрмыстық-шаруашылық жұмыстарын да қоса орындауы, бала табу мен оның тәрбиесімен айналысуы – бұл әлеуметтік мәселе ретінде қарастырылып келеді. Бұл процестің әлемдік сипаты дүние жүзінде ең көп тараған типі бола отырып, отбасы жұбайларының екеуінің де ұстанған бағытының өзіндік ұстанымдарын дәлелдеу мен осы мақсатта табысқа жетуге талпынуы екендігін дәлелдейді. Егер әйел баласының жұмыс істеуге деген талпынысына талдау жасап көретін болсақ, онда мынаны байқауға болады деп тұжырым жасайды ғалым Ф.А. Мустаева:

Біріншіден, экономикалық мұқтаждық, ерінің тапқан табысының жетпеуі. Сонымен қатар кейде әйел азамат отбасындағы бірден- бір асыраушы болуы мүмкін. Көп жағдайда әйелдер отбасын асырау үшін денсаулыққа зиянды жұмыстарды да үстеме ақы төленетін жағдайда орындауға дайын болады [1. б.144].

Екінші фактор, әйелдердің жұмыстан айырылмай төзімділік танытып жұмыс істеуге деген құлшынысы – бұл ертеңгі күнге деген сенімсіздіктің, қоғамдағы әлеуметтік-экономикалық тұрақтылықтың сақталмауынан туындаған өзін-өзі қорғауға талпынысын дәлелдейді. Сонымен қатар, мұндай төзімділік таныту отбасын асыраудағы жұмыспен қамтамасыз етудің бір жолы болумен қатар, бұл әйел баласының өз қабілеті мен өзін тұлға ретінде дамыта түсіретін орны, қарым-қатынас жасау ортасы, сонымен бірге әйелге үлкен азаматтық құрметпен қарым-қатынас жасайтын орта да – осы еңбек ұжымы.

Шетел ғалымдарының зерттеулері бойынша адамдар өз еңбектері мен жеке қасиеттерін бағалауға мүмкіндік беретін, қарым-қатынаста өзара ықпал ету мүмкіндігінің болуы арқылы дамуға бағыттайтын орта осы еңбек ұжымы болып табылатындығын айқындады. Шын мәнінде бүгінгі қоғамдық жағдайда әйел қызметтік өсу бағытындағы бағдарламаны таңдауға да, тек қана отбасылық міндеттермен отыруға да, тіпті екеуін қатар қабылдауына да құқылы болуы тиіс. Ал қоғам оның отбасылық өмірін ұйымдастыруы үшін де, қызметтік міндеттерін орындауына да тиісті жағдай туғызуы қажет [1. б.145].

4. Отбасын жоспарлау мәселесі

Мыңдаған жылдар көлемінде адамның биологиялық тұрғыдан өсуі ұлттық дәстүрлер мен діни сенімдер негізінде отбасындағы бала саны мен тәрбиесінің бағытын анықтап келді. Соғыстың салдарынан, елдегі эпидемиялық аурулардың таралуынан және аштық пен жұттан отбасындағы балалар санын жоспарлау мүмкін болмады. Осындай қиыншылықтардан санаулы ғана бала аман-есен болып өсетіндіктен, аналарымыз бойына біткен нәрестенің бәрін дүниеге әкелуге міндетті болған.

Бүгінгі күні қоғамдағы әлеуметтік-экономикалық жағдай түбегейлі өзгерді. Отбасында көп бала табу қоғамдағы ата-аналардың әлеуметтік сұраныстарының жеке бастық сипатына қарай біртіндеп артта қала бастады. Қалалы жерлерде отбасында отырған аналар болмаса жұмысқа араласқан әйелдер үшін көп балалы болу қажеттілігі төмендеп кетті. Отбасында бала санын жоспарлау мен бала санын шектеудің шаралары өркениетті ел үшін өте қатігез тәсілдермен шешілуде [5. б.91].

Ана құрсағында пайда болған баланы түсік тастау арқылы дүниеге әкелмеудің жолы – ана болашағы үшін қауіпті. Ол болашақ ананы бала сүю мүмкіндігінен айыруы немесе денсаулығына зиян келтіруі мүмкін. Соған қарамастан дәрігерлердің насихатынан кейін де қалаусыз нәрестелердің дүниеге келуі олардың физиологиялық, психологиялық сапасына нұқсан келтіретіндігін көрсетті.

Ананың психологиялық дағдарыс жағдайында жүріп құрсағында бала көтеруі, оған деген мейірім мен сүйіспеншіліктің болмауы ана құрсағындағы бала дамуына өзіндік кері әсерін тигізетіндігі белгілі болды. Осындай маңызды проблемалардың шешімін табу үшін мемлекет көптеген шараларды қарастырды. Сондықтан аналардың қашан, қанша бала дүниеге әкелетіндігін өз еріктеріне салды. Өйткені қалаусыз туылған балалар жетім балалар санын арттырмаса, отбасы ортасы мен ана мейірімін көруі екіталай жағдай болып отыр [5. б.92].

Бүгінгі күні кәмелетке толмаған жастардың балалы болуы әлеуметтік проблема ретінде басты назарда. Акселерация құбылысы жеткіншектердің гармоналдық және дене жағынан қарқынды дамуын қамтамасыз етті. Оның үстіне ата-аналардың тым шектен тыс қамқорлығы бүгінгі жастардың адамгершіліктік-рухани жағынан дамуын кешеуілдетіп жіберді.

Әлеуметтік тұрғыдан қарағанда жас қыз – ана үшін көп қиындықтар туындайды. Онда отбасындағы бетке басар айыптаулар, мектептегі қалыпты жағдайға келмейтін оқушы қыздың қылығы, көпшіліктің сыни көзқарасы және т.б. кәмелетке толмаған ана үшін үлкен психологиялық дағдарыс жағдайды қамтамасыз етеді. Сондықтан мектеп оқушыларын және олардың ата-аналарын болашақ отбасылық өмірге даярлау бағытында жыныстық тәрбие мен қарым-қатынас

мәдениеті тақырыптарында сауаттандыру жұмыстарын жүйелі жүргізіп отыру маңызды [2. б.234].

5. Тағы бір аз зерттелген проблемалардың бірі – отбасы ішіндегі қатігездік

Бүгінгі күні көптеген отбасыларындағы жұбайлар арасындағы қақтығыс ұрып-соғумен, бірін-бірі жарақаттаумен, тіпті өлтірумен аяқталатын жағдайлардың да кездесетіні жасырын емес. Ондай отбасыларындағы балалардың психикасына, тәрбиелік және физиологиялық дамуына кері әсерін тиізіп, үйден қашып кететін балалар санының артатындығы да осыдан. Әке-шешелерінің көзінің тірісінде әлеуметтік жетім атанып, балалар үйінен бір-ақ шығатын балалар аз емес. Жасөспірімдер арасында жүйке ауруларына шалдығып, өз-өзіне қол жұмсау саны да артып барады. Сондықтан бүгінгі отбасы тәрбиесінің мазмұны мен технологиясын жетілдірудің жолдарын қарастыру қоғамның өзекті мәселелерінің бірі ретінде қарастырылуда. Мұның барлығы бүгінгі қоғамдық жағдайдағы тәрбиенің олқылықтары мен отбасы тәрбиесіндегі ата-аналардың немқұрайдылығының салдары деп білу керек [4. б.183].

Дүниежүзінде мұндай жағдайларғатосқауылқоюдың шаралары қарастырылып келгенімен, барған сайын қылмыстық әрекеттердің отбасылық жағдайдан бастау алу фактілері азаймай отыр. Сондықтан күйеуі тарапынан қатігездік көріп отырған әйелдер үшін уақытша қамқорлыққа алу үйлері құрылып, оларға заң жүзіндегі көмектер көрсетіліп жатыр. Әйтсе де, тәжірибелер көрсеткендей, бұл әйелдер күйеуіне қаржылай тәуелді және балаларының болашағы үшін алаңдаушылық білдіретіндіктен қатігездік көрсетсе де, күйеуін тастап кете алмайды. Қазіргі отбасыларының әлеуметтік проблемаларының басқа да қырларын көптеп айтуға болады.

Тәжірибеде отбасыларымен жүргізілетін әлеуметтік-педагогикалық жұмыс жүргізуді жалпы әлеуметтік мәселе ретінде бөліп қарау қажет. Әлеуметтік педагог клиенттің отбасылық проблемасын шешуі, ал отбасы әлеуметтік педагогтың көмегімен өз проблемаларының себебі неде екендігін түсініп, оны өз бетінше шешудің жолдарын қарастыруы тиіс [1. б.146].

Күрделі отбасыларына тән өмір сүру ерекшелігінің маңыздылығы ондағы ұлтаралық қарым-қатынастардың тұрақтылығында, тұрмыстық тіршіліктің орнықтылығында, жас жұбайлар үшін бала күтімі мен тәрбиесіне деген қамқорлық пен кеңес алудың жоғары мүмкіндігінің боуында. Мұндай отбасыларында психологиялық-адамгершіліктік атмосфера өзінше қалыптасады.

Күрделі құрылымдағы отбасына жаңа өзінің өмірлік талғамы мен психологиялық мінезі тұрғысында өзгеше жаңа отбасы келіп қосылғанда отбасы қарым-қатынасы да күрделі бола бастайды. Ондағы қарым-қатынастарда бірқатар қиыншылықтар мен түсінбеушіліктер орын алуы мүмкін. Әйтсе де, ондағы

мүшелердің әлеуметтендірушілік ықпалы біртіндеп жаңа отбасы мүшелерін ретке келтіреді. Себебі көпшіліктің көзқарасы маңызды рөлді атқаратындықтан және дәстүрлі қалыптасқан отбасыларындағы қалыпты қарым-қатынас талабы екінші тарапқа тәрбиелік ықпал етеді.

Қолайлы отбасы. Мұндай отбасыларына жас отбасылар, орташа жастағы, ересек жастағы жұбайлар отбасы және т.б. кіреді. Сонымен қатар, мұндай отбасыларына баласыз, көп балалы, күрделі отбасылар және т.б. да енеді. Отбасының қолайлығы тек қана материалдық тұрғыдан ғана емес, сонымен қатар тұрмыстың әлеуметтік-психологиялық компоненттерін де қамтамасыз етеді. Осы тұрғыдан келгенде қолайлы отбасына ондағы ерлі-зайыптылар мен басқа да мүшелерінің бір-бірін жоғары бағалауы, отбасындағы отағасының беделін жоғары бағалаған отбасылары жатады [3. б.168].

Отбасында кикілжің орын алмайды, кездескен қайшы көзқарастар керіссіз оң шешімін тауып отырады, ерлі-зайыптылар отбасында туындаған мәселелерді өзара келісе отырып шешеді. Қолайлы отбасыларындағы мүшелер бір-біріне үнемі көмектесетіндігін және көмекке қандай жағдайда да дайын екендігіне сенімді болады. Қолайлы отбасыларына психологиялық салауаттылық, отбасылық құндылықтардың жақындығы, отбасы мүшелерінің әлеуметтік рөлдік бейімделуі мен отбасында әлеуметтік-қанағаттанушылық, ұзақ отбасылық өмірге талпыныс пен микроәлеуметтік қарым-қатынастағы бейімділік тән.

Осындай бірнеше әлеуметтік мәселелер жайлы жастарға мағлұмат бере келе, тәжірибе жұмыстары жүргізілген болатын.

Тәжірибенің диагностикалық кезеңінде жүргізілген әдістеме «Отбасында эмоциялық қатынасты анықтау» болып табылады. Бұл әдістеме авторлары – Е. Бене және Д. Антони (1999 ж.). Әдістеме отбасындағы тұлғаның эмоциялық қатынасы мен көзқарасын анықтауға арналады. Тест бізге отбасы мүшелеріне деген тұлғаның сезімін, қатынаста өзін қалай қабылдауын сандық және сапалық жағынан бағалауға мүмкіндік алады. Тұлғаның қандай психологиялық қорғану типін қолданып жүргенін анықтауға болады. Бұл әдістемені пайдалану себебіміз: отбасылық қарым-қатынас болашақ отбасы иегерін тәрбиелейді. Отбасына деген жағымды қатынастың орнауы үшін әрбір мүшесінің рөлі ерекше. Сондықтан отбасына деген эмоциялық қатынасты анықтау арқылы біз болашақ отбасындағы кездесетін немесе тұлға қашқақтайтын жағдайларды анықтадық.

Пайдаланып отырған әдістеменің екі түрі бар:

- 1) 4–6 (8) жас кіші балалары үшін;
- 2) 6–(8) 10 жастағы балалар мен студенттерге арналған түрі.

Ересектерге арналған варианты тұлғааралық қарым- қатынасты зерттеуге арналады:

• Бұл екі түрлі жағымды қатынастан тұрады: әлсіз және күшті. Бұл жерде әлсіз сезім достықты мақұлдау және қабылдаумен байланысады, ал күшті сезім жыныстық күйзелістен, ол жекелік жыныстық байланыс және айла – амалдан тұрады;

• Екі түрлі жағымсыз қатынас: әлсіз және күшті: әлсіздігі достықты қабылдау мен мақұлдаудан тұрады; күштілігі кектену мен қастасудан тұрады [28. б.180].

Бұл әдістемені жүргізуде 20 фигурадан тұратын материал берілді. Бұл фигуралар барлық жастағы адамдардың түрін, мөлшерін, көлемін бейнелейді. Себебі бұл отбасы мүшелерін арнайы жасауға көмектеседі. Әдістеменің әрбір сұрағы бөлек жеке жолаққа жазылып, көрсетілген. Тәжірибеге қатысушыларға сөздер кімге арналады соны байқап сол фигурамен бірге жәшікке салыңыз деп сұрадық.

Әдістеменің басты міндеті сыналушыларды келесі субъектіні көру эмоциялық реттелу арқылы жүргізіледі. Сыналушылар ыңғайлы дене күйінде отбасы мүшелерін көрсететін фигураларға жақын жерде орналасады. Сыналушыларға фигураларды таңдатып алып, келесі кезекте одан отбасы мүшелерінің қайсысын көретін сұрап отырдық. Алынған мәліметтерді жазып отырдық. Бұл фигуралармен жұмыс жасап отырғанда отбасы мүшелерімен қарым-қатынасқа түскендей сипатта қарастырады. Төменде біз осы әдістеме бойынша алынған мәліметтердің көрсеткіштерін ұсынамыз:

1-кесте 10–11 сынып оқушыларының отбасындағы эмоциялық қатынас көрсеткіштері


№	Сыналушы топтар	Жағымды қатынас	Жағымсыз қатынас	Тәуелді қатынас
1	10 сынып оқушылары	54%	12%	34%
2	11 сынып оқушылары	61%	9%	30%

Бұл әдістеме бойынша біз жағымсыз қатынастардың көрініс бергенін байқап отырмыз.

Сыналушылармен пікірлесу барысында біз оның себептерін төмендегі мәселелерден туындайтынын анықтадық:

- Ата-анасының ажырасуы;
- Ата-анасының жағымсыз әдеттерге бой алуы;
- Қалаған мамандығына түсуге мүмкіндік бермеу;
- Материалды құндылықтарды қанағаттандырылмауы;
- Шектен тыс қамқорлық пен талапшылдық.

Тәжірибе бөлімде оқушылардың отбасылық өмірге дайындығы мен отбасындағы эмоциялық қатынас көрсеткіштері анықталып, нәтижелері бойынша статистикалық талдау жасалды.

Жастардың отбасына эмоциялық қатынас көрсеткіштері

1-сурет Оқушылардың отбасына эмоциялық қатынас көрсеткіштер динамикасы

Қазіргі таңда білім беру жүйесі қызметінің бір саласы ретінде жастарды отбасылық өмірге дайындауды зерттеу үшін оның мәселелерін, ондағы қиындықтарды, пайда болу жағдайын, эволюциясын білу қажет. Сонымен қатар, басты мәселелердің бірі ретінде әлеуметтік жағынан зерттеу жүргізу бүгінгі таңдағы құнды материалдарды ұсынатыны сөзсіз.

Қазақстанның бүгінгі таңда өзгермелі, даму шаралары үстіндегі әлеуметтік жағдайында отбасының даму процесін бақылап отыру және жас ұрпақты отбасылық өмірге деген жағымды көзқарастарын туындатуды ескере отырып жүзеге асыру өте маңызды шарттардың бірі болып есептелінеді. Жастарға болашақтағы отбасының не екенін, оның қандай түрлері болатындығын, жас отбасының қандай әлеуметтік қызмет атқаратынын, сол қызмет тарихи процессте, қалыпты жағдайларда қалай өзгеріп отыратынын және отбасы мәселелерінің даму болашағы қандай екенін білмей, болашақ отбасы иелерін даярлауда тиімді ықпал ете алмайды.

ҚОРЫТЫНДЫ

Отбасы – қоғамдық қатынастар мен процестердің алуан түрлі формалары біртұтас болып ұштасатын кешенді әлеуметтік құбылыс болып табылады. Сондықтан да әлеуметтік құбылыс бола отырып, ол адамзат өмір сүру жағдайына қарай құрылып, оның дәстүрлері мен әдеттері ғасыр өткен сайын жаңа сипатта көрініс береді.

Көптеген зерттеулерде отбасына деген жағымды қатынас таныту балалық шақтан қаланады деп тұжырымдалады. Балалық шақта адамгершілік қасиет ата-

ананың балаға қатынасына және олардың өз басына деген қатынасына тәуелді болып келеді. Тұлғаның балалық шағының өту жағдайына байланысты, яғни оның санасы мен жүрегіне қоршаған әлемнің әсер етуіне қарай бүгінгі нәрестенің ертеңгі болмысы қалыптасады. Сол себепті бұл жұмыста отбасында кездесетін әлеуметтік мәселелер айқындалып, әке мен ананың қарым-қатынасы тұлғаның болашақтағы отбасы иесі ретінде қалыптасуының негізі болып табылатындығы тұжырымдалды.

Отбасылық дағдарыстар мен шиеленістер себептері анықталып, қазіргі таңдағы түйткілді мәселелердің шешу жолдары бойынша жұмыстар жүйеленді.

Тұлға қоршаған әлеммен эмоциялық байланысқа түсе отырып, оны сезінеді, оқиғалардың мәнділігін түсінеді. Осы орайда, жоғарыдағы айтылғандардың барлығы дерлік құндылықтарға бағдарланған өзіндік анықталу болып табылады.

Сонымен, біздің зерттеуіміздің нәтижелері оқушы-жастарымыздың бойында азаматтық парызын дұрыс орындау дағыдаларын дамытары сөзсіз.

ПАЙДАЛАНҒАН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ

1 Әтемова Қ.Т. Әлеуметтік педагогика: оқулық. – Алматы, 2012.

2 Икенов И., Жүсіпов А.Д. Әлеуметтану негіздері. – Алматы: Алматыкітап, 2004. – б. 320.

3 Мұқатаева Қ. Отбасылық тәрбиенің проблемалары. Жанұя мен мектептегі тәрбие. – «Алматы» баспасы, 2007. – №2 басылым. – б. 349.

4 Розанкулова З. Жастарды отбасылық өмірге дайындалудың кейбір психологиялық мәселелері / «С. Дөнентаев: мұрасы таным және тағылымы» атты республикалық ғылыми-практикалық конференция материалдары. – «Арман» баспасы, 2014. – б. 480.

5 Тахаева А. Отбасы – әлеуметтік институт. – «Көкжиек» баспасы, 2003. – б. 136.

А.Б. Теміржан¹, З.Ш. Шавалиева¹

Социальные проблемы, возникающие в семье при подготовке молодежи к семейной жизни

¹ Педагогический факультет,
Павлодарский государственный педагогический университет,
г. Павлодар, Павлодарская область, Республика Казахстан.

A.B. Temirzhan¹, Z.Sh. Shavaliyeva¹

Social problems arising in the family in preparing young people for family life

¹ Pedagogical Faculty
Pavlodar State Pedagogical University
Pavlodar, Pavlodar region, Republic of Kazakhstan

Аннотация

Данная статья направлена на ознакомление молодежи с социальными проблемами, встречающимися в семье, а также на социальное изучение подготовки молодежи к семейной жизни.

Ключевые слова: семья, воспитание, родитель, ребенок, любовь, ценности, молодежь, социальная, проблема, работа.

Summary

This article is aimed at familiarizing young people with social problems encountered in the family, as well as the social study of the preparation of young people for family life.

Key words: family, education, parent, child, love, values, youth, social, problem, work.

МРНТИ 14.23.07

Б.Ж. Сарыбаева¹, А.Е. Азбебаева¹

¹ Педагогикалық факультет
Павлодар мемлекеттік педагогикалық университеті,
Павлодар қ., Павлодар облысы, Қазақстан Республикасы
e-mail: Bayanjan73@mail.ru, asyl.aiganym@mail.ru

**МҮБӘРАК ЖАМАНБАЛИНОВ
ШЫҒАРМАЛАРЫНЫҢ БАЛАБАҚШАДА МЕҢГЕРТІЛУІ**

Аңдатпа

Бұл мақала балалар әдебиетін дамытуда үлесін қосқан қаламгер, Мүбәрак Жаманбалинов Кәрімұлының балалар әдебиетіне бет бұрудағы себебі, өлеңдеріндегі өзіндік ерекшеліктері мен бояуы, балабақшалардағы қолданылу маңыздылығы мен тиімділігі, шығармаларының бүлдіршіндер санасына меңгертілуі баяндалады. Тілді тез үйренуге,

сөздік қорды байытуға, әріптерді дұрыс айтуға арналған өлеңдері талданып, оны жазуда бірнеше ережелерді ұстанғандығын аңғардық, жазылу ерекшелігі жайында санамалап түсіндірді. Сонымен қатар, қазіргі таңда қазақ балалар әдебиеті ақынының өлеңдерін балабақшада қолданудың тиімділігі туралы зерттелінді. Өлеңдері балаларға жаттауға ыңғайлы, түсінуге оңай, ойда сақтауға жеңіл, ұйқасты, тақырыптарында жануарларды, табиғат аясын, құстарды суреттегендігін аңғардық. Мақалада қаламгердің өлеңдеріне мысалдар келтіріліп талданылып, баланың бойына ең қажетті қасиеттер мен қабілеттер қарастырылды.

Тірек сөздер: қаламгер, балалар ақыны, сөздік қор, балабақша.

КІРІСПЕ

Қазақ елі ұлан байтақ, шеті мен шегіне ұшса құс қанаты талатын, шапса ат тұяғы сынатын, халқы қонақжайлылығымен танылған, жастары білім мен ғылымға құмар, әдебиеті мен мәдениеті бір-бірімен ұштасқан ел. Осындай елдің мәңгілік жасауы болашақ жастардың қолында. Ал бұл балаға кішкентай кезінен бастап, құлағына қазақи мәдениет пен көз алдында қазаққа тән ерекшеліктерді көрсету. Осы жолда балалар әдебиетінің алар орны ерекше. Бұл салада алғашқылардың бірі болып өз қолтаңбасын қалдырған балалар жазушысы – Мүбәрак Жаманбалинов.

Мүбәрак Жаманбалинов – балалар әдебиетінің негізін салушылардың бірі. Өзінің қиын қыстау заманына қарамастан, қазақ балаларына көркем шығармаларын қалдырып кеткен ақынның бірі. Шығармалары ерекше жазылған. Жаңа есікті ашып, жаңа өмір табалдырығына аттап басқан бүлдіршіндердің тіліне сай жеңіл, түсінікті, ұйқасты, мағыналы жазылған. Кез-келген тақпақтары балалар санасында тез сақталады. Тілдерін жаттықтырып, сөздік қорын байытатын шығармалары да жеткілікті. Қазақ балалар әдебиеті зор үлес қосып, қазақ тарихында ізін қалдырып кеткен жазушының бірі.

НЕГІЗГІ БӨЛІМ

Көптеген ғалымдар Мүбәрак Жаманбалиновтың шығармашылығы жайында зерттеп, мақалалар жазған. Атап айтсақ, олар: Мұзафар Әлімбаев, Қадыр Мырза Әлі, Тұманбай Молдағалиев, Қастек Баянбай және т.б. Ақынның өмірі мен шығармашылығы жөнінде ерекше еңбек қалдырған педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент, ПМПУ профессоры – Бақраденова Алтын Бақраденқызы балалар әдебиетіне деген тың көңілі болғандықтан осы ғалым жайында зерттеулер

жүргізді. Сонымен қатар, ақынның шығармашылығы балаларға жақын, салмақты, әрі жеңіл түрде жазылған.

Өмірдің қанша ауыр белесінен өтсе де, балғын тілді балдырғандармен сырласудан бастаған. Жас бөбектердің талпынысына қанат беруге ұмтылып, ақындық алақанын, ұстаздық жүрегін ұсынған, өлең-жырлары арқылы жеткізген [4, 56]. Мүбәрак ағамыздың кез-келген өлеңін алатын болсақ, жас жеткіншектерді – ізгілікке, батырлыққа, ерлікке, еңбекке, тапқырлыққа, жақсылыққа дәріптейтін тағылымды өлеңдері бар. Мысалы,

*– Қайда болдың, бал ара?
– Жүрдім бақта, далада.
– Неге жүрдің далада?
– Қонақтадым аралап.
Күллі-күллі атырап
Жайыпты гүл – жапырақ.
Жауқазын дәм татырды,
Райхан гүл де шақырды.
Раушанның, алманың
Бәрін-бәрін шарладым.
Бәрінен де бал алдым,
Жомарттық-ай даланың [3, 346]!*

Жоғарыда келтірілген өлең балаларды айналаны танып білуге, еңбекқорлыққа тәрбиелейтінін көруге болады.

Балалардың көп уақытының бөлігі ойынмен өтеді. Ойын арқылы бала дамиды, жетіледі, өседі. Болашаққа деген дайындық, үлкен тәжірибеден өтеді десе те болады. Ойын арқылы олардың мінездері қалыптасып, ой-өрістері дамиды, бір-бірімен қарым-қатынас жасайды. Осының барлығын үйрететін алғашқы баспалдақ болып саналады.

Қаламгер өлеңдерінде бүлдіршіндермен ойнай отырып, қиялдарына ерік беріп, көңілдеріне көрік береді [3, 330]. М. Жаманбалиновтың өлеңдері көбіне табиғатты суреттеп, жыл мезгілдеріне жазылған. Қыс мезгілі жайында өлең жолдарының өзінде, баланың эмоциясымен байланыстыра жазуда түрлі қырынан келтірген.

*Ұшып кетті қаз, үйрек,
Тынды құстың қиқуы.
Шаршатқандай жаз еңбек,
Жатты егінжай ұйқылы...*

.....

*Баяу ескен үрлесін,
Айдап келіп ұлпаны,
Егін жайды сипалап,
Ашық жерін қымтады [3, 58].*

Т. Молдағалиев ақынның шығармашылығында қаламгердің мектеп жасына дейінгі балаларға арналған шумақтар көп екендігін алғаш айтқандардың бірі болған [1, 26]. Бүлдіршіндерге өлең жазуда шыншылдық және қарапайымдылық керек. Шығармаларында сенім жайында баяндалған. Балалардың балабақшаға аңғал күйінде келіп, ортаға шоғырлануын кең, әрі дәл ұғынған. Шығармаларының негізінде жануарлар мен құстарды алғанның өзінде оларға мақтаншақтық, менмендік, ұялшақтық, аңқаулық және т.б. қасиеттерін бейнелету арқылы баланы дұрыс жолға нұсқап, тәрбиелеу керектігі жайында жазған. Соның бірі төменде берілген «Мықтылық» өлеңі. Ақын онда жануарлар арқылы әркімнің өзіне сай күшін мақтаншақтық арқылы бейнелеген. Оны мына өлең жолдарынан көруге болады:

*Бәйтеректің астында
Түлкі, қарсақ, қасқырлар
Отыра қап тілдесті.
Ең мықтымыз кім? – десті.*

*Мен қоянды қоймаймын.
Мен бір қойға тоймаймын.
Мен күзен де ала алам.
Жылқыға ауыз сала алам... [3, 140].*

Балалар ақыны М. Жаманбалинов ғибратқа толы ойларын сатиралық өлеңмен мысалдар арқылы бүлдіршіндерге жеткізеді, қарапайым тілімен жеткізетіні соншалық – жазушының сатиралық өлеңдері қара сөзі сияқты естіледі [3, 334]. Қаламгердің осындай мазақтама өлеңдері өзіндік тілдік элементтері баланың мәтінді мәнерлеп оқи алуына ықпалын тигізеді. Кейбір шығармаларында үш тіркесті сөздердің қосылып бір сөзді болып оқылуы, мазақ қылып айтылуы, кекетуі балалар тілін жаттықтырады. Яғни, бұл тақпақтарының маңыздылығы олардың дұрыс жазылуында емес, дұрыс оқытылып жеткізілуінде болып тұр. Ал, негізгі біреуді кемсітіп, қылжақ қылғанша, өз бойындағы кемшіліктеріне қарап алу жайында ғибрат ой жазылған. Мазақтама шығармаларында қайталау жолдармен басталған, осындай өлең сөздері баланы ойландыруға, ұялтуға жеткізген. Әр жолдарындағы сөздер балаларға түсінікті, тура мағыналарында келтірілген. Ақынның балаларға деген сүйіспеншілігі, махаббаты өлеңдерінің әр жолдарынан-ақ білініп байқалып

тұрады. Кейбір шығармалары жоғарыда айтылғандай, кекету, мазақтау негізінде жазылса, басқа өлеңдерінде баланы аялау, еркелету әуендері еседі.

*Ертіс бойын тербеткен,
Жан-жақты әдебиетті көркейткен.
Әсерлі, мағыналы, тәлімді, тәрбиелі
Балаларға талай жырды меңгерткен.*

Мүбәрак Жаманбалиновтың шығармашылығы балалар әдебиетін дамытып, ұлттық болашағымызға үлес қосқан ақынның бірі. Ағаштың тамыры сияқты терең, тармақты болу үшін қазіргі балабақшаларда балалар әдебиетінің оқытылуы маңызды. Біздің жерімізде осындай қаламгер, ақын, дарынды жазушының болғанына мақтан етеміз. Дұрыс көзқарас, бойларына жақсы қасиеттер дарытып, жан-жақты дамыту керек. Болашақта зор үміт күту үшін әртүрлі ортада жұмыс істей алуға, кез-келген пікірталастардан шығуға көмек береді. Тағдырдың талқысына ұшыраған балалар психологиясын жан-жақты түсіне біліп, өлеңінде жырлай білген, өз талын еккен, тамырын тереңге жіберген жазушының бірі. Балалардың қызығушылықтарын анық көре білген.

Біздің қарастырып отырған ақынның шығармаларында келесідей ережелер ұстанған: • тақпақ арқылы көз алдыларына сол жайлы бейне елестете алуы керек; • дыбыстары үйлесімді, лирикалы болуы; • ұйқасты, мәнді, мағыналы, мәнерлі жазылуы керек [1, 18]. М. Жаманбалинов балаларға арнап өлең шығару барысында түрлі жағдайлар мен жағдаяттарды шебер құраған. Ақын жүрегінен шығып, бүлдіршіндер санасына жеткізілу керек. Қаламгер тек балалардың балабақша аясындағы жағдайын ғана бейнелемеген, сонымен қатар, бүлдіршіндердің балабақшадан тыс өмірі жайлы шығармалар жазған. Ол өзінің педагогтік қызметі жолында балалар әлемін, соның ішінде, олардың табиғатқа деген көзқарасын, табиғи жаратылыстарды, бір-бірімен және үлкендермен қарым-қатынасын жіті бақылаған. Ақын балалардың қоршаған орта мен өмірден қандай керемет ойлар және әсерлер алатындығын толықтай түсіне білген. Оның шығармалары кішкентай оқырмандардың туған өлкесіне, адамдарға деген махаббатын күшейтіп, қабылдауына үлкен әсерін тигізеді. Орманда, тауда, балабақша, әртүрлі жыл мезгілдеріне сай жазылған көңілді өлеңдері, қызықты ертегілері баланың тұлға болып қалыптасуына және тәрбиеленуіне ықпал етеді. Шығармаларының кейіпкерлері – көбінесе жануарлар мен құстар. Оның поэзиясының басты мақсаты – баланың әлемді және өзін-өзі тануы.

Қазақ Мемлекеттік сыйлығының иегері, ақын – Қадыр Мырза Әлі: «Мүбәрак Жаманбалинов – қазақ балалар әдебиетін көркейтуге жан-тәнімен қызмет етіп

жүрген, осындай ірі таланттарымыздың бірі. Ол өзінің балалар психологиясын жете зерттей жазған өлеңдерімен бөбектерді ұдайы қуанышқа бөлеп келеді. Бөбек қуанышына жетер не бар?!» [2, 5]. Қазіргі таңда балалар әдебиеті жанрында қалам тартқан жазушылар саусақпен санарлық. Ал, Мүбәрак Жаманбалиновтың шығармалары қолданыстан түспей, керісінше, балабақшаларда қазақ тілін меңгертуде, кейбір балалардың тілі бірден келе бермейтін әріптерді үйретуде маңыздылығын жойған жоқ. Бұған дәлелді ақынның келесі өлең жолдарынан байқауға болады.

«P» әрпі

*– Үйренем, – деп, – қалайда, –
Бұлықтым да, терледім.
Тілім менің, алайда,
«P» әрпіне келмеді.*

*Неткен әріп қырсыққан,
Неткен әріп сиқырлы...
Ызаланып,
Тұмсықтан,
Теуіп қаптын итімді.*

*Қабуға итім аз-ақ қап:
– P-p... – деді, – P-p, – деді,
Деп тұрғандай мазақтап:
– Осыны айта білмедің... [3, 16].*

Мүбәрак Жаманбалиновтың бұл өлеңі балабақшалардағы тіл дамыту сабағында қолдануға тиімді болып отыр. Өлең сөздері – айтылуға жеңіл, ұйқасты, тез есте сақталатын, мағыналы. Қазіргі таңда көптеген балаларға р, ң, қ, ш, с, ж және тағы басқа әріптерді айту қиындық тудыруда. Соның негізінде, өлеңдегі жағдаят арқылы балалардың жаттауға деген қызығушылығы артады, өлеңдері көмегімен айталмайтын әріптерін айтуға тілдерін жаттықтырады. Осыдан М. Жаманбалинов шығармаларының тілі бүлдіршін балаларға арналған балалар ақыны екенін көруге болады. Бұл ақынның көптеген шығармалары ертегілер негізінде, түрлі тақырыптарда жазылған. Балалар осындай шығармаларды жаттау арқылы тіл сындырады, ана тілін үйренеді, бойларына білім мен ақыл жинақтайды. Әдебиеттің әлеміне жол тартады. Мүбәрак Жаманбалинов қазақ тілі өрісіне жырларымен, шығармаларымен үлес қосып отыр, сонымен қатар, қоғам қайраткері

ретінде қазақ тілінің қоғамда белгілі бір негізде жандануына белсене қатысты. Тіл өрісіне, байырғы жер-су аттарының ұлт-тарихи аттарын қайтаруға атсалысқан.

Мүбәрак Жаманбалиновты – қазақ балалар әдебиетінің атасы десекте, артық болмас. Себебі, ол кісі жазған шығармаларының кімге екендігін, оқитын оқырмандарының ойын біліп, дөп жазатын ақындардың бірі, әрбір бүлдіршінді ескеріп отырады. Қазіргі таңда ол кісінің өлеңдері кітап беттерінде және балалардың санасында. Егер ақын балалар арналған шығармалар жазса, онда оның жан дүниесі бала сияқты ойлайды. Ақынның өзі балалар сияқты көңілді, бақытты, аңғал болуы керек. Балалар жазушысы бүлдіршіндерді таңғажайып ертегілермен, қызықты өлеңдерімен, көңілді тақпақтарымен қуантады. Ұзақ жылдар бойы шығармашылық қызмет атқарған кезде ол өзінің ауданының тарихын жазды, облыстың аңызға айналған және қазіргі кейіпкерлеріне көптеген беттерін арнаған ақын. Оның жұмысының ерекше тараулары балаларға арналған. Ол жүрегіне әлемді ерекше қабылдаған, оның поэзиясы оқушыларға және кішкентай бүлдіршіндерге арналып жазылған. Жазушының негізгі еңбектері мектепке дейінгі оқырмандар мен бастауыш мектепте оқитын балаларға арналып жазылған. Балалар ақынының жырлары бүгінгі уақытқа дейін тәрбие ісімен біте қайнасып кеткендігіне көзіміз анық жетті.

ҚОРЫТЫНДЫ

Қорыта келгенде, ақынның – қазақ балалар әдебиетінде жеңіл де қызықты, ұйқасты да ұтымды, тәрбиелік мәнінің зор болуы мектеп мұғалімдері үшін, балабақша тәрбиешілері үшін тиімді көмекші құрал болары сөзсіз. Әсіресе, балабақшадағы балалардың негізгі іс-әрекеті ойын болғандықтан, ақынның өлеңдерін ойын ретінде ойнауға, сахналық театр ретінде қоюға болады. Бұл өз кезегінде балалардың өлеңге деген сүйіспеншілігін оятады. Алғаш шығармаларынан ақ ақынның балаларға деген махаббатын, қамқорлығын, сүйіспеншілігін, кеңпейілділігін сезінуге болады. Қазіргі таңда бүлдіршіндерге арналған бірнеше шығармалары, кітаптары ұсынылып отыр. Жаманбалиновтың еңбектері балалардың жас ерекшеліктеріне сай жіктеліп жазылған. Ойды жеңіл, мысалдар арқылы жеткізе білген. Шығармалары ең басты қарапайым тілмен жазылған. Аз уақыт аралығында қазақ тілінде білім алғанның өзінде, біздің қазіргі уақытымызға дейін балалар әдебиетіне қазақ тілінде еңбек қалдырып отырған ақын.

Баланың психологиясын, жаны мен тәнін, ойы мен санасын түсіне білген. Сол түсінгенін қағаз бетіне тақпақ, шығарма, ертегілер негізінде енгізген. Өзі көрмеген естімеген жайттарды жазбаған, тек көзімен көріп, өзінің басынан

кешірген оқиғаларын өлеңіне арқау еткен. Мүбәрак Жаманбалинов поэзиясының тақырыптары көбіне отан сүйгіштік, патриоттық, адам бойындағы жақсы және жаман қасиеттері жайында жазған. Ақынның тақпақтары тек қана ұйқасты ғана емес, сонымен қатар, ырғақты, мәнді, мағыналы, әуенді. Жаманбалиновтың өлеңдері негізінен жеті буынды, кейде сегіз буынды болып келеді. Бұндай буынды өлең жолдары баланың жаттауына ыңғайлы, түсінуіне тиімді. Ақын балаларға тек қана өлеңдер мен ертегілер жазбады, ол балалардың ойын дамытуға арналған әртүрлі тақырыпта қызықты жұмбақтар, жаңылтпаштар, шардаралар, ұйқасын тап, бұл қандай әріптер, ойлан, тап деген сияқты туындылар жазған.

Балалар жанын ұға білген, жүрегімен сезіне білген, балдырғандар жайлы сырлар мен жырлар жазған ақын. Ақын әртүрлі тақырыпта қалам тартқанымен, бірақ жүрегі балалар деп соқты. Оның шығармаларының басым бөлігі жануарларға, құстарға тіл бітіру арқылы адамның жаман қасиеттерін солар арқылы көрсетіп, балаларға түсіндіру. Ол көбіне адамның жағымсыз қылықтарын басқа біреуге келемеж, күлкі ретінде келтіре отырып көрсетті. Мүбәрак Жаманбалинов балаларға арнап шығармалар жазған ақындардың бірі және бірегейі. Ақынның еңбектері бүгінгі күнге дейін ұмытылмай қолданыс аясын жоғалтпады. Еңбегі қазіргі таңда балалар әдебиеті әлемінде ойып тұрып, өз орнын тапқан. Ұлағатты ұстаздың, талғампаз жазушының туындыларымен балалар сусындап, керекті тәлім тәрбиені сіңіруде. Ақынның шығармалары өз оқырмандарын тапқан және болашақта әлі де таба бермек!

ПАЙДАЛАНҒАН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ

1 Бакраденова А.Б. Мүбәрак Жаманбалинов. (Өмірі, шығармашылығы және тілдік ерекшеліктері): монография. – Павлодар: Сытина Е.А. ЖК, 2009. – 188 б.

2 Сексенінде жыр жалынан нық ұстаған // Сарыарқа самалы. – 2004. – 16 қараша. – 5 б.

3 Жаманбалинов М. Көктем гүлдері: өлеңдер, ертегілер, мысалдар, дастандар, жұмбақтар, жаңылтпаштар. – Павлодар: ЭКО, 2011. – 304 б.

4 Бакраденова А.Б. Ұстаз жолы: Танымдық ой-толғамдар, ғылыми мақалалар. – Павлодар: ПМПИ баспасы, 2017. – 336 б.

5 Әдеби өлкетану «Ертіс өңірі ақын-жазушылары»: Оқу құралы / Құраст. Кәріпжанова Г.Т., Абаева А.Т., Мұхаметжанова Р.Ж., Окпина Б.М. – Семей: «Үшбиік» баспасы, 2012. – 161 б.

Б.Ж. Сарыбаева, А.Е. Азбебаева¹

Освоение произведений Мубарака Жаманбалинова в детском саду

¹Кафедра дошкольного образования,
Павлодарский государственный педагогический университет,
г. Павлодар, Павлодарская область, Республика Казахстан.

B.Z. Sarybayeva, A.Y. Azbebayeva¹

Mastering the works of Mubarak Zhamanbalinov in kindergarten

¹Department of preschool education
Pavlodar State Pedagogical University
Pavlodar, Pavlodar region, Republic of Kazakhstan

Аннотация

В этой статье написано о писателе, который внес вклад к развитию детской литературы, Мубарак Жаманбалинов Каримовичу, причины почему он посвятил свое творчество к детской литературе, красочность и особенности в его стихах, важности и эффективности использования его работы в детских садах, а также о восприятии детского сознания. Мы проанализировали поэзию для быстрого изучения языка, обогащения словарного запаса, правильного произношения букв, а также соблюдали несколько правил его написания, уточняющих особенности стихов. В то же время изучается эффективность использования стихов казахского поэта в детском саду. Их стихи были быстро запоминающиеся, легкие, название стихов были посвящены для животных, природы и птиц. В статье даны примеры стихов писателя были проанализированы, и рассмотрены наиболее важные качества и способности ребенка.

Ключевые слова: писатель, детский поэт, словарный запас, детский сад.

Summary

This article is written about the writer who contributed to the development of children's literature, Mubarak Zhamanbalinov Karimovich, the reasons why he devoted his work to children's literature, color and peculiarities in his poems, the importance and effectiveness of his work in kindergartens, as well as perception child consciousness. We analyzed poetry for quick study of the language, enrichment of vocabulary, correct pronunciation of letters, and also observed several rules of its writing, specifying the features of poems. At the same time, the effectiveness of the use of poems of the Kazakh poet in kindergarten is being studied. Their poems were quick to memorize, lungs; the name of the poems was dedicated to animals, nature, and birds. The article provides examples of the poems of the writer were analyzed and considered the most important qualities and abilities of the child.

Keywords: writer, children's poet, lexicon, kindergarten.

МРНТИ 77.01.79

**Е.В. Бронский¹, В.И. Лебедева¹,
М.В. Семенова¹, Ж.С. Антихович¹**

¹ Факультет искусства и спорта,
Павлодарский государственный педагогический университет,
г. Павлодар, Павлодарская область, Республика Казахстан
e-mail: Evena_salto@mail.ru

УСПЕШНОСТЬ СТУДЕНТОВ-СПОРТСМЕНОВ В УСЛОВИЯХ ОБУЧЕНИЯ В ВУЗЕ

Аннотация

В статье рассматривается одна из проблем развития современного студенческого спорта – разрешение противоречия между сохранностью контингента и реализацией потенциала квалифицированных студентов-спортсменов в условиях обучения в вузе. Анализ опроса квалифицированных студентов-спортсменов позволил выявить основные факторы и определить их значимость в достижении высокого спортивного результата в период обучения в вузе. Одна из выявленных причин – отсутствие должной моральной и финансовой поддержки администрации вуза студентов-спортсменов, следствием чего, является снижение спортивных результатов и преждевременное прекращение спортивной карьеры.

Ключевые слова: студент-спортсмен, факторы реализации, успешность обучения.

ВВЕДЕНИЕ

Характерной особенностью современного периода развития спорта высших достижений является всеохватывающий, научно-обоснованный, заинтересованный поиск спортсменов, которым были бы «по плечу» большие спортивные нагрузки и высокие темпы спортивного совершенствования.

Анализ литературных источников и интернет ресурсов позволил выявить ряд основных проблем в развитии студенческого спорта. Наиболее значимые из них:

- несовершенство нормативно-правовой законодательной базы развития студенческого спорта;
- дефицит финансовых ресурсов на развитие и поддержание спорта в вузах;
- дефицит спортивных сооружений и их возрастающая арендная стоимость;
- недостаточный уровень развития материально-технической базы;

– недостаточный уровень квалификации тренерских кадров и низкая заработная плата;

– слабая мотивация администрации вузов в развитии студенческого спорта, деятельности спортивных клубов, участия студентов в соревнованиях [1, 2, 5].

Вместе с тем, немаловажной проблемой является успешность высококвалифицированных спортсменов и реализация их спортивного потенциала в условиях обучения в вузе.

Несмотря на то, что Казахстан вошел в мировое образовательное пространство, подписал Болонскую декларацию, внедрил кредитную систему обучения студенту-спортсмену чрезвычайно трудно удается в полной мере совместить спортивную и учебную деятельность. Кредитная система обучения реализуется лишь по форме, а не по сути. При составлении индивидуального учебного плана (ИУП) студент не может выбрать индивидуальную траекторию обучения, поскольку деканат ориентирует его не на личностный выбор изучаемых дисциплин, а «спущенный» сверху. Студент, получивший государственный образовательный грант обязан его реализовать в течение четырех лет. Он не может его пролонгировать в случае временного прекращения обучения с целью полноценной подготовки, например, к чемпионату Мира или Олимпийским играм. В отличие от западных университетов, в наших, студент оплачивает не освоённые кредиты, тем самым растягивая обучение на несколько лет даже на одном курсе, а сразу половину или весь учебный год [3-4].

Актуальность. Спорт РК является одним из высоких аргументов самоутверждения молодого суверенного государства. К сожалению, все то, чем обладал ранее казахстанский спорт, а это – спортсмены, тренеры, спортивные сооружения, спортивная наука по большому счету были во многом утрачены. Отчасти об этом можно судить по числу завоеванных медалей на Олимпийских играх, количество которых снижается.

В настоящее время в РК укореняется интенсивный путь развития студенческого и профессионального спорта, а именно, достижение высоких спортивных результатов за счет натурализованных иностранных спортсменов. Этот путь может быть оправдан, с точки зрения, использования опыта подготовки зарубежных высококвалифицированных спортсменов для достижения относительно значимых спортивных результатов в короткий промежуток времени. Примером служат такие виды спорта как тяжёлая атлетика, теннис, биатлон, фризбол и др.

Однако, на наш взгляд, экстенсивный путь развития спорта – подготовка высококлассных спортсменов из числа казахстанской молодежи, хоть по времени более длительный, но стратегически более верный и оправданный.

ОСНОВНАЯ ЧАСТЬ

Одна из проблем развития современного студенческого спорта состоит в разрешении противоречия между сохранностью квалифицированных студентов-спортсменов и реализацией их потенциала в условиях обучения в вузе. По данным научных исследований, победители и призеры молодежных соревнований достаточно редко (25-30 % случаев) добиваются высоких спортивных результатов в студенческом спорте.

Причин тому много, одна из них – отсутствие должной моральной и финансовой поддержки администраций вузов студентам-спортсменам, следствием чего, является снижение результатов и преждевременное прекращение спортивной карьеры.


Цель исследования. Выявить причины и факторы влияющие на успешность реализации спортивно-технического и образовательного потенциала студентов-спортсменов в период обучения в вузе.

Результаты исследования. С момента прихода в спорт высших достижений, фактор сохранности студентов-спортсменов многократно возрастает и увеличивается. В первую очередь это обуславливается проблемой совмещения спортивной и учебной деятельности. Перед молодым человеком вырастает дилемма: получить диплом о высшем образовании и быть востребованным на рынке труда, или стать высококлассным спортсменом, но с пробелами в знаниях. Успешно решить эту проблему удастся далеко не всем. На этом этапе студенту-спортсмену должны оказать всяческую помощь все органы и структуры, от которых во многом зависят его спортивные и учебные достижения (рисунок 1).



Рисунок 1 – Факторы, обеспечивающие успешность студентов-спортсменов в спорте высших достижений

С целью определения весомости факторов, влияющих на сохранность и успешность студентов-спортсменов в период обучения в вузе было проведено анкетирование в количестве 43 человек (кандидаты в мастера спорта 28, мастера спорта 12, мастера спорта международного класса 3). При анализе опроса респондентов использовали метод ранжирования и метод непосредственной оценки (рисунок 2).



Верхний ряд – сумма баллов; Нижний ряд – сумма рангов

Примечания: 1 – Управление ФК и С; 2 – Выпускающая кафедра, ППС; 3 – СДЮШОР, ШВСМ; 4 – Медико-биологическое сопровождение; 5 – Семья; 6 – Деканат; 7 – Дирекция штатных национальных команд, НОК

Рисунок 2 – Ранги и весомость факторов, обеспечивающих сохранность спортсменов в условиях обучения в вузе

Ведущее место по мнению спортсменов было отведено «Управлению ФК и С» (сумма рангов 89, сумма баллов 206). Студенты уверены, что данная структура посредством тренера, всегда сможет «решить» их проблемы, связанные с обучением в вузе.

На второе место – с небольшим отставанием, поставлена «Выпускающая кафедра и профессорско-преподавательский состав» (сумма рангов 90, сумма баллов 204). Здесь формируется индивидуальный учебный план, оформляются документы и разрешение на выезд на соревнования и УТЗ, находится куратор и преподаватели. От последних в большей степени зависит ликвидация учебных задолженностей, возникших в результате выезда на соревнования, а также возможность онлайн обучения. Выпускающая кафедра заинтересована в наличии студентов-спортсменов высокой квалификации, поскольку их спортивные достижения влияют на рейтинг как образовательной программы, так и вуза в целом в республиканском конкурсе.

На третье ранговое место, с отрывом в восемь баллов респонденты вывели школу, где они числятся и тренируются – «СДЮШОР, ШВСМ» (сумма рангов 94, сумма баллов 196).

Медико-биологическому сопровождению было отведено четвертое место (сумма рангов 95, сумма баллов 194). Данный фактор является составной частью подсистемы «Факторы оптимизации тренировочного и соревновательного процессов» комплексной системы подготовки спортсменов. Студенты адекватно понимают важность данного положения по нивелированию последствий высоких тренировочных и соревновательных нагрузок.

По значимости факторов «Семья» и «Деканат», с минимальной разницей, отведено пятое-шестое место. Респонденты отметили их важность в создании оптимальных условий успешного совмещения тренировочной и учебной деятельности.

«ДШНК, НОК» оказались менее значимыми и заняли последнее седьмое место (сумма рангов 102, сумма баллов 178). Такой рейтинг объясняется тем, что лишь небольшое количество опрошенных студентов-спортсменов (4 человека) являются членами штатных национальных команд.

Опрошенные студенты придерживаются устойчивого мнения о важности факторов, обеспечивающих их успешность и сохранность в условиях обучения в вузе. Расчеты коэффициента конкордации и критерия Х-квадрат показали следующие результаты: $W = 0,72$; $X^2 = 59,02$, при $P < 0,01$.

Значения коэффициента конкордации и критерия X^2 свидетельствуют, о высокой согласованности мнений опрошенных респондентов по данному вопросу.

ВЫВОДЫ

Рассматривая проблему сохранности и реализации спортивного потенциала студентов-спортсменов за период обучения в вузе можно сделать вполне обоснованные выводы:

1. Обозначенная проблема должна решаться на уровне областного Управления физической культуры и спорта и администрации вуза.

2. Сохранение контингента студентов-спортсменов и реализация их спортивного потенциала за период обучения в вузе возможна лишь при безусловном учете таких факторов как:

– моральное и материальное стимулирование, достойный уровень финансирования подготовки;

– медико-биологическое сопровождение;

– содружество семьи, тренера, профессорско-преподавательского коллектива выпускающей кафедры, спортивного клуба вуза.

СПИСОК ИСПОЛЬЗОВАННЫХ ИСТОЧНИКОВ

1 Арсентьев Д.В. (2016). Анализ американской модели студенческого спорта // Физическая культура, спорт и здоровье студенческой молодежи в современных условиях: проблемы и перспективы развития: материалы Региональной студенческой научно-практической конференции, 6 апреля 2016 г., г. Екатеринбург / Рос. гос. проф.-пед. ун-т. – Екатеринбург, 2016. – С. 15-19.

2 Геннадиева Е.С. (2018). Анализ проблем развития студенческого спорта в РФ // Научное сообщество студентов: междисциплинарные исследования: сб. ст. по мат. XXXIV междунар. студ. науч.-практ. конф. № 23(34). URL: [https://sibac.info/archive/meghdis/23\(34\).pdf](https://sibac.info/archive/meghdis/23(34).pdf) (дата обращения: 12.04.2018)

3 Образование на основе системы кредитных часов (Система кредитных часов, структура учебных программ и степеней, аккредитация вузов: опыт США). – Алматы, 2004.

4 Основы кредитной системы обучения в Казахстане / Под ред. С.Б. Абдыгаппарова, Г.К. Ахметова, С.Р. Ибатуллин и др. – Алматы, 2003. – 198 с., С. 31.

5 Студенческий спорт. Портал Ассоциации студенческого и молодежного спорта (АСМС) [Электронный ресурс] URL: <http://studentsport.ru/news/others/4885679/>. (Дата обращения: 10.04.2019).

Е. В. Бронский¹, В.И. Лебедева¹,
М.В. Семенова¹, Ж.С. Антихович¹

Жоо оқу жағдайында студенттер-спортшылардың табыстылығы

¹ Өнер және спорт факультеті,
Павлодар мемлекеттік педагогикалық университеті,
Павлодар қаласы, Павлодар облысы, Қазақстан Республикасы

E.V. Bronskiy¹, V.I. Lebedeva¹,
M.V. Semenova¹, Zh.S. Antikhovich¹

The success of student-athletes in the learning environment in the university

¹ Faculty of art and sport,
Pavlodar state pedagogical university,
Pavlodar, Pavlodar region, Republic of Kazakhstan

Аңдатпа

Мақалада қазіргі кездегі студенттік спорттың даму мәселелерінің бірі қарастырылған – контингентін сақтау және жоо оқу жағдайында білікті студент-спортшылардың потенциалын іске асыру арасындағы қайшылықты шешу. Білікті студент-спортшылардың сұранысын талдау бары-

сында негізгі факторлар анықталған және жоо оқу кезінде жоғары спорттық нәтижелерге жету маңыздылығын көрсеткен.

Белгіленген бір себептердің бірі – жоо әкішшілігі жағынан тиісті моральдық және қаржылық қолдаудың жоқтығы, соның салдарынан спорттық нәтижелердің төмендеуі және спорттық мансабының ерте тоқталуы.

Тірек сөздер: студент-спортшы, іске асыру факторлары, оқу табыстылығы.

Summary

The article deals with one of the problem of the development of modern students sports – the resolution of the contradiction between the safety of the contingent and the implementation of the potential of qualified student athletes in terms of training at the University. The analysis of the survey of qualified student-athletes allowed to identify the main factors and determine their importance in achieving high sports results during their studies at the University. One of the identified reasons is the lack of proper moral and financial support of the University administration of student athletes, the result of which is a decrease in results and premature termination of sports career.

Keyword. The students-athlete, factors of implementation, the success of learning.

МРНТИ 18.41.45

Е. Жанайхан¹, Ж.Б. Толеубаев¹

*¹Педагогика және спорт факультеті
Павлодар мемлекеттік педагогикалық университеті,
Павлодар қ., Павлодар облысы, Қазақстан Республикасы
e-mail: Erkin_z68@mail.ru*

КҮЙ ШЕЖІРЕСІ – САЗ ӨНЕРІНІҢ ПОЭЗИЯДАН ШИРЫҚҚАН СИМФОНИЯ КЕЙПІНДЕГІ ТҮРІ

Аңдатпа

Автор мақалада көпшілік-әдеби жанрда жазылған «Қазақтың күй өнері» кітабының ғаламат бір әпсана, таза тарих, ән мен жырға, өлең мен күйге орап ұсынған балдай тәтті әдеби шығарма, жерік астай құныға бас салатын тарихи тұлғалар тізбегінің энциклопедиясы екенін көрсеткен. Қазақ халқымыздың этнос болып қалыптасу дәуіріндегі ән мен күйді төл туғызған, қатар тәрбиелеген, ол өнерлер біте қайнасып, бірінсіз бірі жетім көрінген Ақаң айтты деп емес, тіпті сонау қобыз, жетіген, домбыра дүниеге келмеген кезеңнің өзінде баба-әжелеріміз бесік жырын да, той-томалақтағы өлеңін де әлденеге қосып айтқан болар еді. Сондықтан автор қазақтың музыка аспаптары да дәл осындай қажеттіліктен туып, тарих доңғалағымен бірге жетіліп, дәл бүгін «нағыз қазақ – домбыра» кезеңіне жеткенін жеткізгісі келген.

Тірек сөздер: Күй, әпсана, тарих, әдеби, ән мен жыр, өлең мен күй, этнос, төл тума, қалыптасу дәуір, өнер, қобыз, жетіген, домбыра, музыкалық аспап, өркениет, мәдениет.

КІРІСПЕ

Құстай дүр-дүр сілкініп түлей алған, жауап күндей күлдіретіп күрең мінген Ақселеу Сейдімбек – көшпенділер этномәдениетінің сабақты инесіне дейін бүгінгі күнге жалғастырушы. Ұлттық әдет-ғұрып, салт-дәстүрді ілгері сүйреуші. Қазақ халқының жалпы адамзаттық дамуға қосқан сүбелі үлесі музыкалық мұрасы екенін дәлелдеуші. Қазақ шежіресін бүтіндеуші. Қазақ тілінің бірден-бір жанашыры. Жаңа сөздер тудырушы, терминдердің қазақ тіліндегі баламасын ұсынушы. «Адамзат тарихындағы түбірлі өзгерістердің себепшісі» болған салт атты көшпенділер өркениетінің жыршысы. Ақселеу Сейдімбектің пайымдауында салт атты көшпенділер өркениеті жалпы адамзаттық өркениеттің құрамдас бөлігі.

«Жалпы адамзат тарихын Ұлы дала көшпенділерінен тыс танып-түсіну мүмкін емес, ондай тарих бүтін болмас еді».

Көшпелілер әлемі тарихын бедерлеу Ақселеу Сейдімбектің еншісіне бұйырды. Үшмыңжылдық аясындағы өрлеу, ұлттың мәдени-рухани өресі өркениеттік деңгейде пайымдалды. Ақселеу ағаны осы үрдістің, үдерістің сақшысындай көремін. «Түріктер өркениет құруға бейімсіз» деген пікірге қатты қынжылатын. Ақселеу Сейдімбектің пайымдауында салт атты көшпенділер өркениеті жалпы адамзаттық өркениеттің құрамдас бөлігі, жалпы адамзат тарихын Ұлы дала көшпенділерінен тыс танып-түсіну мүмкін емес, ондай тарих бүтін болмас еді.

Музыкалық мұра. Өнер мен білімде жылт еткенді өзіңе таңатын, тағдыр оң қабағымен қараған Еуропа Тәңірдің, «адам жанының тіліне баланған» музыканың шығыс туындысы екенін мойындау Азия құрлығы жұртын даңқ бесігінде тербеді.

Тағы бір басы ашық шындық музыканы жазудан ерте пайда болған сөз сияқты – нотадан ерте пайда болуы. Даму жолында музыканы (әуез бен сазды) нота қуып жетіп тұр. Шет-шегі жоқ далада нотаға жетім музыка белгісіз уақыттан бері есіліп өмір сүріп жатты. Музыканың көшпелілер өркениетінде жаттанды түрде баз кешуі, музыкалық сауаттылықтың орын алмауы, мәдениеттің бұл саласы жазба дәстүрден ада болуы, музыкалық мәдениеттің деңгейі мен сапасының белгісі болмаса керек. Бұл – әсте мәдениеттің басқа өрістегі түлеуі, басқа биікке шырқауы. Батыс өңірінде де ноталық жазу музыкадан көп кешеуілдеп туды. Шығыстағыдай ауызша түрінде өрбіді. Музыка туралы білім көне шығыс өңірінде өмірге келіп тұр.

Музыка өрісінде үшінші ойыншы бар, ол – тыңдаушы. Батыста тыңдарманға ой жетектеуші мәтін ұсынады. Әуенді пернеге туа бітті құлақ күйі келтірілген жан ілуде біреу. Қалған жұрт жетекке алушыға кәдік, сөзбен сүйеушіге зәру. Қазақтың күй өнеріндегі осы сүйеуші – сөзбен соғылған ұстын, тұтылған перде – күй аңызы. Ғасырларды көктей жиылған аңыздар – күй шежіресін құрайды.

НЕГІЗГІ БӨЛІМ

Ғалым ұзақ жылдар бойы күй өнері туралы кешенді зерттеу жүргізді. Нәтижесінде қазақтың музыкалық мәдениетіне қатысты мейлінше мол эмпирикалық материалдар алғаш рет рухани айналымға түсіп, халық композиторларының өмірі мен шығармашылығы тың дерек-тұжырымдар өзегінде пайымдалды.

Бір жарым мың жылдың аясында ғасырлардан сыр шерткен бес мың күйдің тең жартысының аңызы өңделіп, басылым беттерінде жарық көрді. «Күй шежіресі» атымен екі кітап шықты, докторлық диссертация қорғалды. «Қазақтың күй

өнері» деп аталатын толайым монография жарық көрді. Осы еңбегі Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты болып, бағы жанды.

Ақселеу Сейдімбек осылай қазақтың күй өнерінің маңдайынан қайтқан бағын домбыраға кие дарытып, үмітке үкі тағып қайыра тірілтті, қос ішек үнін қара сөздің құлақ күйіне келтірді, ел қамы үшін қиялға ғана сияр істер атқарды. Мұндай бағаны асқаралы алпыста Әбіш Кекілбай да берген болатын.

Зиялы деген біздің өзіміз «арқалы ақын еліміз» деп жүргенімізде Ақселеу Сланұлы қазақ халқының тарихтағы орны – жалпы адамзат мәдениетінің дамуына қосқан сүбелі рухани үлесі – музыкалық мұрасы екенін алға тартты. Бұл кешенді зерттеумен күмән тудырмайтындай болып шегеленді. Әлемдік додаға бес мың күй, он мың ән сыйлаған «бар қазаққа бар әлемді қаратып», аруақ қонған мәдениеттің алтын ордасын жойдасыз биікке көтерді.

*«Күй – жүйріктің
құс қанатты шабысы
Күй – сұлудың
құштар қабақ қағысы».*

Кәкімбек Салықовтың осы жолдарына құдірет түйіліп тұр. Күй – саз өнерінің поэзиядан ширыққан симфония кейпіндегі түрі екені анық. Бұрын да ұлы ұлт екенін астарлап сөйлеумен, ойын өлеңмен жеткізумен, суырып салма қабілетімен, алдын болжай алатын сәуегейлігімен байқатса, күй осы қазанды лүпілдете толтырса керек. Күйдің – ұлттың бас үлесі, айбарлы хасбеті екені біздің ойымызға неге келмеген? Ақселеу таланты осында болар.

Шежіре – тарихтың алғы шарты. Қапияда тарихынан айырылып қалған халық, шежіресіне мұқият болуға тырысқан. Тілі жаңа шыққан балаға жеті атасын жаттатқан...

«Тамырсыз ағаш, тарихсыз халық болмайды. Уақыт жалғастығында жік жоқ: таң атса ертең бүгінге, бүгін кешеге айналды. Демек, кешесіз бүгін, бүгінсіз ертең жоқ». Кеше болса тарихқа сүңгіп кете барады. Тарих білгеннің еншісінде, болашақ болса оны жасаушының қолында. Бүгінгі күні ДНК сараптамасы бойынша генді миллион жылға кері қарай сүзіп өтуге болса да, тарих бізге қиын бетімен қарағанын қойған жоқ.

«Қазақтың ауызша тарихы» – Ақселеу Сейдімбектің соңғы қалам серпері. Осы туындысы үстіндегі еңбегін өзі «соңғы шабысқа» балады. Әр туындының өз тарихы бар. Үйірімен үш тоғыз тізілген 1999 жылы «Төр шежіре» нұсқасын дайындауға кіріседі. «Бәйтерек» графикалық ұсқынға 15 мың этноним бұтақ кейпінде телінеді. Бәйтерек еңсесін «Сақ», «Ғұн», «Скиф» тамырларынан тіктеп алып кетіп бара-

ды. Плакатқа он мың этноним де сыймағандықтан, бес мың ғана ру, аталардың аттарымен шектелуге тура келеді. Плакаттың етегіне автор өз мекенжайын жазып жібереді. Бұл астарлы әрекет халық санасын селт еткізеді. Еліміздің түкпір-түкпірінен этнограф ғалымның қолына мың шежіре келіп түседі. Бұл қандай шалт қимыл? Қолындағы қымбат деректен көз жазып қаламын деп секем алмағаны ма? Бұл нендей дүлей сенім? Әлде, ұлт жадын бүтіндеуге деген ұмтылыс па? Әсте қолындағы шежіренің үлкен шежіреден қалып кетпеуі алаңдатқан болар. Кітапқа арқау болған деректі халық бар ықыласымен өзі ұсынып тұр. Оның сыртында автор даңғайыр шежірешілердің көбімен кездесіп тілдескен. Осындай «көп авторлы» еңбек толайым дүние болып туды.

Алғаш рет шежіре жөніндегі теориялық жүйелі ойлар түйінделді. Рулық құрылымның таралымы түбегейлі зерттелді. Рулық таралымның неге тоқтағаны зерделі пайымдалған. Жүздік құрылымның пайда болуына байланысты бірнеше вариантта деректер келтірілген.

Рулық құрылым – көшпелілер қоғамының іргетасы, яғни, біздің әу бастағы тапқан ұтысты тетігіміз. Біздің санамыз қаншалықты шығандап кетсе де, біз рулық құрылымнан кетпейміз. Ұлт тұтастығы артуына байланысты жүзден кетуіміз мүмкін. Рулық құрылым қазақ деген ұлттың тағдыры болса керек. Тағдырдан қашып құтылу мүмкін емес. «Жазмыштан озмыш жоқ».

Арғынның Алтайы, найманның шөбересі Төлегетайдың төрт немересі (Қаракерей, Матай, Садыр, Төртуыл), арғынның Қаракесегінің анасы Қарқабат туралы шежірелер шебер суреттелген.

«Қазақтың ауызша тарихы» ұлттың бас шежіресіне ұмтылып тұр. Осыған дейін мұндай халық аузында жүрген мың сан шежірені біріктіре алған, оларды бір өрістен өргізген еңбек болған емес. Әр ру өз шежірелерін дәріптеуге ұмсынған. Бұл ұмтылысқа мін тағуға болмайды. Керісінше, әр әулеттің шежіре кітабы болғанға не жетсін. Оның отансүйгіштікке, ұлтжандылық тәрбиесіне берері мол болар еді.

Кітап ұлтты үш ұдайға бөлуге ұмтылып тұрған жоқ. Онсыз да антропологиялық тұрғыдан біртұтас ұлтты біріктіруді мұрат тұтқан. Иісі Найманның Ұлы жүздің Әлпеш атты әйелінен тарайтынын, ұлтқа ерекше қызмет еткен Қаракесек руының анасы Кіші жүздің қызы Қарқабат екенін келтіргендегі мақсаты ұлтты біріктіру екені күмәнсіз. Бұл ешқандай шүбә келтірмесе керек.

Еңбектің жанғаны – мәртебе. «Қазақтың күй өнері» – бет туындысы – Мемлекеттік сыйлықтың лауреаттығына бағалануы өзін ерекше марқайтты. Қанат бітірді. Асқаралы алпысында Нұрсұлтан Назарбаевтан өз қолымен жазған құттықтауын алды. Тұңғыш Президенттің Ақ Ордаға кіруіне байланысты іс-шарада ұлттың ақсұңқары ретінде иығына шапан жабылды. Ел Президентінің хас ағамызбен қоштасуы ел мерейін көкке жеткізді.

Кітап – жеке тіршілік кешуге қанат қаққан, құқық алған адамзат санасы. Аға маған арнаған бір хатында «Кітап мың төгілген маңдай термен бірге адамдық-азаматтық арман-аңсардың да (идеал) көрінісі ғой. Еңбектің жанғаны сол, арман-аңсардың оқырманға жетуімен, оқырманды мүдделес етумен өлшенеді», – деп жазған болатын.

Халық дана көсемге қашанда зәру. Платон айтқандай, патша дана тұлға болғанда дүние шыр айнала түспек. Ұлт маңдайының бағына біткен ел іргесін бекемдеп, шаңырағын нығайтқан Керей, Жәнібек, Қасым, Есім, Тәуке, Абылай сияқты хандар, Төле, Қазыбек, Әйтеке сияқты қара қылды қақ жарған ақылман билер, Асан қайғы, Қазтуған, Шалкиіз, Бұқар сияқты ел тағдыры жолында жаумен санаспай соғысатын ержүрек батырлардың, Шоқан, Абай, Әлихан, Мұхтар, Қаныш, Әлкей, Евней сияқты ғұлама ұлы ғалымдардың, қазақ халқы есімдерін пір тұтар біртуар, «ақсұңқар» тұлғалардың, құдіреттілердің сөз суреті қайталанбастай, мүлтіксіздік сатысына көтеріліп салынған.

Бәлкім, бұл арна Ақселеу Сейдімбектің «қолы», төл жанры болар. Жар-тасты толқындардан, «ұлы сілкіністермен дәуірлі толғақтардан» туған көшпелілер әлемінің ең жарқын тұлғасы, ұлт киесі домбыраға тіл бітірген Құрманғазы туралы Ақселеуден артық биік сөзді күні бүгінге дейін кім айта алды? Ол таяу шақта да бола қояр ма екен? Өресі асып жығылғандар айтып алар. Одан беріде тауды таныған сана төбеге иілмес. Дүниені көркем етіп көрер ой-көзі бар екені хақ.

Қорыта айтсақ, Ақселеу Сланұлы – төбе тірер аспанымыз, белі мықты бестіміз, тоқтам айтар естіміз еді. Қазақ атты тегімізде көбе бұзар ақ сұр жебемен болашаққа атылған еңсемізді танытар, қадірімізді ұқтырар, қасиетімізді мойындатар бойтұмарлы киеміз еді-ау. Әсте біртуар талантты қара қобыздың атасы Қорқыттың аруағы қолдаған болар.

Ақселеу салт атты көшпелілер өркениетін жаңа зерде сүзгісінен өткізіп, тағылым ете білген, ұлттық психология мен патриотизмді тәжірибелеуші, қазақтың алтын күмбезді сарайын тұрғызушылардың бірі. Көшпелілер өркениетін адамзаттың өзіне түсіндіру үшін ойы қанағаттылығынан, қаламы ұшқырлығынан таймаған тұлға. Артына қалдырған мұрасы бар қазаққа үлгі болсын.

Ақселеу Сейдімбек – XX және XXI ғасырдың алып кемелері қабырғаласар кезеңде қазақтың халықтық өнерінің, қазақ мәдениеті және салт-дәстүрлерін өз бесігіне бөлеп алу ісінің, қазақ тілі мен дінінің бір ізге түсірілуіне көзге көрінер еңбек сіңірген айтулы қоғам қайраткері, қаламгер.

Ақселеу – күрескер. Аталған кітабының табалдырығынан аттай бере бәрімізден сұраған Сауғасынан-ақ Ақанның сол күрескерлік бейнесінің күшеймесе солғын тартпағанын көріп, қол соғасың: «Уақыт мейлінше күрделі. Соңғы тынысқа дейін рухани мәңгүрттікке қарсы күресуден басқа жол жоқ. Технократтық даму

ұлттық атаулының бәрін кеміріп, жалмап, обып, құртып барады. Ішіңнен шыққан балаңа «біз осындай болып едік» деп нандыра алмайсың. Ал, өзіндік қасиеттен айырылған ұлт өледі. Ұлтты өлтірмейтін оның төлтума мәдениеті ғана. Сондықтан бұл жолда еткен еңбек пен төккен терді тәңірдің сыбағасына балап жүріп, өткеннің асылдары болашақ ұрпақтың жан жүрегін жылытуы үшін қол жалғап жіберу қажет-ақ», – дейді Ақселеу Сейдімбек. Бұл салмақты сөз, терең ой, ғаламат ескерту. Бүгінде қазақ боп туса да маймыл болып өсіп келе жатқан бір шоқ этносақа ел ертеңі бәрібір. Олардың жақсы пәтер, жүйрік көлік және жарқ-жұрқ өмір жалғаса беруін мұрат тұтқанын көре отырып, олардан қан көргендей іргемізді аулақ салмасақ бүкіл ұлттың болашағы бұлдыр дегенді бір бүгін ғана айтып отырмаған қаламгер-ғалым бұл кітабында сол ұлы ойларды өнер табиғатының, оның ішінде күй құдіретінің туу, даму, өркендеу, шарықтау динамикасымен дәлелдейді және бүкіл қазаққа сол өнерінің пірі – күй мұхитқа шомылып шығуды ұсынады. Қолыңа «Қазақтың күй өнері» кітабын алсаң-ақ сол мұхит ернеуінен аса мөлтілдеп, арғы жағасы көз жетпейтін алыстан бұлдырап, еріксіз өзіне тартып, шомылу аңсаған жанды дереу шешіндіре бастайды...

Таза ғылыми еңбектің биік ғимаратына да сыймай, көпшілік-әдеби жанрда жазылған «Қазақтың күй өнері» кітабы алғашқы бетін парақтасаң-ақ сені сиқырдай арбап, өз соңынан мұрнын тескен бұзаудай жетектеп алатын ғаламат бір әпсана, таза тарих, ән мен жырға, өлең мен күйге орап ұсынған балдай тәтті әдеби шығарма, жерік астай құныға бас салатын тарихи тұлғалар тізбегінің энциклопедиясы. Кітаптың «Тарихнама» және «Этнографиялық шолу» тараулары Оқырманға жалпы көшпелілер өнерінің дәстүрге, қоғамдық ситуацияға қаншалықты байланып туғанын терең дәлелдей жазылған. Бұл тарауларды көз талдыра шолсаңыз бір ғажап тоқтамға жолығасыз. Ол – көшпелілер өміріндегі ән-жыр, айтыс-дастандар, тіпті бақсылық өнердің белгілі бір аспапсыз айтылмағаны, айтылса да өз биігіне көтерілмегені, яғни халқымыз өзі этнос боп қалыптасу дәуірінде ән мен күйді төл туғызған, қатар тәрбиелеген, ол өнерлер біте қайнасып, бірінсіз бірі жетім көрінген. Ақаң айтты деп емес, өзіміз-ақ бір сәт ой-қиялымызды алысқа ұшырайықшы: тіпті сонау қобыз, жетіген, домбыра дүниеге келмеген кезеңнің өзінде баба-әжелеріміз бесік жырын да, той-томалақтағы өлеңін де әлденеге қосып айтқан болар-ау. Өз басымы тым болмаса үй іргесінен кетпейтін қара қазанға қайың ожауды тықылдатып отырып салғандай көрінеді ән мен жырларын. Тіпті керек болса, қазақтың музыка аспаптары да дәл осындай қажеттіліктен туып, тарих доңғалағымен бірге жетіліп, дәл бүгін «нағыз қазақ – домбыра» кезеңіне жеткен болармыз. Бұл да Ақселеу ағамыздың осы ғана емес, бұрыннан жазғандарының жеміс-әсері.

Ауызды «Күй аңыздары» тарауына келгенде кеңірек ашасыз. Бұл бір ғылыми құндылықтарға толы, танымдық-тарихи әңгімеге бөккен, екіншісі бірі жазуға

ниет қылса да оңайлықпен тіс батыра алмайтын пласт. Тереңдігі – шыңырау, қажеттігі – ғұмырдай, өнер сүйер жан үшін ғаламның туу кешіне куә болғандай кесек жазу. Ақселеу Сейдімбек: «Осы уақытқа дейін қазақ музыкасының, дәлірек айтқанда, қазақтың музыкалық фольклорының бірі ғана қырына баса назар аударылып келгені аңғарылады. Ол – ән-күйлердің таза музыкалық туынды ретіндегі қасиеттері. Яғни ән-күйлердің әуендік, сарындық ерекшеліктеріне ғана мән беріліп келді. Ең талдап сөз еттік дегенде, сол ән-күйлердің музыкалық туынды ретіндегі жанрлық сипаты, ішкі құрылым-бітімі, орындалу ерекшеліктері тілге тиек болып отырды. Алайда, қазақтың аса бай музыкалық фольклорының екінші қыры – сөзбен байланысты филологиялық қыры назардан тыс қалып келді. Ән-күймен біте қайнасып жатқан өлең, жыр, толғау, аңыз, әңгіме сияқты көптеген жанрлар музыка зерттеушілері үшін филологиялық объект болып есептелсе, филологтар үшін музыкалық мұраның объектісі ретінде ескерусіз қалып отырды. Нәтижесінде, қыруар мұраның назардан тыс қалып, жиналмай келуі өз алдына, оған қоса музыкалық фольклордың синкретті болмысындағы тарихи-эстетикалық қадір-қасиеті де толық ашылмай келді. Әрине, мұндай жағдайда музыкалық фольклордың және онымен шендесіп жатқан күй аңыздарының да төл ерекшеліктері туралы ойдың өрбеуі мүмкін емес. Бұл тұрғыдан келгенде, қазақ халқының тарихи – рухани шежіресінің құнарлы бір арнасы болып табылатын көл-көсір күй аңыздарын жинап бастыруды саралап зерттеудің мән-маңызы ерекше зор. Кезінде академик Мұхтар Әуезов былай деп жазды: «Күй аңыздарының көп екенін ел біледі, бірақ кітап, баспа білмейді. Егер олқылықтар толып, күйлердің көрікті аңыздары, тілдегі баяндауыш әңгімелер жазылса, онда қазақ халқының музыка фольклорына әдемі айшық, нақыш қосылуымен, мағыналы мазмұн анықталып, жалғасуымен қатар, ауызша фольклор да өзінің бір қысқа түрдегі көркем әңгіме, новеллаларын көп айтқан болар еді». М. Әуезов көтерген, жүзеге асуын арман еткен бұл проблема өзінің мән-маңызын әлі күнге жойған жоқ».

Ақселеу «Күй аңыздары» тарауында әр кезенді саралап, кейбір ел білетін аңызды даралап баяндап келе жатады да Құрманғазы, Тәттімбет, Дәулеткерей, Тоқа, Қазанғап, өзге де дүлдүлдер топталған қазақ ән және күй өнерінің алтын ғасыры болған ХІХ ғасырға келгенде дүр сілкініп, сөз түсінетін адамды дір еткізетін жолдар жазады: «Егер әрбір халықтың тарихтағы орны жалпы адамзат мәдениетінің дамуына қосқан рухани үлесімен өлшенер болса, онда қазақ халқының ұялмай бетке ұстары – музыкалық мұрасы болса керек. Бұл орайда, әсіресе ХІХ ғасырдың алар орны айрықша. Өзіне дейінгі талай ғасырдың сарын-сазынан нәр алған ХІХ ғасырдағы қазақ музыкасы бойын түзеген арудай сыланып шыға келді де өзіне бұрынғы-соңғы ғасырларды тәнті етіп, мәңгі ару күйінде қалып қойды».

Қос алақанға әрең сиятын ірі денелі кітаптың мінезі де ірі, көтерер жүгі де жүз батпан. Сөз еткен тарауымыздың өзі жүз тақырыпшаға бөлініп, бас-басына күй аңыздарының бір-бір қырын баяндайтынына, Оқырман үшін білмеуге түк қалдырмай, тәптіштеп түсіндіретініне қарап, қарапайым кітапқұмар қорқып қалмасын. Ғалым, немесе ғалым-қаламгер қаншалықты терең білімді болса, тақырыпты Сіз бен біз үшін соншалықты түсінікті тілмен жаза алады. Осы кітаптың сүбелі бөлігін алып тұрған «аңыздарды» сырттай бір түсініп, бір күмәнданып отырған Оқырман мына анықтаманы оқығанда: «Қазақ халқының ертеден қалыптасқан өнерпаздық дәстүрі бойынша кез келген күй тартылмас бұрын білікті домбырашы сол күйдің шығарушысы, шығу себебі, күйдің тартылу ерекшелігі, күйді кімдердің жеткізгені және қазіргі тағдыры жайында толық мағлұмат беретін әңгімесін айтып алады. Түптеп келгенде, күй аңызы дегеніміз осы», «е, мұны өзім де білемін» дейді еріксіз. Білген нәрсесін әдемі етіп, алдыға жайып сала алуда, Мұқағали ақынша айтсақ, «күпі киген шындықты, шапан кигізіп» қайтарып беруде. Ақаң солай істейді.

«Халық күйлерінің аңыздары» аталатын төртінші тараудан ілгері автор бізді білетін, естіген оқиғаларға араластырып, өзіміз ат ерттеп мінгендей сілкіндіре түседі. Бұл бір әуелі терең білім үшін тапжылтпай оқытып алып, енді өмірге араластырғандай – көздің ашылатын сәті. Әрі бұл аңыздар қызықты, көркем, аяулы – күйлерге өзек болып замана қатпарынан жеткен оқиғалардың әрбірінен халқымыздың хандай қадамы, қыздай мінезі, құлдай шыдамы атойлап, оқиға іргесінде өзің жүргендей тізгін қағып отырасың. Осыдан соң-ақ Ақселеу Сейдімбек бізге арнап қос ат жеккен пәуеске арбадан түскің де келмейді, түспейсің де.

Ақселеу Сейдімбек «Күмбір-күмбір күмбездерінен» «Күй шежірелеріне», одан бүгінгі «Қазақтың күй өнері» атты салмағы алты атанға жүк болар еңбегіне тізе бүгіп отырмыз.

Ағайын, Ақсақ Құлан күйін білесіз ғой?! Иә, Жошы хан, иә, баласының қазасы, естірту, домбыра, қорғасын құю... Бұл оқиға желісінің жалғыз өзі түбі бір менің айтпағымды жеткізіп тұр. (Жеке маған мультфильмнен мәлім бұл оқиғада) Домбырашы бір сөз айтпады, домбырасы «сөйледі», расымен сөйледі. Хан меңзеген ойдың төркінін түсінеді, ол біліп барып қорғасын құйғызады. (немесе, жақында естіген әзіл: «ымға түсінбеген дымға түсінбейді» деген алғысөзбен Жошы ханның күйді түсінбеген жағдайда, домбырашыға «Ша-ап! әй, үй, беу бәрекелді...» деп отыратынын қайтесің). Ал енді бұған қараңыз. Бұның сыры неде?

Негізі бұл жазбаға түрткі болған ағамның айтқан әңгімесі еді. Кейінгі ұрпақ, соның ішінде мен де күйді түсінбеймін дейді ол. Ертедегілер күйді түсіне білген ғой, жаңбырдың жауғанын, тұлпар тұяғының дүбірін, кішкентайдың іңгәсін, боз інгеннің боздағанын, шат шадыман көңілді... нені болсын. Издене келе, этнограф

Ақселеу Сейдімбектің томдықтарынан күй жайлы оқығанымдарымды түртіп алдым, сондағысы бұй дейді:

«Дәулескер күйші өзінің жүректен шыққан күйлерін өмір құбылысына, жеке адамның қылық-қасиетіне арнайды, сыйға тартады, тілек етеді, күймен хабар береді, естіртеді, емеурін етеді, сондай-ақ өлімге басу айтқандай жұбатады немесе бірге қайғырып жоқтайды.

Бұл мысалдар күй тілінің айтқыштығын, сезім қозғағыштығын аңғартып ғана қоймаған, одан да гөрі мәнді қасиеті – күй тілінің өмір-тіршілік құбылыстары туралы нақтылы хабар бере алатындығы. Яғни, күйдің мүмкіндігі саз-сарын арқылы болатын эмоциялық әсермен шектелмейді, сонымен бірге ақпараттық (информациялық) хабар беретін астарлы тілі де бар. Бұл ойды одан әрі тереңдетуден қойсақ, қазақтың сөйлеу тілінен басқа, қосымша тағы да бір тілде – күй тілінде түсінісе алатын рухани қасиетін аңғаруға болады.

Ал қазір сізге бір күйді тыңдатсын, күйдің не деп айтқанын (!) естіп біле алар ма екенсіз? Білем. Тура мендей «әдемі екен» дерсіз, япырай, біз күмбірлеген күйді түсінбей кеттік қой. Күй бізге жай ғана күмбірледі де қойды, не дегенін әдетше елемедік, естімедік.

Егер әрбір жеке әріп дыбыс екені рас болса, сол дыбыстардың бірігуі арқылы сөздердің туындайтыны рас болса, әрбір сөздің ойға, санаға, зердеге (мысль, сознание, разум) ұласып жататыны рас болса, онда адамды адам еткен дыбыс деп тұжырым жасауға негіз мол. Мұның өзі музыканың да этникалық тілінің болатындығы аңғартады. Нағыз төлтума музыканың болмысындағы этникалық сипат сөйлеу тіліне қарағанда басымырақ.

ҚОРЫТЫНДЫ

Әрине, күй өнерінің бейнелеу құралы сөзсіз дыбыс болғандықтан, тыңдаушысын ең алдымен әуендік, дыбыстық тілімен баурайды. Кәнігі тыңдаушы күйдің әуендік, дыбыстық тілін іштей жорып, алуан түрлі сезім мен әсерге бөленеді.

Музыка атаулы нақтылы өмір дерегін беруде тілмен өрелесе алмайды. Қандай бір сұңғыла саз-сарынға салсаң да, аспапты музыка қай балаңның өлгенін не қай жаудың шапқанын, ол жаудың қай ауылды нешесі күні шапқанын айтып бере алмайды. Ондай міндет сөздің ғана немесе нышандық белгілердің, емеурін-айғақтардың ғана қолынан келеді.

Демек, қазақ күйлерін тыңдаған адам оның сөздік мағынасына іштей ілесе алмаса, дәлірек айтқанда, қазақ тілін білмесе, күйдің мән-мағынасын, емеуріні мен

астарын толық түсінуі мүмкін емес. Яғни, ондай адамның күй тыңдау барысындағы эстетикалық-эмоциялық әсері де жартыкеш деген сөз.

Сөзімізді жеткізе алмайтын жағдайлар бізде жиі кездеседі. Ішіміздегіні шамалап болсын жеткізетіндей қандай білдіру құралы бар десек, көбісі поэзияға жүгінетін көрінеді. Ал күй одан да мықты ма дедім. Күйді түсінген поэзияны да, сөзді де түсінеді. Поэзияны түсінген сөзді түсінеді, бірақ күйді түсінуге өресі жетпеуі де мүмкін. Қара сөзбен жеткізу бұлармен салыстырғанда қарабайырлау болады екен-ау...

Музыканың тілі сөйлеу тілінен мүлдем бөлек. Бәлкім, сөйлеу тіліне, яғни сөзге қарағанда сезімді бейнелеу мүмкіндігі молдау болар.

ПАЙДАЛАНҒАН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ

1 Ильжанова Х. Қазақтың ұлттық өнері / Х. Ильжанова // Музыка әлемінде. – 2007. – №5-6. – 23-25 б.

2 Жұмақова Ү. Қазақтың музыкалық әдебиеті / Ү. Жұмақова, Н. Кетегенова. – Алматы, 2000. – 95 б.

3 Карин С. Күй аңыздарының құрылымы / С. Карин // Музыка әлемінде. – 2006. – №3. – 19-21 б.

4 Райымбергенов А., Райымбергенова С., Байбосынова Ұ. «Мұрагер» бағдарламасы бойынша мұғалімдерге арналған: әдістемелік құрал 1, 2, 3, 4, 5, 6 сынып.

5 Сейдімбек А. Қазақтың күй өнері / А. Сейдімбек. – Астана: Күлтегін баспасы, 2002.

6 Баласағұн Ж. Құтты білік. Көне түркі тілінен аударған және алғысөзі мен түсініктерін жазған А. Егеубаев / Ж. Баласағұн. – Алматы: Жазушы, 1986. – 616 б.

7 Қазақ халқының дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары: Т.1: біртұтастығы және ерекшелігі / құраст. С. Әжіғали. – Алматы: Арыс, 2005. – 328 б.

8 Карин С. Күй аңыздарының құрылымы / С. Карин // Музыка әлемінде. – 2006. – №3. – 19-21 б.

9 Жетісу өңірінің күйшілік дәстүр // Музыка әлемінде. – 2006. – №4. – 4-6 б.

10 Сыр бойының күйшілік дәстүрі // Музыка әлемінде. – 2006. – №4. – 6-8 б.

11 Алтай-Тарбағатай өңірінің күйшілік өнері // Музыка әлемінде. – 2006. – №4. – 8-10 б.

12 Райымбергенов А., Райымбергенова С., Байбосынова Ұ. «Мұрагер» бағдарламасы бойынша мұғалімдерге арналған: әдістемелік құрал 1, 2, 3, 4, 5, 6 сынып.

13 Гумилев Л.Н. Экономическая и социальная география: проблемы и перспективы: сборник научных работ / Л.Н. Гумилев. – Ленинград, 1984. – 250 с.

- 14 Валиханов Ч.Ч. Собрание сочинений в пяти томах: Т.1 / Ч.Ч. Валиханов. – Алматы, 1961. – 391 с.
- 15 Әуезов М. Жиырма томдық шығармалар жинағы: Т.19 / М. Әуезов. – Алматы, 1979. – 1985. – 113 б.
- 16 Стеблева И.В. Поэзия тюрков VI–VIII веков / И.В. Стеблева. – Москва, 1965. – 12 с.
- 17 Жолдасбеков М. Асыл арналар / М. Жолдасбеков. – Алматы, 1986. – 110 б.
- 18 Банин А.А. Слова и напев / А.А. Банин // Фольклор Образ и поэтическое слова в контексте. – Москва, 1984. – 203 с.
- 19 Рашид ад-Дин Зворник летописей: Т.1 / Рашид ад-Дин. – Москва; Ленинград, 1946. – 76 с.
- 20 Қазақ халқының дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары: Т.1: біртұтастығы және ерекшелігі / құраст. С. Әжіғали. – Алматы: Арыс, 2005. – 328 б.

Е. Жанайхан¹, Ж.Б. Төлеубаев¹

Настройки күйя – чрезвычайный тип симфонии исполнительского искусства поэзии

¹ Факультет педагогики и спорта,
Павлодарский государственный педагогический университет,
г. Павлодар, Павлодарская область, Республика Казахстан.

E. Zhanaykhan¹, Zh.B. Toleubaev¹

Executive setting – sode of purpose extreme semphonia type

¹ Faculty of Pedagogy and Sports,
Pavlodar State Pedagogical University,
Pavlodar, Pavlodar region, Republic of Kazakhstan

Аннотация

Автор в статье показывает, что книга «Қазақтың күй өнері», написанная в литературно-публицистическом жанре, представляет собой энциклопедию исторических личностей, богатую и чистую историю, переданный в песнях и кюях, стихах и жырах услада для души литературное произведение. В эпоху становления казахского народа как этноса образовались традиционные жанры күй и песня, дополняя друг друга, которые существовали параллельно еще до появления кобыза, жетыгена, домбыры, песнями и кюями, на которых воспитывали наши бабушки и деды в колыбельных песнях. Поэтому автор хочет, чтобы казахские музыкальные инструменты заняли свое достойное место и исторической роли и сегодня дошли до уровня «настоящий казах – домбыра».

Ключевые слова: Күй, апсана, история, песня и жыр, стихи, этнос, период становления, кобыз, жетыген, домбыра, музыкальный инструмент, культура, искусство.

Summary

The author of the article shows that the book «Kazaktyn kui oneri», written in the literary and journalistic genre, is an encyclopedia of historical figures, a rich and clean history, transmitted in songs and kui, poems and zhyrs delight for the soul of a literary work. In the era of formation of the Kazakh people as an ethnos, traditional genres of kui and song were formed, complementing each other, which existed in parallel before the appearance of kobyz, Zhetygen, dombra, songs and kui, on which our grandparents raised in lullabies. Therefore, the author wants Kazakh musical instruments to take their rightful place and historical role and today reached the level of «real Kazakh dombra».

Keywords: Kui, described, history, song and Zhyr, poems, ethnos, period of formation, kobyz, Zhetygen, dombra, musical instrument, culture, art.

МРНТИ 18.41.45

Е. Жанайхан¹, Б.С. Жандарбекова¹

*¹Педагогика және спорт факультеті
Павлодар мемлекеттік педагогикалық университеті,
Павлодар қ., Павлодар облысы, Қазақстан Республикасы
e-mail: Erkin_z68@mail.ru, zhandarbekovabs@gmail.com*

**XIX–XX ҒАСЫРДАҒЫ ЕРТІС ПАВЛОДАР
ӨҢІРІНІҢ МУЗЫКАСЫНЫҢ ДАМУЫ**

Аңдатпа

Мақалада қасиетті Ертіс, Баянауыл өңірі өнердің біртуар майталмандарын әкелген қасиетті жердің әнші, композиторлары олардың ұлттық өнерге сіңірген еңбектері жайлы баяндалады. Қазақ өнерінің кеңі қайраткерлері бүгінгі рухани үдеріспен тікелей сабақтасып, халықтың тарихи-әлеуметтік болмысымен біте қайнасқан көркем мәдениет туғызған өнерпаздардың өнері сараланған. Ертіс өңірінің қазақ ән өнерінде өзіндік таңбасы бар, танымал өнерпаздардың отаны болғаны, композиторлар мен әншілеріміз қазақ музыка өнерінің дамуына орасан зор үлес қосуы және ұлттық өнерді әлемдік музыка өнерінің озық үлгілеріне сай жасай білгені көрсетіледі.

Халқымыздың мәдени, өнер мұрасын, рухани қазынасын, әндері және әншілік өнерімен, ұлттық мәдениеті мен өнері ғасырдан ғасырға халықтың шежіресі болып жете беруіне оның ұрпақтан ұрпақ мұра болып қалуына мақаланың қосатын үлесі зор.

Тірек сөздер: Ертіс, Баянауыл, рухани үдеріс, көркемдік поэтика, эстетикалық талғам, сал-сері, музыкалық талғам, көркем шығарма, әншілік дәстүр, композитор, өлең-жыр, үлгі, нұсқа.

КІРІСПЕ

XVII ғасырдың аяғы мен XVIII ғасырдың басында Арқа елінде ертеден дәстүрге айналып, кейінірек әртүрлі себептермен бәсеңдеп қалған сал-серілік өнері XIX ға-сырда қайта жаңғырып, дами бастады. Сал-серілер өз жанынан өлең, ән-күй шығарып, ел аралап, сауық құрып, ойын-тойлардың ұйтқысы, құрметті қонағы болған. Сал-серілік өнерді жоғары дәрежеге көтерген әнші, күйші, суырып салма ақындар серілік үрдісті қатаң сақтап, нағыз бесаспап өнер иесі бола білген. Сонымен қатар олар атақты мерген, сұңқар, лашын ұстаған құсбегі, аттың ең жүйрігін таңдап міне алатын атбегі, он саусағынан өнері тамған теңдессіз шебер, керемет зергер де бола білген. Сал-серілерді халық әрқашан ардақ тұтып, оларды қайда болса да қуанышпен қарсы алып, өнерін аңыз етіп, мақтан тұтқан.

Қазақ ұлтының мәдениеті тарихындағы XIX ғасыр – ақын-әнші, сазгерлердің өзіндік «алтын ғасырына» айналып, қазақтың кәсіби өнері – әдебиетінің, поэзиясының, музыкасының шыңына кезеңіне шыққан кезі болды. Сөйтіп, XIX ғасырдың екінші жартысы – қазақтың ақындық өнерінің барынша өркендеген кезеңі болды. Осы кезде ақындық өнерге тән тұрақты жанрлар да қалыптасты. Солардың ішінде әсіресе ақындардың өзін-өзі бейнелеуге арналған әндерін келтіруге болады. Оған мысал ретінде Біржан сал, Ақан-Сері, Жаяу Мұса, Мәди, Әсет, Майра, Ағаш аяқ, Нартай, Мұхит, Сары әндерін атауға болады. Олар бұндай әндерінде әр ақын, бір жағынан өзін тыңдаушыларына таныстырып өтсе, екіншіден туған ел өмірі мен мәдениетінде алып отырған өз орнын жақсы түсініп соны әнге қосады. Бұл әндерде ақынның өзіне тән музыкалық мәнерлі ерекшеліктері шоғырланған. Әр әнші-ақынның өзіндік шығармашылық өнері дербес қалыптасқан. Мысалы, әрбір ақындағы шешендіктің, суырып-салма өнердің, театралдық, актерлік элементтердің болуы, тіпті киген киімі, жүріс-тұрысы, өнерге деген көзқарасы әнші, сал-серілерге ортақ нәрсе болды. Мұхтар Әуезов ақынның осындай орындаушылық өнерлерін сипаттай келіп, оны «жалғыз актердің театры» деп айтқаны кездейсоқтық емес.

НЕГІЗГІ БӨЛІМ

Ертіс, Баянауыл өңірі өнердің біртуар майталмандарын әкелген қасиетті жер. Табиғаттың сан алуан сиқыры адамзат баласының болмысына әсер етпей қоймайды. Осындай сиқырлы табиғаттың топырағынан нәр алып Бұқар жырау, Көтеш Райымбек ұлы, Қобылан Бөрібай ұлы, Сақау Мәуке ұлы, Жапар Құттыбай ұлы, Жаяу Муса, Сәдуақас Шорманов, Жарылғапберді Жұмабай ұлы, Мәшһүр-Жүсіп Көпеев, Естай Беркімбаев ұлы, Сұлтанмахмұт Торайғыров, Қаныш Сәтпаев

сияқты майталмандар дүниеге келді. Бұл тұлғалардың әр қайсысын алып қарасақ тек Кереку өңірі емес, бүкіл исі қазаққа аты мәлім адамдар. Енді солардың біразына тоқталып өтсек. Бұқар жырау Қалқаман ұлы шамамен 1693 жылдары Кереку өңірінің Баянауыл өңірінде ғұмыр кешкен. Әкесі сөзге шешен, білекті палуан атақты Қалқаман батыр. Бұқар жырау өз заманының талай тылсымын көрген сонау «Ақтабан шұбырындыны» одан кейінгі де замандардың куәсі болып, ел бірлігін сақтап қалуға, талай-талай хан сұлтандарға ақылшы кеңесші болған. Бұқар жырау өз заманында ақылды кеменгерлігімен әрдайым халықтың мұн-зарын жоқтап, әділетсіздікке, озбырлыққа қарсы тұрды. Сондай-ақ жоңғар шапқышылығы тұсында елдің басын біріктіріп, халыққа өлең-жырымен дем берді. Ел бірлігін сақтап қалуда халыққа ынтымақ керектігін, және сол халықты ақыл ойы кеменгер Абылай хан басқарсын деп ұрандады. Дей тұрғанмен Бұқар жырау Абылайдың әр қашан қасынан табылып, оның кемшіліктерін де бетіне айтып отырған. Халық тағдырына қатысты келелі кеңестерде ханның қателіктерін аяусыз сынап, дұрыс шешімдер қабылдауға ақыл қосып отырған. Бұған дәлел Абылай ханның көрші орыс елімен соғысуына Бұқар жырау тоқтау айтып, соғысудан гөрі көрші елмен дос болуға шақырады. Бұқар жырау елдің бірлігін, ынтымағын, татулығын көкसेген. Оның өлең жырларынан «Ханға жауап айтпасам», «Он екі айда жаз келер», «Абылай ханның қасында», сияқты өлең жырларынан келер ұрпақтың, халықтың арман тілегін көкसेген ой тұжырымдарын көреміз. Халықтық ауызекі дәстүрдің қалыптасуына сүбелі үлес қосқан Көтеш Райымбек ұлы да Баянауыл өңірінде дүниеге келген. XVII ғасырдағы қазақ ауыз әдебиетінің бастаушы ірі өкілдерінің бірі. Көтеш ақын өз заманынан озып туған ойшыл да кеменгер болған. Халықтың жоғып жоқтап, еркіндікті аңсаған. Бай сұлтандардың сараңдығын өз өлеңдеріне арқау етіп, астарлап айтып отырған. Оның өлеңдерінің құндылығы жоғары, ойы терең, мазмұнды болып келеді. Көтеш ақын он жеті жасында Абылай ханға қарсы Мейрам руының атынан айтылған өлеңі арқылы елге танылады. Көтеш ақынның бізге жеткен шығармалары: «Күркелінің бауырында күнде дауыл», «Абылай Ботақалуыны сен өлтірдің», «Кұрбажан тұсы қақтар», «Қартайғанда қатының дұшпан болды», «Алдымнан алты пұшық анталады» сияқты өлең жырлары. Көтеш ақынның мол мұраларын жинақтап, ел аузында жүрген нақыл сөздерімен өлеңдерін жеткізуші белгілі ақын фольклоршы Мәшһүр-Жүсіп Көпей ұлы. Мәшһүр-Жүсіптің жеткізуімен Көтеш ақынның нақыл өлеңдері, «Қайнына баруы», «Көтештің Күнікей қызбен қағысуы», «Жайлауда», «Көтештің келін баласына наразы болуы», «Шал мен қыздың қағысуы», «Көтештің кәрілікке айтқаны», атты өлең-жырларын қағаз бетіне түсірген. Сонымен қатар Көтеш мұраларын ел аузынан жиыстырып теріп халық игілігіне қалдырған жандар аз емес. Солардың бірі Мұқат ұлы Ғалымжан. Ғалымжанның жиыстыруымен ел аузында жүрген

Көтеш ақынның: «Көкпар тартқанда Көтештің айтқан өлеңі», «Көтештің шолақ атын кекеткенде айтқан өлеңі», сол сияқты өлеңдерін жинап 1968 жылы жарыққа шығарды. Көтеш ақынның кейбір айтыстарын Баянауылдық Нұрлыбек Баймұратов 1937 жылы ел аузынан жазып алса, Хакім Байсов 1940 жылы, Нұрмағанбет Баянды ұлы 1951 жылы, Ғазиза Нұртазина 1937 жылы қағазға түсіріп Қазақстан Ғылым Академиясының қолжазба қорына өткізген. Жоғарыда айтылған Бұқар жырау Көтеш ақындар халықтық педагогиканың қалыптасуына сүбелі үлес қосқан қоғам қайраткерлері. Олардың әр-бір өлеңдерінен өнегелі тәрбие үрдісі көруге болады. Олардың кейінгі ұрпаққа қалдырып кеткен мол мұрасы бүгінде баға жетпес қазына. Осы інжу маржан мұраны бүгінгі ұрпақ санасына сіңіру кезегін күтпес мәселеге айналып отыр. Бірақ келешегіне үмітпен қарайтын халық тынбай ізденіп еңбектенсе ғана нәтижеге жетпек. Адам баласының рухының ізгілікті бағдарда болуы, табиғаттағы сұлулыққа сүйсіне де өзіне рахат табуы дер едік.

Табиғатпен адам арасындағы біртұтастық байланысты ақын-жыраулар әрдайым өз шығармаларына арқау еткен. Қобылан Бөрібай ұлы Кереку өңірінің Баянауыл өңірінде дүниеге келген. Өз табиғатынан асып тұған бала Қобылан жастайынан өлең жырға құштар болып өседі. Оның ақындық өнерінің дамып жетілуіне әкесі Бөрібайдың ықпалы зор болды. Осындай біте қайнаған сыршыл өнердің арқасында Қобылан ақын жастайынан ел билігіне араласып есейді. Қобылан ақын Бұқар жыраудың жолын жалғап, Шал ақынның дәстүрін ұстанды. Сонымен қатар Қобылан ақындығымен қоса күміс көмей әнші болған. Бір сөзбен айтқанда сегіз қырлы бір сырлы болған оны ел сері атандырды. Қобылан ақынның тәлім берерлік көптеген өлеңдері 1967 жылы «Ертедегі әдебиет нұсқалары» атты жинақпен жарық көрсе, «Бес ғасыржырлайды» (1984 ж), «ХІХ ғасырдағы қазақ поэзиясы» (1985) атты кітаптарда жарық көрді. Қобылан ақынның ел сүйспеншілігіне бөленуі оның қартайғанша домбырасын қасынан бір елі тастамай халық ықыласына бөленуінің айқын айғағы.

Қасиетті Кереку өңірінде ХІХ ғасыр шегінде қазақ поэзиясына сүбелі үлес қосқан көптеген ақын-жыраулар, әншілер болған. Бірақ сонау кеңестік дәуірде солардың өлең-жырларын айтуға тиым салынды. Соның әсерінен кейбіреулері ұмыт болыпта қалды. Бірақ ел тәуелсіздігін алғаннан кейін көптеген игі шаралар қолға алынды. Дегенмен бүгінде зерттеуді қажет ететін көптеген еңбектер бар. Ел аузында халық әні болып жүрген көптеген әндер зерттеуді қажет етеді. Кезінде марқұм Жәнібек Кәрменов «Қазақ әндерінің» анталогиясын құрастырып шығарған болатын. Бұл анталогия 1991 жылы жарыққа шықты. Аталмыш анталогияда халық арасында аты елге мәлім көптеген әндер өз иесін тапты. Атап айтқанда Сегіз сері Әсет Найманбай ұлы, Шөже ақын және т.б. сол сияқты ақындардың әндері халық әні болып келген. Осындай зерттеулерді Кереку өңірінен шыққан ақын-жыраулардың

еңбектеріне де жүргізу қажет. Солардың бірі Сақау Мәуке ұлы. Сақау Мәуке ұлы XIX ғасырдағы қазақ ақындарының ірі өкілі. Ол Баянауыл ауданының Майөзек аулында туып өскен. Жастайынан өлең-жырға құштар болып, өз тапқырлығымен, даналығымен, ерекшеленіп елге танылды. Өкінішке орай жоғарыда айтқанымызда ақынның шығармалары аз зерттелген.

Тек ауыз әдебиет жиыстырушы Мәшһүр-Жүсіптің ғылым академиясының қолжазба қорында сақталған біраз материалдарында Сақау ақын жайлы айтылады. Бұл қолжазбалардан бізге жеткені Сақау ақынның тоғыз өлеңі, бес айтысы берілген. Әсіресе М. Әуезов «Сақау мен Тоғжан» айтысын жоғары бағалаған. Осы «Сақау мен Тоғжанның айтысын», «Жанақ пен Сақау» айтыстарын қағаз бетіне түсіріп, түсініктеме берген Мәшһүр-Жүсіп Көпеев. Сақау ақынның айтыстары ұшқыр өткірлігімен және бір ізділігімен құнды болып келеді. Оның өлеңдері сол замандағы ащы шындықты, әділетсіздікті жырлады. Сақау ақынның Шоң төреге, Торайғырға, Саржан төреге айтқан өлеңдерінде халықтың сөзін сөйледі. Сақау ақынның ел аузында жүрген бірлі жарым айтыс өлеңдерін жинақтаған Шәймерден Торайғыровтыда атап өткен жөн. Оның жинақтауымен «Сақау мен Тәти», «Сақау мен Шәмшібай», «Сақаудың садыққа айтқаны», «Кәдір Көлбай еліне айтқаны», «Қазанғаптың асында айтқаны» және сол сияқты шығармалары бізге аманат болып жетті. Халық арасында өз өнерімен тәнт еткізген, өкінішке орай заманынан бағасын алалмай кеткен қаншама ақындар бар.

Кезінде өз заманның бұлбұлы болғандардың қатарына Жапар Құттыбай ұлын жатқызуға болады. Суырып салма ақын, әнші, композитор Жапар Құттыбай ұлы жастайынан өнерге құштар болып өседі. Жапар он жасынан өлең шығарып, домбыра тартуды Сақау ақынан үйренеді. Жапар Құттыбай ұлы қазақтың сал-серілерін үлгі тұтты. Әсересе Сегіз серінің өнеріне ынтық болды. Оның тылсым өнерге деген құштарлығы өзінің де өлең шығарып ән салуына әсер етті. Қазақтың атақты Сегіз сері Баһрамұлын өзіне ұстаз тұтты. Сегіз сері дүниеден өткенде қатты қайғырырып оған жоқтау айтып күй шығарды. Сондай-ақ Жапар Құттыбай ұлының атақты ақындар Қожабек, Ажар, Торысбаймен айтыстары халық арасына кең тарады.

Халық әрдайым өнерлі ұлдарын биік ұстап, қадір тұтқан. Әсіресе бұл құрмет өнер иелеріне деген ізметтілік. Сондай құрметке ие болғандардың қатарында Жарылғанберді Жұмабай ұлын айтуға болады. Жарылғанберді әнші, ақын, композитор, жан-жақты талант иесі болған. Сонымен бірге өте сауатты, шығыс поэзиясын білген. Ақындылығымен қоса палуан, саятшы, жыр, қиссаларды жатқа айтқан. Жарылғанбердінің ақындық-әншілік өнерінің өрістеуіне Сегіз сері, Біржал салдардың зор ықпалы болды. Ол Біржан салды өзіне үлгі тұтып, ұстаз етті. Қазақ даласының сан қырлы табиғатын тамашалап сал-серілік дәстүрді жаңғыртты.

Қазақ даласында әуелете ән салып, Сегіз серінің, Ақан сері, Біржанның әндерін насихаттады. Осы дәстүр сабақтастығын бойына сіңірген Жарылғанберді өзі де жанынан ән шығарды. Оның көптеген әндері қазақ ән өнерінің биік шоқтығы болды деуге болады. Өйткені оның «Топай көк», «Шұбар тау», «Шама», «Қаракөз», «Ардақ» сияқты әндері бүгінгі ұрпаққа жетіп отыр. А.В. Затаевич «Азан» әнін музыка өнеріндегі құнды олжа деп баға берген. Қазақ даласын әуелете ән салған Жарылғанберді біржағынан әнші болса да Жаяу Мұсаның тағдырын кешпеді. Олай дейтініміз өз өнерін еркін самғата алды. Мұса Шормановтармен жақсы араласты. Жаяу Мұса Байжан ұлы әнші, ақын, композитор, күрескер болған Жастайынан өнерге құшпар болып өседі. Кейдей отбасында тәрбиеленгендіктен тағдырдың тауқыметінде көп көреді. Ол омбыдағы мектепте білім алған. Орыс мәдениетін менгеріп, гармон, скрипка тартуды да үйренеді. Өз туған жеріне келіп-кетіп жүрген кездерінде, Шорман тұқымдарының кедей кепшікке көрсетіп отырған зорлығын әшкерелеп, газетке жазады. Қоғамдағы әділетсіздікпен күресуі осыдан басталды деуге болады. Жаяу Мұсаның тағдыры бітпес бір дауға айналды десе болады. Оның өмірінің соңына дейін ыза, өмірге деген, әділетсіздікке налу Жаяу Мұса творчествасының басты тақырыбына айналды. Оның «Ақсиса», «Хаулау» әндері осының куәсі. Жаяу Мұса әндерін бірінші рет қағазбетіне түсірген зертеуші А.В. Затаевич. Қазақтың 1000 әні, 500 ән, күйі атты жинаққа оның көптеген әндері енді.

ҚОРЫТЫНДЫ

Павлодар еліміздің мәдениетінің бірден бір танымал өлкесі. Қазақ ән өнерінде өзіндік таңбасы бар, танымал өнерпаздардың отаны болған. Осы композиторлар мен әншілеріміз қазақ музыка өнерінің дамуына орасан зор үлес қосты және ұлттық өнерді әлемдік музыка өнерінің озық үлгілері сай жасай білді.

Халқымыздың бай мәдени, өнер мұрасын, рухани қазынасын, соның ішінде қазақтың ән және әншілік өнерімен жас жеткіншек ұрпақты толығырақ таныстырып, патриоттық, ұлттық тәрбие мақсатында пайдалансақ ұтарымыз көп.

Ән өнері ғасырдан ғасырға халықтың үні, халықтың шежіресі болғандықтан, ұлттық тәжірбиелерге сүйене отырып, өзінің қалыптасқан мәдени-білімдік дәстүрлері мен ұстанымдары бар елдің даму қадамы білімнен басталуы керектігін заманымыз зерделеп берді.

Республикамыздың өркениетті ел болып қалыптасуы барысында рухани жандүниесі бай ұл-қыздар мемлекет байлығы деп қарастырылып, олардың тәрбиесі қоғамдығы басты мәселелердің қатарында шешілуі қажет.

Сондықтан, халқымыздың мәдени, өнер мұрасын, рухани қазынасын, соның ішінде қазақтың әндері және әншілік өнерімен, туған жердің ұлағатты өнерпаз ата бабаларымызбен мақтан тұтып, ұлттық мәдениеті мен өнері ғасырдан ғасырға халықтың шежіресі болып жете беруіне оның ұрпақтан ұрпақ мұра болып қала беруі бүгінгі біздің парызымыз.

ПАЙДАЛАНҒАН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ

- 1 Сейдімбек А. Алты томдық шығармалар жинағы. Т.2. – Астана. Фолиант, 2010. – 816 бет.
- 2 Мұқанов С. Халық мұралары. – Алматы: Қазақстан, 1994. – 101 б.
- 3 Табылдиев Ә. Халық тағылымы. – Алматы: Санат, 1992. – 88 б.
- 4 Басенов Т.К. Орнамент Казахстана в архитектуре. – А., Изд. Ан. Каз ССР, 1957. – 7-126 б.
- 5 Калиев С., Базилов Ж. Қазақ халқының салт дәстүрлері және демократ ағартушылары. – Алматы: РБК, 1993. – 247 б.
- 6 Маргулан А. О носителях древней поэтической культуры казахского народа // М.О. Ауэзов: к его 60-летию. – Алма-Ата, 1959. – 121 с.
- 7 Косиченко А.Г. Наука и ее методологии в культурном контексте // Методология науки в контексте восточной и западной культур. – Алматы, 1998. – С. 6-25..
- 8 Ильминский И.И. Материалы к изучению киргизского языка. – СПб., 1861. – 300 с.
- 9 Апсаттаров Р.Б. Национальные процессы: особенности и проблемы // научные издания. – Алма-Ата: Ғылым, 1995. – 245 с.
- 10 Турсунов Е.Д. Древние типы носителей казахского фольклора // научные издания. – Алматы, 2003. – 206 с.
- 11 Жарықбаев Қ., Наурызбай Ж. Қазақтың ұлттық тәлім-тәрбие атауларының түсіндірме сөздігі. – Алматы: Ғылым, 1993. – 234 б.
- 12 Табылдиев Ә. Қазақ этнопедагогикасы. – Алматы: Санат, 2001. – 284 б.
- 13 Бахтин М. Вопросы литературы и эстетики // научные издания. – Алматы: Жазушы, 1975. – 256 с.
- 14 Дюсембинова Р.К. Музыкально-эстетическое воспитание школьников средствами казахского народного песенного творчества: автореф. дис... канд. пед. наук. – Алма-Ата, 1992. – 25 с.
- 15 Абу Насыр аль-Фараби. Естественно-научные трактаты // научные издания. – Алма-Ата.: Наука, 1987. – 282 с.

16 Радлов В.В. Образцы народной литературы северных тюркских племен // научные издания. V. Сбор. 1885. – 167 с.

17 Сарыбеков Ж. Воспитание к любви и природе // научные издания. – Алматы: Рауан, 1994. – 192 с.

18 Ахметжанова К. Традиционная культура как основа идентификации казахского этноса //: дис. док. философ. / Вост.-Каз. гос. ун. им С. Аманжолова. – Алматы, 2006. – 256 б.

19 Баймағанбетова Ж.Т. Қазақ ақын-жыраулармұрасындағы жас кезеңдеріне қатысты тәлім-тәрбиелік ой-пікірлері (XVIII–XIX ғғ.). – Алматы, 2004. – 148 б.

20 Измайлов А. Народная педагогика, педагогические воззрения народов Средней Азии и Казахстана. – М., 1991. – 154 с.

Е. Жанайхан¹, Б.С. Жандарбекова¹

Развитие музыки в Павлодарском Прииртышье в XIX–XX веках

¹ Факультет педагогики и спорта,
Павлодарский государственный педагогический университет,
г. Павлодар, Павлодарская область, Республика Казахстан.

E. Zhanayhan¹, B.S. Zhandarbekova¹

The development of music in the XIX–XX centuries in Pavlodar and the Irtysh region

¹ Faculty of Pedagogy and Sports,
Pavlodar State Pedagogical University,
Pavlodar, Pavlodar region, Republic of Kazakhstan

Аннотация

В статье автор рассказывает о выдающихся певцах, композиторах, величайших деятелях искусства, которые родились в священном Прииртышье и Баянаульском крае и об их трудах, внесенных в национальное искусство. Духовные деятели казахского искусства имели прямую связь с современным духовным процессом, анализируя творчество, созданную плодотворную культуру тесно связанную с исторической и социальной реальностью народа. Павлодар стал одним из самых популярных регионов культуры страны в казахском музыкальном искусстве, родиной известных исполнителей, которые внесли огромный вклад в развитие казахского музыкального искусства.

Ключевые слова: Иртыш, Баянауыл, духовный процесс, художественная поэтика, эстетический вкус, сал-сері, музыкальный вкус, художественное произведение, песенные традиции, композитор, стихотворение-жыр, образ, вариант.

Summary

In the article the author will tell about famous singers, composers, great artists born in the Holy Irtysh and Bayanaul region, as well as about his works included in the national art. Pavlodar became one of the most famous cultural regions of the country in the Kazakh musical art, the homeland of the outstanding performers who made a great contribution to the development of the Kazakh musical art, and showed that the national art combines the best examples of world musical art.

This article is a significant contribution to the success of the cultural, artistic heritage, spiritual values of our people, including Kazakh songs and song art, as well as the artistic heritage of our country and the centuries-old chronicle of national culture and art.

Key words: Irtysh, Bayanaul, a spiritual process, art poetics, aesthetic taste, of Sal-Seri, taste in music, artwork, song tradition, the composer, poem, Zhyr, picture, option.

МРНТИ 14.23.07

Ы.Б. Шақаман¹, Г.Қ. Ахметова¹

¹Гуманитарлы факультет,
Павлодар мемлекеттік педагогикалық университеті,
Павлодар қ, Павлодар облысы, Қазақстан Республикасы
e-mail: rayu-s7@mail.ru, 1974.gul@mail.ru

**А. ҚҰНАНБАЙҰЛЫ ӨЛЕҢДЕРІНДЕГІ БАҒДАРЛЫ
МЕТАФОРАНЫҢ МАЗМҰНДЫҚ ТҮРЛЕРІ**

Аңдатпа

Мақала семантика саласында соңғы кезде гана қарастырыла бастаған бағдарлы метафоралардың қалыптасу негізін зерттеуге арналған. Мақалада Абайдың лирикалық шығармаларындағы бағдарлы метафоралардың мағыналық топтары қарастырылады, сондай-ақ ұлы ақынның лирикалық өлеңдеріндегі бағдарлы метафораларға концептуалдық талдау жасалып, нақты мысалдар негізінде дәйектеледі. Сонымен қатар, мақала негізінде еңбектерінде метафораны зерттеген қазақ тілшілерінің дәйексөздері мен пайымдаулары келтіріледі. Бағдарлы метафораның қалыптасу негізін ашуға талпыныс жасалады. Бағдарлы метафораның қалыптасу ерекшеліктерін көрсету үшін қазақтың ұлы ақыны А.Құнанбаевтың өлеңдер жинағынан мысалдар алынды.

Тірек сөздер: бағдарлы метафора, когнитивтік теория, концепт, кеңістік, бағыт.

КІРІСПЕ

Дәстүрлі еңбектерде метафора тілді көркемдеуші құрал ретінде алынып, танытылады. Метафора көркем әдебиет пен шешендік өнерде әсер ету қызметі тұрғысынан қарастырылды. Қазір метафораның тілдік сипатына назар аударылып, көңіл бөліне бастады. Бұл бағытта адамның ойлауы мен метафора байланысы, жалпы тіл білімінің заңдылықтары негізінде назарға іліне бастады.

Метафора айқындауыш құрал емес, лексикалық, сөзжасамдық, танымдық ерекшеліктерді ашатын тілдік құрал екені зерттеуге түсіп жатыр. Күнделікті тілдің қатысымдық қызметінде метафора зат-құбылыстарды атауда тиімді әрі жиі жұмсалатын тәсіл болып табылады.

Бағдарлы метафора адамзаттың өмірлік тәжірибесі барысында кеңістіктегі бағытқа негізделіп, санада туындаған ұғымнан қалыптасады. Мұндай метафоралар кеңістік мазмұнының бағыттық ұғымын айқындап, «*жоғары – төмен*», «*ішкі – сыртқы*», «*алдыңғы жақ – артқы жақ*», «*терең – таяз*», «*орталық – жанама*» түріндегі қарама-қарсы түсініктерді ашуға көмектеседі.

Осы кезге дейін құрылымдық метафоралар зерттелді. *Бағдарлық метафоралар* кеңістіктегі бағыт-бағдармен байланысты: «*үсті – асты*», «*іште – сыртта*», «*алды – арты*», «*үстінде – үстiнен*», «*терең – таяз*», «*орталық – шеткі*» деген мазмұндарды ашады.

Бағдарлы метафора концептіге кеңістіктік бағдар ұғымын жинақтайды. Мысалы: **БАҚЫТ** – қуаныш сезімін білдіріп, «**жоғары**» деген бағыттағы кеңістікке сай келеді: *Мен өзімді бүгін шаттықтың биігінде сезінемін*. Осындай метафора адамзаттың физикалық/мәдени тәжірибелік дағдысынан мазмұндалып, туындайды.

Өмірдегі қарама-қарсылық түсінігі («*үсті – асты*», «*іші – сырты*») физикалық ұғымға жатады, соған негізделген бағдарлық метафора жеке ұлттық мәдениет ерекшелігіне қарай тұлғасы өзгеріп отырады.

Абай өзінің әдеби мұрасында бағдарлы метафоралы қолданысының ерекше үлгісін ұсынды. Оның өлең құрылысына қыруар жаңалық қосып, жаңа көркемдеу тәсілдерін ұсынғандығын бір ғана метафоралық қолданыстарынан да байқауымызға болады.

НЕГІЗГІ БӨЛІМ

Б. Хасанов тура мағына ауыспалы мағынаның жасалуына себепші екенін: «Тура мағынадағы сөздерге жалпылық қасиет тән болса, метафоралық мағынадағы

сөзден алдымен нақтылық пен образдылық байқалады, өйткені тура мағынадағы сөзде зат пен құбылыстың жалпы белгілері сақталса, метафораландырғанда, көбінесе олардың ең қажетті, дәл сол сәтте керекті белгі, қасиеті алынады» – деп атап өтеді [3,168]. Бірақ қазақ зерттеушілерінде жалпы метафора мәні мен қызметі туралы пікірлер айтылғанмен, бағдары метафора мәселесі нақты қаралмаған. Осыған байланысты біз өз тарапымыздан Абай шығармасына тілдік талдау беру арқылы бағдарлы метафора түрлерін танытуды мақсат етіп отырмыз.

Абайдың лирикалық шығармасындағы бағдарлы метафораны мағыналық топқа бөлуге болады:

1) **Бақыт(жоғары) – Қайғы (төмен) мағынасындағы метафора:**

Абайдың *Жігіттер, ойын арзан, күлкі қымбат, Екі түрлі нәрсе сыр мен сымбат* [1, 30-б.] – деген өлеңінде бағдарлы метафораға қатысты деректі ашуға болады. Мұндағы «күлкі» қолданысы бір қарағанда, жай сөз болып қабылданып тұрғанмен, «қымбат» сөзімен тіркесіп, мәні артып тұр және ол *қуаныш, шаттық* сөзінің орнына қолданылғандықтан, метафора болады. Ол жағымды мағыналы және *қуаныш, шаттық* мәніндегі метафора қызметін атқарады, сонымен бірге «жоғары», «үстіңгі» мәндегі бағдарлы метафора болады.

Ал «ойын» – бұл арада төмен бағытты сөз. Өйткені ол арзанға бағаланып, «күлкі» – мен салыстырғанда, адамды аздыру мәніндегі бағдарлы метафораға айналған. Оның метафора болуы өзінің тікелей мағынасында тұрмауына байланысты шешіледі. Бұл сөз – «бос жүріс, бос уақыт өткізу» деген ойды білдіруіне қарай метафоралы қолданыс болады.

Алай бұл екі сөздің екі түрлі бағыттағы бағдарлы метафора болуы олардың өзінен тікелей шығып тұрған жоқ, олардың қарама-қарсылығы «*арзан мен қымбат*» сөздерімен қиыса байланысуынан шығып, метафоралы болып тұр. Олар жекелей алғанда метафоралы қолданыс та емес, осы сөздермен предикаттық байланыста тұрып, тұтас сөйлем метафораға айналған.

Өйткені ақын *ойын және күлкі* сөздерін қарама-қарсы құбылыс етіп қою үшін әдейі *арзан мен қымбатты* қатар алып, метафоралы қолданысқа айналдырып, өз пайымын жеткізеді. Ал ауызекі сөйлеуде *ойын мен күлкі* бірі бірінен ажыратылмай, екеуі өзара жақын, мәндес құбылыс болып қолданылатыны сөзсіз. Бірақ ақын осы екі құбылыстың ара жігін мәтін аясында басқаша ашып, әрбірінің мәнін нақты көрсетеді. Сол үшін антонимдік қатынастағы екі сөзді таңдап алған: ***арзан – қымбат***. Өлеңнің мағыналық өзегі мен құрылым жүйесі үшін «ойынның арзан» болуы қаншалықты шешуші болса, соған орай «күлкінің қымбат» болуы соншалықты маңызды. Сонда «*ойын арзан*» «*Қайғы*» мағыналы топтағы метафора жүйесінде болса, «*күлкі қымбат*» қиысуы «*Бақыт*» мағыналы топтағы метафораға жатады.

2) «Сана (жоғары) – Бейсаналылық (төмен)» мағынасындағы метафора:

«Тәңірінің күні жарқырап, **Ұйқыдан көңіл ашар көз**» [1, 152-б.] қолданысы *тұру, түрегелу* деген мағынадағы бейнелі сөз. «Ұйқы – бейжайлық пен бейсаналылықты, ештеңе ойламау, селсоқтық сияқты тб. түсініктерді беруде жұмсалса, *көңілдің ашылуы* сергектік, ширақтықты беру үшін қызмет етеді.

3) «Денсаулық пен Өмір (жоғары) – Ауру мен Өлім (төмен)» мағынасындағы метафора:

Өмір жолы – тар соқпақ, бір иген жақ,

Иіліп, екі басын ұстаған хақ [1,135 б.]

4) Білік пен күш (жоғары) – Бақылау мен Бағыну (төмен) мағынасындағы метафора:

«Ер жеткен соң түспеді **уысыма**: Қолымды мезгілінен кеш сермедім» [1, 19-б.] – деген өлең жолдарында «билік» – жоғары бағдардағы метафора қолданысы болып табылады. «Би мен болыс алады **күшін сатып**» тармағында **бағыну – жоғары бағдар**

«Мен қазақтан кегінді ап берем», – деп [1, 22-б.]

Төре болдың, бас болдың –

Көкірегіңді кермедің. [«Әбдірахман өліміне», 1, 141-б.]

Қол жеткізе алмаған мақсат және билік биіктікпен салыстырылса, биліктен айрылуды төменмен теңестіреді. Мысалы:

Халық билеген патшалар

Уақыты жетсе, **құлайды**

[«Әбдірахманның әйелі Мағышқа Абайдың айтқан жұбатуы», 1, 144-б.]

Ал мына берілген мысалда да мансап, билік, жоғарыға бағытталғандығын аңғарамыз:

Күшті жықпақ, бай жеңбек әуел бастан,

Қолға түсер, сілесі әбден қатып.

[«Байлар жүр жиған малын қорғалатып», 1, 26-б.]

Күштілерім сөз айтса, бағыну-төмен

Бас изеймін шыбындап,

Әлсіздің сөзін салғыртсып, өзін жоғары санау биліктегі – жоғарыға бағдар.

Билік, күш, әлсіздік, бағыныштылық ассоциациялары ішкі мағыналық құрылымында басқару, бағыну деген адамның ішкі дүниесімен астасып жатыр.

5) Көп үстіне бағытталған; аз – астына

Сөз көбейді, ұлғайды.

Мақтанның к... көрінді. [«Күлембайға», 1, 62-б.]

Ұлғаю, көбею, көп, жоғары бағыт-бағдар.

6) Келешекте болатын оқиғалар – үстінде жоғарыда (және алда)

Аударылып қонысы,

Алыстан дәм татады. [«Сабырсыз, арсыз, еріншек», 1, 45-б.]

Дұрыс нәрсе, әрекет – жоғары бағытталған, арты – өткен іс, төменгі бағдар.

Баяндалатын жайт адамзаттың ғасырлар бойы жинақталған бай тәжірибесі мен білімінің көрінісі, сондықтан да заттар мен құбылыстар туралы адам санасындағы қалыптасқан ұғымдардың олардың айрықша белгілері арқылы сақталады. Деген мысалда бүгінгі дәуренің өтері анық екендігін жалын мен шоқ арқылы бағдар жазап отыр.

Бүгін – жалын, ертең – шоқ,

Сөзі мен өзі бөлініп. [«Дүтбайға», 1, 170-б.]

7) Жақсылық жоғарыға бағытталған; жамандық-төменге

Тіл бірліктерінің жасалуында тек қана тілдік факторларды ғана ескеру жеткіліксіз, оның уәждемесіндегі тілдің ішкі, сыртқы заңдылықтарын есепке алу қажет. Метафора арқылы тіл қолданушы шындық өмірдегі зат, құбылыстардың белгілерін танып, олардың ұқсастықтарын аша отырып, салыстыра қолданады. Сондықтан, оларды адамның бай тәжірибиесінен жинақтаған білім қорын есепке ала отырып талдауымыз қажет. Мысалы,

Қартайдық, қайғы ойладық, ұйқы сергек,

Ашуың – ашыған у, ойың кермек.

[«Қартайдық, қайғы ойладық, ұйқы сергек», 1, 20-б.]

Ашу – у, ашудың берер нәтижесін умен ауыстырар болса, у – *төменгі бағыт, ойың кермек төменгі бағытты береді.*

Қанат, құйрық суылдап, ысқырады,

Көктен қыран сорғалап құйылғанда.

[«Қансонарда бүркітші шығады аңға», 1, 17-б.]

Біреуі – **көк тағысы**, біреуі – **жер тағысы**,

Адам үшін батысып қызыл қанға.

[«Қансонарда бүркітші шығады аңға», 1, 17-б.]

8) Ізгілік үстіне сәйкес; әдепсіздік – төмен.

Адасқанның **алды – жөн, арты – соқпақ**,

Оларға жөн **арамның сөзін** ұқпақ.

[«Адасқанның алды – жөн, арты – соқпақ», 1, 28-б.]

Шығып кетер я қалғыр,
Оған ақыл – арам без.

[«Білімдіден шыққан сөз», 1, 68-б.]

Жылмаңы сыртта, іші арам
Кез болар қайда сорлыға.

[«Жастықтың оты жалындап», 1, 102-б.]

Адам мінезінің жамандығы төменгі ұғым ретінде алынса, ізгі қасиеттері жоғары жаққа қойылады. Жоғарыда берілген мысалдардан көріп отырғанымыздай, ойды қалыптастырушы тәсіл ретінде метафоралардың туындауының да өз уәжі бар, сондықтан метафоралардың мағына негізділігі олардың ішкі мағыналық құрылымына енген білім қорының ақпараттары арқылы түсіндіріледі.

**9) Парасатты жоғарыға бағытталған;
Сезімдік әсерлік – төменге**

**Бір күшті көп тентекті жыға алмай жүр,
Іште жалын дерт болып, шыға алмай жүр.**

[«Көңілім қайтты достан да, дұшпаннан да», 1, 27-б.]

Ақын айтқан **жыға алмай, шыға алмай жүр** тіркестеріндегі етістіктер поэтикалық мағынада жұмсалған. Іштегі дерт, жалын метафоралық сөз қолданыстар жасап тұр.

**Жасы кіші үлкеннен ұялмай жүр,
Сұрамсақтар нәпсісін тыя алмай жүр** [1,27-б.]

Жарлылық, жалынышты жалтаң көздік – күрделі метафора, төмен бағыт.

Метафоралануда бейнелілік заттар мен құбылыстардың ұқсастығын танудан, бір категориядағы нысандарды өзге категорияға ауыстырудан туындайды.

Сүйкімі, икемі жоқ шалдуарлық.

[«Бір дәурен кемді күнге бозбалалық», 1, 29-б.]

Әуелде бір суық мұз – ақыл зерек, суық мұз төмен бағыт

Жылытқан тұла бойды ыстық жүрек. *Ақыл-парасат жоғарыға бағытталған* [1,76-б.]

ҚОРЫТЫНДЫ

Қорыта келгенде, ауыз әдебиеті өзіне шейінгі тарихи әдебиеттердегі метафоралардың бар үлгілерін Абай толық меңгеріп, өз өлеңдерінде олардың әр түрін де кіргізумен қатар, өзінше әр түрлі сөз байланысы, сөйлем құрылыстарын жасап, қазақтың әдеби тіліне, толып жатқан жаңа метафора кіргізді. Метафораның ұлғайған түрлерінің кейбіреулерін өзінің бұрынғы байырғы қалпынан өзгертіп, жоғарғы мәдениеттілік сатыға жеткізді. Метафора мен эпитет, антитеза мен метафоралардың байланысын күшейтіп, олардың тамаша үлгілерін қалдырды. Ақын айтайын деген ой-пікіріне лайықты сөз таңдап, әр сөз пікірдің көлеңкесі болып, қалай тізілуі керек, оларды метафорада қалай қолданудың өнегелерін көрсетті.

Ұлы ақын метафоралық баяндаудың ерекше үлгілерін ұсынған. Осы рекшелік жұмысымызда нақты мысалдармен атап көрсетілді. Қарапайым оқырман бірден ажырата алмайтын индивидуалдық метафоралық қолданыстар Абайда көп кездеседі. Ішкі немесе сыртқы формасының ұқсастығына қарап бір нәрсені болмаса бір құбылысты екінші нәрсеге ұқсату негізінде автордың «қиыннан қиыстыра» білу шеберлігі атап көрсетілді. Абай қолданған метафоралар нақты және абстракты мәнге ие болумен бірге ойды ажарлы да айшықты жеткізуде үлкен рөл атқарады.

Жерлес ақынымыз М. Әлімбаев сөзімен айтқанда, «Абай метафоралары, ұқсатулары, теңеулері құлаққа тосын естілетіндей болса да тыңдағаныңда, оқып шыққаныңда қазақ халқының келбетін анық та дәл жеткізетін, еш уақытта тозбайтын, мәңгілік қолданылатын әдеби құрал, асыл мұра» болып қала бермек.

Ақынның айтпақ ойын нақты, анық етіп әрі мейлінше әсерлі жеткізеді. Бағдарлы метафораларға Абай лирикасы аса бай.

ПАЙДАЛАНҒАН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ

1 Азмухамбетов Ш. Зачем человеку зрячее око? [Текст] // Соколиная судьба / Ш. Азмухамбетов. – Усть-Каменогорск, 2006. – С. 118-124.

2 Азмухамбетов Ш. Соколиная судьба [Текст] / Ш. Азмухамбетов. – Усть-Каменогорск: [б. и.], 2006. – 351 с.: ил.

3 Актанова С.З. Музыкально-поэтическое наследие Абая: актуальность и востребованность [Текст] / С.З. Актанова // Абай и XXI век: материалы международной научно-практической конференции, 21–22 октября 2005 г. / Министерство образования и науки РК, Акимат Восточно-Казахстанской обл., Международный

клуб Абая, Городское общество «Қазақ тілі», ВКГТУ им. Д. Серикбаева. – Усть-Каменогорск: ВКГТУ, 2005. – С. 16-24.

4 Боюбаева С.К. Значение «Слов назидания» Абая Кунанбаева в воспитании нравственного сознания читателя [Текст] / С.К. Боюбаева; науч. руководитель А.Н. Даниярова // Чистяковские чтения: материалы регионального семинара (14 апреля 2007 г.) / Министерство образования и науки Республики Казахстан, Казахстанско-Американский свободный университет. – Усть-Каменогорск, 2007. – С. 210-215. – ISBN 9965-9684-8-9

5 Григорьев Е.И. Абай и духовно-культурная безопасность Казахстана в контексте межкультурных противоречий в современном мире [Текст] / Е.И. Григорьев // Абай и XXI век: материалы Международной научно-практической конференции, 21–22 октября 2005 г. / Министерство образования и науки РК, Акимат Восточно-Казахстанской обл., Международный клуб Абая, Городское общество «Қазақ тілі», ВКГТУ им. Д. Серикбаева. – Усть-Каменогорск: ВКГТУ, 2005. – С. 60-64.

8 Жотабаева Н.К. Абай и современное содержание образования [Текст]: (из опыта работы специализированных школ) / Н.К. Жотабаева // Абай и XXI век: материалы Международной научно-практической конференции, 21–22 октября 2005 г. / Министерство образования и науки РК, Акимат Восточно-Казахстанской обл., Международный клуб Абая, Городское общество «Қазақ тілі», ВКГТУ им. Д. Серикбаева. – Усть-Каменогорск: ВКГТУ, 2005. – С. 91-94.

9 Жуманазар С.А. и др. Социально-экономические воззрения Абая [Текст] / Жуманазар С.А., Джуманазаров М.С., Джуманазарова Ж.С. // Абай и XXI век: материалы Международной научно-практической конференции, 21–22 октября 2005 г. / Министерство образования и науки РК, Акимат Восточно-Казахстанской обл., Международный клуб Абая, Городское общество «Қазақ тілі», ВКГТУ им. Д. Серикбаева. – Усть-Каменогорск: ВКГТУ, 2005. – С. 94-98.

10 Захарова Т.В., Шатобина Т.В. Роль Абая Кунанбаева в формировании казахской письменной литературы [Текст] // Абай и XXI век: материалы Международной научно-практической конференции, 21-22 октября 2005 г. / Министерство образования и науки РК, Акимат Восточно-Казахстанской обл., Международный клуб Абая, Городское общество «Қазақ тілі», ВКГТУ им. Д. Серикбаева. – Усть-Каменогорск: ВКГТУ, 2005. – С. 102-110.

11 Ибрагимова С.С. Абай о проблемах общечеловеческих ценностей [Текст] / С.С. Ибрагимова // Абай и XXI век: материалы Международной научно-практической конференции, 21-22 октября 2005 г. / Министерство образования и науки РК, Акимат Восточно-Казахстанской обл., Международный клуб Абая, Го-

родское общество «Қазақ тілі», ВКГТУ им. Д. Серикбаева. – Усть-Каменогорск: ВКГТУ, 2005. – С. 111-117.

12 Калдыбаева Т.Ж. Абай и Григорьев: созвучность мировоззрений [Текст] / Т.Ж. Калдыбаева // Абай и XXI век: материалы Международной научно-практической конференции, 21-22 октября 2005 г. / Министерство образования и науки РК, Акимат Восточно-Казахстанской обл., Международный клуб Абая, Городское общество «Қазақ тілі», ВКГТУ им. Д. Серикбаева. – Усть-Каменогорск: ВКГТУ, 2005. – С. 147-151.

13 Кимасов А.В. Философские основания мировоззрения Абая [Текст]/ А.В. Кимасов // Абай и XXI век: материалы Международной научно-практической конференции, 21-22 октября 2005 г. / Министерство образования и науки РК, Акимат Восточно-Казахстанской обл., Международный клуб Абая, Городское общество «Қазақ тілі», ВКГТУ им. Д. Серикбаева. – Усть-Каменогорск: ВКГТУ, 2005. – С. 183-186.

14 Краснобаева Н.Л. Грамотность населения Казахстана во времена Абая [Текст] / Н.Л. Краснобаева// Абай и XXI век: материалы Международной научно-практической конференции, 21-22 октября 2005 г./ Министерство образования и науки РК, Акимат Восточно-Казахстанской обл., Международный клуб Абая, Городское общество «Қазақ тілі», ВКГТУ им. Д. Серикбаева. – Усть-Каменогорск: ВКГТУ, 2005. – С. 193-200.

15 Крыкпаев М.К. Нравственно-гуманистическая идея слов [Текст]/ М.К. Крыкпаев// Абай и XXI век: материалы Международной научно-практической конференции, 21-22 октября 2005 г./ Министерство образования и науки РК, Акимат Восточно-Казахстанской обл., Международный клуб Абая, Городское общество «Қазақ тілі», ВКГТУ им. Д.Серикбаева. – Усть-Каменогорск: ВКГТУ, 2005. – С. 200-204.

16 Мамырханова А.М. Абай и казахская национальная интеллигенция начала XX века [Текст] / А.М. Мамырханова// Абай и XXI век: материалы Международной научно-практической конференции, 21-22 октября 2005 г. / Министерство образования и науки РК, Акимат Восточно-Казахстанской обл., Международный клуб Абая, Городское общество «Қазақ тілі», ВКГТУ им. Д. Серикбаева. – Усть-Каменогорск: ВКГТУ, 2005. – С. 220-224.

17 Мартыненко С.В. Роль творческого наследия Абая Кунанбаева в формировании духовной личности [Текст] / С.В. Мартыненко // Абай и XXI век: материалы Международной научно-практической конференции, 21-22 октября 2005 г. / Министерство образования и науки РК, Акимат Восточно-Казахстанской обл., Международный клуб Абая, Городское общество «Қазақ тілі», ВКГТУ им. Д. Серикбаева. – Усть-Каменогорск: ВКГТУ, 2005. – С. 224-228.

Ы.Б. Шакаман¹, Г.К. Ахметова¹

**Содержательные формы ориентированной метафоры
в стихотворениях А. Кунанбаева**

¹Гуманитарный факультет,
Павлодарский государственный педагогический университет,
г. Павлодар, Павлодарская область, Республика Казахстан.

I.B. Shakaman¹, G.K. Ahmetova¹

Content-oriented forms of metaphor in A. Kunanbayev's poems

¹Faculty of Philology,
Pavlodar State Pedagogical University,
Pavlodar, Pavlodar region, Republic of Kazakhstan.

Аннотация

Статья посвящена исследованию основ формирования ориентированных метафор, изучающихся в семантической науке только в последнее время. В статье рассматриваются смысловые группы ориентированных метафор в лирических произведениях Абая, а также проведен концептуальный анализ ориентированных метафор в стихах великого поэта на основе конкретных примеров. Кроме того, на основе статьи приводятся цитаты и суждения казахских корреспондентов, изучающих метафору, делается попытка раскрыть основы формирования ориентированной метафоры. Для того чтобы показать особенности формирования ориентированной метафоры были отобраны примеры из сборника стихов Абая Кунанбаева.

Ключевые слова: ориентированная метафора, когнитивная теория, концепт, пространство, направление.

Summary

This article is devoted to the studying of the foundations of the formation of oriented metaphors that have been studied in semantic science only recently. The article discusses the semantic groups of oriented metaphors in the lyrical works of Abay, and also carried out a conceptual analysis of oriented metaphors in the poems of the great poet based on concrete examples. In addition, based on the article, quotes and judgments of Kazakh correspondents studying metaphor are cited, an attempt is made to reveal the basis for the formation of a oriented metaphor. In order to show the peculiarities of the formation of a oriented metaphor, examples were selected from the collection of poems by Abay Kunanbayev.

Keywords: oriented metaphor, cognitive theory, concept, space, direction

МРНТИ 29.01.45

О.М. Тұрлыбек¹, Р.Н. Асылбаев¹

¹Жаратылыстану факультеті,
Павлодар мемлекеттік педагогикалық университеті
Павлодар қ., Павлодар облысы Қазақстан Республикасы
e-mail: meyrambayuly@gmail.com, ruslanassylbay@yandex.ru

**«ҚАТТЫ ДЕНЕ ФИЗИКАСЫ» ЭЛЕКТИВТІ ОНЛАЙН КУРСЫН
ҚҰРАСТЫРУ МЫСАЛЫ НЕГІЗІНДЕ ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРНЫНДАҒЫ
ФИЗИКА БОЙЫНША ҚАШЫҚТЫҚТАН ОҚЫТУ
ТЕХНОЛОГИЯСЫНЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІН ЗЕРТТЕУ**

Аңдатпа

Жаһандық қарыштап даму толқыны білім саласының бір қалыпта тұрмайтынын көрсетті. Уақыт өткен сайын білімге деген сұраныс арта түсіп жатыр. Соның нәтижесінде, білім берудің түрлі әдістері өмірімізде тәжірибеге енді. Соның бірі – қашықтықтан оқыту.

Қашықтықтан оқыту – заман мен қоғам талабына сай дамып келе жатқан әдістердің бірі. Аталған әдіс білім саласының барлық пәндерін, соның ішінде физиканы да оқытуға құзыретті.

Қазіргі таңда қашықтықтан білім алуға деген сұраныстың көп болуына байланысты, аталған сала жеке зерттеу нысанына алынуы қажет. Мақала, дәл осы бағытта, қазіргі заманғы білім беру технологияларының бірі - қашықтан оқыту технологиясына арналған және осы оқыту әдісін «Қатты дене физикасы» бағытында қолданудың ерекшеліктері қамтылған. «Қатты дене физикасы» саласын қашықтықтан оқыту әдісін дамытудың негізгі бағыттары көрсетілген.

Тірек сөздер: қашықтықтан оқыту, педагогика, физика, жаңа технология, интернет, қатты дене физикасы.

КІРІСПЕ

Білім беру технологиясының көп түрлері бар. Солардың бірі қашықтықтан оқыту. Қашықтықтан оқыту (ҚО) – білім алушы мен педагог қызметкердің жанама (алыстан) немесе жартылай жанама өзара іс-қимылы кезінде ақпараттық-коммуникациялық технологияларды және телекоммуникациялық құралдарды қолдана отырып жүзеге асырылатын оқыту формасы, яғни интернет желілерінің көмегімен белгілі бір арақашықтықта оқытуды іске асыру технологиясы.

НЕГІЗГІ БӨЛІМ

ҚО ұйымдастырудың негізгі 3 формасы бар:

1. *Online*. Онлайн режимдегі оқыту дегеніміз – интернет ресурстарының көмегімен ағымдағы уақытта белгілі бір қашықтықта мұғалім экранын көру арқылы оқытуды ұйымдастыру формасы.

2. *Offline*. Оффлайн режимдегі оқыту дегеніміз – интернет ресурстарының көмегімен (электрондық пошта) мұғалім мен оқушы арасындағы ақпарат алмасуды қамтасыз етуге мүмкіндік беретін оқытудың формасы.

3. *Webinar*. Вебинар дегеніміз – интернет желілерінің көмегімен семинарлар мен тренингтер өткізу формасы.

Қашықтықтан білім беру технологиясының келесі *артықшылықтарын* бөліп айтуға болады:

- Кез-келген уақытта білім алу мүмкіндігі

Қашықтықтан оқыту арқылы студент оқу барысында материалды оқып-үйренуге қанша уақыт жұмсайтынын өз бетінше шеше алады. Ол өзі үшін жеке жаттығу кестесін құрастырады.

- Өз қарқынымен жұмыс жасау мүмкіндігі

Студенттер өз қатарластарынан білім деңгейі төмен болып қалудан қорқудың алдын алады. Білім алушының әрдайым күрделі мәселелерді зерттеуге, бейне-дәрістерді бірнеше рет көруге, мұғаліммен хат алмасуға және белгілі тақырыптарды өткізіп жіберген жағдайда қайта көруге мүмкіндігі болады. Ең бастысы, аралық және қорытынды аттестациядан табысты өту.

- Кез-келген жерде оқуға мүмкіндігі

Студенттер әлемнің кез-келген жерінен, өз үйінен немесе кеңсесінен шықпай-ақ оқи алады. Оқуды бастау үшін Интернетке кіру мүмкіндігі бар компьютер болуы керек. Күнделікті негізде оқу орнына барудың қажеті жоқ, мүгедектер үшін, қиын жерлерде тұратын, кішкентай балалары бар ата-аналар үшін зор мүмкіндік.

- Жоғары оқу нәтижесі

Американдық ғалымдар көрсеткендей, қашықтықтан білім беру нәтижелері білім берудің дәстүрлі нысандарының нәтижелерінен кем түспейді. Студенттер оқу материалының көп бөлігін өз бетімен оқиды. Бұл тақырыпты есте сақтауды және түсінуді жақсартады. Ал білімді практикада дереу қолдануға қабілетті, оның жұмысында оны нығайтуға болады. Оған қоса, оқытудың жаңа технологияларын қолдану оны талпындырады.

- Оқу материалдарының болуы

Оқулықтар, проблемалық кітаптар мен оқу-әдістемелік кешендердің жетіспеушілік мәселесі студенттерге қиындық туғызбайды. Университеттің сай-

тында тіркелгеннен кейін студентке барлық қажетті әдебиеттер қолжетімді, қосымша оқу материалын пошта арқылы алады.

- Оқытушыға ыңғайлы

Педагогикалық қызметпен айналысатын мұғалімдер, оқытушылар, педагогтар қашықтан жұмыс істей алады. Демалыста бола отырып студенттермен жұмыс жасай алады.

- Жеке көзқарас

Дәстүрлі оқыту арқылы мұғалімге топтағы барлық студенттерге қажетті көлемде көңіл бөлу керек, олардың әрқайсысының қарқынын түзету қажет. Қашықтықтан оқыту технологиясын қолдану жеке тәсілдерді ұйымдастыру үшін жарамды. Оқушы өзін өзі үйрену қарқынын таңдағанымен қатар, мұғалімнен тұннайтын сұрақтарға тез жауап ала алады.

Қашықтықтан оқыту технологияларының келесі тиімді әдістерін атап кетуге болады: Олардың ішіндегі ең кең тарағандары:

– Чат-сабақ – белгілі-бір уақыт ішінде Интернет жүйесінде барлығына сабақ бірдей өткізіледі. Сондықтан бұл сабақтың алдын ала кестесін жасалады, сұрақтар, проблемалар тізімі беріледі. Бұл сабақтың барысын жазып алып отыру қажет, себебі кейінгі талдауда қажет болады. Бұл жерде де Интернет мүмкіндіктерімен қатар, инновациялық технологиялар маңызды орын алады.

– ҚО дәрістері, дәстүрлі дәрістерден айырмашылығы, оқытушымен тікелей қатынасуды болғызбайды. Дегенмен, бірнеше артықшылық жақтары да бар. Дәрістерді жазу үшін аудио және бейне-ақпарат тасығыштар, CD/DVD дискілерді және т.б. қолданады. Жаңа ақпараттық технологияларды (гипермәтін, мультимедиа технологиясын және т.б.) қолдану дәрістерді көрнекі және мазмұнды түрде береді. Мұндай дәрістерді кез келген уақытта, кез келген қашықтықта оқуға болады.

– ҚО семинарлары оқу сабақтарының белсенді түрі болып табылады. ҚО семинарлары бейнеконференциялардың көмегімен жүргізіледі. Олар пікірталасқа оның дамуының кез-келген жерінде кіруіне мүмкіндік береді және бұдан бұрынғы айтылған сөздерді оқып, бірнеше қадам артқа қайта оралады. Оқытушы материалдың меңгерілуін пікірталасқа қатысушының белсенділік дәрежесі бойынша бағалай алады. Студенттердің арасында өзара іс-әрекет ету саны артады, ал оқытушы тең құқылы әріптес ретінде көрінеді.

– ҚО кеңестері білім алуда өз бетімен оқып үйренуде білім алушыларға жетекшілік жұмысын жасау және оларға көмек көрсету түрлерінің бірі болып табылады. Телефон және электронды пошта, сонымен бірге телеконференциялар қолданылады.

– ҚО зертханалық жұмыстар материалды тәжірибелік меңгерілуі үшін беріледі. Дәстүрлі білім беру жүйесінде зертханалық жұмыстар мынаны талап

етеді: арнаулы жабдықтарды, макеттер, имитаторлар (іс-әрекетті мүмкіндігінше дәл қайталайтын аспап), тренажерлар, химиялық реактивтер және т.б. ҚО жүйесінің келешекте мультимедиялық технологиялар, ГИС-технологиялар, имитациялық үлгілеулер және т.б. қолдану есебінен зертханалық практикумдарды жүргізу міндеттерін қысқартуға маңызды мүмкіндігі болады. Білім алушыларға қарапайым жағдайда көрсетуге өте күрделі немесе мүлде мүмкін емес құбылыстарды виртуалды шындық көрсететін мүмкіндігі бар.

Техниканың дамуында физика саласы аса маңызды болып келеді, әсіресе қатты дене физикасының электрониканың дамуына әсері зор. Барлық өндірістердегі болатын келешектегі техникалық прогресті әр түрлі приборлардағы және қондырғылардағы техникалық процестер анықтайды, ал бұл техникалық процестер қатты денелердегі өтетін құбылыстарға негізделген. Бұл бағытта көптеген мысалдар келтіруге болады.

Жартылай өткізгіштер (мысалы, германий, кремний) – өзінің электрлік қасиеті жағынан өткізгіштер мен диэлектриктердің арасынан орын алатын элементтер. Металдармен салыстырғанда жартылай өткізгіштер электр тогын аз өткізеді, ол сәулелену кезінде жарық энергиясының ағымымен өзгере алады. Радиолампалармен салыстырғанда жартылай өткізгіштер құралдардың көлемі мен салмағы аз, электрлік және механикалық беріктігі жоғары болады, олар ұзақ уақыт қызмет ете алады және электр энергиясын аз пайдаланады. Осындай қолайлы қасиеттеріне орай жартылай өткізгіштерді радиотехникалық аппаратураларда қолданады.

Жартылай өткізгіштердің ерекшеліктері. Жартылай өткізгіштердің кәдімгі температурадағы электрөткізгіштігі металдардың электрөткізгіштігі мен салыстырғанда аз. Өте төмен температурада олар диэлектриктерге ұқсайды. Жартылай өткізгіштердің электрөткізгіштігі температура мен жарық әсерінен қатты өзгереді, яғни температура артып және жартылай өткізгіш неғұрлым қатты жарықталынса, оның электрөткізгіштігі де соғұрлым жоғары болады. Жартылай өткізгіштердің электрөткізгіштігі оның құрамына өте аз шамада қоспалар енгізу жолымен басқарылады.

Сондықтан қатты денелер физикасын оқып-білу тек ғылыммен айналысатын физиктерге ғана емес, білім беру саласында жұмыс істейтін физик мұғалімдерге де өте қажет. Қазақстан жоғарғы оқу орындарында физика саласын таңдап, соның жетік маманы болуды қалап оқуға түскен студенттерге физиканың осы бөлімі оқытылады. Оқу үрдісі студенттің таңдаған траекториясы бойынша жүзеге асырылады.

Бұл бағытта «Қатты дене физикасы» элективті онлайн курсының құруы осы білім саласының дамуына өз үлесін қосады. Сонымен қатар сапалы білім алу

үшін жаңа ақпараттық технологиялардың, яғни инновациялық технологиялардың құралдарымен жұмыс істей білуі тиіс.

Қатты дене физикасы пәніне қатысты қашықтықтан оқыту технологиясы бойынша келесі оқу бағдарламасының тақырыптық жоспары құрастырылды. Төменде «Қатты дене физикасы» бөлімдері студент білуі тиіс тараулар көрсетілген.

Кіріспе. Қатты дене физикасының негізгі түсініктері. Қатты дене физикасы ғылымы. Қатты денелердің түрлері: кристалл және аморф денелер және олардың қасиеттері. Изотроптылық және анизотроптылық. Полиморфизм ұғымы.

Қатты денелердегі байланыс түрлері. Атомдар арасындағы тартылыс және тебіліс күштері. Металдық, коваленттік, иондық, Ван дер Ваальс және сутегі байланыстары.

Кристалдық құрылым. Кристалдық тор. Тор параметрлері. Базис. Элементар ұяшық. Симметрия операциялары. Бравэ торлары. Сингониялар. Кристалдық құрылымдар. Миллер индекстері. Атомдардың тығыз орналасуы. Түйінаралық позициялар.

Кристалдардағы дифракция. Кристалл құрылымын анықтау. Рентген сәулелері. Рентген сәулелерінің кристаллографиясы. Вульф-Брэггер заңы. Кристалл құрылымын анықтау әдістері. Лауэ әдісі. Кристалды айналдыру әдісі. Ұнтақ әдісі. Кері тор. Электронография және нейтронография. Вигнер-Зейтц ұяшығы. Брюллиен зоналары. Дифракция шарты.

Қатты денелердегі ақаулар. Нүктелік ақаулар. Шоттки және Френкель ақаулары. Қоспалық ақаулар. Нүктелік ақаулардың түрлері. Дислокациялар. Шектік және винттік дислокациялар.

Қатты денелердің механикалық қасиеттері. Серпімді және пластикалық деформация. Гук заңы. Механикалық қосарлану. Кристалдардың беріктігі. Дислокациялар.

Кристалл торының тербелістері. Қатты денелердің жылулық қасиеттері. Кристалдардағы атомдардың тербелістері. Акустикалық және оптикалық тербелістер. Фонондар. Қатты денелердің жылу сыйымдылығы. Дюлонг-Пти заңы. Эйнштейн және Дебай моделдері.

Қатты денелердің электрондық қасиеттері. Өткізгіштіктің еркін электрондық моделі. Өткізгіштік және кедергі. Видеман-Франц заңы. Друде классикалық еркін электрон моделі. Паули кванттық еркін электрон моделі. Ферми энергиясы.

1 Государственная программа развития образования Республики Казахстан на 2011–2020 годы [Электронный ресурс] // Режим доступа: http://online.zakon.kz/Document/?doc_id=31024348 (дата обращения 15.05.2018)

2 Педагогика: Большая современная энциклопедия / Рапацевич Е.С. – Минск: Современ. слово, 2005. – 266 с.

3 Учебная интеграция в школьном социальном образовании: учебно-методическое пособие / под. ред. О.Н. Журавлевой. – СПб.: СПб АППО, 2016. – 84 с.

4 Концепция государственной политики в области образования // Казахстанская правда. – 1995. – 1 сентября.

5 Сарбалаева А.Д. Эффективность использования межпредметных связей на уроках истории, обществознания и экономики // Молодой ученый. – 2013. – №4. – С. 603-605.

6 Педагогическая энциклопедия / Педагогика. – 1966. – 1-560 с.

7 МОН РК Департамент дошкольного и среднего образования Национальная академия образования им. И. Алтынсарина, Об особенностях организации образовательного процесса в общеобразовательных школах Республики Казахстан в 2018-2019 учебном году, [Электронный ресурс] // Режим доступа: <https://ru.talmetod.kz/instruktivno-metodicheskoe-pismo-2016-2017-uchebnij-god> (дата обращения 28.05.2019)

8 Абгарян С.Р. Понятие «интеграция» в политической науке [Электронный ресурс] // Режим доступа: <https://cyberleninka.ru/article/v/ponyatie-integratsiya-v-politicheskoy-nauke> (дата обращения 28.05.2019)

9 Большой психологический словарь / Под ред. Б.Г. Мещерякова, В.П. Зинченко. – М., 2003. – 672 с.

- 10 Роджерс Н. Творчество как усиление себя // Вопросы психологии. – 1990. – №1. – 168 с.
- 11 Ермолаева -Томина, Л.Б. Психология художественного творчества [Текст] / Л.Б. Ермолаева-Томина. – М.: Академический Проект, 2003. – 256 с.
- 12 Википедия [Электронный ресурс] – Режим доступа: <https://ru.wikipedia.org/wiki/Одарённость> (дата обращения 15.04.2019)
- 13 Общая психология: Учеб. для студентов пед. ин-тов / А.В. Петровский, А.В. Брушлинский, В.П. Зинченко: под ред. А.В. Петровского. – М.: Просвещение, 1986. – 464 с.
- 14 Энциклопедия культурологии [Электронный ресурс]. – Режим доступа. – URL: http://dic.academic.ru/contents.nsf/enc_culture/ дата обращения (26.05.2019)
- 15 Инновационные когнитивно-поведенческие и рациональные технологии развития личности: учеб. пособие / Д.П. Мучкин. – Павлодар, ПГПИ, 2015. – 167 с.
- 16 Когнитивная психология / Р. Солсо. – 6-е изд. – СПб.: Питер, 2006. – 589 с. ил. – 343 с.
- 17 Инновационные педагогические технологии: материалы II Междунар. науч. конф. (г. Казань, май 2015 г.). – Казань: БуК, 2015. – 148 с.
- 18 Пузыни Т.Г. Педагогическая поддержка в творчестве учащихся Текст. / Т.Г. Пузыни // Ярославский педагогический вестник. – 2004. – №3. – С. 32-41.
- 19 Махмутов М.И. Современный урок. Вопросы теории. – М., 1981. – 192 с.
- 20 Берулава М.Н. Интеграция содержания образования. – М.: Совершенство, 1998. – 192 с.

Г.М. Тохметова¹, З.А. Муктурова¹

Тарих сабағында оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамытуға кіріктірілген оқытудың әсері

¹ Гуманитарлық факультеті,
Павлодар мемлекеттік педагогикалық университеті,
Павлодар қ., Павлодар облысы, Қазақстан Республикасы,

G.M. Tohmetova¹, Z.A. Mukurova¹

The impact of integrated education on the development of creative abilities of students on the lessons of history

¹ Faculty of Humanities,
Pavlodar State Pedagogical University,
Pavlodar, Pavlodar region, Republic of Kazakhstan 140002.

Аңдатпа

Білім беру жүйесінде өзара іс-қимылды, өзара толықтыруды, өзара қарым-қатынасты, оқу материалын тереңдетуге және дамытуға ұмтылу бар және практикалық жолдарды үздіксіз іздеу, білім беру жүйесіне жаңа қадам енгізу, ол пәндік оқытудың мектептегі жүйесін өзара толықтырған. Қазіргі пәндік-бытыраңқы оқытуда білім алушыларда фрагменттік дүниетанымды қалыптастыратын, алынған білімді органикалық меңгеруге кедергі келтіретін көптеген проблемалар бар, осы олқылықтар интеграцияны шешуге қабілетті. Қазіргі заманғы мектеп проблемаларының бірі оқытудың пәндік жүйесі шындықтың жақтарын жеке қарауды болжайды және бір-бірімен әлсіз байланысты қандай да бір саладағы білімді жеке меңгеруге бағыттайды.

Бұл мақалада біз тарих сабағы мысалында мектеп пәндерін интеграциялауды қарастырамыз. Таңдалған тақырыптың өзектілігі осы пән адамның санасын қалыптастыруда маңызды рөл атқаратындығымен, оның қызметінде ұйымдастырушылық рөл атқаратындығымен байланысты.

Тірек сөздер: интеграция, оқыту, шығармашылық, даму, шығармашылық қабілеттер, парадигма, әлемнің тұтас бейнесі.

Summary

In the education system, there is a desire to deepen and develop interaction, complementarity, mutual influence, educational material, and there is a tireless search for practical ways to introduce into the education system, a new campaign that complemented the school system of subject teaching. In modern subject – disunited teaching, there are many problems that prevent the organic assimilation of the knowledge that forms a fragmentary worldview in students, these gaps can be solved by integration. One of the problems of modern school is that the subject system of education involves a separate consideration of the sides of reality and focuses on the private assimilation of knowledge in a particular area, loosely interconnected.

In this article we will consider the integration of school disciplines on the example of history lesson. The relevance of the chosen topic is due to the fact that this subject plays an important role in the formation of human consciousness, perform an organizing role in its activities.

Keywords: integration, training, creativity, development, creativity, paradigm, holistic picture of the world.

МРНТИ 14.25.09

Ж. Хырхынбай¹, М. Зейнел¹

*¹Жаратылыстану факультеті
Павлодар мемлекеттік педагогикалық университеті
Павлодар қ., Павлодар облысы, Қазақстан Республикасы
e-mail: zhamal_khanym@mail.ru*

МАТЕМАТИКАНЫ БІЛІМ БЕРУ МАЗМҰНЫН ЖАҢАРТУ АЯСЫНДА ОҚЫТУДЫҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ

Аңдатпа

Бұл мақалада математика ғылымы үнемі дамып отыратын жүйе болғандықтан, оны оқыту әдістемесі де өзгеріп, жаңарып, дамып отыратындықтан оны оқыту әдістемесінің тиімділігін арттырып отыру қажеттігі жайлы баяндаған. Оқыту сапасы оқушының таным өрісін кеңейтуге, шығармашылық қабілетін дамытуға, өз бетінше жұмыс жасауды жақсартуға, пәнішілік пен пән аралық байланысты ашуға байланысты.

Мақалада білім беру жүйесі әр уақытта өзара байланысты білім мақсаты, білім алушылардың құрамы, білім мазмұны және оқу әдістері түрлері және құралдары деп аталатын элементтердің бірлігімен сипатталады. Осы мәселелерді ашып көрсету үшін білім мазмұны олардың негізгісі болып саналатынына тоқталып кеткен.

Тірек сөздер: Білім беру үдерісі, кәсіби білім, білім беру, оқыту әдістері, білім мазмұны, шығармашылық, машық, дағды, коммуникативтік математиканы оқыту үдерісі.

КІРІСПЕ

Бүгінгі оқу мазмұнының жаңартылған жүйесінде оқушылардың білімі, машығы, дағды іскерліктері қандай болуы тиіс деген мәселе шешімін қарастыруда, оқытудың маңызды мәселелерінің бірлігін қамтамасыз ететін ресми құжаттардың бірі оқу бағдарламасы. Бағдарлама оқу пәнінің мазмұнын жаңартумен шектелмейді, сонымен қатар оқыту үрдісін және оның нәтижелерін реттеп отырады.

Әрбір оқушының даму мәселесі оқыту мазмұнын қайта қарап білім беруді оқушының белсенділігін арттыру, дүние танымдық әрекеттердің негізін меңгерту маңызды.

Орта мектептерде математика курсы оқыту оның ғылыми-математикалық және әдістемелік жақтарын үнемі дамытып отыруды көздейді.

А.И. Маркушевич «математиканы оқыту міндеті ғылыми теориялық негізде білім алушының әлемдік көзқарасын қалыптастыру» деп, әр оқытушы білімді терең меңгерту үшін білімді қызықты, түсінікті етіп және ойлау, сезіну сезімдерін оята отырып баяндау керектігін айтқан. Ол үшін математиканы оқыту мазмұнын таңдау критерийлерін ғылыми негізде жасалуы тиіс. Курсты жан-жақты қарастыру тәсілі оның мазмұнының құрылымына талдау жасау арқылы білім берудің мазмұнын жаңарту мүмкіндік береді.

Жаңартылған білім беру жүйесінде математиканы оқытуда білім беруде әдеттегі ақпаратты мұғалім баяндап түсіндіру тәсілінен гөрі білімді өз еркімен игертіп оны меңгерудің түрлі әдіс-тәсілдеріне, өз ойын, пікірін қорытуды негізге алу қажет. Оқушының белсенді іс-әрекет етудің түрлері мен әдіс тәсілдерін үйренуге, танып білу қабілеті мен шығармашылық әлеуметін дамытуға арналған жұмыстарды жиі қолдану қажеттілігі туып отыр.

НЕГІЗГІ БӨЛІМ

Жалпы орта білім беру деңгейінің 5–6 сыныптарына арналған «Математика» пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасы (ҚР білім және ғылым министрлігі. 2017 ж. 25 қазан, №545 бұйрық, 9-қосымша) мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына сәйкес әзірленген.

Оқу бағдарламасының мақсаты «Математика» пәнінің мазмұнын сапалы игеруді қамтамасыз ету, оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыру, сонымен қатар басқа пәндермен кіріктіре отырып, жалпы адами құндылықтар негізінде және ұлттық мәдениеттің озық салт-дәстүрлері арқылы оқушылардың зияткерлік деңгейін дамыту.

Бағдарламаның негізгі міндеттері:

1) «Сандар», «Алгебра», «Геометрия», «Статистика және ықтималдықтар теориясы», «Математикалық модельдеу және анализ» бөлімдері бойынша математикалық білім, білік және дағдыларын қалыптастыру мен дамытуға жағдай жасау;

2) әртүрлі мәнмәтіндегі есептерді шешуде математикалық тілді және негізгі математикалық заңдарды қолдануға, санды қатынастар мен кеңістіктік формаларды оқып білуге мүмкіндік беру;

3) есептерді шешу мақсатында оқушылардың білімдерін математикалық модельдерді құруға және керісінше, шынайы процестерді сипаттайтын математикалық модельдерді түсіндіруге бағыттау;

4) өздігінен оқуға және болашақ таңдаған мамандығы бойынша білімін жалғастыруға қажетті физика, химия, биология және басқа да теориялық облыстарда зерттеулер мен есептерді шешу үшін және практикалық іс-әрекеттерінде математикалық әдістерді қолданудың дағдыларын қалыптастыру;

5) практикалық есептерді шешуде, алынған нәтижелерді бағалау мен анықтылығын орнатуда лайықты математикалық әдістерді таңдап алу үшін логикалық және сыни тұрғыдан ойлауын, шығармашылық қабілеттерін дамыту;

6) коммуникативтік дағдыларын, оның ішінде, ақпаратты дұрыс және сауатты түрде беру, сонымен қатар әртүрлі ақпарат көздерінен, басылымдар мен электрондық құралдардан алынған ақпаратты қолдану қабілетін дамыту;

7) өздігінен және топта жұмыс істеуде қажетті тәуелсіздік, жауапкершілік, бастамашылдық, табандылық, шыдамдылық пен толеранттылық сияқты тұлғалық қасиеттерді дамыту;

8) математиканың даму тарихымен, математикалық ұғымдардың пайда болу тарихымен таныстыру;

9) қоғамдық ілгерілеу үшін математиканың маңыздылығын түсінуін қамтамасыз ету;

10) математика оқыту процесінде ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдану дағдыларын дамыту.

Жалпы оқытудың қандай да бір бағдарлама не оқу әдістемелік жүйе мен оның құрылымы оқушыларды оқытудың бағдарламалық талаптарын қамтамасыз ететін мұғалімнің сабақ беру тәсілдерінің, әдістерінің жиыны. Ал әдістемелік технология бойынша оқытуда жүйелілік, тиімділік, сабақтастық талаптарын ескере отырып, оларды оқыту сапасын арттыруға, пәнді толық меңгеруге пайдалана аламыз.

Жалпы математика ғылымын үнемі дамып отыратын жүйе десек, оны оқыту әдістемесі де өзгеріп, жаңарып, дамып отыратының әрқашан есте ұстау қажет. Оқытушының әдістемелік деңгейі мен сабақ жүргізу тәсілдері оқу үдерісінің тиімділігін артыруға тікелей әсер етеді. Оқыту сапасы оқушының таным өрісін кеңейтуге, шығармашылық қабілетін дамытуға, өз бетінше жұмыс жасауды жақсартуға, пәнішілік пен пән аралық байланысты ашуға байланысты.

Білім беру жүйесі әр уақытта өзара байланысты білім мақсаты, білім алушылардың құрамы, білім мазмұны және оқу әдістері түрлері және құралдары деп аталатын элементтердің бірлігімен сипатталады. Бірақ осылардың ішінен білім мазмұны олардың негізгісі болып саналады және одан оқыту әдісі туындайды. Мұндай мазмұнның құрамы мен әлеуметті мүмкіншілігі ғылыми дәлелді түрде, өте қатаң шамада анықталуы қажет. Ал осындай мазмұнды меңгеру «шығармашылық еңбекке дайын азамат болып жетілген, әлемдік ғылыми көзқарасты игерген, ғылыми ойлауы жетілген маманды қалыптастырады»-деп А.П. Беляева [1] көрсетеді.

Оқу мазмұны ұтымды таңдалуы және оған үнемі түзету енгізіліп отыруы керек. Оқу мазмұнын ұтымды таңдау, саралау деген ұғымдарына көптеген әдіскер ғалымдар (А.П. Беляева, Б.С. Гершунский, В.М. Монахов, В.С. Леднев) баға берген.

Оқу мазмұнын ұтымды саралауға қатысты мәселенің шешімін іздеуде А.П. Беляева [1], Б.С. Гершунский [2] ойларымен келісуге болады.

Б.С. Гершунский білім мазмұнын дұрыс саралап таңдау технологиясын былай суреттейді. Ол мамандардың жоғары квалификациялы-білімділік деңгейі оқу мазмұнын ғылыми-дәлелділікпен саралау және оған заңды түрде түзету енгізіп отыру негізінде қамтамасыз етілуін көрсетеді. Оқу материалдарының мұндай саралануы, оқулықтар мен оқу-әдістемелік құралдардың жасалуы бірнеше кезеңдерді қамтиды.

Бірінші кезең қарастырылып отырған оқу пәнінің нақты материалы мен білім мазмұнының жалпы құрылысын, оқу үдерісінде қалыптасатын білім, білік және дағдыларды, тұлғаның шығармашылық көзқарасының, мінез-құлқының қасиеттерін бейнелейтін оқу мақсатын дәлелдеумен байланысты.

Екінші кезең оқу мазмұнының өзін саралаумен байланысты (бұл кезең дидактиканың негізгі «не үшін оқыту керек» сұрағына жауап беруі тиіс). Оқу бағдарламасында қарастырылатын материал туралы педагогикалық тұрғыда дәлелденген, логикалық реттелген және әбден айқындалып қойған ғылыми мағлұмат іріктеледі. Ондай мағлұмат ықшамдалған түрде беріледі және педагогтың оқыту, оқушының оқу-таным әрекетінің мазмұнын анықтайды.

Үшінші кезең оқу материалын жіктеу, жүйелеу, іріктеу, оқу пәнін қайта құрастырумен тікелей байланысты.

Төртінші кезеңде оқу бағдарламасына, оқулықтар мен оқу құралдарына эксперименттік тексеру жұмыстары жүргізіледі, олардың мазмұнына қажетті түзетулер енгізіледі.

Бірақ бұл кезеңді соңғы деп айтуға болмайды, себебі ғылым мен техника және жаңа технологиялардың дамып, үздіксіз өзгеріп жатқанына байланысты оқу пәнінің мазмұнын тексеру және түзету үдерісі жүйелі түрде жүзеге асып отырады.

Оқу мазмұнын анықтау оқу жоспар мен бағдарламаларын жасаумен аяқталады. Оқу бағдарламасында курстың мақсаты, міндеті, кредит саны, оқыту әдісі мен түрі, өздік жұмыс түрлерін, бағалау әдісі, білімді бақылау түрі, кезеңі, емтихан және сынақ түрі көрсетілуі керек.

Осы жоспар мен бағдарламаларды жасауда үшін мамандықтың квалификациялық мінездемесі негізгі құжат болады.

Оқу мазмұнын құрастыруда В.В. Краевскийдің [3] критерийлеріне сүйене отырып төмендегілер басшылыққа алынады:

– оқыту мазмұнының заманауи өндіріс және сәйкес аймақтық әлеуметтік-экономикалық талаптарына сай болуы;

– оқытудың мазмұнды және үдерістік жақтарын ескеру (оқу материалының мазмұнын анықтағанда оқудың әдістерін, ұстанымдарын, заңдылықтарын ескерілуі, бағдарламалар мен оқулықтарда оның мазмұнымен қатар оларды меңгеру жолын, меңгеру деңгейін көрсету керек);

– білім мазмұнын құрастыруға деген бірыңғай көзқарастың болуы (теориялық аспект, оқу пәні, оқу материалы, педагогикалық қызмет).

Ол үшін оқытылатын пәнінің оқу бағдарламаларын осы жоғарыда айтылған таңдау критерийлері мен ұстанымдарына сәйкестендіруде келесі мәселелер ескерілуі тиіс.

1. Оқушылардың ғылыми көзқарасының негізін қалыптастыруға математикалық пәнін оқытудағы жасалатын қорытындылардың ақиқаттық себептерін дұрыс түсіндіру, бұл пәннің басқа пәндердегі (физика, химия, биология және т.б.) және өмірде қолданылатын орнын жақсы түсіндіру.

Математикаға қатысты практикалық есептерді шығару белгілі бір анықталған білім деңгейін меңгеру арқылы оқушының дүниетанымдық көзқарасын қалыптастыруда, математикалық мәдениетінің деңгейін көтеруде, математиканы оқытудағы қолданбалы және практикалық бағыттардың нақты мәнін түсініп, пәнаралық байланыстарды орнымен жүзеге асыруға мүмкіндік беретін біліктерді дамытуда үлкен рөл атқарады.

2. Математиканы әлемді танудың әмбебап әдісі ретінде де қолданылады. Сондықтан практикалық есептерді шығару тақырыптың күрделілігіне, есеп шығару әдіс-тәсілдеріне әр түрлі деңгейде болатындықтан оқушылардың мінез-құлқын қалыптастыруға да өз үлесін қосады. Математикадан оқытылатын материалдарды жетік және толық меңгеру үшін оқушы өз бетімен игерген білімді талдап және жалпылап, өз білімін нақты практикалық есептерді шығаруға пайдалануға үйрету қажет.

Математикалық білімнің өндірістегі қолданбалы бағытын айқындау бүгінгі білім беру жүйесіндегі өзекті мәселе болып отыр, сондықтан математикалық білімді жаратылыс пәні ретінде немесе арнайы математикалық білім беру үшін ғана емес, оны өз өмірлік білімін болашақ маман ретінде қалыптасуна дайындауға қолдану. Ол үшін «теория» және «практика» деген пропорцияны тең ұстау қажет. Оқушы алған білімін жаңа жағдайларға пайдалануға, оған сәйкес математикалық модельдер жасай алуға бағыттау қажет. Сондықтан математикалық білім нақты есептерді шығаруға пайдаланылуы тиіс және оның қолданбалы бағыттары күшейтілуі тиіс.

3. Оқушының ойлау және шығармашылық қабілеттерін дамыту үшін математика пәнін оқу мазмұнынан білім жүйесінен басқа, олардың шығармашылық қызметіне байланысты танымдылық қабілеттерін дамытуға мүмкіндік беретін, олардың өздерін талаптандыратын әдіс-тәсілдер жүйесі жасалады. Дәстүрлі жүйеден көрі қазіргі мазмұнын жаңарту арқылы оқыту жүйесінің ерекшелігі оқушылардың өздігінен оқыту біліктерін дамытып және сол арқылы олардың шығармашылық қабілеттерін дамытуға, оқу-әдістемелік құралдармен жұмыс істеу біліктерін дамытуға мүмкіндік береді.

Шығармашылық әрекет алдымен толық білімнің білім жүйесінің жекелеген элементтерінде пайда болады. Жалпы шығармашылық әрекеттерді табысты қалыптастыру үшін К.Н. Лунг [4] келесі әдістерді пайдаланған жөн деген:

– оқушылардың өздік жұмыстарының түрі олардың танымдық әрекетінің деңгейіне сай болуы,

– репродуктивті өздік жұмыс дидактикалық функция атқаратын есте ұстау;

– дербес-ізденісдегі өздік жұмыс танымдық функция атқаруы тиіс;

– шығармашылық өздік жұмыс дамыту функциясының рөлін атқаратын зерттеу сипатта болуы тиіс.

4. Құрамына зерттеу әрекеттері кіретін шығармашылық сипаттағы тапсырмаларды оқушылар орындай алуы үшін пәннің мазмұнына іздену біліктерін дамытатын түрлі жаттығулар мен есептерді кіргізу.

Оқыту барысында дүниетанымдық көзқарас функциясы математикалық ұғымдардың пайда болу тарихын түсіндіру, оның басқа пәндермен байланысын іске асырады. Ал әлеуметтік-педагогикалық функция кәсіби бағыттағы есептерді шығару арқылы экономикалық тәрбие беру, соңғы технологияларды пайдалану және өндіріске тиімді есептерді шығару жолдарын қарастырады.

5. Математикалық мәдениетті жоғары деңгейде қалыптастыру. Бұл жағдайда оқушының осы математикалық пәндерді оқу арқылы табандылық пен мақсатқа талпынуы, ойлаудың сындылығы мен тәртіптілігі, өз көзқарасы мен сенімділігін қорғай білуі, математикалық ой көркемдігі мен әсемдігінің қалыптасуы, қиялдауды кеңістікте елестетудің дамуы жүзеге асады.

Білім алып, өсіп жатқан жастың білімді болуы адамның қоғамдық белсенділігі мен оның әлеуметтік жағдайына және білімінің үздіксіз болуына байланысты.

Математика нақты құбылыстардың моделдері болып табылуы, басқалары нақты құбылыстармен логикалық құрылым және ұғымдар тізбегі арқылы байланысуы қолданбалы математикада ғылым болып табылады және мұнда математикалық әдістермен нақты объектілер қасиеттері оқытылады.

Осы бағытта оқытудағы білім мен біліктерді меңгерудің сапасын айқындау, оны өлшеу және бақылаудың түрлері айқындалады.

Оқытудың жаңа технологияларды тиімді пайдалану үшін осы жүйенің ерекшеліктеріне, оқытудың теориялары мен тұжырымдамаларына талдау жасап, олардың қолдану шектерін, құрылымдық элементтерін анықтау қажеттігі қарастырылады. Білім мазмұнын жаңартылған бағдарламамен оқытудың дәстүрлі жүйесінің кемшіліктерін біртіндеп немесе толығымен жоятын осындай теориялар мен тұжырымдамаларды өңдеудің қажеттілігі ұлттық білім беру бағдарламаларының халықаралық деңгейде танылуын, оқушы мен ұстаздардың құрамының біліктілігін қамтамасыз етеді деген қорытындыға келдік.

ҚОРЫТЫНДЫ

Қазіргі кезде мектепте оқушыларға терең және сапалы білім берумен қатар мектепте математика пәнін оқытуда оқушылардың дағдылары мен іскерліктерін қалыптастырып оларды практикада қолдана білу, әлемдік және материалдық дүние танымдарын қалыптастыру өзекті болып отыр. Сондықтан педагогикалық үрдістің фигурасы болып табылатын «мектеп – мұғалім» орындайды. Ол білім берудің негізгі ұйымдастырушысы және жетекшісі, және соған қатысушы оқу ақпаратының негізгі көзі. Тек сыныптағы мұғалім ғана өз оқушыларының реакцияларын көріп бағалай алады, осыған сәйкес тиімді жұмыс және білім деңгейін тандап алып ұйымдастырады.

Математика сабақтарында оқушылардың математикалық сауаттылықты сақтай отырып және сабақ барыстарында математикалық ұғымдарды қолдану дайындығын қалыптастыру мақсатында оқытудың әдіс-тәсілдерін үнемі жаңалап, оқушылардың белсенділіктерімен қызығушылықтарын арттыру маңызды.

«Математика оқыту әдісінде сан алуан жетілдірулері болатындығына қарамастан, шәкірттер үшін әрдайым қиын жұмыс болып қала береді», – деп жазған атақты ғалым Д.И. Писарев. Сондықтан математиканың қиындығына, күрделілігіне қарамастан, болашақ ұрпақты осы пәнге қызықтыру, білім деңгейін көтеру біз үшін орасан зор жауапкершілікті қажет ететін оқыту әдісі болуы тиіс.

Математиканы жаңартылған мазмұнда оқыту барысында танымдылық қызығушылықты қалыптастыру негіздерінің бірі оқушыға бағалы танымдық – тәрбиелік әсер ету үшін оған сенім мен құрмет көрсетіп, оның өсіп және өнегелі дамып келе жатқан адам ретіндегі құқықтарын мойындау керек. Сонда ғана шын мәнісіндегі ынтымақтастық болады.

ПАЙДАЛАНҒАН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ

1 Беляева А.П. Дидактические принципы профессиональной подготовки в профтехучилищах. – М.: Высш.шк., 1991. – 208 с.

2 Гершунский Б.С. Педагогическая прогностика: Методология, теория, практика. – Киев: Вища школа, 1986. – 200 с.

3 Скатын М.Н., Краевский В.В. Содержание общего среднего образования. Проблемы и перспективы. – Москва: Знание, 1981. – 96 с.

4 Лунгу К.Н. Систематизация приемов учебной деятельности студентов при обучении математике. (Психология, педагогика, технология обучения: математика) – Москва: КомКнига, 2007. – 424 с.

5 Негізгі орта білім беру деңгейінің 5–6 сыныптарына арналған «Математика» пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасы. ҚР білім және ғылым министрлігі. 2017 ж. 25 қазан, №545 бұйрық, 9-қосымша. Астана, 2017 ж.

Ж. Хырхынбай¹, М. Зейнел¹

Важность обучения в обновлении содержания математики

¹ Факультет естествознания,
Павлодарский государственный педагогический университет
г. Павлодар, Павлодарская область, Республика Казахстан

J. Hirhynbai¹, M. Zeynel¹

The importance of training in updating the content of mathematics

¹ Faculty of Natural Sciences
Pavlodar State Pedagogical University
Pavlodar, Pavlodar region, Republic of Kazakhstan

Аннотация

В данной статье говорится о необходимости повышения эффективности методики преподавания математики, так как методика ее преподавания меняется, обновляется и развивается. Математическая наука является постоянно развивающейся системой, качество обучения зависит от расширения познавательного поля, развития творческих способностей учащихся, улучшения самостоятельной работы, раскрытия внутрипредметных и междисциплинарных связей.

В статье методика преподавания, содержание преподавания, виды методов обучения – все эти элементы рассматриваются во взаимодействии. В статье говорится, содержание преподавания предмета является главным.

Ключевые слова: процесс преподавания, профессиональные знания, преподавания, методы обучения, содержание образования, творчество, техника, умения, процесс преподавания коммуникативной математики.

Summary

This article discusses the need to improve the effectiveness of methods of teaching mathematics, as the method of teaching is changing, updated and developed. Mathematical science is a constantly developing system, the quality of education depends on the expansion of the cognitive field, the development of creative abilities of students, improving independent work, the disclosure of intra-and interdisciplinary connections.

The article deals with teaching methods, teaching content, types of teaching methods – all these elements are considered in the interaction. The article States that the content of teaching the subject is the main thing.

Keywords: teaching process, professional knowledge, teaching, teaching methods, educational content, creativity, technique, skills, the process of teaching communicative mathematics.

МРНТИ 18.41.45

С.Р. Утемисова¹

*¹Өнер және спорт факультеті
Павлодар мемлекеттік педагогикалық университеті
Павлодар қ., Павлодар облысы Қазақстан Республикасы
e-mail: m.a-u.s@bk.ru*

ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ ДӘСТҮРЛІ АСПАБЫ – ДОМБЫРА

Аңдатпа

Домбыраның шығу тарихы тамырымен ежелгі дәуір тереңіне кетеді. Аспап екі мың жылдан астам уақыттан бері белгілі болған.

Бүгінгі ұрпақтың ұлттық санасын қалыптастыруда ұлттық музыкалық мәдениетіміздің алатын орны ерекше. Бұл реттен сонау Қорқыт заманынан бастау алған жыраулық, күйшілік мәдениетімізді айта кетуге болады. Ұлттық қасиет пен ұлттық тілді бойына мол сіңірген құбылыс деп музыканы айтуға болады. Қазақ халқы үшін сондай бір музыкамыз – күй.

Күй өнері ертеден халықтың жадында бірінен-біріне сақталып келе жатқан өнер. Дегенмен күй ән емес, күй орындау да, оны тыңдап, қабылдау да өнерге, оның ішінде күйге ерекше қабілеттілікті қажет етеді. Көшпелі қазақ тұрмысында күй қазақтардың жадында сақталып бүгінге жеткені, күйді орындау шеберлігі жақсы күйшілердің арқасында жүзеге асқан.

Тірек сөздер: Ұлттық өнер, ұлттық сана, домбыра, күй, аспап, музыка, күйшілік мектеп, жыраулық дәстүр, көшпелі тұрмыс, көшпелі мәдениет, орындау шеберлік, шертпе күй, төкпе күй, салт дәстүр.

КІРІСПЕ

Қазақ халқы басқа халықтар сияқты өз тіршілігінің сан ғасырлық тарихының ішінде, өскелен ұрпаққа музыкалық эстетикалық тәрбие берудің өзіндік әдет-ғұрпы мен дәстүрлерін қалыптастырған. Бала бойында рухани байлықты дамутудың аса маңызды саласы-музыка мәдениеті. Өнер саласында эстетикалық тәрбие беру, яғни музыка дыбыс, суретте-бояу, әдебиетте – сөз арқылы өрнектеледі.

Әр халықтың өзіндік ұлттық өнері болады. Ұлттық өнер дегеніміз-сан мыңдаған жылдар, ғасырлар бойы халқымыздың мәдениетін, салт-дәстүрін, даналылығын, тапқырлығын, батылдығын, сезімталдығын ұрпақтан ұрпаққа жеткізген өнері.

Көшпелі қазақ халқы өзінің тіршілігі мен тұрмыстық ерекшеліктеріне байланысты өнердің соған лайық түрлерін өз өмірлеріне азық етті және оны мұра қылып жеткізе білді. Қазақ халқы үшін өнердің негізгі түрі болып поэзия мен музыка қызмет етті. Өнердің бұл түрлерінде қазақ халқының сан ғасырлық ақыл – ойы, парсаты, өмірге деген көз қарастары болашақ ұрпақтың тәрбиесі, салт сана, наным сенімдері жинақталған.

Домбыра – қазақтың жаны. Ол тар жол, тайғақ кешу жолдарын бастан өткерген қазақ тарихын, парақтауға негіз бола алады. Ұлтымыздың болмысына куә болған әдет-ғұрпы мен салт-дәстүрлеріне жан бітіріп, оның құнды қалпын сақтауға негіз болғанын көреміз.

Домбыра өнерін сақтап, қорғап, дамытып, насихаттау шараларымен қатар, оның шығу тегі турасынан да ой салады. Домбыра бойында байқала бермейтін пәндік сапаларды айқындай түседі. Сахна төрінде орындаушының еркіндік қалпы туралы ой қозғалады және құлағын бұрап келтіру кезінде байқалатын адамның төрт түрлі психологиялық мінезін ашатын құбылыстар сөз болады.

Домбыра бар жерде қазақ халқының тілі, өнері, тарихы бірге жүреді. Домбыра аспабының философиясын ашуда аңыз-әңгімелердің желісіне сүйенуге болады. «Ертеде бір хан қызының кедей жігітпен көңіл жарастырғанын сезіп қалады да жігітті дереу дарға астырады. Екі қабат болып қалған қыз мезгілі жетіп босанады. Оны аңдыған мыстан кемпір егіз баланы көз көрмес, құлақ естімес, алыс жерге апарып, жап-жасыл үлкен бәйтерек басына ұлды батысқа, қызды шығысқа қаратып іліп кетеді. Сәбилердің көз жасы тамған бәйтерек солады, жүрегі тоқтаған нәрестелермен бірге ағаш та қуарады. Қаңқу әңгіме халық арасында жата ма, оны естіген қыз егізін іздеп, жолға шығады. Жолдан шаршаған қыз бала ағаш түбіне келіп, демалады. Құлағына күмбірлеген сарын естіледі. Қайдан шығатын әуен екенін білгісі келіп ағаш үстіне шығып тыңдаса, жаңағы бәйтерек сынып кетеді. Ағаш, түбінен басына дейін іші қуыс екенін көреді. Екі басында бұтақтан-бұтаққа

керіліп қалған ішектерді көреді. Екі ішек самал желмен тербеліп, одан әуен шығады екен. «Егіз құлынымнан қалған жұрнақ осы болар» деп сол ағаштан аспап жасап алады. Батысқа қараған ішегі бостау, шығысқа қараған ішегі қаттылау керілген екен. «Астыңғы ішек – жіңішке дауысты қызым Зарлық, ал, үстінгі ішек – бос қоңыр дауысты ұлым Мұңлық болсын» деп екі ішекке ат қойып, домбырасын тартып, күй шығарып кеткен екен» дейді аңыз-әңгіме туралы еңбегінде Ө. Жәнібеков. Мұндай аңыздарда айтылатын бәйтерек ағаш домбыра болмысымен үндес.

НЕГІЗГІ БӨЛІМ

Домбыра ағаштан жасалынып, одан әуен туады. Адамның қос ішекті соғуы арқылы пайда болатын әуені жел, дауыл әсерінен туатын сылдырлаған дыбыс үндерін еске салады. Демек екі бағыт негізінде әрекет байқалады. Оның бірінде жел Бәйтерекке әсер етіп, қозғалудан ызың естілсе, екінші бағытта адамның домбыра шектерін тербету арқылы әуендер шығады. Бәйтерек ағаш аңыздарда дүниенің кеңдігін көрсетудің символы болса, домбыра аспабынан туған үн өмір мәнін ұғынуға шақырады. Бәйтерек домбыра болып үн қатады. Ол табиғат пен өмірдің жалғасқан айналмалы шексіздігін меңзейді.

Астана қаласында зәулім бәйтерек ағаш, жаңа дизайндық үлгімен архитектуралық құрылыс орналастырылды. Мұның өзі ата- бабалардан жалғасын тауып келе жатқан бәйтерек негізінде қалыптасқан домбыра үлгісін де еске салады. Жапан далада жалғыз өскен бәйтерек ағаштың жүрек тербетер сыбдыры дыбыстық әуенге айналып, адамдар оны табиғаттың ерекше құбылысы деп бағалап оған сиынып отырған. Бәйтерек ағаштың қылықтарына ұқсасын деп аспап жасап алуы да сол негізге меңзейді. Ағаштың тамыры жер астында, бұтағы мен сабақтары жер үстінде, ұшар басы аспанмен тілдесіп, түрлі сыбдыр дыбыс құрап, сезгіш көңілге айрықша әсер еткен. Әуен – тазалықтың нышаны, ал Бәйтерек – үш әлем байланысының символы. Бұл орайда Ш. Уәлихановтың болжамы жүйе түзуге жетелейді: «...ән аспанда қалықтап ұшып, жер бетіне жақын келеді. Оның жерге ең жақындаған кезін байқаған халық әнді ұстап қалған, ал өте жоғары қалықтаған, жердің адамдары ешнәрсе үйрене алмаған. Құдайдың құдіретімен келген ән қазақ жерінде тіпті төмен ұшқанда қазақ халқы оны естіп, әнді жақсы айтатын болған».

Демек, аспаннан пайда болған әуен Бәйтерекке беріліп, одан шыққан әуен саққұлақ адамдарға естіліп, ол дыбыстарды әуенге айналдырса керек. Оны орындаушылар өңдеп, дамытып, адамдардың әрекетімен қалыптастырып, бір-біріне үйретіп отырған. Сөйтіп үш түрлі әлемнің құдіретін бәйтерек ұғымы тікелей байланыстырып тұрғандай. «Бәйтерек» ағаштан пайда болған әуендер домбыра

арқылы құрастырылып, шағын музыкалық үндердің жиынтығы келе-келе дамып отырған.

Жерді ана бейнесіне алып қарау – қазақ халқы ғана емес, басқа елдердің де ой-санасына тән нәрсе. Аспанды әке бейнесінде көрсету де жайдан-жай алына салмаған», – дейді. Өмірдің өзі табиғатта жұп өмір сүретіні сияқты домбыраның екі ішегі де сағынысқан жарлар елесін береді. «Қазақ тілінде «тәңір» деп көкті, «теңіз» деп суды айтады. «Тәңір» – көктегі су болса, «теңіз» – жердегі су. Басқаша айтқанда, аспанның өзі әуелде «су» деп түсінілген, оның «көк», «тәңір» болып аталуы содан. Ал, жердегі су да түсі жағынан аспан, яғни тәңір сияқты көк болғандықтан теңіз деп аталған...үш түрлі әлем аспан, жер, жер асты...» – дейді профессор С. Қасқабасов. Жердегі судың аспан түстес болып келуі әкенің мейірімділік қасиетінен туған. Адам баласы өмір сүру үшін оған қажетті қорек керек. Ол – судың қасиеті. Ол Жер-Ана Ұмайдың сүті. Ал одан пайда болған сылдыр, сыбдыр дыбыстар әуендердің негізін құрайды. Судың дүрілі, гүрілі, күмбірі, сыңғырлаған үні күйге ұласып, асыл мұра көздеріне айналды. Судың өзі ер-ұрғашы болып өмір сүреді. Судың қатты гүрілдеген дауысы еркектің қасиеті. Біркелкі, жай, ерке қалыпта ағу ақылды ару қылығы ісі. Музыка әлемінде де осы қасиеттер бар. Үш әлем аспан, жер, жер асты байланысы туралы Шоқан былай айтады: «Аспанда ел бар. Ондағы адамдар белдікті тамағынан тартады, біз ортада, жер бетінде тұрамыз, сондықтан белдікті белімізге байлаймыз, ал, жердің астындағы адамдар белдігін аяғына орайды, олардың өздерінің күні, айы, жұлдыздары бар». Домбыра аспабында да үш құрылым бар: бас, мойын, шанақ болып келеді. Шанақ жер қойнына ұқсас. Ол өмірден өткен бабалар үні мен сөзінің қоймасы. Мойын арқылы белгілі бір сазға түседі. Бас ішек бұрауының сақшысы. Музыкалық әуендер мойыннан құралады, шанақтан шығады. Домбыраның басы – Аспан, Домбыраның мойны – Бәйтерек, Домбыраның шанағы – Жер. Үш әлем домбыра бойында да бар екен. Демек «біз ортада, жер бетінде тұрамыз» деуінде негіз бар. Домбыраның мойны арқылы әуендер шашылады. Бәйтеректің бұтақтары жайылып, өнімін шашады. Жер құнарын беріп тұрады. Шанақ әуенін шашып тұрады. Домбыраның басы ретін қарап тұрады, аспан да өмір ретін қарап тұрады. Үш әлемді байланыстырған «Бәйтерек», одан пайда болған «Домбыра», адам қажетіне жарап, байланысу арқылы тәрбие мен білім көзін ашуға ықпал еткен. Үш әлеммен байланысқан құдірет иесі – домбыра өнері ұлттық идеологияны дамыту үшін де керек. Ұлттық идеологияда домбыра әуенін ұстанбай, ұлттық құндылықтарды сақтап жалғастыру қиын болмақ. Жерден өскен ағаш адамға пайдасын (жеміс, жапырақ) береді. Ал домбыра қоңыр әуен арқылы құлаққа еніп, ықпал етеді. Жерден өнген өнімдер адам қорегіне қажет болса, домбырадан шыққан күй – адамның рухани жан азығы. Демек, айналаны

қоршап тұрған дыбыс екен, ал оны жағымды әуендерге айналдырып жеткізетін – домбыра аспабы.

Күй мен оның әңгімесі қоса өріліп, домбыра мен аңыз қатар өрбіді. «...Алғашқы рулық замандағы бір адам (батыр, мерген) аңда немесе жорықта жүріп, өзінің басынан кешкен бір оқиғаны руластарына айтып беруі мүмкін. Бұл жай әңгіме. Оны естіген адамдар енді басқа біреулерге айтады, айтқанда өз жанынан желі қосуы да мүмкін. Ал одан естіген кісі тағы біреуге айтады, ол да өзінше баяндайды. Сөйтіп, алғашқы жай әңгіме хикаяға, бірте-бірте аңызға айналады. Біраз уақыт өткен соң ол аңыз біршама көркемделіп, әпсана-хикаятқа айналуы мүмкін. Міне, бұл өмір шындығына тікелей қатысы бар тікелей қатысы бар...» дйеді белгілі ғалым С. Қасқабасаов.

Қазақ десе домбыра, домбыра десе қазақ, ал күй десе қазақта та, домбырада еске түседі – бұл әр қазақтың жүрегіндег сөз. Домбыра бар жерде қазақ халқының тілі, өнері, тарихы бірге жүреді.

Сондай ақ,
Екі ішектің бірін қатты,
Бірін сәл-сәл кем бұра.
Қазақ-нағыз қазақ емес,

Нағыз қазақ – домбыра деп ақын Қ. Мырзалиев айтқандай қазақтың ән-күй орындау дәстүрі осы домбырамен тығыз байланысты. Бүгінде музыка зерттеушілер дәстүрлі аспаптық мәдениетімізді зерттеп, зерделеп оның жан жақты қырларын мен сырларын ашуда айтарлықтай өсіп келеді. Қазақ халқымыздың ұлттық-рухани мұрасы сан алуан. Соның көркем бір саласы-музыка болса, оны жинап, зерттеу ісімен музыка зерттеушілерінің бірнеше буыны айналысып келеді.

Домбыра – қағып, шертіп ойналатын ішекті музыкалық аспап. Ол бәрінен де көп тараған аспап. Домбыраның шығу тарихы тамырымен ежелгі дәуір тереңіне кетеді. Аспап екі мың жылдан астам уақыттан бері белгілі болған. Домбыра күйшінің концерттік жеке аспабы және ақындардың да өлең айтқан кезде сүймелдеуші құралы ретінде пайдаланған.

Бүгінгі ұрпақтың ұлттық санасын қалыптастыруда ұлттық музыкалық мәдениетіміздің алатын орны ерекше. Бұл реттен сонау Қорқыт заманынан бастау алған жыраулық, күйшілік мәдениетімізді айта кетуге болады. Музыка өнері бір орнында тұрмайды, ол үнемі дамып, жетіліп отырады.

Музыкалық фольклордың бір тамағы ретінде ол халқымыздың тарихы-әлеуметтік тыныс-тіршілігінің көрінісі болып табылады. Ұлттық қасиет пен ұлттық тілді бойына мол сіңірген құбылыс деп музыканы айтуға болады. Қазақ халқы үшін сондай бір музыкамыз – күй.

Күй өнері ертеден халықтың жадында бірінен-біріне сақталып келе жатқан өнер. Дегенмен күй ән емес, күй орындау да, оны тыңдап, қабылдау да өнерге, оның ішінде күйге ерекше қабілеттілікті қажет етеді. Көшпелі қазақ тұрмысында күй қазақтардың жадында сақталып бүгінге жеткені күйді орындау шеберлігі жақсы күйшілердің арқасында жүзеге асқан.

Қазақта неше мың күй бар. Бірақ соның бірде – бірі себепсіз шыққан емес. Күйдің окшау жанр ретінде өзіндік ерекшелігі, дара қасиеті бар.

Күйлердің шыққан кезеңдеріне қарай былай бөлуге болады.

1 Халық күйлері.

2 Халық композиторларының күйлері.

3 Қазіргі күйші-композиторлар шығарған күйлері.

Тақырып мазмұнына қарай күйлерді былай жүйелеуге болады.

1 Тарихи оқиғаларға байланысты.

2 Қоршаған орта, табиғат, жан-жануарлар туралы.

3 Арнау күйлер.

4 Күйшілердің өз өміріне байланысты күйлер.

Күй сонау заманнан келе жатқан аспаптық музыкаға арналған музыкалық жанр. Халқымыздың музыкалық қазынасындағы күйлер-санын нешеме сапасын сөз еткенде мақтанарлық қымбат дүниеміз. Күйлерді нотаға түсіру сауаты болмаса да, ешқандай мәнінде, мағынасын да жоғалтпай атадан балаға мұра болып қала берді. Бұл қазақтың ұлттына сінген, өшпейтін мұра екенінің дәлелі.

Күй қазақтың рухани мәдениетінің аса бір маңызды саласы; мәдениет деген де қатып қалған қағида емес, ол да қоғам ыңғайына қарай не азып-тозып, не озып-өркендеп, үлкен өзгерістерге ұшырап отырады. Күйшілік өнер ғасырлар бойы дамып, жетіліп, ұрпақтан-ұрпаққа беріледі. Дәл осы тұста оның ұрпақ тәрбиесімен сабақтастығы айқындала түседі.

Халқымыздың музыкалық аспаптарының ішінде жетекші салалары болып әрине сөзсіз қобыз, сыбызғы, домбыра аспаптары болып табылады. Бұл үш аспап жүздеген тіпті мыңдаған жылдар бойындағы тарихи тағдырлары әр түрлі.

ҚОРЫТЫНДЫ

Домбыра күйлердің халық өмірінде алатын әлеуметтік орны және сол күйлерге тән негізгі музыкалық-стилистикалық заңдылықтары бар. Бірақ ғасырлар бойы қастерлі тұмардай сақталып келген бүгінгі күнге өз қаймағын бұзбай жеткен күйлеріміз бар. Күйлердің осылай бізге жетуі күйшілер творчествосының мәдени дамудың анағұрлым биік сатысын танытады.

Күйшілерді және күйді танытқан аспап, қазақтың жүрегі болған домбыра.

Домбыра-қазақ халқының жан сезімі, серігі, даналығы, рухы. Домбыра ол халқымыздың өмір тәжірбиесі мен табиғат, адам, әлем туралы білімдерін, ескі діни-наным сенімдері мен философиялық көзқарасын бейнелеп, оларды атадан балаға, ұрпақтан-ұрпаққа жалғастырып отырған. Күйлер ұрпақ арасындағы сабақтастықтың негізгі факторы болып, уақытаралық қатынастың негізгі құралына айналды.

Домбыра көшпелі елдің көне көз шежіресі, көпті көрген қарияның көкірек күйі. Ол халықтың тарихы тағдырмен тамырлас. Тарихтың хатқа түспеген талай беттерін паш етіп, халқымыздың тарихнамасына айналды.

Қазіргі кездері архелогиялық олжалар домбырашылық дәстүрдің тамыры тым әріде жатқанын пайымдайды. Бұған Хорезмде жүргізілген архелогиялық қазба жұмыстары кезінде табылған қос ішекті аспапта ойнап тұрған музыканттардың күйділіген саздан жасалған бейнелері куә. Ғалымдар осыдан кемінде II мың жыл бұрынғы бұл бейнелердегі қос ішекті аспаптың қазақ домбырасымен ұқсастығын айта келіп, оның Қазақстан жеріндегі байырғы көшпелілер арасында ең кең тараған аспаптың бірі болғандығын дәлелдеген.

Домбыра дәстүрлігінің көнелілігіне күні бүгінге дейін сақталып келген аңыз күйлер айғақ болады. Түп тамыры терең архаикалық салт санамен ұштасқан бұл күйлерде баяғы замандағы мифологиялық наным сенімдердің сілемдері сақталған. Домбыра өнері бұл күнде де өз жалғасын тауып, дамып, өркендеп отыр. Өмірдің, тұрмыс-тіршіліктің жаңғыруна байланысты орындаушылық дәстүр мен оның функциялары да қазіргі уақытта өзгеріске ұшырады. Алайда, домбыра күйлері бұдан жүздеген жыл бұрынғыдай халықтың рухани серігі болып, оның көңіл күйін, жас ұрпақтың болашағына деген толғанысын, арманы мен бақытына деген сенімін сақтап келеді.

ПАЙДАЛАНҒАН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ

1 Карин С. Күй аңыздарының құрылымы // «Музыка әлемінде» – ғылыми-әдістемелік, педагогикалық журнал. – 2006. – №3. – 19-21 б.

2 Райымбергенов А. Күй халық қазынасы. – Алматы, 2002.

3 Жетісу өңірінің күйшілік дәстүрі // «Музыка әлемінде» – ғылыми-әдістемелік, педагогикалық журнал. – 2006. – №4. – 4-6 б.

4 Сыр бойының күйшілік дәстүрі // «Музыка әлемінде» – ғылыми-әдістемелік, педагогикалық журнал. – 2006. – №4. – 6-8 б.

5 Алтай-Тарбағатай өңірінің күйшілік өнері // «Музыка әлемінде» – ғылыми-әдістемелік, педагогикалық журнал. – 2006. – №4. – 8-10 б.

6 Райымбергенов А., Райымбергенова С., Байбосынова Ұ. «Мұрагер» бағдарламасы бойынша мұғалімдерге арналған: Әдістемелік құрал, 1, 2, 3, 4, 5, 6 сынып.

7 Райымбергенов А., Райымбергенова С., Байбосынова Ұ. Жалпы білі беретін мектептің 1 сыныбына арналған оқулық. – Алматы: Атамұра, 2005.

С.Р. Утемисова¹

Традиционный казахский народный инструмент – домбра

¹ Факультет искусства и спорта
Павлодарский государственный педагогический университет
Павлодар, Павлодарская область, Республика Казахстан

S.R. Utemisova¹

Traditional Kazakh folk dance is dombra

¹ Faculty of Arts and Sports
Pavlodar State Pedagogical University,
Pavlodar, Pavlodar region, Republic of Kazakhstan

Аннотация

История возникновения домбры в корне уходит в глубину древней эпохи. Инструмент был известен более двух тысяч лет. Особое место в формировании национального сознания сегодняшнего поколения занимает национальная музыкальная культура. Об этом можно сказать о культуре жырау, күйші, которая началась в эпоху Коркыта. Музыка можно назвать явлением, богатым национальным свойством и национальным языком. Для казахского народ такой жанр музыки – күй.

Искусство кюя с древнейших времен сохранилось в памяти народа, передаваемая из одного поколения другому. В отличие от песен күй требует особых способностей, как в исполнении так и в слушании и восприятии кюя. В кочевом казахском быте күй сохранился в памяти казахов и то, что он дошел до наших дней заслуга мастеров исполнителей кюя.

Ключевые слова: Национальное искусство, национальное сознание, домбра, күй, инструмент, музыка, күйші, казахская школа, традиция жырау, кочевой быт, кочевая культура, исполнительское мастерство, шертпе күй, токпе күй, обычай.

Summary

The history of dombra in the root goes into the depths of the ancient era. The tool has been known for over two thousand years. Today's generation occupies a national musical culture. This can be said about the culture of Zhyrau, which began in the era of Korkyt. Music can be called a clear language. For the Kazakh folk music genre – kui.

From the most ancient times, the art of kuy has been preserved in the memory of the people, transmitted from one generation to another. In contrast to the songs, the kui requires special abilities, both in performance and in listening and perception of the kui. In the nomadic Kazakh life, kui was preserved in the memory of the Kazakhs and the fact that it reached the present day is the merit of the masters of kyuy performers.

Keywords: National art, national consciousness, dombra, kui, instrument, music, kuishi, Kazakh school, zhyrau tradition, nomadic life, nomadic culture, performing skills, shertpe kui, tokpe kui, custom.

МРНТИ 18.41.45

Е. Жанайхан¹, Н.Қ. Шаймардан¹

*¹Өнер және спорт факультеті,
Павлодар мемлекеттік педагогикалық университеті
Павлодар қ., Павлодар облысы Қазақстан Республикасы
e-mail: Erkin_z68@mail.ru*

ҚАЗАҚ ФОЛЬКЛОРДАҒЫ ҚАРА ӨЛЕҢДІ ЗЕРТТЕУДІҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ

Аңдатпа

Автор мақалада қара өлеңнің жанрлық ерекшеліктерін, көркемдік шалымы, бітім-құрылысы, тарихи қалыптасу жолдарына, қоғамдық-әлеуметтік мәніне әсер-ықпалына қатысты ой-тұжырымдаған. Қара өлеңнің рухани үдеріспен тікелей сабақтас төлтума қасиетін анықтап, халықтың тарихи-әлеуметтік болмысымен біте қайнасқан көркемдік-поэтикалық шалымына, эстетикалық талғам мен тәрбиесіне тоқталып және қара өлең үлгілерінің көп нұсқалары, олардың себеп-салдарын саралаған.

Тірек сөздер: Қара өлең, рухани үдеріс, төлтума қасиет, көркемдік поэтика, эстетикалық талғам, ой тұжырым, әлеуметтік болмыс, үлгі, нұсқа.

КІРІСПЕ

XVIII ғасырдан бергі кезеңде ғана қазақ халқының жалпы рухани мұрасы, ішінде фольклоры, оның ішінде ауыз әдебиеті арнайы жинақталып, зерттеу объектісі бола бастады. Егер жинақтау мен зерттеудің қайсысы басым дегенге мән берер болсақ, сөз жоқ, жинақтаудың басым екенін мойындаймыз. Бұл, әсіресе, ауыз әдебиетіне қатысты айқын аңғарылатын шындық.

Орта Азияны мекен еткен түркі халықтарының, оның ішінде қазақ халқының ауыз әдебиетін, әсіресе өлең үлгілерін алғаш хатқа түсіріп, ғылыми зерттеу объектісі еткен адам – XI ғасырда өмір сүрген Махмұт Қашқари. Ол өзінің «Диуани лұғат ат-түрк» («Түрік сөздерінің жинағы») атты әйгілі еңбегінде өз заманының білікті филологі, тарихшысы, этнографы және географы ретінде көріне отырып, айтар ойын тарихи-салыстырмалы тәсілмен жеткізуді нысана етеді. Әсіресе түркі тілдерінің тарихи диалектологиясына айрықша ден қойып, қыруар фольклорлық материалдарға жүгініп отырды. Мәселен, аталмыш еңбекте екі жүз тоқсан бір мақал-мәтел мен үш жүзге жуық өлең шумақтарының болуы, оларға байсалды ғылыми талдаулардың жасалуы, сөз жоқ, Махмұт Қашқари түркі-қазақ ауыз

әдебиетінің ең алғашқы жинаушысы және зеттеушісі ретінде тануға дес береді. Қазақ поэзиясының, әсіресе қара өлең үлгілерінің жасалу формасы, бейнелі тендеулері, ой айту тәсілдері, тіптен буын өлшемдері мен ұйқасына дейін сол алыс дәуірден бастау алып, молыға толысып, жетіле ұшталғанын Махмұт Қашқари еңбегінен айқын аңғаруға болады [1].

Қазақ ауыз әдебиетінің, әсіресе өлең-жырларының бастау тегін Махмұт Қашқари заманынан да әрідегі ескерткіш белгілерден шырамытып, ғылыми тұжырымды пікірлер түйген ғалымдардың қатары ХІХ–ХХ ғасырлар аясында едәуір молыға түсті. Мәселен, тарихқа Орхан-Енисей жазбалары деген атпен белгілі болған әйгілі Түркі Қағанатының (VI–VIII ғ.) тасқашау жазуларын түркі тектес халықтар әдебиетінің бастау тегі ретінде алғаш рет Ф.Е. Корш, Т. Ковальский, А.Н. Бернштамдарды атап кетуге болады.

Осынау ой-тұжырымдарды одан әрі ұштап, алғаш рет Орхон-Енесай ескерткішін әдеби мұра ретінде қазақ ауыз әдебиетімен нақтылы айғақ-дәлелдер арқылы шендестіре қараған ғалымдардың бірі – Мырзатай Жолдасбеков. Ол Орхон-Енесай ескерткіштеріндегі жазбаларды қазақтың «Қобыланды», «Алпамыс» эпостарымен салыстыра отырып, мейлінше мол да нанымды тектес деректер келтіреді [2]. Ол деректер арқылы қазақ халқының қай жанрда болсын поэзия тудырудағы көркемдік машығы, образды ой айту жүйесі, тілдегі тұрақты орамдардың орнығуы, әсіресе ел қамымен, халық тағдырымен өзектес әлеуметтік биік идеалдардың қанатты сөз тудыруы тым әріден қалыптаса бастаған дәстүр екені орнықты дәлелдермен сараланған.

Бұл сияқты байсалды зерттеулердің, байыпты салыстырулардың, дәлелді тұжырымдардың қай-қайсысы да қазақ ауыз әдебиетінің бір ғана кезеңдік мезгілде қалыптаса қоймағанын, тарихи арғы дәуірлерден тамыр тартып, нәр алғанын, сабақтаса шыңдалғанын пайымдатады.

НЕГІЗГІ БӨЛІМ

Ал қара өлеңнің тағдыры да, табиғаты да мұнан гөрі бөлектеу еді. Қара өлең-өзінің аты айтып тұрғандай, мейлінше бұқарашыл, көптің өнері. Қотан шетіндегі қойшы да, құрық сүйреткен жылқышы да, бойжеткен қыз бен түбіт мұртты бозбала да, өмірдің ащы-тұщысын көрген көнекөз қарт пен ақ шашты ана да, қысқасы, көшпелі қоғамдағы әлеуметтік топтардың қай-қайсысы да өз басына лайық арман-аңсарын, шешемнің бір ауыз қара өлеңмен әнге қосып айта беретін болған. Қара өлең айту – бап та талғамайды, айрықша әнші-күйшілікті де қажет етпейді. Оңаша жүріп шер тарқатуға да, алқалы топтың ортасында өзіңді таныстыруға да,

ойын-тойда астарлы сезімге дәнекер болуға да қара өлең оңқай асықтай оңтайлы жанр. Бәлкім, содан да болар, қазақтың дәстүрлі сөз өнерінің ішінде эпостар мен ертегілерді, жыр-дастандарды алқалы топ ортасында таңды-таңға ұрып жатқа айтатын үрдіс жоғалып кетпесе де саябыр тартқандай. Әрине, графикалық және эфирлік мәдениет бел алғанда бұлай болуы заңды да шығар. Ал қазақтың қара өлең айту дәстүрі, баспа өнімдерімен жарысып, радио-телевизиямен қапталдасып, пластинка-магнитофондармен өрелесіп, әлі сол дәстүрлі қызметінен танбай, ел ішінде ағыл-тегіл айтылып, жалғаса туындап жатыр. Тіптен өмір құбылыстарына үн қосқыш икемімен, адам сезіміне етене жақын қарапайымдылығымен қара өлең уақытпен үндес жаңаша бір сапалық кезеңге тұяқ іліктіргендей.

Қара өлеңге оқшау жанр ретінде ХХ ғасырдың орта шенінен бастап назар аударыла бастады. Ең алғаш «қара өлең» деп атауын хатқа түсіріп, айдар таға бөліп айтып, арнайы пікір айтқандардың бірі – Шоқан Уәлиханов. «Қара өлең, – деп жазады Шоқан, – әдеттегі, үйреншікті өлең, бұл өлең – төрт жолдан құралған жеке шумақ. Әр шумақта жеке-жеке ой жатады, сондай-ақ бұл өлең дауысқа негізделеді. Көбінесе төрт жолды шумақтар мағынасыз болып келеді» «Қара өлең-әдеттегі, үйреншікті өлең, бұл өлең, төрт шумақты, әр шумақта жеке-жеке ой жатады...» – деп аударылған Шоканның жазуында қара өлең дегеніміз – төрт жолдан тұратын, айтар ойы бар, жеке шумақты өлең. Аудармада, керісінше, қара өлең дегеніміз – төрт шумақтан, яғни он алты жолдан тұратын өлең болып шыққан.

Мәселен, ойын-той, сайран-сауықта бас қосқандар алдымен «Амандасу өлеңін» бастайды:

*Сары ала қаз ұшады салмақпенен,
Қолым ауыр тартады бармақпенен.
Көп ойлар, көрмегелі көп күн болады,
Аман ба ауыл-аймақ, мал-баспенен?*

Немесе:

*Сөзімнің кешіретін қаталарын,
Айтатын ақ жарылған баталарын,
Көп ойлар, көрмегелі көп күн болды,
Аман ба ақ сақалды аталарының?*

Дәл осы рәсім түрінде «жөн сурасу өлеңі де қызығы мол, әзіл-оспағы көп қасиетімен өнер деңгейіне көтеріліп, жұртшылықтың сүйікті дәстүріне айналған. Әдетте «амандасу өлеңін», «жөн сурасу өлеңін» алыл адамдары бастап қоңаққа қарата айтқан.

Мәселен:

*Жургенде қараңғыда тун болады,
Жорытқан жер көкше қоян жун болады.
Адамға жөн сурасу парыз екен,
Әуелі өз ататын кім болады? –*

Десе, қонақ жақтағылар былайша жауап берген:

*Ауылын алыста жур, жуықты жур,
Ақша қар жауайын деп булттап жур.
Қалқатай сен сурасан мен айтайын,
Айтолқын-менін атым, ұмытпай жур.*

Осылайша жеті атаға дейін одан әрі ру-тайпаға дейін сурасып немесе ел ішінің жай-жапсарын, өнегелі істерін, білікті адамдарының қылық-қасиеттерін сурасып, ән-өлеңмен жауыптасу жалғаса береді. Әрине, мұндай дәстүрмен қара өлең айтушылардың ойы шұқыр,жөн-жоба білетін,аяқ астында айтарын өлеңге қосып айта алатын қасиеті болу керек. Алайда, қара өлең нағыз ақындардың айтысынан мүлде бөлек. Ақындар айтысқанда ашық беттесіп, бір-бірінің мінін бетіне салық қылып,өз жетістіктерін жеңісіне кепіл кетіп,тосынан тиісетін осал жерлерді іздеп шарпымады ғой. Сондай-ақ мұндай айтыста ақындық өнер ең бір қатаң талаптардың сынына түседі. Ал қара өлеңдеі жауаптасу түріндегі рәсімнің үлгісі бұрыннан белгілі болып келеді. Ең бастысы,екі жақ бірін-бірі жеңіп, иық асыруды мұрат тұтпайды. Жай ғана ойын-тойдың көркі үшін,тапқырлық-айтқыштық сынға түседі.

Қара өлеңнің бұл сияқты кезекетесе айтатын түрлері тек қана «Аманда-су өлеңі» мен «Жөн сұрасу өлеңінен» ғана тұрмайды. Ойын-тойда ұшқыр ойлы айтқыштар бас қосып қалса, өмірдің өзіндей шексіз тақырыптар қара өлеңге арқау бола береді.

Б. Уахатов өзінің анықтамасында қара өлеңнің төртінші қасиетті ретінде: «әр шумақтың алдыңғы бір не екі жолы негізгі айтылар ой мен тікелей байланысты болмайды, сырт тұрады», – деп пікір түйеді. Бұл пікір де, жоғарыда атап өткеніміздеі. «Рас, – дейді Б. Уахатов, – қазақ арасына кеңірек тараған осы қара өлеңдердің сыртқы жасалу үлгісіне,ұйқасына қарап мұның алдыңғы екі жолын тіптен мағынасыз екен деп ойлауға болмайды. Ара-тұра айтылатын «әриайдай деген де әриайдай», «ендеше езек-безек езек-безек» деген сияқты бірлі-жарым мағынасыз тармақтар болмаса, қара өлеңін қосалқы жолдары, негізінен, халықтың күнделікті тұрмысынан, көшпелі өмірдің көп белгі суреттерінен тұрады.

*Қай беткей, мына беткей, құба беткей,
Мал қайда ер жігітке талап етпей?
Ауылым көшіп барат көл қиялап,
Көрмейді көл қызығын қаз ұялап.*

*Жылқыда ерек жүйірік сарын болса,
Түйеде қызыл бұйра нарым болса.*

*Сен кидің ақ көйлекті қос етектеп,
Мен келдім ақ боз атты бос жетектеп, –*

деген қосалқы жолдар бірде қазақ халқының көші-қоның, кең жазық сахарасы мен айдын көл, асқар тауладың, енді бірде төрт түлік малының қасиет-қадірін, киген киімнің үлгісін, аңшылық, саятшылық өнерінің қызығын бейнелеп көз алдымызға келтіреді. Бұлай етпесе қазақ өлеңінің бас-аяғы құраламайды, айтайын деген ойының түйіні табылмайды. Сол түйін-халық өмірі, ел тіршілігі атадан балаға, ұрпақтан ұрпаққа мұра болып келе жатқан әдет-ғұрып, жора-жосығы. мұнсыз айтылған өлеңді қара өлеңі деп ең таға қою да екіталай. Ендеше қара өлеңдерге тән мұндай тұрмыстық атрибуттардың суретін басы артық, бөтен сөздеу қателік болар еді.

Сөз, жоқ тамаша айтылған тұжырым. Алайда Б. Уахатов қара өлеңін сол «қосалқы жолдар», «жетім ұйқас», «мағынасыз тіркес» аталып жүрген нышаның, мән-мағынасын талдап ашып көрсетуді арнайы ғылыми зерттеудің еншісіне қалдырады.

Қара өлең уақыт, заман тынысын танытып, сол уақыт, заман туралы халықтың ой-ниетін, арман-аңсарын білдіруге келгенде нәрестедей шыншыл. Қоғамның лүпілдеп соққан жүрегі сияқты қара өлең уақыттың, заманның әлеуметтік арман-аңсарын алдымен танытып отырады. Егер бұрынғы қара өлең айтушылар [3]:

*Жеткенде жылқым жүзге қуанамын,
Еңкейіп сырлы аяқпен су аламын.
Есіме сен түскенде, сүйген сәулем,
Қолында асасы жоқ дуанамын, –*

дегенде малдың молаюын, бас құрауын, сөйтіп сырлы аяқпен ғана су ішетін салтанатқа жетіп, сүйгеніне қосылуын негізгі өмір мұраты етсе, XX ғасырдың бас кезіндегі әлеуметтік – саяси сілкіністерге үлкен үмітпен қараған қазақ халқы:

*Ай туса жарқырайды жанарыңыз,
Ауырар жаяу журсек табанымыз.*

*Бозторғай қой үстіне ұя салады
Дейтұғын енді туды заманымыз!*

деп көңіл күйін, тарихи үміт-тілегін қара өлеңнің қанатты жолдарына орап, әуелете шырқады. Бір ғажабы, қай тақырыпты, қай кезенді жырласа да, қара өлең өзінің канондық үлгісінен, дәстүрлі обрыздық емеурін жүйесінен жаңылмайды. Айының оңынан туып, жанарының жарқырауы-жана заманнан әлеуметтік жарық сәуле күткені; жаяу жүрсе табанының ауратынын еске алуы-өткен өмір, шеккен азап, көрген қорлықты ұмытпа дегені.

Деген шумақ көшпелі өмір-салттың өмір сүру тәсіліне айналған салт-дәстүрін, одан әрі жалпыхалықтық нормаға ұласқан үрдісті білдірсе [3];

*Бойын түзу мылтықтың теміріндей,
Көзін қара ағаштың көміріндей
Жақсы мен бір болған жалғыз сәттің
Жаманның өтіп кеткен өміріндей,*

деген жолдары әрі қазақ қызының бітім-болмысына тән ортақ сұлулықты образды теңеумен тапаса елестетіп, әрі жақсы өткен жалғыз сәттің жаман өткен ғасырдан артықтығында тағы да халықтық талғам-түсінік тұрғысында жеріне жеткізе айта білсе;

*Ауылым көшіп барады таудан асып,
Таудан асқан бұлттар мен араласып,
Алыс ұзап кеткен де, беу, карағым,
Ақ қағазбен жүрейік амандасып, –*

деген шумақ туған жердің құдірет-табиғаттың, сол табиғаттың бел баласындай адамдарын, олардың көшпелі өмір ырғағындағы сағыныш сәлемдерін көрсетсе;

*Қағаздың, қасын сұлу сиясындай,
Тоғайдын, мойның ұзын, миясындай.
Қолымды қайтсем саған жеткіземін,
Сұңқардың, жатқан жерін ұясындай, –*

деген шумақ қыз көркіне үздігіп отырған жігіт былай тұрсын, сол суреттей сұлулыққа өзгені де күмәнсіз сендіре алса, сендіре отырып көрікті қыздың онай олжа, жеңіл сауға бола қоймайтының қиядағы сұңқардың ұясына теңеп бір кәпті сездіріп қойса, одан әрі, бәлкім, жігіттің шыққан жері сай келмейме екен, әлде қолы

қысқалықтан мұратына жете алмас па екен дегізгендей тыңдаушы-оқушысын тіптен қобалжыта түссе... қысқасы, осы сияқы Адам мен Адамның, Адам мен Қоғамның, адам мен табиғаттың мың сан байланыс-болмысына араласып кетсеңіз, қалайша осынау маржан шумақтардың әрқайсысын энциклопедияның бір-бір парағына немесе галерияның бір-бір экспонатына теңемессін?!

Қалай десекте, қазақтың қара өлеңі өзінің тал бойына әрісі байырғы түркілік әдеби дәстүрден нәр жинаса, берісі қазақтың төл сөз өнерінің көркемдік негізіне табан тіреп отыратыны аян. Бұл мәселе арнайы зерттеп, қыруар тарихи-көркемдік қисындарды көлденен тартуды қажет ететіндіктен, біз осынау қысқа-қайырым деңгейінде шектелуді жөн көрдік.

Тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйіні бар. Қазақтың қара өлеңін оқшау жанр, әдеби-эстетикалық санат (категория) ретінде мойындататын ерекшеліктердің атын атап, түсін түстеп, ой тұжырымдауды жөн көрдік. Әрине, бұл орайда қара өлең туралы бұрынғы-соңғы айтылған ой-тұжырымдардың қисынын қаперде ұстап отырмыз:

1) қара өлең міндетті түрде оң бір буынды, төрт тармақты болып келеді;
2) қара өлең міндетті түрде а-а-б-а түрінде аралас ұйқасады;
3) қара өлеңін тақырып аясы өмірдің өзіндей шексіз болған мен, әр шумаққа белгілі бір ғана ой арқау болып отырады. ол ой-жиын-тойдағы жеңіл әзіл-оспақтан бастап, өмілдің мәні мен сәніне, ел қамы мен халық тағдырына дейінгі кесек тақырыптарды тілге тиек ете алады;

4) қара өлеңдегі ой-тұжырым көбінесе дедуктивті формада, яғни силлогизм тәсілімен айтылады. Ондайда өлеңін алғашқы екі жолындағы ой дәстүрлі ұғым жүйесі бойынша екінші бір ойдың образдық-нышандық, емеуріндік айғағы немесе шендестірілген апстудаттық негізі болып келеді де, сол ой-айғақ өлеңін үшінші және төртінші жолында айтылар тоқ етер түйін идеяға қызмет етіп отырады;

5) қара өлең міндетті түрде созылмалы немесе қоңыр әнге салынып айтылады. Бірақ бірде-бір қара өлеңін тұрақты әні болмайды. Әркім өзінің даусына лайықты әнге қалаған қара өлеңін салып айта береді. Мұның өзі қара өлең айту дәстүрінде әннен гөрі сөздің, ой-ниет білдірудің негізгі міндет атқаратынын білдіреді;

6) әр әнің ырғақтық ерекшеліктеріне орай қара өлең тармақтарындағы бунақтар орын ауыстыра береді. Тек ұйқасатын бунақтар ғана болады.

7) қара өлеңін тұрақты қайырмасы болмайды. Бірақ әнге салып айту барысында міндетті түрде қайырма қоса айтылады. Қара өлең қайырмасы формасы жағынан алуан түрлі болып, ұдайы негізгі ой-ниеттің мәнін аша түсуге, эмоциялық қуаттың артыруға қызмет етіп отырады.

8) қара өлеңін жұрт алғамында сұрыпталған асыл үлгілері ауыздан-ауызға

тарап, көптің жадында жүргенімен өмірдің мың сан жағдайына орай ел ішінде ұдайы тыңнан туындап жатады [3].

Міне, осы қасиеттер-қара өлеңін қазақ әдеби фольклорындағы жанрлық дара сипатына айғақ тұрақты белгілері. Егер дербес тұрған қарапайым сөздердің құрылымына зер салсақ, сөз бен сөздің қосылуы алдымен талғаммен терілген қабілет-қарымның айғағы екенін көреміз. Одан әрі поэтикалық лек, синтаксистік ырғақ, стильдік жүйе, логикалық үйлесім қамшы өріміндей жымдаса келіп, ой мен образдың шашбауын көтеретінін байқауға болады. Сана мен сезімді түртіп оятып, жан жүректі нұрландыратын өнердің біртұтас тұлғасы сонда көрінеді.

ҚОРЫТЫНДЫ

Көркемдік танымның осынау сатылы жүйесінде емеуріннің орны мүлде бөлек. Ол әлгі көркемдік тәсілдердің баршасын қолғанат ете отырып, өзінің төл тума қасиетіне қылау түсірместен, қара өлең сияқты қасиетті өнердің шаңырағын көтереді. Қара өлең болмысындағы емеуріннің атқарар қызметіне осы теңеу әбден лайық. Біз сөз етіп отырған қара өлеңнің музыкамен байланысты қырын ашуда осынау теориялық тәсілге арқа сүйеудің қайырым – шапағаты мол болуға тиіс. Сонда қасиетті қара өлеңнің көркемдік – тарихи тағдыры жарқырай көрініп, маңдайының бағы ашылар еді-ау!

Қара өлең еш уақытта шектен шықпайды, өзі дүниеге келген өмір-салттың барша түсінік-қалыбын аттап кететіндеі мінез көрсетпейді. Егер,әлі де болса түсініктіреу айтар болсақ,қазіргі кейбір өлеңдердегідей «Мен-жұмыр жердің лүпідеп соққан жүрегімін» немесе «Мен-аспан мен жердің тірегімін» дегендей нақтылы өмір шыңдығынан алыс, асқақ патетикаға әсте бой алдырмайды. Бәлкім, соданда болар, өлең сөздің парқы мен нарқын бір ақындай білетін қазақтың әйгілі ақыны Мұқағали Мақатаев былай деген ғой:

*Жат жерді жастанғанда жаза тайым
Қаны мен жазды мүмкін азатайым
Қасиетінен қара өлең айналайын,
Қазақтың дәл өзіндей қарапайым.
Қадірін білген дұрыс көрге түспей, –*

деп келетін жолдарда әнге салып бүгінгі тыңдаушыға айтып берсеніз, қазақтың көп қара өлеңін бірі деп қабылдап қалуы әбден мүмкін.

Музыкалық-поэтикалық мұраны эдиционды-мәтіндік талдау тәсілімен тану үшін өзгеше өредегі талғам талаптар керек. Бірінші – сол талдаудың объектісін

көзге көрсете алатын техникалық-полиграфиялық мүмкіндік керек. Себебі, музыкалық-поэтикалық мұра тек дыбыс түрінде өмір сүреді, көзге көрінбейді. Екінші – талдайтын объектіні көзге көрсетіп беріп отыратын баспаханалық тәртіп жүйесі қажет. Үшінші – жоғарыда көктей шолып қана өткен таным тәсілінің теориялық- әдіснамалық негізгі орнықпай болмайды. Сонда ғана қазақтың қара өлең сияқты музыкалық-поэтикалық қазынасы типологиялық және салыстырмалы-тарихи зерттеуге көнеді. Сөз жоқ, мұның бәрі қазақтың қара өлеңінің де көркемдік-эстетикалық болмысын жарқырата ашуда мұрындық болатын ғылыми зерденің арқауына айналуға тиіс.

ПАЙДАЛАНҒАН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ

- 1 Валиханов Ч.Ч. Собрание сочинений в пяти томах. Т. 1. – Алматы, 1961. – 391-бет.
- 2 Әуезов М. Жиырма томдық шығармалар жинағы. Т. 19. – Алматы, 1979–1985. – 113-бет.
- 3 Сейдімбек А. Алты томдық шығармалар жинағы. Т. 2. – Астана: Фолиант, 2010. – 816 бет.
- 4 Казахский фольклор. – Москва: Наука, 2000. – 376 с.
- 5 Казахская сказка. Материалы к исследованию языка фольклора / ред. В.А. Виноградов. – Москва: Наука. Главная редакция восточной литературы, 2015. – 352 с.
- 6 Казахский эротический фольклор. – Москва: Ладомир, 2006. – 384 с.
- 7 Библиотека казахского фольклора. – Москва: С Р, 2000. – 789 с.
- 8 Библиотека народного фольклора. Эпос. – Москва: С Р, 2004. – 576 с.
- 9 Библиотека народного фольклора. Народная проза. – М.: С Р, 2012. – 608 с.
- 10 Библиотека народного фольклора. Народный театр. – М.: С Р, 2015. – 544 с.
- 11 Библиотека народного фольклора. Сказки. Книга 1. – М.: С Р, 2011. – 544 с.
- 12 Библиотека народного фольклора. Сказки. Книга 2. – М.: С Р, 2011. – 576 с.
- 13 Библиотека народного фольклора. Сказки. Книга 3. – М.: С Р, 2013. – 624 с.
- 14 Библиотека народного фольклора. Песни. – М.: С Р, 2012. – 656 с.
- 15 Народные песни. Свод фольклора / ред. А.А. Горелов. – Москва: Наука, 2006. – 600 с.
- 16 Поспелов С. Городской фольклор в живописи 1910-х годов / Г.Г. Поспелов. – Москва: Советский художник, 2006. – 272 с.
- 17 Балашов И. Как собирать фольклор. – Москва: Знание, 2013. – 781 с.

18 Джекобсон К. Песенный фольклор ГУЛАГа / Джекобсон, Джекобсон Майкл; Лидия. – М.: Современный гуманитарный университет, 2006. – 1000 с.

19 Новик О. Обряд и фольклор в тюркском шаманизме. – М.: Восточная Литература, 2004. – 304 с.

20 Новик О. Обычаи и фольклор Казахстана. – М.: Наука, 2015. – 288 с.

Е. Жанайхан¹, Н.К. Шаймардан¹

Важность изучения тотемной поэмы в казахском фольклоре

¹ Факультет искусства и спорта
Павлодарский государственный педагогический университет
Павлодар, Павлодарская область, Республика Казахстан

E. Zhanaihan¹, N.K. Shaimardan¹

The importance of studying the black poem in Kazakh folklore

¹ Faculty of Arts and Sports,
Pavlodar State Pedagogical University,
Pavlodar, Pavlodar region, Republic of Kazakhstan

Аннотация

В статье Автор сформулировал жанровые, художественные особенности, влияние стиха на исторические пути становления, общественно-социальную значимость. Также в этой статье он определил духовную связь с социально-историческим бытием, остановившись на художественно-поэтической особенности, эстетическом уровне и воспитании анализировал многовариантность стиха и причины их возникновения.

Ключевые слова: стихотворение, духовный процесс, оригинальное свойство, художественная поэтика, эстетический вкус, мыслительность, социальное бытие, пример, вариант.

Summary

In the article, the Author formulated genre, artistic features, the influence of the verse on the historical paths of formation, social and social significance. Also in this article, he identified the spiritual connection with the socio-historical being, focusing on the artistic and poetic peculiarities, aesthetic level and upbringing analyzed the multivariate verse and the reasons for their occurrence.

Keywords: the poem, the spiritual process, the original property, artistic poetics, aesthetic taste, thinking, social being, example, option.

МРНТИ 18.41.51

Т. Азамат¹, С.А. Мукаева¹

¹Өнер және спорт факультеті,
Павлодар мемлекеттік педагогикалық университеті
Павлодар қ., Павлодар облысы Қазақстан Республикасы
e-mail: tleu_sal@mail.ru

АҚАН СЕРІ ӨЛЕҢДЕРІН ЗЕРТТЕУДІҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ*Аңдатпа*

Автор мақалада Ақан сері өлеңдерінің жанрлық ерекшеліктерін, көркемдік шалымы, бітім-құрылысы, тарихи қалыптасу жолдарына, қоғамдық-әлеуметтік мәніне әсерықпалына қатысты ой-тұжырымдаған. Ақан сері өлеңдерінің рухани үдеріспен тікелей сабақтас тәлтума қасиетін анықтап, халықтың тарихи-әлеуметтік болмысымен біте қайнасқан көркемдік-поэтикалық шалымына, эстетикалық талғам мен тәрбиесіне тоқталып, олардың ерекшеліктерін саралаған.

Тірек сөздер: Ақан сері өлеңдерінің, рухани үдеріс, тәлтума қасиет, көркемдік поэтика, эстетикалық талғам, ой тұжырым, әлеуметтік болмыс, үлгі, нұсқа.

КІРІСПЕ

Арқаның ардагері атанған Ақан сері – өзі өмір сүрген дәуір шындығын ән-музыка, өлең-жыр туындылары арқылы бейнелей білген ұлы суреткер, дарынды композитор. Асыл өнерімен де, жеке бас әдет-мінездерімен де, сән-салтанатымен де даралана көзге түскен қазақтың ең қадірлі серісі. Жақсылық пен әділеттік жолына белін бекем буған, ақыл – парасаты биік саналы гуманист. Ол ақынның айтқыры, әншінің саздысы, сазгердің наздысы, серінің сейдіні.

Ақанның туған жері – жасыл желек жамылған қалың нулы, көл-көсір өзен-сулы табиғаты бар, қалың қарағай мен ақ балтыр аққайың бой таластыра өскен Көкшенің кербез сұлуы атанған қасиетті жер. Болашақ ақын 1843 жылы Көкшетау уезінің Шалқар болысында үлкен Қоскөл жағасында дүниеге келді.

Оның әкесі Жақсылық Қарауылдан (Орта жүз Арғын тайпасына жататын ру) тарайтын Малтабардың бес ұлының бірі, Құдайқұлдың немересі. Жарқынның жалғызы – Қорамса. Ол бұлаң құйрық заманынан үлесін қағып қалу үшін жастай сауда-саттықпен айналасып, дүрілдеген мол дәулет жинайды. Сол дәулеті шалқыған шаңыраққа ие болар перзент күтсе, жары Жаңыл жылара бір қыз тауып,

ат ұстарға зар қылады. Ақыры, ақ тілеуі қабыл болып, бес қыздан кейін дүниеге Ақжігіт атты ақмандайлы ұл келеді. Көп күттіріп көрінген ұлын еркелетіп ата-анасы Ақан атандырып жібереді. Ақаны ақжолтай болып артынан Мұхамбет, Рамазан, Әйберген деген тағы да үш ұл туады. Ізі – жолы құтты болған үлкен ұлын Қорамса беттен қақпай еркін, ерке етіп өсіреді. Балаларға қара танытып, хат білгізу үшін ауылда арнайы ұстаған Күнту молдадан Ақан да алғаш қадимша сабақ алады. Ұстазының айтқанын қағып алып, табанда қайталап беретін зерек бала молданың бірсарынды дәрісінен зеріге бастайды. Өзінше ойлап, көрген – білгенін өзінше бағалай бастаған ол бірде ұстазымен бір шарифатқа таласып қап, таяқ жейді де: «Шыбыққа сүйенген шарифатыңды ұрайын», – деп тайып тұрады.

Бір саудагерге еріп Қызылжар кетіп қалады да, онда барып Уәли ахун медресесіне түсіп, екі – үш жыл білімін байытады».

Азды-көпті дәулеті бар Қорамса мұсылманша сауат алған Ақанды ауыл молдасы етпек болады. Бірақ бала кезінен домбыра тартып, әнге, өлеңге құмар болып өскен Ақан, басына сәлде орап, мешіт ұстаудың орнына қайда жиынтой, шілдехана, алтыбақаны бар жерге аңсары ауа береді. Бойшаң, келбетті, әдемі ашық үні бар жігітті қай жерге барса да құрметпен қарсы алатын болған.

Сонымен, Ақан 16–17 жасында өнер жолына түседі. Тарихтың алтын парағына анасы Жаңыл еркелетіп қойған Ақан есімін мәңгі өшпестей етіп қалдырады. Осыдан былай Ақанның жалпақ жұртқа жат көрінген серілік өмірі басталады.

Сұлу киім, жүйрік ат, құмай тазы, алғыр бүркіт Ақанда болады. Қалың Қарауылдың ойын – тойының көркі Ақан болады. Біріне бедеу мінгізіп, біріне бүлде кигізіп дегендей, 15–20 жігітті өзі тәрбиелеп, нөкер қылып алады. Жүргенде сол жігіттердің алдында қолбасыдай оқшау отырады. Біресе боз атқа мініп, ақ киген. Біресе қара атқа мініп, ақ киген. Біресе қара атқа мініп, қара киген.

НЕГІЗГІ БӨЛІМ

«Ақанның әні-ай!» – деп күрсінеді. Сүймесе сері дер ме еді, қалың Қарауыл Ақанға «Сері» деп лақап есім береді. Солай жүргенде Ақан бұрын атастырып қойған қалыңдығы Жұмат қожаның қызы Бәтиманы алады. Онымен он жылға жақын отасып тұрады. Бәтимадан бір ұл, екі қызы болады.

Бірақ ұлы тілсіз болады. Он жыл шамасында Бәтима өледі. Серіліктің соңында жүрген Ақан Бәтиманың өлімін елемейді. Серілікті бұрынғыдан да үдетеді. Құлақ естір жерден алғыр қыран, құмай тазы, жүйрік жияды. Зілғараның баласы Әлібек батырдан бір жылда алпыс түлкі алған Қараторғай деген бүркітті, Сайрат төреден бір жылда тоғыз қасқыр алған Базаралы деген итті алады. Қалың Қарауылға аты

шыққан Ақтоқты деген арумен көңіл қосады. Тап сол кезде Ақанның қолына алты Алашқа аты шыққан Құлагер түседі.

Сол кездегі дала өмірінің аса қызық түрі: жүйрік ат, қыран құс, алғыр тазы ұстау еді. «Сері» деген атаққа осы шарттар лайық-тұғын.

Серегелдеңге салғандай азапты, ләззатты, шытырман оқиғаға толы осы бір деректі хикаятты оқып отырып Ақан серімен бірге тозақтың отына түскендей, бірге жұмақтың бағын кешкендей, бірге ғажайып ертегінің ішінде жүргендей боласың. Бастан-аяқ сиқыршыдай арбайды да отырады.

Бүгінде елде кітап аз шығып жатқан жоқ, бірақ оның бәрі оқыла бермейді. Қазақ мәдениеті тарихының айрықша саласын құрайтын сал-серілер, олардың ешкімге ұқсамайтын өмір салты, өнері, салтанаты – біздің таңдай қағып тамсана беретін кенішіміз, ұлттық байлық қазынамыз. Өкініші – қазақ топырағындағы осы бір асыл өнердің табиғаты толық ашылмай келеді.

Кейбір кісілердің тиіп-қашып жазғаны болмаса, сал-серілер өмірін академик Әлкей Марғұланға дейін арнайы зерттеген ғалым кездеспейді. «Күйді ерттеп, әнді мінген кемеңгерлер» дейтін еңбегінде Әлекең қазақтың сал-серілік өнерінің тарихына, табиғатына, ерекшелігіне кең талдау жасайды: «Сал мен сері – екеуі екі алуан, екі дәстүр өрнектері, өте ескі дәуірден сақталып, халықтың тіршілігіне көп жаңалық кіргізіп, әдебиетке, ой-санаға игі әсер еткен қазақ мәдениетінің бір жарқын белгілері. Сал-серілер қазақ тіршілігінде ерекше жаралған, дарындылық дарыған, ақындық, шешендік, күйшілік сүйегіне біткен; махаббатқа бас иген, бүкіл өмірін сұлу қыз іздеуге арнаған, мал-мүлкін аямай соның жолына құрбан еткен; ерекше киінген, жүйрік мініп, сұңқар ұшырған ерекше жандар, өмірі аңызға айналған адамдар. Сондықтан олар ел ішінде сыйлы болған» дей келе, Түрік қағанаты, Қыпшақ заманы, Қазақ хандығы дәуірінен бергі жердегі сал-серілерге тоқталады.

Шынында да сал-серілер – тұла бойы тұнып тұрған махаббат; бір жанып, бір тұтанған, өле-өлгенше еш сөнбеген махаббаттың оты мен дертінен жаралған, ғашықтық үшін жаралған адамдар. Өзге жұртта көп кездесе бермейтін; мінген аты, киген киімі, жүріс-тұрысы, өнері де, өмірі де ешкімге ұқсамайтын; махаббаттың отына өртенген, дертіне шалдыққан; ғашықтықтың азабы мен тозағын тартқандар; салдықтың салтанатын құрып, серіліктің сергелдеңіне түскен; қоғамынан, өмір сүрген ортасынан қорғаныш таппай, баяны, тұрлауы жоқ, бейопа ғұмыр кешкен; сұқтың көзіне, елдің қаңқу сөзіне ұшырай беретін; үнемі сұлу құшқан, қыз біткенді өзіне ынтық қылған ақын, әнші, композитор, аңшы әрі құсбегі; ортаның сәні, ұлы даланың өмір салтын қалыптастырған, Алла ерекше сұлу ғып жаратқан ғажайып құбылыс. Ел жақсылары оларды еркелеткен, үкілеп ат мінгізіп, төріне шығарған; төрелеп төбесіне тұтқан, аялап алақанына салған, аяғын жерге тигізбеген.

Салдық та, серілік те қонған, сүйекке біткен. Сал мен серіні халық шатастырмаған, екеуінің екі түрлі құдірет екенін жақсы білген. Серіні – сері, салды сал деп атаған. Мәселен, Біржан сал, Дәурен сал немесе Ақан сері, Сегіз сері дейтіні содан. Бір жанды – сері, Ақанды – сал деп айтпаған.

Өнеріміздегі осы бір ғажайып құбылысты, ерекше өнерді қырық жылдан бері ерінбей-жалықпай, жан-жақты, терең зерттеп келе жатқан, сал-серілердің жарқын бейнесін атқан таңдай жарқыратып аша бастаған кісі – Илья Жақанов. Сал-серілер өнеріне, олардың өмір тіршілігіне, сән-салтанатына, асыл мұрасына, тағдырына, ұлт тарихындағы құбылыс ретінде ерекше мән беріп, арнайы терең зерттеген Ильядай зерттеуші болған жоқ. Ильяның көптен бері айызымызды қандырып, тамылжытып жазып келе жатқан эсселері, ертегідей етіп жүргізген талай теле-радио хабарлары көпшіліктің жадында.

Автор шығармашылығының ең биік белесі де, айтулы табысы да «Фолиант» баспасынан таяуда ғана жарық көрген «Бір кезде Ақан едім аспандағы» деп аталатын хикаяты. Хикаятта Ақан сері Қорамса ұлындай ел еркесінің шырмауықтай шырмалған, төрт аяқтан күрмелген өмірінің ертегіге бергісіз шындығы; сүйініші-күйініші, ғажап пен азапқа, ләззат пен тозаққа толы таңғажайып тауқыметті тағдыры; қасіретті, шиеленісті ғұмыры әсерлі әрі нанымды баяндалады; бұланадай биік тұлғасы шебер сомдалады. Ұлт тарихындағы қазақ сал-серілерінің өмір тарихы құштарлықпен, ыждағаттылықпен талданады; бұрын белгісіз болып келген көптеген жаңалықтармен, деректі, дәлелді айғақтармен, парасатты пайымдармен зерделенеді. Құлагерді өлтірген Батыраш емес, Баракбай екендігіне мүлтіксіз дәйектер табады; Баракбайдай, Жүсіп төредей, Бегалыдай қызғаншақтардың іс-әрекеті әшкереленеді; осы күнге дейін жұрттың жадында жағымсыз образ болып қалыптасып қалған Жанбота болыстың, Жалмұқанның, Хазірет Науанның қоғамдағы орны, өмірдегі жарқын бейнесі қалпына келеді. Ақан серінің Құлагерден басқа да Қоңырат, Көкбесті, Қарабедеу, Біржан сал мінгізген Ақбоз секілді тұлпарлары болғанының шындығына; Ақан серінің ақын жүрегіне от қойып, дертіне айналған қос Бәтима, Үш тоты (Ұрқия, Үрім, Жәмила), Ақшабақ, Жамал, Ақтоқты мен Балқадидиша жайындағы ғажайып баянға қанығамыз. Түптеп келгенде мұның бәрі қазақ арасында аңыз боп аты қалған Ақан серінің, оның «Әуеде ұшып жүрген бейнебір ғайып», «Баспа-бас қызға бермес» Құлагерінің, баянсыз махаббатының, бүкіл өмірінің осы күнге дейін беймәлім болып келген аса құнды дерегі, тарихы еді. Жүйелі зерттеу, ойлау, жазу мәдениеті жоғары автор бұл деректерді қырық жылдан бері ерінбей, жалықпай ел ішінен, архивтерден, әсіресе, Ақан өмір сүрген Көкше, Сырымбет өңірлерінен, Қасым қарияның қоңыр дәтерінен, Мағжан Жұмабаевтың зерттеуінен, Батыраштың, Ақтоқтының, Балқадидишаның ұрпақтарынан, өзге де көз көргендерден, анығын естіп білгендер-

ден алады. Сөйтіп, сол дәуірдің шындығын, Ақан өмірінің ақиқатын алдыңызға жайып салады.

Кітаптағы Батыраштың – қарақшы емес, Орта жүздегі текті, дәулетті, аса сыйлы кісі болғандығы; Ақтоқты мен Балқадидің шаның ажарлы отбасы; олардың ұрпақтары жайлы жазылған тың әңгімелер оқушысын тебіrentпей қоймайды.

Ақан әндерін жаладан, жамаудан тазартып, қалпына келтірген де, Біржан салдың «Айбозымын», Ақан серінің «Шырмауығын» қайта тірілткен де, өзге де асылдарымыздың сөнген шырағын қайта жаққан да – Илья Жақанов.

Илья 1985 жылы Еңбек Ері, совхоз директоры Ұлтай Нұрсейітовтің үйінде Ақан серімен аталас, Қасым қарияның баласы Ербаһрам Жандосовпен кездеседі. Ербаһрам – Ақан серінің жақын туысы. Ербаһрамның әкесі Қасым қария Ақан сері жайында өмір бойы жазған дәптерін Ильяға бір көрсетсем деп армандап жүреді. Ақан сері өмірінің бар шындығы, елеулі кезеңдері, айтулы оқиғалары осы дәптерде қамтылған.

Дәптерді сұраушылар көп болған, бірақ Қасым қария ешкімге бермеген:

– Ақан сері әулетімізге ғана емес, халқымызға иіп бере салған Тәңірдің сыйы еді, ол жайында мына дәптерде жазылған дәйекті сөз, ауызша айтқан қыруар әңгімем – саған, сенің балаңа, балаңның баласына жете берсін.

Ақан сері дүниеден қайтқанда мен он жеті жаста едім. Түр-түсі, іс-әрекеті, мінезі, елде жоқ кірпияз қасиеті, домбыра шертісі, әндеткен үні, бар тірлігі көз алдымда. Басынан кешкен бағы мен сырын, кімді сүйді, кімге налыды, әр әнінің тарихы. Қоңыр аты мен Құлагерінің баянын, бәрін Ақан серінің өз аузынан естідім. Өзіме беймәлім көп жайды аталарымыз бен әжелеріміз, әкелеріміз бен аналарымыз, елдің есті кісілері айтушы еді. Маған отбасыдағы азын-аулақ мал-мүлік, дүние-жиһаздан гөрі әулетіміздің шежіресі дерлік осы дәптер қымбат. Менің саған қалдырар дүнием де, аманатым да – осы дәптер, – деп баласы Ербаһрамға тапсырған. Илья құнды деректердің негізін осы дәптерден алған.

ҚОРЫТЫНДЫ

Ақан сері – Қарауыл ішінде Малтабар. Арғы атасы Құдайқұл жүйрік ат мініп, ит жүгіртіп, құс салған даланың еркесі екен. Бозбала кезінде серіліктің әуресімен ауылға сыймай, думандатып ел кезіп, әндетіп ел аралап кетеді екен. Сөйтіп жүріп бір жылы Қанжығалы елінде қызойнақта көкірегі әнге, арманға толы Кенжебикеш деген қызды ұнатып, алып қашады. Құдайқұл мен сол Кенжебикештен – Сапақ, Бекназар, Жаназар туады. Бекназардан – Жарқын, одан – Қорамса,

Қорамсадан – Ақжігіт (Ақан сері); ал Жаназардан – Ибраһим, одан – Жандос, Жандостан – Қасым, Қасымнан – Ербаһрам туады.

Қорамса інісі Жандоспен ғұмыр бойы іргесі бөлінбей, ата қоныстары – Қоскөлдің жағасында, Кеңашы, Көлденең, Қараталдың бойында бірге көшіп-қонып жүрген. Жаз жайлауы, қыс қыстауы да бір болған. Сондықтан да олар іргесі бөлінбеген Қорамса әулеті аталып кеткен.

Қоңыр ат және Құлагер трагедиясы

Алты жасқа дейін Ақан серінің тілі шықпаған екен.

Бір жылдары салдықтың салтымен Біржан сал Қорамсаның қонысы Қоскөлдің жағасына қызыл, сары, көк шатыр тіктіріп, аспандата шырқатып әнге салады. Ауыл балалары да сол маңға жиналады. Бала Ақан таң-тамаша қалып, аузын ашып, Біржанның әнін ұйып тыңдайды.

«Баласы Қожағұлдың Біржан салмын,

Адамға зияным жоқ, жүрген жанмын.

Байлығы, мансабының керегі жоқ.

Өзім сал, өзім сері, кімге зармын» – деген сөзді Ақан ап-анық естиді.

Дәл осы сәтте кішкентай ғана Ақанның балапан жүрегін қандай сезім билегені белгісіз, кенет «Алақай!.. Алақай!» деп шатыр жаққа қарай тұра жүгіреді. Сол күні Ақанның тілі шығып, Қорамсаның үйінде ақ түйенің қарны жарылған қуаныш, дуылдасқан той болады.

Алла тағала сездірді ме, кім білсін, Біржан сал өз әніне елден ерек елтіген, қоңыр қозыдай момақан, кіп-кішкентай Ақанды бауырына басып, мейірлене тебіренеді, үкілі домбырасын береді. Біржан салдың Ақан серіге ұстаздығы осылай басталады.

Ақан серінің әкесі Қорамса – құрығы ұзын, кімнің кім екенін тани білетін, ортасына сыйлы кісі болған. Саудасы жүріп тұрған күндердің бірінде әдеттегіше Атбасар жәрмеңкесіне барыпты. Тобыл жақтағы Қыпшақтың дәулеті шалқыған бір ырысты мырзасымен алыс-беріс жасап, сыйласып жүреді екен. Сол досы жәрмеңкеге келіп жылқы сатыпты. Жылқыларының ішіндегі басымен алысқан, билеп, ойнақшып, шиыршық атқан, ерке қарагер құнанға жұрттың бәрі қызығыпты. Таласып, бірінен бірі саудасын асырыпты. Солардың ішінде алпауыт Көкжал Барақбай да болыпты. Қарагердің бағасын түсірмек болып: «Ұршықша иірілген не бұл өзі? Қостанайдың сығандары сататын атының аузына арақ құйып, өстіп еліртіп, есіртіп қоюшы еді, оны Баттал да үйренген екен ғой», деп даурығыпты.

ПАЙДАЛАНҒАН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ

- 1 Ардақ Ә. Ән-күйлер туралы көркем шығармалар жинағы. – Алматы, 2005. – 256 б.
- 2 Байжігітов Б. Көркем өнер терминдерінің қысқаша түсіндірме сөздігі. – Алматы, 2000. – 78 б.
- 3 Балтабаев М. Әсем саз: бастауыш сыныптарға арналған музыка әліппесі. – Алматы: Атамекен, 2002. – 104 б.
- 4 Дабаев И. Великан устной поэзии // Юридическая газета. – 2010. – 19 августа. – С. 5.
- 5 Машакова А. Современная казахская литература в ракурсе мировой // Простор. – 2010. – №12. – С. 113-115.
6. Исмакова А.С. Сокровенное предназначение казахской литературы // ҚазҰУ хабаршысы = Вестник КазНУ. Сер. Филологическая. – 2009. – №2. – С. 3-7.
- 7 Ананьева С. Новое прочтение казахской литературы // Простор. – 2009. – №9. – С. 151-154.
- 8 Джуанышбеков Н.О. Лирика Акан серия // Русский язык в школах и вузах Казахстана. – 2009. – №5. – С. 38-40.
- 9 Бимагамбетова Ж.Т. Художественно-эстетическая функция путевого очерка в казахской литературе XX века // ҚазҰУ хабаршысы=Вестник КазНУ. Сер. Филологическая. – 2009. – №5–6. – С. 219-222.
- 10 Валиева З. Культура Казахстана 1930 – начала 40-х годов // История Казахстана: препод. в школах и вузах. – 2008. – №6. – С. 59-78.
- 11 Абдыханов У.К. Раскрытие характера интеллигенции в казахской литературе второй половины XX века // ҚазҰУ хабаршысы = Вестник КазНУ. Сер. Филологическая. – 2008. – №2. – С. 242-245.
- 12 Письменная литература и печать // Кенесбаев, І. Қазақ тіл білімінің мәселелері = Вопросы казахского языкознания. – Алматы, 2008. – С. 470-479.
- 13 Нарымбетова К.А. Особенности художественного восприятия казахской литературы в США в контексте истории казахской литературы // ҚР ҰҒА хабарлары = Изв. НАН РК. Сер. Филологическая.-2008. – №4. – С. 51-55.

Т. Азамат¹, С.А. Мукаева¹

Важность изучения стихов Акан сери

¹ Факультет искусства и спорта,
Павлодарский государственный педагогический университет
Павлодар, Павлодарская область, Республика Казахстан

T. Azamat¹, S.A. Mukaeva¹

The importance of studying Akane's poems

¹ Faculty of Arts and Sports
Pavlodar State Pedagogical University,
Pavlodar, Pavlodar region, Republic of Kazakhstan

Аннотация

В статье Автор сформулировал жанровые особенности стихотворений Акан сери, художественные склонности, приметы, влияние на исторические пути становления, общественно-социальную значимость. Выявление самобытных духовных стихов акана серэ непосредственно процессом в смежных свойств населения, историко-художественных принципов социальной бите ислам-поэтический шалымына, воспитанию эстетического вкуса и черной варианты и остановился на стихи много образцов, их причинно-проанализировала последствия.

Ключевые слова: Акана сери стихов, духовного процесса, подлинные свойства, поэтика, художественный, эстетический вкус, вывод, мысль, бытие социального, образец, вариант.

Summary

In the article the Author has formulated the genre peculiarities of poems of the akan Seri, artistic inclination, the signs, the impact on the historical path of formation, public and social importance. The identification of distinctive spiritual poetry akan sere directly process related properties of the population, art-historical principles of social BTE Islam poetry Salamina, education of aesthetic taste and black options and decided on poems are a lot of samples, their cause and analyzed the consequences.

Keywords: Akana Seri poems, spiritual process, authentic properties, poetics, artistic, aesthetic taste, conclusion, thought, being social, sample, option.

МРНТИ 14.23.09

Г.Ш. Дюсембенова¹

¹ №14 орта мектеп, «Балдаурен» ШО
Павлодар қ, Павлодар облысы, Қазақстан Республикасы
e-mail: Dyusembenova@mail.ru

МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРДЫҢ СӨЗДІК ҚОРЫН МНЕМОТЕХНИКА АРҚЫЛЫ ДАМУЫ ЖӘНЕ АУЫЗЕКІ СӨЙЛЕУ ДАҒДЫЛАРЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Аңдатпа

Мақала тақырыбы мектеп жасына дейінгі балалардың сөздік қорын мнемотехника арқылы дамыту және ауызекі сөйлеу дағдыларын қалыптастыру өзекті мәселеге арналған. Мектепке дейінгі балалардың байланыстырып сөйлеу тілін дамыту әдістемесі әлі де теорияда жетілдіріліп, мектепке дейінгі мекемелерде тәжірибе жүзінде жаңа бағдарлама талаптары негізінде жүзеге асырылуда. Мақалада авторлар ғылыми-теориялық зерттеулер негізінде баланың ауызекі сөйлеу дағдыларына сипаттама берген. Баланың білуге ерекше тырысатын осы кезеңінде сөйлеу ортасының оңтайлы ұйымдастырылуы басты шарт екендігіне тоқталған. Қазіргі қоғамда жүріп жатқан өзгерістер жаңару, мектеп жасына дейінгі балалардың білім сапасын, сөздік қорын молайтуды жақсарту талап етілуде. Білімділік пен тәрбиенің нәрі мектепке дейінгі ұйымнан басталады. Үздіксіз білім берудің алғашқы сатысы мектепке дейінгі білім беру мәселесіне бүгінгі таңда жан-жақты көңіл бөлінуде. Қазақстандағы көптілділік жағдайында балабақшада және отбасында үлкендер дұрыс басшылық жасап, баланы ана тілінде дұрыс сөйлеуге бағыттау.

Кілттік сөздер: мектеп жасына дейінгі балалардың, сөздік қорын, мнемотехника арқылы, дамыту, және ауызекі сөйлеу дағдыларын қалыптастыру .

КІРІСПЕ

Бала тәрбиесінде ана тілін дамытуға шетелдік, ресейлік және отандық ғалымдар ерекше назар аударып келді. Тілдің тәрбиенен байланыстылығына ерекше көңіл бөлген ұлы чех педагогы Я.А. Коменский: «Бала тілін мектепке дейінгі сәттен бастап дамытпай, жеке адам тәрбиелей алмаймыз» деген тұжырым жасаған. Оның өзінің баршаға танымал «Аналар мектебі» деген еңбегінде: «Сөз әр заттың мәнін бейнелейді, сөзді түсінбес бұрын заттың мәнін түсінуі керек, сөз заттардың жеке белгілерін түсінуі барысында сыртқа шығады» деген ойы бүгінгі таңда бала

тілін дамыту теориясының негізгі қағидасы болып отыр. Ғалымның дәлелдеуінше: «Балаларды оқыту қажет, біртіндеп қарапайым, элементарлық ұғымдардан күрделіге көшіп отыру педагогикалық талаптардың негізі» деген тұжырымы да өзінің маңызын жойған емес [1,25]. Мнемотехникалық әдіс балалардың сөз материалын есте сақтауда қалдыру үшін қолайлы. Сонымен қатар дыбыстық және көру қабілеттері де дамиды. Мектепке дейінгілердің жас ерекшеліктеріне қараса, осындай қорытындыға келуге болады, сөйлейтін суреттерді пайдалану әңгіме құрастырғанда, өлең, логоритмикалық жаттауда жеңілдетеді және есте сақтау процесін тездетеді. Өйткені мектепке дейінгі мекемелерде ұйымдыстырылатын оқу іс-әрекеті тәрбиемен ұштастырыла үздіксіз жүргізіліп келеді.

НЕГІЗГІ БӨЛІМ

Мектепке дейінгі педагогиканың теориялық және практикалық мақсаты – жас ұрпақтың ой-өрісін, сана-сезімін кеңейте отырып, өмірге қажетті білім-дағдыларға үйрету. Сол себепті мектепке дейінгі педагогика мен психология ілімдерінде, жылдар бойы шығарылып келе жатқан «Балалар бақшасындағы тәрбие бағдарламаларында» сәбидің тілін дамыту, ауызекі сөйлеуге үйрету, үйренгенін күнделікті өмірде пайдалана білуге жаттықтырып отыру ісіне басты назар аударылады. Өйткені, баланың айналадағы өмірді танып, білудегі басты жәрдемшісі – тіл болып табылады. Ал тілдің дамуы оның сана-сезімін, ой-өрісін жетіле түсуіне негіз болады.

Мнемоника (гр. *mnemonic* – есте сақтау өнері) – табиғи ассоциациялар жасау көмегімен есте сақтауды қамтамасыз ететін, жасанды түсініктер арқылы қажетті мәліметтерді еске сақтауды жеңілдететін ережелер мен тәсілдер жиынтығы. Баланың өмірлік тәжірибесін дамыту, айналадағы дүниеден алған әсерін әрі қарай кеңейте отырып, бір арнаға түсіру балабақшадағы оқу қызметін дұрыс ұйымдастыру арқылы жүзеге асады. Бағдарламалық материалдар жылдар бойы жетілдіруде, ал қазіргі жаңартылған оқу-тәрбиеге қатысты мемлекеттік құжаттар негізінде балаға берілетін білім интегративті, яғни түрлі салаларды кіріктіру әдісіне көшіріліп отыр.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» (2009 жылғы 27 шілдедегі №319-III ҚР Заңы мен ҚР Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 23 қаңтардағы №26 бұйрығымен бекітілген, ҚР МЖМБС 5.04.019 – 2008 «Қазақстан Республикасының мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты. Жоғары білім. Бакалавриат. Негізгі ережелерінде» баланы болашаққа қызмет ететін тұлға ретінде тәрбиелеу міндеті тұр [3]. Бұл құжаттарда білім беру деңгейлерінің

әрбірінде жеке тұлғаға тән құзыреттіліктері мен жан-жақты жетілісін қалыптастыруға негіз болатын білімдік жүйе жасалуы керек екендігі талап етілді. Қазақстанның азаматының сөйлеу тілі жетілген, интеллектуалды қабілет-дағдыларға ие ұрпақ болып тәрбиеленуі үшін бүгінгі таңда жаңа бағдарламалар, оқу-әдістемелік жинақтар шығарылып, практикаға енгізілуде.

Талап бар жерде жұмыс формалары жетілдіріліп, тәрбиешілер оқу-тәрбие қызметін дұрыс ұйымдастыру үшін бұрынғы теориялық біліміне жаңа технология жаналықтарын енгізу көзделуде.

Жұмысты сөйлеу дағдыларына нелер жатады, ол дағдыларды қалыптастырудың жолдары қандай деген мәселе төңірегінде қарастырғанымызда, түрлі тұжырымды ойларды жинақтадық.

Мысалы, әрі ертегіші, әрі лингвист, балалардың сүйікті жазушысы К. Чуковский балаларды «кішкентай лингвистер» деп атаған. Осы жастың өзінде үлкендер балаларға мазмұнды, әсерлі ынтымақтастық құра алса, баланың әңгімелеп сөйлеу тілі бірден қалыптасады деп ескертіп, бұл жетістік баланың 5 жасындағы монологті сөйлеуін, 6 жаста кез келген тақырыпқа әңгіме құрастыра алуын еркін қамтамасыз ететінін айтқан [9].

Мектепке дейінгі мекеме – бала тілінің даму үрдісін мақсатты, жүйелі жүргізудің ортасы. Бала алғаш келген күннен бастап оны міндетті түрде жүйелі сөйлеуге үйрету әрекеті жалғасады. Мнемотехникалық әдіс – өлеңдерді, алгоритмикалық жаттығуларды жаттаудың, әңгімелерді сипаттаудың әдістемесі. Осы жастағы балаларға өлеңдер жаттауда сөйлейтін суреттерді қолданған қолайлы. Өлең жаттауда әр сөзді рәміздермен алмастыруға болады. Кейбір жағдайда сөйлемді бір сызбада көрсетуге болады. Заттардың сынын, күйін, әрекетін білдіретін суреттерді құрастырғанда толық түсіну үшін балалармен бірге ойнау қажет және эмоциялы деңгейде әрекетті көрсетуге болады. Мектепке дейінгілерді өлеңдерді мәнерлеп жаттауға, шығармаға сай ырғақты сақтауды үйретеді. Жоғарыда айтылған тұжырымдарға сүйенсек, баланың сөйлеу тілін дамыту үшін ең алдымен жас ерекшелігіне байланыста балабақша топтарында ұйымдастырылатын оқыту-тәрбиелеу қызметінде сөйлеу дағдыларын белсендіру қажет. Өйткені қатарластарымен, жанындағы үлкендермен тілдік қарым-қатынас жасауға дағдыланған бала ертеңгі күні мектепте еркін сөйлейтін болады.

Сөйлеу әрекеті дағдысын қалыптастыру дегеніміз – баланың түрлі жағдаяттарда сөйлеу икемділігін жетілдіру деген сөз. Бұрынғы еңбектерде «Тіл дамыту» деп аталып келген сабақ, кейін ұйымдастырылған оқу іс-әрекеті бүгіндері «Сөйлеуді дамыту» деп аударылып, жаңа термин ретінде енгізіліп отыр. Қазақстандық әдіскер ғалымдар Н. Нұғманова, С. Рахметовалар бала тілін дамытуда бала тілді қарым-қатынас құралына айналдыра алуында сөз қорын байыта отырып, сөздерді

өзара дұрыс байланыстырып, өз ойларын, пікірлерін екінші біреуге сөйлемдер арқылы ауызша, жазбаша дұрыс білдіруге үйрету жүйесін ұсынған.

Сөйлеуге үйретудің басты шарты – сөйлеу ортасын ұйымдастыру, яғни балалардың үлкендермен, өз қатарластарымен қарым-қатынасқа түсу және балабақша қызметкерлерінің тілдік ортасының таза ана тілінде болуы. Ол ортада мынандай жұмыс түрлері мынандай формаларда: тұрмыстық қажеттіліктерге қарай күнделікті сөйлесулер, нысандарға күнделікті бақылаулар өткізу, кіріктірілген арнайы оқу қызметі, басқа да түрлі әрекеттер (ойын, саяхат, кітап қарастыру, т.б.) өтеді.

Тәрбиеші топқа бірінші келген күннен бастап баланың сөйлеуіне назар аударып, оның қандай сөздердің мәнін түсінбейтінін, нені білгісі келетінін сөйлесе отырып анықтайды. Бұл үшін тартымды, ашық түсті ойыншықтарды пайдаланады, бөлмедегі жанды бұрыштардағы жануарлар дүниесімен таныстыруды ойластырады. Баланы ұжымға тарта отырып, үлкендердің сөзін тыңдай білуге, қандай сұраққа болсын, ойланып жауап беруге ынталандырады. Балабақшадағы әр баланың ойыншықты қарастыру кезінде сөйлей отырып қарастыруына жағдаяттар тудырады. Қарым-қатынасты қандай затпен болсын, үнсіз атқаруды әдетке айналдыруға қарсы тұрады.

Сөйлесу тақырыптары балаларға жақын және тәрбиелік мәнде болуы керек. Бала тіліне тәрбиеші өзінің даусымен, сөзімен баланы тәрбиелей алады. К.Д. Ушинский: «Тәрбиешінің сенімді үнімен бедерленбеген сөзінде ешқандай күш болмайды» деген [8]. Тағы бір ескеретін жайт тәрбиешіге ешуақытта жалынышты үнмен сөйлеуге болмайды. Оның сөзінде «қарағым», «айналайын», «Әселжан, Асқартай» деген еркелету мәнді сөздер болмауы керек. Тәрбиеші сөзі бейнелі, мәдениетті және эмоционалды реңкті келуі керек. Ара-тұра мақал-мәтел, жұмбақ-жаңылтпаштар қолданып отырса, тартымды бола түспек.

Баланың сөйлеу дағдылары түрлі дағдылардың жиынтығы десек болады. Алдымен баланың өз ойын жеткізе білуі ойлай білу дағдысына байланысты. Орысша ойлайтын бала ойын дұрыс жеткізуге қиналатыны осыған дәлел. Өз ойын дәлелдеп айта білуге үйретуде баланың ой тізбегін дұрыс, логикалық жолмен құрылуын қадағалау, сабақ үстінде белсенді ақыл-ой жұмысын ұйымдастырып, тапқырлығына жол ашып отыруды қажет етеді. Бұл үшін бір нәрсені екінші затпен салыстыру дағдысы, талдау, жинақтау, қорытындылау, жүйелеу, белгіліні белгісізбен салыстыру дағдылары қалыптасуы керек. Баланың ойлау жүйесіне сүйену сөйлеудің мазмұнды болуына, сөйлеудің нақты материалдық қорын жасап, бақылау, салыстыру арқылы өмір тәжірбиесін арттыруға, бақылау, байқау құбылыстарын талдауға, қорытындылауға дағдылануын жүзеге асырады. Осы дағдыларының барлығы тілдік құралдар арқылы қалыптасады. Сөйлеуге қажетті

тілдік құралдар игерту дағдылары – баланың тілдік таңбаларды игере білу қабілеттеріне байланысты.

Жинақтап айтар болсақ, сөйлеу ортасы толыққанды ортада, яғни таза ана тілінде сөйлейтін ортада болса, бала сол ортаға еліктей отыра еш қиындықсыз 5 жасында еркін сөйлейді, ойын мәнерлі, байланысты жеткізеді. Ал, аралас тілді ортадағы балалар сөз үлгілеріне қарай сөйлейді. Сөздері жаттанды, ойлары байланысты жеткізілмейді.

Сөйлеуді, яғни тілді дамытуда маңызды теория «тілдік әрекет теориясы» Л.С. Выготский мектебінде өткен ғасырдың 80-жылдары пайда болды. Ол отандық ғылымда «қатысым теориясы» деп жаңғыртылып, қолданылуда (Ф. Оразбаева, А. Сергеева т.б.) [7,42].

Л.С. Выготский, А.А. Леонтьев, И.А. Зимняя т.б. Ресей ғалымдары мектепке дейінгі кезеңде балалардың сөйлеу дағдыларын жетілдіретін тілдік әрекет теориясында мынандай шарттардың болуын ескертеді:

1) сөйлеуге қажеттілік болуы; яғни балаларға тапсырмалар беруде олардың балаларды өзара сөйлететіндей қажеттілік тудырылуы;

2) тіл мазмұны (не туралы сөйлейтіні), яғни бала тілін дамытуға арналған тілдік жаттығулар, тапсырмалар, әңгіме тақырыптары, т.б. айқындалуы;

3) тілдік құралдарды игерту (тіл таңбаларын: сөздерді, сөз тіркестерін, т.б. балаларға толық меңгертетін жағдайлар тудыру; балаларға сөз үлгісін дұрыс беру (қазақ тілінде таза сөйлеу), сөйлеу ортасын дұрыстау, анық, таза тілдік ортадан балаға анық естілетіндей, естігендері арқылы бала ана тілін сезіммен қабылдайтындай шаралар ұйымдастыру [4].

Сөйлеуді дамытуда басты әдіс – баламен жеке және арнайы жағдаяттарда сөйлесу, әңгімелесу. Ол 5 жасарлардың диалогіне де, монологіне де қажетті дағдыларды тиімді қалыптастырады. Сұрақ түрлерін қоя білу, тез жауап беру дағдысы, сөйлемді дұрыс құру, әңгімеге араласып, өздігінен әңгімелеп беру қабілеті сұхбатқа белсенді қатысқан балада анық көрінеді. Мұндай нәтижеге тәрбиеші ана тілін сезіммен қабылдайтындай шаралар ұйымдастыру арқылы жетеді.

Қазіргі бақылау, зерттеу экспериментінің нәтижелері суретті кітаптар қарастыру, аудио, бейнетаспалар арқылы сөйлету әдістерінің артықшылығын аңғартып отыр. Құрғақ сөзбен түсіндіріп, сұрақтармен жалықтырғанша балаларды өзара білім салыстыру үшін бейнені көрсетіп, сөйлеуді тыңдатып: «Тағы басқаша қалай айтуға болады?» деген сөздік жарысын өткізгенде, балалардың сөйлеу белсенділігі тиімді дамиды дәлелденіп отыр.

Көрнекіліктер 5 жасар баланың қызығушылығын арттыратыны, олардың осыған дейін «Неге бұлай?», «Неліктен?» деген сұрақтарға жауап алуымен

қанағаттанбай, логикалық жаттығулар түрінде тапсырмалар жүктеліп, өздерін ойландыратындай етіліп ұсынылуы жаңа оқу құралдарында жақсы берілген.

Тәрбие шаралары, арнайы сабақтар сөйлесу жолымен болмай, бала тілін ұштауда тиісті нәтижеге қол жеткізе алмаймыз. Қай жастағы баламен де сөйлесудің бірден- бір амалдарын, жолдарын ұстануда суретті кітапшаларды, мазмұнды картиналарды қолдану абзал. Сол сияқты 5 жасар баланы да бірден-бір сөзге араластыратын сүйікті нысаны – оның ойыншықтары, олармен жасалатын қимыл-әрекеттері, өзіне жақын тартып дос ететін аппақ ұлпа жүнді мысық, лақ, кішкентай балапан т.б., осыларды тосыннан көрген сәбидің қай-қайсысы да тіл қатып қалуға тырмысады.

Біз іс-тәжірибемізде бір суреттің әртүрлі тілдік деңгейдегі балаларға бір тақырыптағы суретті әртүрлі тәсілмен қарастырғанымызды айтқымыз келеді. Ана тілін аралас тілді ортада игеріп жатқан төмен тілдік деңгейдегі балаларға тәрбиеші тарапынан «Бұл сурет (ертегі) не жайында?», «Қыз бала қалай киінген?», «Қыздың жанында не тұр?» деген сұрақтар, ал жоғарылау деңгейдегі балаларға «Суреттен қай ертегідегі кейіпкерді көріп тұрсыңдар? Қаңбақ шалдың көңіл-күйі қандай? Ертегідегі негізгі оқиғаны және осы жағдайдан кейінгі шалдың өмірін сипаттап беріндер» деген талаптар қойылады. Өнердің қай түрі болсын, әсіресе сурет өнері бар болмысты, өмірді шынайы бейнелейді. Осыдан барып тәрбиешінің алдында қажетті міндет туындайды. Ол міндет: балаға айналасындағы дүниені жіті бақылата отырып суреттегіні тануға үйрету. Өмірді, айналаны танып қана қоймай, сол көрген-білгендерін ауызша сипаттап, суреттеп жеткізіп беруге үйретуде де тәрбиеші жетекшілік атқарады. «Баланы жанды, образды тілмен сөйлеуге үйрету үшін, ең қажеттісі оларды бақылауға үйрету... тіл адамдармен қарым-қатынаста дамиды» дей тұра, Е.И. Тихеева кезінде бала тілін дамытуда әлеуметтік ортаның маңызын көрсеткен болатын [5, 102]. Бұдан шығатын қорытынды: тіл дамытудың, сөйлеуді дамытудың алғы шарттарының бірі – баланың көркем өнерді және айналаны бақылап тани алуы болып шығады. Мнемотехникалық әдістің міндеті: қазақ тіліне тән дыбыстардың дұрыс айтылуын жаттықтыруы, сөз қорының байытуы, белсенуі мен бекітуі, сөйлеудің грамматикалық дұрыстығын жүзеге асыруы және тілдің дамуы.

ҚОРЫТЫНДЫ

Сөздік жұмысын жүргізуде түр-түс, жыл мезгілдері, тұрмыстық заттар мен құрал-жабдықтар, адамдардың дене мүшелері, көлік түрлері т.б. жеке мүліктерді, заттарды бейнелеген суреттерді қолдану тиімді шығып жатады. Ал әдемілікке,

сезімге, адамгершілік жақсы қасиеттерге баулитын туындыларды дәл тауып, баланың жасына сай қолдану қиынның қиыны. Қазіргі таңда мектеп жасына дейінгі балалардың тілін дамытуда мнемотехниканы қолдану өзекті мәселесі болып отыр. Бұл мақсатты іске асыру үшін, баланың тілін дамытуға әртүрлі тәсілдер мен әдістерді қолдану қажет. Қойылған мақсатты нәтижелі етуге қолданылатын тәсілдер: көрнекіліктер, дидактикалық ойындар; суреттер; буындық кестелер; тірек-сызба; жаңылтпаштар, тақпақтар, жұмбақтар, саусақ гимнастикасы, тыныс алу жаттығулары, алгоритмдік жаттығулар т.б. Балабақша жасында көрнекілік-бейнелік есте сақтау және есту, суретін көру арқылы баланың есінде тез сақталады. Соның бірі мнемотехника. Мнемотехника – балалардың қоршаған орта, табиғат туралы білімін кеңейтуге, әнгіменің барысын тиімді есте сақтауға, әнгімені немесе ертегінің мазмұнын айтып беруге және тіл дамытудағы іс-әрекеттерінің жүйесі. Мнемотехника – оңай жолдан қиынына қарай құрылады. Жұмысты ең оңай мнемоквадраттан бастап, жай ғана мнеможолдарға өтіп, сосын мнемокестеге өту қажет. Мнемотехниканы өлең жаттаған кезде қолданған нәтижелі болады. Оның мәні мыналардан тұрады: әр сөзге немесе кішкентай сөзқұрамына бейне ойланып табылады, сөйтіп бүкіл өлең жолдарына сызба құрылады. Кейіннен балалар графикалық сызбаны қолдана отырып, өлең жолдарын толығымен оқуға тырысады. Алдыңғы кезде тәрбиеші балаларға дайын сызбаны ұсынады, кейінінен сызбаны балалармен бірге дайындауға болады. Қорытындылай келгенде, кез келген мнемотехникамен жұмыс баланың қызығушылығын оятады. Бұл оқыту процесін түрлендіруге, тұрақты қызығушылыққа жетуге, баланың потенциалды мүмкіндіктерін максималды іске асыруға мүмкіндік туғызады. Мектепке дейінгі жастағы балалармен жұмыс істейтін тәрбиешілерге мнемотехника элементтерін оқу іс-әрекеттеріне енгізу маңызды болып келеді. Бұл балалардың тілі мен ойын дамытып, сөздерді есте сақтауды қамтамасыз етеді. Мнемокестелердің шартты белгілері арқылы ой белсенділігін, байқағыштығын, салыстыра білу қабілетін дамытады. Халық ауыз әдебиетіне балалардың сүйіспеншілігін тәрбиелейді.

Жасқа байланысты тілдік құралдарды игерту үшін тіл дамыту сабағының тақырыбына орай сурет қарастырғанда, алдымен ескерілетін талап-суреттің сюжетті – мазмұнды болуы. Суретте мазмұн айқын көрініп тұру өз алдына, екіншіден сол сюжеттің мәнерлі берілу құралдары бірден бір басты рөл атқарады. Бейнелеу өнері – өнер туындысы. Ал бейнелеу өнерінің тіліне жататындар: сурет, түсі, ритмі, айқындылығы, құрылысы-композициясы. Тәрбиеші баланың суретті тура түсінуіне тікелей басшылық жасайды. Сурет өнеріне бала тәнті болуы үшін бала оны стихиялы түрде емес, іштей сезіне қабылдауы керек. Тәрбиешінің сурет мазмұнына қарай мақсат қоя басшылық жасауы балаға өнер тілін жақсы сезінуіне, баланың әрі тілдік, әрі эстетикалық талғамының артуына негіз болады. Орта және

ересек топтағы балалармен картинка – иллюстрацияларды қарап алып, мәтін сөздерінің суретпен қатыстылығын айыру тәсілін де пайдалануға болады.

Қазіргі мнемотехнология әдістемесінің практикаға жақын қабылдануы ондағы әрбір тапсырманың көрнекілікке негізделуінен деп білеміз. Кітапшалардағы мнемосуреттер, мнемокемстелер, сызба-криптограммалар, т.б. барлығы сөйлеу тілі қалыптаспаған балаларды көрнекілік әдісі арқылы сөйлеу дағдыларына баулиды. Десек тағы, ана тілінің иірімдерін ана тілді табиғи ортада игерген жұлдыз балаларға жаңа технологиялар ішінен деңгейлік тапсырмаларды орындауға, шығармашылық ойлауға жеткізетін әдіс-тәсілдерді беріп отырсақ, ұлы дала баласына шебер сөйлеу дағдыларын да игертуге болады деп ойлаймыз.

ПАЙДАЛАНҒАН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ

- 1 Балбаева Р.К. Мектепке дейінгі педагогика. – Алматы, 2018.
- 2 «Біз мектепке барамыз» мектепке дейінгі ересек жастағы балаларды тәрбиелеу мен оқыту бағдарламасы. – Астана, 2009. – 106 б. «Мектепке дейінгі балалық шақ» Республикалық орталығы.
- 3 «Білім туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдегі №319 III Заңы.
- 4 Иванов Л.С. Мнемотехника и речь. – Москва: Педагогика, 2019.
- 5 Тихеева Е.И. Развитие речи детей. (раннего и дошкольного возраста). – Москва: Просвещение, 1981. – 144 с.
- 6 Баймұратова Б. Мектеп жасына дейінгі балаларды сөйлеуге үйрету. – Алматы: Мектеп, 1991. – 95 б.
- 7 Бакраденова А.Б. Мектеп жасына дейінгі балалар тілін дамыту теориясы мен әдістемесі: Оқу құралы. – Алматы: Эверо, 2018.
- 8 Ушакова О.С. Развитие речи дошкольников / О.С. Ушакова. – Москва, 2001.
- 9 Чуковский К. Балапан атты ертегісі. – Аруна баспасы, 2015.
- 10 Меңдаяхова Қ. Байланыстырып сөйлеуге үйрету арқылы қазақ тілін оқытудың ғылыми-әдістемелік негіздері.
- 11 Лотарев В.К. Мектеп жасына дейінгі балалардың тілін дамыту методикасы.
- 12 Баймұратова Б. Мектеп жасына дейінгі балалар тілін дамыту методикасы. – Алматы: Рауан, 1992.
- 13 Аханов К.А. Тіл біліміне кіріспе. – Алматы, 1995.
- 14 Леонтьев А.А. Исследования детской речи // Основы теории речевой деятельности. – Москва, 1974.

- 15 Метербаева К.М. Мектепалды даярлық топ балаларының байланыстырып сөйлеуін қалыптастыру әдістемесі. – Алматы, 2009.
- 16 Ушинский К.Д. «Балалар әлемі және хрестоматия» 1861 ж. Ана тілі, 1864 .
- 17 Баймұратова Б. Тіл дамыту әдістемесінің методикасы. – Алматы, 2007.
- 18 Әуелбаев Ш.М. Қазақ тілін оқыту методикасы, 2009.
- 19 Алексеева М.М. Речевое развитие дошкольников, 1998.
- 20 Сохин Ф.А. Основные задачи развития речи, 2002.

Г.Ш. Дюсембенова¹

**Развитие словарного запаса через мнемотехнику
и формирование навыков устной речи у дошкольников**

¹ СОШ №14, МЦ «Балдаурен»,
Павлодар, Павлодарская область, Республика Казахстан

G.Sh. Dyusembenova¹

**Vocabulary development through memorial equipment
and formation of speech speech at preschoolers**

School No. 14, MC «Baldauren»,
Pavlodar, Pavlodar region, Republic of Kazakhstan

Аннотация

Статья посвящена актуальной теме развития словарного запаса детей дошкольного возраста посредством мнемотехники и развитие навыков устной речи. Методика развития связанной речи детей дошкольного возраста в современный период теоретически совершенствуется, также в дошкольных учреждениях находят свой практический выход по обновленной программе. Авторы статьи, ссылаясь на научно-теоретические исследования, дают описание устной разговорной речи пятилетних детей. Отмечая о том, что в этом возрасте дети отличаются особенным стремлением к знанию, также интеллектуальным развитием, авторы делают вывод о создании соответствующей языковой среды. Так как в Казахстане действует полилингвальная среда, авторы утверждают, что в детском саду и семье воспитатели несут большую ответственность в обучении связанной речи детей на родном языке.

Ключевые слова: развитие дошкольников, словарный запас, мнемотехника, развитие и разговорные навыки.

Summary

The topic of the article is the development of the vocabulary of preschool children through mnemonics and the development of oral speech skills. The problem of the development of the language

of preschool children is still being improved in the theory and practice in preschool institutions on the basis of new program requirements. In the article, the authors described the five-year-old child's speaking skills on the basis of theoretical research. Effective organization of speech environment at this stage is especially important for the child to learn. Under the conditions of multilingualism in Kazakhstan, the adults and adults in the family are guided by the right guidelines, directing the child to correct speech in their mother tongue.

Keywords: developing pre-school children, vocabulary, mnemonics, development, and speaking skills.

МРНТИ 14.35.07

Ж.Б. Алькенова¹

*¹№36 экология бағытында «Карлығаш» ШО,
Павлодар қ., Павлодар облысы, Қазақстан Республикасы
e-mail: Alkenova@mail.ru*

**МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРДЫҢ СӨЗДІК ҚОРЫН
МНЕМОТЕХНИКА АРҚЫЛЫ ДАМУ ЖӘНЕ ИННОВАЦИЯЛЫҚ
ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ҚОЛДАНУ АРҚЫЛЫ ЖАҢАРТЫЛҒАН БІЛІМ БЕРУ
ҮДЕРІСІНЕ БЕЙІМДЕУ**

Аңдатпа

Бұл мақалада мектеп жасына дейінгі балалардың сөздік қорын мнемотехника арқылы дамыту және инновациялық технологияларды қолдану арқылы жаңартылған білім беру үдерісіне бейімдеудің жолдары қарастырылған. Инновациялық технологияларды балабақшаның оқыту іс-әрекетін жаңартылған білім беру үдерісіне бейімдеуде қолданудың тиімділігі дәлелденді. Инновациялық технологиялардың мазмұны мен құрылымы жағынан оқу іс-әрекетінде қолданылуы жіктелді. Жаңартылған білім беру үдерісіне балабақшаның оқыту іс-әрекетін инновациялық технологияларды қолдану арқылы бейімдеудегі негізгі құрылымдық байланыстар, басты модульдер және білім беру үдерісінің өтілу кезеңдері көрсетілген. Топтың ұйымдастырылған оқу қызметін жүргізуде қолданылатын мультимедиялық технологиялар, интерактивті тақталардың пайдасы анықталды. Инновациялық технологияларды қолданудың әкелетін пайдасы мен нәтижеге қосар үлесі айқындалды. Жаңартылған білім беру үдерісі бойынша балабақшаның ұйымдастырылған оқу қызметі түрлі стратегияларды қолдану арқылы күтілетін нәтижеге қол жеткізуге болады.

Тірек сөздер: мектеп жасына дейінгі балалардың, сөздік қорын, мнемотехника арқылы дамыту, иновациялық технологияларды қолдану, жаңартылған білім беру үдерісіне бейімдеу.

КІРІСПЕ

Еліміздің білім беру жүйесін болашақтың талабына сай жаңарту ең негізгі міндеттердің бірі болып отыр. Осыған орай Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2016–2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Президентінің 2016 жылғы 1 наурыздағы №205 Жарлығы шықты [1]. Жаңартылған оқу бағдарламасының басымдықтары жайлы Елбасы Н.Ә. Назарбаев 2017 жылы 31 қаңтардағы Қазақстан Халқына жолдауында былай деп айтқан: «Біздің міндетіміз – білім беруді экономикалық өсудің жаңа моделінің орталық буынына айналдыру. Оқыту бағдарламаларын сын тұрғысынан ойлау қабілетін және өз бетімен іздену дағдыларын дамытуға бағыттау қажет» [2]. Қазіргі кезде егемен елімізде білім берудің жаңа жүйесі жасалып, әлемдік білім беру кеңістігіне енуге бағыт алу- да. Қазір білім мен ғылым саласында инновациялық педагогикалық технологиялар қаншалықты маңызды болса, мектеп жасына дейінгі балаларды оқыту мен тәрбиелеуде де педагогикалық технологиялар ұғымы кеңінен қолданылатын ұғымдардың біріне айналды. Білім беру саласы қызметкерлерінің алдына қойылып отырған міндеттердің бірі – оқытудың әдіс-тәсілдерін үнемі жетілдіріп отыру және қазіргі заманғы жаңартылған білім беру үдерісіне бейімдеу. Бұл жаңартылған білім беру үдерісіне бейімдеу арқылы – білімденушінің тілдік құзыреттілігінің жоғары деңгейде болуы. Тілдік ресурстың төрт түрін меңгеру: тыңдалым, айтылым, оқылым, жазылым, тілдік дағдыларын жетілдіруге бағытталған. Мнемотехникалық әдіс балалардың сөз материалын есте сақтауда қалдыру үшін қолайлы. Сонымен қатар дыбыстық және көру қабілеттері де дамиды. Мектепке дейінгілердің жас ерекшеліктеріне қараса, осындай қорытындыға келуге болады, сөйлейтін суреттерді пайдалану әңгіме құрастырғанда, өлең, логоритмикалық жаттауда жеңілдетеді және есте сақтау процесін тездетеді.

НЕГІЗГІ БӨЛІМ

Оқу мақсаттары балалардың зерттеу дағдыларын, қарапайым бақылауға тәжірибе арқылы білімі қалыптасуына, алған білімін қайта өмірде қолдана білуіне бағытталған. Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында балалардың же-

ке басының қалыптасуы мен дамуында педагогикалық технологияларды қолдана білу сауаттылығына да байланысты. Білім беру саласындағы оқытудың озық технологияларын меңгермейінше, сауатты, жан-жақты маман болу мүмкін емес. Бәсекеге қабілетті білім кеңістігін құруға бағытталған қазақстандық білім беру реформасының басты мақсаттарының бірі – инновациялық технологияларға сүйене отырып, баланың бойында шығармашылық ойлауды, бастамашылдықты дамытуға мүмкіндік жасау, тұлғаның үйлесімді дамуына қолайлы жағдай туғызу – ең негізгі міндеттер деп айқындалған. Мнемоника (гр. *mnemonic* – есте сақтау өнері) – табиғи ассоциациялар жасау көмегімен есте сақтауды қамтамасыз ететін, жасанды түсініктер арқылы қажетті мәліметтерді еске сақтауды жеңілдететін ережелер мен тәсілдер жиынтығы. Баланың өмірлік тәжірибесін дамыту, айналадағы дүниеден алған әсерін әрі қарай кеңейте отырып, бір арнаға түсіру балабақшадағы оқу қызметін дұрыс ұйымдастыру арқылы жүзеге асады. Бағдарламалық материалдар жылдар бойы жетілдіруде, ал қазіргі жаңартылған оқу-тәрбиеге қатысты мемлекеттік құжаттар негізінде балаға берілетін білім интегративті, яғни түрлі салаларды кіріктіру әдісіне көшіріліп отыр. Осы мақсатқа сәйкес білім беруден күтілетін нәтижелер білім алушының бойында негізгі құзіреттеліктерді дамытуға бағытталады:

– бағаға бағдарланған құзыреттілік – білім алушының түрлі өмірлік жағдайларда шешімдер қабылдау қабілеті. Ең бастысы – өз Отанының патриоты болу;

– мәдениеттану құзыреті – жалпы адамзат мәдениетінің және ұлттық сипаттамаларының жетістіктері, өз халқының мәдениетін және әлемнің мәдени алуан түрлілігін бағалауға негізделген білім мен тәжірибеге ие болу; рухани үйлесімділік пен толеранттылық идеяларын ұстану;

– оқу және когнитивтік құзыреттілік – білім алушының өзіндік оқуын, танымдық және зерттеу жұмыстарын қамтамасыз ету;

– коммуникативті құзыреттілік – отандық және басқа тілдерді білуді, қазақ тілін мемлекеттік тіл ретінде, этносаралық қарым-қатынас тілінде, шет тілдерінде қарым-қатынас дағдысын игеруді қамтамасыз ету;

– ақпараттық және технологиялық құзыреттілік нақты техникалық нысандар мен ақпараттық технологиялардың көмегімен жұмыс жасау мүмкіндігін қамтамасыз ету;

– әлеуметтік және еңбек құзыреті отбасылық, еңбек, экономикалық және саяси қоғамдық қатынастар саласында белсенді азаматтық және қоғамдық қызметтің білімі мен тәжірибесін білуді қамтамасыз ету;

– жеке өзін-өзі дамытудың құзыреттілігі – психологиялық сауаттылықтың, ішкі экологиялық мәдениеттің қалыптасуын, өз денсаулығын сақтауды және қауіпсіз өмір сүру негіздерін иеленуді көздейді [3–15].

Білім берудің алғашқы деңгейлері балабақшадан басталмақ. Мақсаты – мектепке дейінгі білім балалардың білім алуына бірдей бастапқы мүмкіндіктерді қамтамасыз ету. Кез келген оқыту технологиясы тәрбиешіден терең теориялық, психологиялық, педагогикалық әдістемелік білімді, педагогикалық шеберлікті, балалардың жан дүниесіне терең үңіліп оны ұғына білуді талап етеді. Жаңартылған бағдарлама бойынша жасалған оқулықтарда берілген тапсырмалар мәтінді оқып, оның мазмұнын айтумен ғана шектелмей, мәтінге қатысты оқушының өзі сұрақтар құрастыруына, себебін анықтауына, болжам жасау мен өзіндік бағалауына, сұраққа жауап болатын ақпаратты дереккөздерден табу ретін білуіне, жаман мен жақсыны айыра білуіне жетелейді. Ертегіні сахналау барысында кейіпкерлердің көңіл-күйін анықтау, рөлге бөліп оқу оқушылардың қызығушылығын тудырады. Қазіргі таңда мектепке дейінгі білім беру мекемелерінде қолданылатын инновациялық технологиялардың жаңартылған білім беру үдерісіне бейімдеудің бірнеше түріне тоқталайық. Инновациялық білім беру құралдарына: аудио, видео құралдар, компьютер, интерактивті тақта, интернет, мультимедиялық құрал, электрондық оқулықтар, мен оқу әдістемелік кешендер, инновациялық ақпараттық банк, инновациялық сайт және тағы басқалары жатады. Осы технологиялар арқылы балабақшада жаңа бағдарламаға баса наза аудара отырып, жаңартылған білім беру үдерісіне бейімдеу. Қазіргі таңда көптеген интерактивтік бағдарламалық бөлімдер, қозғалмалы объектілер құруға мүмкіндік беретін векторлық және графикалық жабдықтар көптеп шығып, қолданыс табуда. Осындай құралдардың бірі-мультимедиялық оқулықтарды балабақшаларда кеңінен пайдалану. Бұл жағдайда тәрбиеші әр оқу іс-әрекеттерін бастар алдында жиі көрнекіліктер ауыстырмаған болар еді. Ал, мультимедиялық оқулықтар арқылы тәрбиеші уақытты тиімді және ұтымды пайдаланар еді. Балабақша баласына мультимедиялық оқулықтар біріншіден, балалардың қызығушылығын арттырады, екіншіден, зейін қойып көрумен қатар түсінбеген жерлерін қайта көруге мүмкіндік алады. Ойын арқылы оқыту технологиясының мақсаты дидактикалық, тәрбиелік, дамытушылық, әлеуметтендірушілік мақсатқа жету. Ойын технологиясының ерекшелігі ойындық іс-әрекеттің психологиялық механизмі жеке бастың өзіндік талап-талғамдарына сүйенеді. Баланың бойындағы білімділік, танымдық, шығармашылық қасиеттерін аша түсуді көздейді. Ойын – балалар үшін оқу да, еңбек те. Ойын айналадағы дүниені танудың тәсілі. Сонымен қатар, ойын балаларға өмірде кездескен қиыншылықтарды жеңу жолын үйретіп қана қоймайды, олардың ұйымдастырушылық қабілеттерін де қалыптастырады.

Мультимедиялық оқулықтар балабақшада балаларға арналған таптырмас құрал болып табылады. Өйткені, балалардың зейіні әр түрлі әдемі түстерге, ойыншықтарға, әдемі суреттерге, әсемдікке әуес болады. Мультимедиялық элек-

тронды оқулықтар бала үшін де, тәрбиеші үшін де күнде дамытылып отыратын анық түрдегі әдістемелік жүйе болып табылады. Мектепке дейінгі мекемелерде ақпараттық қатынастық технология құралдарын қолданудағы мақсаты – баланың танымдық қызығушылығын қалыптастыру. Балада танымдық қызығушылықтың болуы олардың оқу іс-әрекеттерге белсенді, білімінің сапалы болуына, жағымды мінез құлықтарын қалыптастыруға мүмкіндік береді. Заман талаптарына сай мектепке дейінгі мекемелерде АКТ оқыту процесінде кенінен пайдаланады. Түрлі танымдық салаларына арнаулы компьютерлік бағдарламалар құрылуда. Баланың жас ерекшелігіне және пайдаланатын компьютерлік бағдарламаларға сай интерактивті тақта ойындағы баланың оппоненті, бағдарлаушы (әңгімелеуші), жаттықтырушы, емтихан қабылдаушы болуы мүмкін. Оқытуда балалардың түрлі психикалық функцияларын дамытуға арналған пайдаланатын компьютерлік құралдар бар: олар көру, есту арқылы қабылдау, зейін, есте сақтау, логикалық ойлау, т.б. Интерактивті тақтаның жетістіктерінің кіші жастағы балаларда оқуға, жаңа білім алуға деген құштарлық туғызады. Интерактивті тақта ақпаратты кенінен ұсыну құралы болып келеді және баланың мотивациясын күшейтеді. Мультимедиялық технологияларды пайдалану арқылы (түс, графика, дыбыс, замануи видеотехникалық құралдар) түрлі жағдайлар мен ортаны моделдеуге болады. Мультимедиялық бағдарламаларға еңгізілген ойын компоненттері үйренушінің танымдық әрекетін белсендіреді және материалды ұғынуды күшейтеді. Оқытуда пайдаланатын интерактивті құралдар: тақта, компьютерлер балаларды диагностикалауда жақсы көмекші болып келеді. Осылайша жаңартылған білім беру үдерісіне бейімдеудің негізгі көздері болып саналады. Осылайша қортынды кезеңінде жаңартылған бағдарлама бойынша бағалау жүйесі де түбегейлі өзгеріске ұшырап, критериалдық бағалау жүйесі енді. Критериалды бағалау кезінде балалардың үлгерімі алдын ала белгіленген критерийлердің нақты жиынтығымен өлшенеді. Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында инновациялық технологиялар сабақ бойынша үлгерімі екі тәсілмен бағаланады: қалыптастырушы бағалау және жиынтық бағаланады.

Қалыптастырушы бағалау күнделікті оқыту мен оқу үдерісінде тоқсан бойы жүйелі түрде өткізіледі. Қалыптастырушы бағалау оқушылар мен мұғалім арасындағы кері байланыс жүргізуге мүмкіндік береді. Жиынтық бағалау ортақ тақырыптарды және белгілі бір оқу кезеңіне аяқтаған оқушының үлгерімін анықтау үшін балл және баға қою арқылы өткізіледі. Қалыптастырушы бағалау және жиынтық бағалау барлық пәндер бойынша қолданылады [4–11]. Критериалды бағалау моделі балалардың оқу мақсаттарына жетудегі ілгерілеуін анықтау үшін қосымша тәсілдерді пайдаланады. Олар: белсенді оқу; тілдесу арқылы қарым-

қатынас жасау дағдылары; мұғалімнің жетекшілігімен жүретін оқылым және жазылым; дәлелдеу; оқушыларды уәждеу.

Жаңартылған оқу бағдарламаларының ерекшеліктері:

- Пән мазмұнының спиралді қағидатпен берілуі
- Оқытудың тәрбиелік әлеуетін арттыру, оқушының адамгершілік-рухани қасиеттерін қалыптастыру;
- Блум таксономиясы бойынша оқу мақсаттарының иерархиясы;
- Білім беру деңгейлері аралығында пән бойынша сабақтастықты ескеруге мүмкіндік беретін толық оқу курсы бойынша педагогикалық мақсат қою;
- Бір білім беру аясындағы және пәнаралық байланыстарды жүзеге асыру мақсатында «ортақ тақырыптардың» берілуі
- Бөлімдердің мазмұны мен ұсынылған тақырыптардың уақыт талабына сәйкес келуі, әлеуметтік дағдыларды қалыптастыруға назар аударылуы;
- Оқу үдерісін ұзақ мерзімді, орта мерзімді және қысқа мерзімді жоспарлар арқылы ұйымдастыру;
- Оқытудағы жүйелі-әрекеттік ұстанымы [5-13].

Жаңартылған оқу бағдарламаларында оқушылардың бойында қалыптастыруға қажетті құндылықтар мен дағдылар анықталған. Құндылықтар: шығармашылық және сын тұрғысынан ойлау; қарым-қатынас жасай алу қабілеті; өзге тұлғалардың мәдениетіне және көзқарастарына құрметпен қарау; жауапкершілік; денсаулық, достық және айналадағыларға қамқорлық көрсету; өмір бойы білім дайын болу. Арнайы дағдылар: сын тұрғысынан ойлау; білімді шығармашылық тұрғыда қолдана білу қабілеті; проблемаларды шешу қабілеті; ғылыми-зерттеу дағдылары; қарым-қатынас дағдылары; жеке және топпен жұмыс істей білу қабілеті; акт саласындағы дағдылар [6,14б.]. Мектепке дейінгі мекеме – бала тілінің даму үрдісін мақсатты, жүйелі жүргізудің ортасы. Бала алғаш келген күннен бастап оны міндетті түрде жүйелі сөйлеуге үйрету әрекеті жалғасады. Мнемотехникалық әдіс – өлеңдерді, алгоритмикалық жаттығуларды жаттаудың, әңгімелерді сипаттаудың әдістемесі. Осы жастағы балаларға өлеңдер жаттауда сөйлейтін суреттерді қолданған қолайлы. Өлең жаттауда әр сөзді рәміздермен алмастыруға болады. Кейбір жағдайда сөйлемді бір сызбада көрсетуге болады. Заттардың сынын, күйін, әрекетін білдіретін суреттерді құрастырғанда толық түсіну үшін балалармен бірге ойнау қажет және эмоциялы деңгейде әрекетті көрсетуге болады. Мектепке дейінгілерді өлеңдерді мәнерлеп жаттауға, шығармаға сай ырғақты сақтауды үйретеді. Жоғарыда айтылған тұжырымдарға сүйенсек, баланың сөйлеу тілін дамыту үшін ең алдымен жас ерекшелігіне байланыста балабақша топтарында ұйымдастырылатын оқыту-тәрбиелеу қызметінде сөйлеу дағдыларын белсендіру қажет. Мнемотехникалық әдістің міндеті: қазақ тіліне тән дыбыстардың дұрыс айтылуын жаттықтыруы, сөз

қорының байытуы, белсенуі мен бекітуі, сөйлеудің грамматикалық дұрыстығын жүзеге асыруы және тілдің дамуы. Өйткені қатарластарымен, жанындағы үлкендермен тілдік қарым-қатынас жасауға дағдыланған бала ертеңгі күні мектепте еркін сөйлейтін болады.

ҚОРЫТЫНДЫ

Мнемотехника – балалардың қоршаған орта, табиғат туралы білімін кеңейтуге, әнгіменің барысын тиімді есте сақтауға, әнгімені немесе ертегінің мазмұнын айтып беруге және тіл дамытудағы іс-әрекеттерінің жүйесі. Мнемотехника – оңай жолдан қиынына қарай құрылады. Жұмысты ең оңай мнемоквадраттан бастап, жай ғана мнеможолдарға өтіп, сосын мнемокестеге өту қажет. Мнемотехниканы өлең жаттаған кезде қолданған нәтижелі болады. Оның мәні мыналардан тұрады: әр сөзге немесе кішкентай сөзқұрамына бейне ойланып табылады, сөйтіп бүкіл өлең жолдарына сызба құрылады. Кейіннен балалар графикалық сызбаны қолдана отырып, өлең жолдарын толығымен оқуға тырысады. Алдыңғы кезде тәрбиеші балаларға дайын сызбаны ұсынады, кейінінен сызбаны балалармен бірге дайындауға болады. Қорытындылай келгенде, кез келген мнемотехникамен жұмыс баланың қызығушылығын оятады. Бұл оқыту процесін түрлендіруге, тұрақты қызығушылыққа жетуге, баланың потенциалды мүмкіндіктерін максималды іске асыруға мүмкіндік туғызады. Мектепке дейінгі жастағы балалармен жұмыс істейтін тәрбиешілерге мнемотехника элементтерін оқу іс-әрекеттеріне енгізу маңызды болып келеді. Бұл балалардың тілі мен ойын дамытып, сөздерді есте сақтауды қамтамасыз етеді. Мнемокестелердің шартты белгілері арқылы ой белсенділігін, байқағыштығын, салыстыра білу қабілетін дамытады. Халық ауыз әдебиетіне балалардың сүйіспеншілігін тәрбиелейді.

Тәрбиеші төменде аталған бірқатар маңызды мәселелерді ескерсе, балалардың уәжін арттыруда тиімділікке қол жеткізеді:

– белсенді оқу арқылы балалардың қарым-қатынас дағдыларын жақсарту үшін сабақтарды қызықты әрі тартымды етіп өткізу;

– әртүрлі белсенді оқу тәсілдерін қолдана отырып, сабақтардың мазмұнын түрлендіру;

– балаларды жаңа оқу мен оқыту әдістерімен тәжірибе жасауға тарту. Бұл тәсіл тәрбиешілер мен балалар арасындағы өзара байланысты жақсартады, нәтижелі кері байланыс орнатып, жағымды оқу ортасын құруға мүмкіндік береді.

Қорыта айтқанда, жаңартылған оқу бағдарламаның мақсаты білім алушының функционалды сауаттылығын қалыптастыру, қарыштап дамып келе жатқан за-

манда сын тұрғысынан ойлай алатын, толерантты, жан-жақты, бәсекеге қабілетті тұлғаны өмірге даярлау. Қазіргі мнемотехнология әдістемесінің практикаға жақын қабылдануы ондағы әрбір тапсырманың көрнекілікке негізделуінен деп білеміз. Кітапшалардағы мнемосуреттер, мнемокемселер, сызба-криптограммалар, т.б. барлығы сөйлеу тілі қалыптаспаған балаларды көрнекілік әдісі арқылы сөйлеу дағдыларына баулиды.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ

- 1 Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2016–2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы. – Астана, 2016, – 1 б.
- 2 Иванов Л.С. Мнемотехника и речь. – Москва: Педагогика, 2019.
- 3 Қазақстан Республикасының Президенті Н. Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауы, 2018ж 10 қаңтар, – 2 б.
- 4 Әлмағамбетова Қ. Жаңартылған оқу бағдарламасының ерекшеліктері // Білімдегі жаңалықтар, – 2017. – №1. – 7-10 б.
- 5 Жақсым О.И. Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды жаңартылған білім мазмұны негізіне ендірудің тиімді жолдары // Білім берудегі менеджмент. – 2017. – №1. – 48 б.
- 6 Сатанов А. Жаңартылған оқу бағдарламасы мен бағалау жүйесін енгізу // Қазақстан тарихы. – 2017. – №8, – 14 б.
- 7 Абай кара сөзі // Халықаралық Абай клубы. – Семей, 2007. – 151 б.
- 8 Баймұратова Б. Мектеп жасына дейінгі балаларды сөйлеуге үйрету. – Алматы: Мектеп, 1991. – 95 б.
- 9 Бакраденова А.Б. Мектеп жасына дейінгі балалар тілін дамыту теориясы мен әдістемесі: Оқу құралы. – Алматы: Эверо, 2018.
- 10 Ушакова О.С. Развитие речи дошкольников // О.С. Ушакова.– Москва, 2001.
- 11 Чуковский К. Балапан атты ертегісі. – Аруна баспасы, 2015.
- 12 Меңдаяхова Қ. Байланыстырып сөйлеуге үйрету арқылы қазақ тілін оқытудың ғылыми-әдістемелік негіздері.
- 13 Баймұратова Б. Мектеп жасына дейінгі балалар тілін дамыту методикасы. – Алматы: Рауан, 1992.
- 14 Аханов К.А. Тіл біліміне кіріспе. – Алматы, 1995.
- 15 Леонтьев А.А. Исследования детской речи // Основы теории речевой деятельности. – Москва, 1974.
- 16 Метербаева К.М. Мектепалды даярлық топ балаларының байланыстырып сөйлеуін қалыптастыру әдістемесі. – Алматы, 2009.

Ж.Б. Алькенова¹

**Развитие словарного запаса детей дошкольного возраста
посредством мнемотехники и адаптации к современному
учебному процессу с использованием инновационных технологий**

¹№36 экологический ориентированный МЦ «Карлыгаш»,
Павлодар, Павлодарская область, Республика Казахстан

Zh.B. Alkenova¹

**The development of vocabulary for preschool children
through mnemonics and adaptation to the modern
educational process using innovative technologies**

¹No. 36 ecological oriented MC «Karlygash»,
Pavlodar, Pavlodar region, Republic of Kazakhstan

Аннотация

В этой статье обсуждаются способы развития словарного запаса детей дошкольного возраста посредством мнемотехники и адаптации к современному учебному процессу с использованием инновационных технологий. Доказана эффективность использования инновационных технологий в адаптации учебной деятельности детских садов к обновленному учебному процессу. Было классифицировано использование инновационных технологий в содержании и структуре учебной программы. Основной акцент процесса модернизации – ключевые структурные отношения, основные модули и этапы образовательного процесса адаптации методов обучения в детских садах с использованием инновационных технологий. Были определены преимущества интерактивных досок, мультимедийных технологий, используемые при организации учебных мероприятий группы. Выявлены преимущества и преимущества инновационных технологий. На протяжении всего современного учебного процесса организованная образовательная деятельность детского сада может достичь ожидаемых результатов, применяя различные стратегии инновационных технологий.

Ключевые слова: развитие дошкольников, словарный запас, мнемотехника, использование технологических технологий, адаптация к современному учебному процессу

Summary

This article discusses ways to develop the vocabulary of preschool children through mnemonics and adaptation to the modern educational process using innovative technologies. The effectiveness of using innovative technologies in adapting the educational activity of kindergartens to the updated educational process is proved. The use of innovative technologies in the content and structure of the curriculum was classified. The main emphasis of the modernization process is the key structural relationships, the main modules and stages of the educational process of adaptation of teaching methods in kindergartens using innovative technologies. The advantages of interactive whiteboards, multimedia technologies used in organizing group training events were identified. The advantages and advantages of innovative

technologies are revealed. Throughout the modern educational process, the organized educational activity of the kindergarten can achieve the expected results by applying various strategies.

Keywords: development of pre-school children, vocabulary, mnemonics, use of in-tech technologies, adaptation to the up-to-date educational process

МРНТИ 14.316.725

Д.Ж. Сакенов¹, Е.А. Шнайдер²

*¹ Педагогический факультет,
Павлодарский государственный педагогический университет,
г. Павлодар, Павлодарская область, Республика Казахстан
e-mail: djakk@mail.ru*

*² Педагог-новатор, учитель казахского языка и литературы,
Гимназия №2 им. Ф. Қайырбекова,
г. Нур-Султан, Республика Казахстан
e-mail: djakk@mail.ru*

БРИЛЛИАНТЫ ГИППОКРАТА

Аннотация

В статье продолжено дальнейшее исследование краеведческих оснований здоровья населения региона. Проведен широкий краеведческий анализ различных периодов развития Павлодарской железнодорожной больницы. В статье широко обоснована история развития Павлодарской железнодорожной больницы. В статье развернуто обоснована современное состояние Павлодарской железнодорожной больницы. На субстрате краеведения обоснована здоровьесберегающая концепция врачей железнодорожной больницы. Содержание и принципы здоровьесбережения. Пути и методы здоровьесбережения. Здоровье и здоровьесбережение. Современное здоровьесбережение. В статье исследована значимость лечебной деятельности железнодорожной больницы для общества и государства. В статье анализируется деятельность ведущих врачей Павлодарской железнодорожной больницы. В статье раскрыты новые грани и направления развития Павлодарской железнодорожной больницы.

Ключевые слова: бриллиант, здоровье, здоровьесбережение, врач, перспектива, Павлодарская железнодорожная больница.

ВВЕДЕНИЕ

Продолжая исследовать и анализировать историю ТОО «Павлодарская железнодорожная больница» с позиции здоровьесбережения, отметим, что она начинается с 1929 года, когда была создана станция Павлодар Омской железной дороги. Как мы отмечали, в самом начале ТОО «Павлодарская железнодорожная больница» располагались в бараке в районе старого лесозавода, назывались тогда УЧМЕД-14, здесь же в районе строящегося железнодорожного моста была амбулатория УЧМЕД-8, а в 1949 году они объединились в железнодорожную больницу станции Павлодар и расположились в здании по улице Сормова. Там было небольшое деревянное строение, в котором располагалось терапевтическое, хирургическое отделения и роддом всего на 10 коек. Когда в этом здании стало тесно, освободили общежитие расположенное рядом. Здесь стал функционировать стационар, а поликлиника располагалась в здании нынешней СЭС-4. Затем в 1967 году сдается в эксплуатацию здание, в котором ТОО «Павлодарская железнодорожная больница» располагается и сейчас. В 2000г, в связи с реорганизацией железнодорожного транспорта и образованием акционерного общества, больница приобрела статус Павлодарского филиала ОАО «Мед.служба транспорта» [1]. Рос не только профессионализм работы, но и материальная база ТОО «Павлодарская железнодорожная больница», начинавшейся когда-то с одного фонендоскопа и гужевой транспортной единицей. Больница постепенно приобрела современную лечебную и диагностическую аппаратуру: бронхоскоп, колоноскоп, переносной датский УЗИ аппарат «Мерлин-1101» с дополнительным датчиком, фиброгастроскоп, аппарат для проведения лазерной терапии, кардиоманитор, лабораторный биохимический анализатор «Скрин Мастер», «Небулайзеры», эндовидеориносинусоскопическое оборудование фирмы «Карл Шторц» для оперативного лечения лор пациентов, хирургическую эндовидеостойку для оперативного лечения заболеваний органов брюшной полости, гинекологических заболеваний, операционный гистерорезектоскоп, имуноферментный анализатор, «Ангиодин-Эхо»,нейроскоп-400, «Ангиодин», физиоаппарат «Миоритм», «Мустанг», галокамера влажного типа, аппарат ударно-волновой терапии, прессотерапия «Лимфостим», магнитотерапия постоянного и переменного характера на аппаратах «АЛМА» и «АЛМАГ», озонотерапия на аппарате «Орион-СИ», внутривенное лазерное облучение крови, аппарат дозированного сухого вытяжения позвоночника «Ормед» другие [2]. Необходимо отметить, что в ТОО «Павлодарская железнодорожная больница» созданы широкие условия для качественного обследования и лечения пациентов.

ОСНОВНАЯ ЧАСТЬ


Как мы ранее отмечали, наличие такого технического оснащения больницы не является пределом, коллектив ТОО «Павлодарская железнодорожная больница» стремиться и дальше улучшать обеспечение новейшей медицинской аппаратурой. Сегодня многое зависит от коллектива, их профессионализма, интеллекта, интуиции и внимания. Сегодня врачи и персонал ТОО «Павлодарская железнодорожная больница» во главе ведущих врачей и специалистов: Е.Е. Кучукова, Г.К. Батырхановой, Г.Т. Алихановой, А.К. Дакеновой, Т.В. Зиновьевой, Л.В. Глухова, М.А. Абдурзакова, Е.И. Ортагош, А.К. Кенжебекова, П.А. Павленко, Е.Н. Гаупт, И.Ю. Зайцева, Н.Г. Кожевниковой, О.И. Чусовой, У.М. Ибраевой, З.А. Кузнецовой, Л.К. Бабашаиковой, О.В. Ганюповой, А.Ж. Кыстаубаевой и другими, являются активными пропагандистами здорового образа жизни, не только пропагандируя, но и доказывая своим примером [1;2]. Врачи ТОО «Павлодарская железнодорожная больница» рассуждают, что быть здоровым – замечательно, но непросто. Здоровье – ключевая ценность для любого человека независимо от его местожительства. Здоровьесбережение – это активность людей, направленная на улучшение и сохранение здоровья, а также согласованность и единство всех уровней жизнедеятельности человека. Во все времена ценилась гармония духа и тела. Жизнь коротка, путь искусства долог, удобный случай скоропреходящ, опыт обманчив, суждение трудно [3-7]. Поэтому не только сам врач должен употреблять в дело все, что необходимо, но и больной, и окружающие, и все внешние обстоятельства должны способствовать врачу в его деятельности (Гиппократ). Несомненно, состояние здоровья в большей степени зависит от самого человека. Здоровьесбережение – основа профилактики заболеваний. Человек, определяя для себя образ жизни, сам регулирует уровень вероятности любого заболевания. Здоровьесбережение на уровне личности предполагает выбор таких форм активности, которые способствуют сохранению и укреплению здоровья человека. Выбор определяется уровнем культуры человека, освоенных знаний и жизненных установок, определенный комплекс норм поведения, которое предусматривает здоровьесбережение.

Профессия врача – одна из древнейших. В первобытном обществе врачевание приравнивалось к магии, из века в век профессия помогать людям высоко ценилась, и при этом была доступна не каждому. Современная медицина уже мало напоминает мистические ритуалы древнего мира, но роль врача осталась неизменной [4]. В первобытном обществе практически каждый опытный член общины мог выполнять обязанности врача. Эти умения были необходимы на охоте и в быту. Первобытный человек быстро научился пользоваться дарами природы и делать медицинские инструменты. Есть сведения, что в эпоху неандертальцев, древние лю-

ди уже могли справиться с абсцессами, пытались лечить зубы и накладывали швы на рану. Позже, врачей стали заменять шаманы и знахари, которые были наблюдательны и знали свойства различных растений. А уже в IV ст. до н.э. появился сам «отец медицины» – Гиппократ и понеслось: началось становление медицины как науки и развитие профессии врача. Задача врача – не только получить истинную картину болезни пациента, но и сделать так, чтобы сама беседа с больным оказалась на последнего терапевтическое, лечебное воздействие. Здесь понадобятся значительные запасы человеколюбия и терпения: без них успехи на медицинском поприще немислимы. Каждый день нужно помнить, что придется постоянно принимать решения, от которых будет зависеть судьба других людей [5-7]. А это невозможно без профессионализма.



Профессионализм на медицинском поприще также не дается легко. Сегодня ведущие врачи и специалисты ТОО «Павлодарская железнодорожная больница» такие как Г.К. Батырханова, Г.Т. Алиханова, О.И. Чусова, П.А. Терновой, У.М. Ибраева, А.Б. Абдуалиева, С.И. Кирилус, О.В. Ганюкова, З.А. Кузнецова, В.В. Сарсембаева, Т.В. Зиновьева, А.Ж. Кыстаубаева, Г. Шаймарданова и другие, считают, что врачу важно быть компетентным, понимающим, терпеливым, милосердным. Обаятельная и красивая, солнечная Т.В. Зиновьева утверждает, что каждый пациент уникален, и к каждому придется найти индивидуальный подход. У больных нередко бывает искаженное представление о болезни, и уж тем более им сложно объективно оценивать свое состояние.



Дружный и сплоченный коллектив Дневного стационара ТОО «Павлодарская железнодорожная больница» бриллианты своей профессии, Г.Т. Алиханова, У.М. Ибраева считают, что целью создания дневного стационара в ТОО «Павлодарская железнодорожная больница» является совершенствование организации и повышение качества оказания медицинской помощи, а также повышение экономической эффективности деятельности больничных учреждений на основе внедрения и широкого использования современных ресурсосберегающих медицинских технологий профилактики, диагностики, лечения и реабилитации.

Компетентный коллектив Дневного стационара ТОО «Павлодарская железнодорожная больница» Г.Т. Алиханова, У.М. Ибраева, Б.А. Сельтекеева и другие, легко переносят свой тяжелый ежедневный труд; днем и ночью, в обычные рабочие дни и в праздники они идут к больному, чтобы оказать ему помощь. На высоком уровне они проводят сложные и комплексные диагностические исследования, связанные с необходимостью специальной подготовки больных и краткосрочного медицинского наблюдения после проведения указанных диагностических мероприятий. Проводят подбор адекватной терапии больным с впервые установленным диагнозом заболевания или хроническим больным при изменении степени тяжести заболевания.

От всей души хотим поблагодарить Вас, дорогие и замечательные врачи и медсестры, мед.персонал, специалисты, бриллианты Гиппократы за профессионализм и доброту. Мы искренне желаем Вам успешно продолжать лечить своих пациентов от любых болезней, всегда оправдывать все добрые надежды и непременно

